

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Б.Ғ. НҰҒМАН, А.А. АБДРАХМАНОВА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
(ОН БЕС ДӘРІС)

ҚАРАҒАНДЫ 2010

ӘОЖ 94(574)(07)=512.122

КБЖ 63.3(5Каз)я7=қаз

Н85

Университеттің Редакциялық-баспалық кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

Қ.Қ. Абдрахманова, тарих ғылымдарының кандидаты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ақа оқытушысы;

С.Д. Шаймұқанова, тарих ғылымдарының кандидаты, ҚарМТУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры;

И.Д. Арыстан, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚарМТУ Редакциялық-баспа кеңесінің мүшесі.

Нұғман Б.Ғ.

Н85 Он бес дәріс: Оқу құралы / Б.Ғ. Нұғман, А.А. Абдрахманова; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.Қарағанды, ҚарМТУ баспасы; 2010. – 217 б.

ISBN

Ұсынылып отырған «Он бес дәріс» атты оқу құралы Қазақстан тарихы пәніне арналған дәрістік материал түрінде ұсынылған. Отан тарихымыздың белес-белестерін типтік бағдарлама мен кредиттік технология сапасына сәйкес айғақты тану жолдарын қолдана отырып ұтымды құрастырылған.

Оқу құралы студенттер мен оқытушыларға және қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574)(07)=512.122

КБЖ 63.3(5Каз)я7=қаз

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ.....	4
Негізгі әдебиеттер тізімі:.....	6
1-тақырып. Кіріспе.....	8
2-тақырып. Қазақстанның ежелгі тарихы. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір.....	15
3-тақырып. Ерте орта және дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер (VI-XIII ғғ.).....	26
4-тақырып. Қазақстан монғол жаулаушылығы дәуірінде (XIII ғ). Алтын Орда (1243-XV ғ. ортасы). XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер (1 сағат).....	40
5-тақырып. Қазақ халқының құралуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері. XV-XVI ғғ. қазақ хандығы.....	45
6-тақырып. XVII ғ. және XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы. Қазақстанның XIV ғ. мен ХҮІІІ ғ. бас кезіндегі мәдениеті.....	57
7-тақырып. XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстан. Қазақстан және Ресей жаңа заман жағдайында. Қазақстанда отаршылдық кезеңінің басталуы.....	65
8-тақырып. XIX ғ. және XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғғ. басы).....	71
9-тақырып. 1917 ж. Қазан төңкерісі, оның алғышарттары. Азамат соғысы (1918-1920 жж.) - халық трагедиясы. Қазақ кенестік мемлекеттілігінің құрылуы.....	82
10-тақырып. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру – Қазақстан шаруаларының трагедиясы. Индустриализациялау: сипаты, қарқыны, масштабы.....	103
11-тақырып. Қазақстан 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы дәуірінде.....	115
12-тақырып. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.). Қазақстан «Хрущев декадасы» жылдарында (1953-1964 жж).....	121
13-тақырып. Қазақстан 1960 ж. екінші жартысы мен 1980 жылдардың бірінші жартысында. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991 жж).....	129
14-тақырып. Тәуелсіз Қазақстан.....	140
15-тақырып. ҚР сыртқы саясаты.....	150

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі күні (кредиттік оқыту технологиясы) оқу процесі шығармашылық сипатты иеленген, көбінесе өздігінен білім алуға негізделеді. Және де, студенттің қажетті білім жиынтығын иеленуі жеткіліксіз - оның толыққанды сауатты деңгейін сипаттайтындай, ішінара нақты дағдылары мен білімдері болуы керек. Ол үшін оқытушы сәйкес пәнді меңгеруге арналған (әдістемелік материалдар мен құралдардың бай кешенінің негізінде) студенттерді *тапсырмалар* мен *ұсыныстарды орындау бойынша* материалдармен қамтамасыз етеді. Бұл оның (студенттің) шығармашылық ойлауына, өзінің қабілеттерін дамытуына және ғылыми-зерттеу жұмысының белгілі дағдыларын иеленуіне мүмкіндік береді.

Осы бағдарламаны ұстанып, авторлар Қазақстан тарихы пәніне арналған он бес дәріс курсына құрастырды. Бұл оқу құралында студентке қажет материалдардың барлығы да ықшам түрде бейнеленген. Қабылдауға жеңіл және ой орайына ұтымды. Оқу құралы жалпы пәнді игеруде бағыт береді. Кейбір материалдарды толық шешу үшін СӨЖ жұмысына аударылады. Сол себепті студент СӨЖ тапсырмаларын өздері әзірлеуі қажет.

Студент берілген СӨЖ тақырыптарын өз бетімен әзірлегенде қажетті зерттеу дағдыларын ескеруі қажет. Сондықтан ол терминдер мен ұғымдарды, атаулар мен тарихи құбылыстардың мағынасын жетік меңгеруі қажет. СӨЖ тапсырмалары жазбаша түрінде ресімделеді. СӨЖ төмендегілерді көрсетуі керек:

- студенттің әдебиет көздерін және арнайы әдебиеттерді зерделеу және талдау негізінде тақырыптың мағынасын өз бетімен анықтай білуін;

- қойылған міндеттерді дұрыс және мүмкіндігінше үлкен толықтықпен шешуін;

- негізделген тұжырымдарды жасауын;

- жазбаша жұмысты дұрыс ресімдей білуін.

СӨЖ жұмысын орындау үшін студенттің арнайы дәптері болуы керек. Жұмысты жазған кезде студент құрастырылған СӨЖ жоспарына бағдарлану керек. Әрбір авторда (студентте) оның жұмыс жауаптары дербес сипатта болады. Тапсырманы жинақтау үшін әртүрлі әдебиет көздерін зерделеу орынды: сол арқылы шынайы тарихи оқиға белгіленеді. Жұмыс барысында студент өзінің пікірін, тұжырымын жазуы қажет. Бірақ, әрбір түйін ғылыми ақпараттың ресімделуі мен зерттеу нәтижелерінің көрсетілуі бойынша тұжырымдалуы керек.

СӨЖ жұмысын аралық бақылау (аттестация) түрлерінің бірі ретінде дәріскер 7-ші және 14-ші оқу апталарында оның орындалуын бақылайды.

* * *

Берілген оқу құралын дайындауға қатысқандар: Б. Ғ. Нұғман (алғы сөз, 1-8 тақырыптар), А. А. Абдрахманова (9-15 тақырыптар).

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағаттары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	дәріс	практ.	осөж	сөж
1. Кіріспе	1	2	3	3
2. Қазақстанның ежелгі тарихы. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір	1	2	3	3
3. Ерте орта және дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер (VI-XIII ғғ.)	1	2	3	3
4. Қазақстан монғол жаулаушылығы дәуірінде (XIII ғ.). Алтын Орда (1243-XV ғ. ортасы). XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер	1	2	3	3
5. Қазақ халқының құралуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері. XV-XVI ғғ. Қазақ хандығы	1	2	3	3
6. XVII ғ. және XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы. Қазақстанның XIV ғасыр мен XVIII ғғ. бас кезіндегі мәдениеті	1	2	3	3
7. XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстан. Қазақстан және Ресей жаңа заман жағдайында. Қазақстанда отаршылдық кезеңінің басталуы	1	2	3	3
8. XIX ғасырдағы және XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII ғ. – XX ғ. басы)	1	2	3	3
9. 1917 ж. Қазан төңкерісі, оның алғышарттары. Азамат соғысы (1918-1920 жж.) - халық трагедиясы. Қазақ кеңестік мемлекеттілігінің құрылуы	1	2	3	3
10. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру - Қазақстан шаруаларының трагедиясы. Индустриализациялау: сипаты, қарқыны, масштабы	1	2	3	3
11. Қазақстан 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы дәуірінде	1	2	3	3
12. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.). Қазақстан «Хрущев декадасы» ж-да (1953-1964 жж.)	1	2	3	3
13. Қазақстан 1960 ж. екінші жартысы мен 1980 жылдардың бірінші жартысында. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991 жж.)	1	2	3	3
14. Тәуелсіз Қазақстан	1	2	3	3
15. ҚР сыртқы саясаты	1	2	3	3
Барлығы:	15	30	45	45

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Курс бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Абилев А. Казахстан в древности. - Караганда, 1991.
2. Абдакимов А. История Казахстана. - Астана, 1999.
3. Артыкбаев Ж. История Казахстана. 12 лекций. - Алматы, 1997.
4. Артыкбаев Ж. История Казахстана: Учебник – хрестоматия, Астана, 1999.
5. Барманкулов М.. Тюркская вселенная. - Алматы, 1996.
6. Гумилев Л. Древние тюрки. М., 1993.
7. История Казахстана: белые пятна. - Алма-Ата, 1991.
8. История Казахстана. Очерк. - Алматы, 1993.
9. История Казахстана в 5-ти томах. - Алматы, 1996.
10. Казахи. Историко-этнографическое исследование. - Алматы, 1995.
11. Кан Г.В. История Казахстана. - Алматы, 2001.
12. А. Кузембайұлы, Еркін Абил. История Республики Казахстан. - Алматы, 1998.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алма-Ата, 1992.
14. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. - Алматы, 1995.
15. Момынова Ш.Р. Материалы по истории Казахстана (XIII-XVIII вв.).
16. Назарбаев Н.А. «На пороге XXI века». - Алматы, 1996.
17. Назарбаев Н.А. «В потоке истории». - Алматы, 1989.
18. Назарбаев Н.А. «Эпицентр мира». - Алматы, 2001.
19. Назарбаев Н.А. «Критическое десятилетие». - Алматы, 2002.
20. Тожутов А. Куманы, половцы, кипчаки и казахи. - Алматы, 1998.
21. Нұғман Б.Ғ., Абдрахманова А.А., Жетписбаев А.О. Көшпелі өркениет тарихындағы Қазақстан: Оқу құралы. - Қарағанды, 2008.
22. Нұғман Б.Ғ., Шаймуханова С.Д. Ұлы Дала өркениеті: Оқу құралы. - Қарағанды, 2009.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Агапов П., Кадырбаев А. Сокровища древнего Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
2. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. - Алма-Ата, 1973.
3. Акишев К.А. Курган Иссык. М., 1978.
4. Акишев К.А. Древнее золото Казахстана. - Алма-Ата, 1983.
5. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. - Алма-Ата, 1984.
6. Акишев К.А. Древние кочевники и мировая цивилизация: генезис, проблемы, перспективы // Вестник АН КазССР. 1991. № 10.

7. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - Алма-Ата, 1963.
8. Аргынбаев Х.А. Этнографические очерки по скотоводству. - Алма-Ата, 1969.
9. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - Алма-Ата, 1989.
10. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. - Алматы, 1998.
11. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - Алматы, 1994.
12. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. Т. 1-2, М., 1963.
13. Бартольд В.В. Чингизхан. Сочинения. Т. 5. М., 1968.
14. Байпаков К.М. История древнего Казахстана. - Алматы, 1996.
15. Бичурин НЛ. Сборник сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л., 1950.
16. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. - Алма-Ата, 1961-1968.
17. Галиев В.З. Анырахайская битва /Вестник Военной Академии Вооруженных сил Республики Казахстан. 1999. №4.
18. Галиев В.З. Битва при Буланты // Мысль. 2000. № 6.
19. Де Оссон К. От Чингизхана до Тамерлана. - Алматы, 1996.
20. Ерофеева И.В. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. - Алматы, 1999.
21. Загадки древнего Туркестана / Сост. Смагулов Е. Алматы, 1998.
22. Златкин И.Л. История Джунгарского ханства (1633-1758 гг.). М., 1983.
23. Исмагулов О.И. Этническая антропология Казахстана. - Алма-Ата, 1982.
24. Кадырбаев А.Ш. История Казахстана: первобытный мир и древность. - Алматы, 1998.
25. Касымбаев Ж.К. Кенесары хан. - Алматы, 1996.
26. Кенесарин А. Кенесары и Садык. - Ташкент, 1988.
27. Козыбаев М.К. История и современность. - Алма-Ата, 1991.
28. Кычанов Е. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. - Алма-Ата, 1992.
29. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Сост. И.В.Ерофеева. - Алматы, 1996.
30. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1966.
31. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв. - Алма-Ата, 1991.
32. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1,2. М.-Л., 1952.
33. Хара-Даван Э. Чингисхан как полководец и его наследие. - Алма-Ата, 1992.

1-тақырып. Кіріспе (1 сағат)

1. Қазақстан тарихы курсының пәні, мақсаты және міндеттері.
2. Қазақстан тарихын дәуірлерге бөлу.
3. Деректер, тарихнамалық зерттеулер.

СӨЖ тапсырмалары:

1. М. Қозыбаевтың «Отечественная история: мифы и реальность» («Казахстанская правда» от 23.10.96 г.) мақаласы бойынша конспект жасау.

2. Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабын талдап оқу негізінде 12 тарау бойынша ертедегі Қазақстан тарихының хронологиялық бөлінуіндегі өзгерістерді анықтау.

3. М. Қозыбаевтың «Отечественная история: мифы и реальность» мақаласы бойынша тарих ғылымының негізгі міндеттерін белгілеу.

1. Бүгінгі күнде тарихымыздың ақтаңдақтары айқындалып оған дұрыс баға беру, өткенді ашып көрсету, кеңістік пен уақыт елегінен ойымызды өткізу, заман талабына қарай тарих түсініктерін жете меңгеру әрбір азамат үшін «абыройы» алдындағы міндеті. Өтпелі кезеңде патриоттық сезімді тұтастыру міндеттерін жүзеге асыруда тарихты гуманизациялау басты қадам болады. Осы жолдағы маңызды міндеттің бірі - тарихымыздың жоғалтқан мұрасын қалпына келтіру болып табылады. Қазақстан тарихына қатысты зерттеулер әлі де болса қарама-қайшы. Себебі Қазақстан тарихы марксизм теориясына сәйкес түйіндеме тұрғысынан баяндалды. Ал дүниежүзілік тарих «еуропацентрлік» сипатында түсіндірілді. Осының әсерінен Қазақстан тарихы бұрмаланды. Сондықтан құлдық сана-сезімінен айырылудың алғышарты болатын шешуші тәсіл ретінде тарих басты рөлді атқарады. Әсіресе, Қазақ өз өркениетін шығу тегі мен генеалогия принциптері негізінде құрған қоғам үшін **шежіре** маңызды рөлді атқарды, ол *ұлттық сана-сезімнің мәнді элементі* болды.

Қоғам қалыпты қызмет етуі үшін үш уақыт проекциясы: *тектік бағаны* (генезисі), *бүгінгі қалпы* (эволюцияның берілген фазасы) және алдын ала *аңғарылатын болашағы* тұтасып жатуы қажет. Тарих құбылысында танымдық призма *сабақтастық* (байланыстырушы) қызметін атқаратын болса, қоғамдық сана *тарихи сана-сезім* өлшемін иеленеді. Шындығында, динамикалық даму үшін күш беретін **азаматтық-патриоттық** ұстанымсыз, тарих сабақтарын терең сезінбеуінше нақты егемендік мүмкін емес. «Адам өзінің дамуын өткенмен салыстырып тексергенде ғана, оның болашаққа

деген сенімділігі арта түседі және нығаяды» - деп айтылғаны сондықтан шығар.

Адам өзін кеңістіктік-уақыттық бағдарлау арқылы түсінген. Қоғамның ерекшеліктерінің бірі, қандай да болмасын игіліктерді *бағытталған мақсатқа қарай жинақтау* қабілеті. Бұл мұра тарихи түрде *тәрбие* механизмі арқылы беріледі. Яғни, шешуші түйін ретінде тіршіліктің **мазмұнын** ашатын **тарихи сабақтастық** әуел бастан қажет, сонда ғана адам болмыстағы мән мағынасына ие болады. Сонымен, тарихи сана – бұл уақыт айырмашылығы мен байланысының қалыптасуы, ал ол мәдениетті тасушының тарихи тұрақтылығының шарты болып табылады.

Тарихтың негізгі міндеті – ұлттық сананы қалыптастыру, өткеннен сабақ, ғибрат алу, болашаққа үмітпен қарау, зерделеу болады. Егер ХХІ ғасырдың азаматы ұлтының өткенін білсе, ұлттың қалай қалыптасып, қанша қан төгіп, өзінің жерін, елін, ұлттық дәстүрін сақтап қалғанын білсе, ол адам, ол азамат өзінің ұлтқа деген ішкі сезімін одан әрі күшейте түседі.

Ұлы Даланы игерген Көшпелілер өркениетінің өрлеу-құлдырау ырғақтары сабақтасып балға мен төстің арасында шындалды, талай тарихи үрдістерден өтті. Вебер айтқандай, көшпенділер техногендік өркениет пайда болғанға дейін кеңістікте мәдени катализаторлар қызметін атқарды, әлемдік дамуда халықтардың бір қозғаушы күші болды.

Көшпелі өркениет – табыс пен қосымша өнімді әділ шешіп, табиғатты оңтайлы және тиімді пайдаланылған, мал шаруашылығы жетекші кәсіпке айналдырған мәдениет түрі. Мал және жер кәсібі *шаруашылықтың* саласында деңгей мәртебесіне көтерді. Жағрафиялық ортаның ерекшелігіне байланысты жер өндеуде ирригациялық жүйе, мал бағуда қоршаған ортаға бейімделген *табынның* құрамын шығару, жылқы жануарының қасиетін танып оны көлік ретінде қолдану, дамыған әлеуметтік жіктелу қоғамдық өмірде «далалық билік және басқару институттарын» заман уақытына сай құрылыстарын әкелді.

Адамның жаратушысы – Тәңір, анасы – Ұмай ана (қасиетті Жер-Су), бұл көшпенділердің шығу **тегін айғақтады**; екіншіден: әкеден қалған елді үш ұлына бөліп беру, сыннан өткен ішіндегі біреуіне билік жүргізу сакралдық мәнімен «тәртіп» қасиеті болды. Тәңірдің жарылқауымен «қасиет дарыған» бала ғана билік жүргізе алады, осыдан сакралды мәні бар билік лауазымдары қалыптасты: *Сары (Царь), Тәңірқұт, Күнби, Қазан, Хан* және тағы басқа. Бұл – көшпелі қоғамда қолданылатын **меритократиялық дәстүр**; үшіншіден: бір атадан тараған үш жүздің жиыны әр түрлі рулардың басын біртұтас **Ел бірлестігіне** жинақтаған **мемлекет түрі**. Бұл елдік жүйе - әлем-жүйесінің ұйымдасудағы көрінісі; төртіншіден: көктен түскен алтын заттар арқылы адамның төрелік етуге құқығы Аспанмен айғақталды және **идеялды модельді қоғамды тиянақтауға негізделді**; бесіншіден: рулардың өзара аға, іні тәртібімен **туысуы**. Көшпелілердің этникалық туысуы өзіне қашан да генеалогиялық дәнекер іздейді. Мәселен, Алаша хан туралы аңыз.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Бұл қатынас Ел тұтастығын дәйектейді. Бұл тіршілік рудың мызғымас беріктігін сақтайтын **заңға** бағыну керек. Осы заңды жаратқан - Тәңір. Көшпелі құрылымдарға тән «бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы» деген ұстаным әлеуметтік-мәдени, шаруашылық, экономикалық, экологиялық тағы сол сияқты күрделі жүйелердің туыстық қатынастармен өзара үйлесуін білдіріп, жалпы тұтастықтың ұйытқысы ретінде сакралдық көзқарас басты қызметін атқарды. Туыстық жүйе арқылы қалыптасқан қоғамдағы қатынас рудың негізін қалаушы түп атаға, ондағы буындардың генетикалық қашықтығына байланысты жүзеге асты. Яғни, генеалогиялық құрылымның қандай да бір жігіне жату қандай да бір топтың, рудың, жеке адамның қарым-қатынасының сипатын айқындады. Тек генеалогиялық құрылымда алатын орнына байланысты бекітілген құқықтық міндеттері болған, оның өзі салт-жоралық деңгейде іске асатын. Бұл қатынас институтталған жүйе арқылы реттеліп отырды. Бір ата, жеті ата, ру, ұлыс, жүз – тағы сол сияқты буындар өз кезегінде әкімшілік-әлеуметтік жүйенің ұйтқысы болды. Ал тектік атауларды қолдану *билік* қатынастарында аса маңызды қызмет атқарды. Жоғарыда айтылған рулық құрылым - билік және билік қатынастарын заңдастырды.

Болмыс тіршілігі мал кәсібін *жетекші шаруашылық* көзіне айналдырды. Көшпелі өркениет шаруашылық жағынан бірнеше құрамдас бөлігі бар жүйе ретінде өмір сүрген соң, олардың арасында **айырбас** дами бастады. Отырықшы мекендер қала дәрежесіне жетіп, көшпенділердің әкімшілік орталықтарына, сауданың орнына айнала бастады. Ұлы Далада керуен жолы, Ұлы Жібек жолы дамып қалыптасты. Әртүрлі шаруашылық жүйесін бақылауда көшпенділерге шеберлікпен басқаратын билік аппараты қажет болды. Уақыты мен сипатына қарай олар - тайпа одағы, ерте мемлекеттік бірлестіктер, империялық болып ұйымдасып, дамуына қарай негізделді. Осы мәліметті Каутский былай деп баяндайды: *«взаимодействия крестьян и номадов привели к тому, что номады подчинили крестьян себе и сделали их своими данниками. Кочевые племена соединили многочисленные общины и крестьянские области в одно целое, стали во главе этого общества, начали его эксплуатировать и перестали быть при этом кочевниками. Так были созданы первые государства».*

Көшпенділер локальды мәдениеттерді байланыстырды, әлемдік жүйенің конструкциясын жасады. Интеграция үрдісі өзіндік түркі мәдениетін тудырды. Мәселен, Түркі қағанаты осындай синтездің үлкен жетістіктерінің бірі еді.

Төрт мың жылдай тарихы бар көшпелі өркениетін алты кезеңге бөліп қарастыруға болады: **ежелгі дәуір** (б.д.д. XVIII ғ. мен б.д. V ғ. аралығы) – Дала өркениеті мен билік институтының құрылу уақыты; **орта ғасыр** (VI ғ. мен XV ғ. аралығы) – интеграция үрдісі биліктің конструктивті империя түрін жаратты; **жаңа дәуір** (XV ғ. мен XVIII ғ. аралығы) – дағдарыс кезеңіне түседі, ол көшпелі өркениетті ыдырау жағдайына алып келеді; **отарлық**

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

кезеңі (XIX ғ. мен XX ғасырдың басында) – көшпелі өркениет заманның талабына сай құлдырау (деградация), сондай-ақ, жаңашадан техникалық-индустриалды қоғамына бейімделу кезеңіне түседі; **кеңестік дәуір** (1917-1990 жж.) – кеңестік модернизация жолында болды; **егемендік кезеңі** (1991 ж. бастап) – шынайы бетбұрыс дәуірі басталды.

Қазақстан тарихы *көшпелі өркениет* эволюция үрдісінде ерекше вариант қана емес, сонымен қатар, адамзат тарихында *мәнді және ажыратылмайтын фактор* деп қарастырған жөн.

Көшпелі өркениеттің мәнін айқындайтын ерекше белгілер:

Ол неолиттік дәуір мен индустриалды қоғам аралығында орын алып, өзіне сәйкес құбылысын жаратқан мәдениет.

- «Ажыратылмайтын біртұтастық» идеясы дүниетанымдық көзқараста негізгі рөл атқарды, ол – сакралдық *сана-сезімі*.

- Адам категориялары: сапа, өлшем, кеңістік және уақыт ұғымдарымен айқындалды.

- Рухани өмірдегі Тәңірлік ұстаным Дүние және Адам сипатын түсіндірді: имандылық, тылсым дүниені меңгеру, ырық және білімге ынталылық.

- Қоғамдық-саяси ұйымдасу жүйесі дамыған ру-тайпалық және әскери-әкімшілік қатынас симбиозын құрған тұрақты әлеуметтік-саяси қалып жүйесін құрды. Соған сәйкес іріктелген ерекше топ – «ақсүйек» әулеті негізделді.

- Айырбас сауданы, сауда - ішкі және сыртқы, әсіресе халықаралық сауданы (Ұлы Жібек жолы) жаратты.

- Таста қашалған жазудан бастап, қағазда көмкерілген өзіндік алфавиттік жазба туындысы - ұлы істердің бірі болды.

- Айқындаушы түрде ерекше орын алатын туындылардың бірі – ауыз өнері, әсіресе «Шежіре». Ол тарихи деректерден өзге, генеалогиялық және этногенетикалық мәліметтерді бейнеледі. Жырау поэзиясы - рационалдық құбылыс, далалық интеллектуализм, өзінше көшпелі өркениеттік театры.

2. Кез-келген өмір сияқты, адамның тіршілік етуінің өзі де уақытта өтеді. Мысалы: балалық-ересектік-жасөспірімдік-кәмелеттік-қарттық-өлім – осы фазалардың барлығының өзінің уақыттық өлшемдері бар. Уақыт - барлық тіршілік ету, өзгеру және даму процестері сипаттамаларының құрама бөлігі, бірақ онымен сәйкес келмейді. Уақыт ештеңе өндірмейді, бірақ барлық қатынастар уақыт аралығында болады. Тарихи уақыт салыстырмалы. Ол баяу немесе қарқынды болуы мүмкін. Өйткені уақыт болмыс түрі сияқты, тіршіліктің ұзақтығын және кез-келген жүйелерде күйлердің ауысу тізбектілігін білдіреді. Сондықтан бір күні басталып туындағаны мен бір күні аяқталатыны сияқты, сол немесе өзге тарихи құбылыстың *уақыттық қасиеттерін* анықтау үшін, тарихи ғылым кезеңге бөлу мәселесіне жүгінеді. Оның сипаттамасында тарихи процестің бір

бағыттылығын ғана емес, сонымен бірге, тұтас алғанда тарих барысының ірі жалпылануын байқауға болады.

Отандық ғылымда Қазақстан тарихын кезеңге бөлу ылғи да өзекті мәселелердің бірі, оның шешілуі сол сәтте болған ғылыми жетістіктерге байланысты болды. Кезеңдестіру тарихи процесті реттеуге, жүйелендіруге ұмтылды. Оның шешіміне қоғамның қаңқасын салу; тұтас тұжырымдама құру; тарихтың барысын жалпылап қорыту; тарихи процестің ерекше критерилерін айқындау байланысты болды. Тарихи ғылым дамуының қазіргі замандағы деңгейі Қазақстанның жалпы тарихын кезеңге бөлуді анықтауды ғана емес, сонымен бірге, амалды (тәсілді) таңдауды, кезеңге бөлу туралы зерттелетін мәселені әзірлеуге бастама салуды талап етеді.

3. Отандық тарихтың көптеген өте маңызды проблемаларын табысты зерттеу деректану жағдайына тікелей байланысты болады: археологиялық, этнографиялық, антропология, лингвистика деректері, ауызша (фольклор) және жазбаша деректер. Сонымен бірге, пәнаралас деректерінің жиынтығын жұмылдыру кешенді амалдардың бірі болып табылады.

Тарихи деректердің негізгі міндеті – тарихи деректердің пайда болу заңдылықтарын және олардың шындыққа қатынасын зерттеу. Деректану тарихи зерттеу тәжірибесі барысында пайда болды. Алғашқы жазба деректер тек нақты тарихи фактілерді тануға көмектесетін құрал ретінде пайдаланып, зерттелді. Тарихи деректер қорының кеңеюі мен ғылыми айналымға жаңа деректердің біртіндеп енуіне байланысты бір тарихи оқиғаның, құбылыстың не процестің әр түрлі дәрежеде, тіптен кейде қарама-қайшы дәрежеде бейнелейтіні көріне бастады. Сондықтан, ол деректерді зерттеу, бір-бірімен салыстыру, сол арқылы шындықты іздеу қажеттілігі пайда болды. Ұзақ жылдағы зерттеу тәжірибесі барысында қолданылған әр түрлі тәсілдер негізінде деректерді зерттеу әдістемесі қалыптасты.

Ежелгі кезеңдегі Қазақстан тарихын (тас дәуірі) зерделеуде жазба ескерткіштердің жоқтығынан жалғыз және басты дерек - археология және антропология деректері болып табылады.

Алғашқы жазба деректеріне «Авестада» - зороастрий қасиетті кітаптар жинағында кездеседі. Бұл кітапта арийлер, турлар, сақтар, аргипейлер, исседондар, аримаспалар туралы мәлімет береді. Келесі жазба деректеріне «Гилгамеш туралы жыр» (б.д.д. XXIV ғасыр), Бехистун жазбасында (б.д. д. 552-486 жж.), антикалық тарихшылардың Геродоттың, Страбонның, Птоломейдің еңбектерінде, Қытай тарихшылары Чжань Цянь (б.д.д. II ғасыр), Сыма Цянь (б.д. д. 145-86 жж.), Бань Гу (б.д. I ғасыр).

Ежелгі мәтінге Ыстық қорғанынан табылған «Күміс тостаған» жатады. Онда 26 таңбадан тұратын жазу бар. Бір ғалымдардың пікірі бойынша жазу түркі жазуының руно алфавитімен орындалған, басқалары «белгісіз» хат пікірін ұстанады.

Сақ дастандарына: «Алып Ер Тонға» немесе Фирдоуси нұсқасы бойынша «Афрасиаб» деп атайды және «Шу» дастаны жатады; Ғұндарға - Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

«Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекөн», Түрік Қағанаты дәуірінде - «Күлтегін», «Тоныкөк» және «Белгі қаған» сияқты туындылар жарық көрді.

Скандинавия және Оңтүстік Германия әдебиеттерінің ескерткіштерінен де маңызды нақтылы мәліметтер жинауға болады, онда («Нибелунгтар туралы әннен») басты кейіпкер ғұндардың көшбасшысы Аттиланың (Еділ, Атли, Этцель) өмір баяны суреттелген. Аттила бейнесіне XVIII ғ. француз драматургы Пьер Корнель «Ғұндар патшасы Аттила», XVIII-XIX ғғ. неміс драматургы Вернер Цахарияс «Аттила», XIX ғ. ағылшын ақыны Герберт «Аттила және оның ұрпақтары», итальяндық сазгер Джузеппе Верди «Аттила» операсын жазған, ал француз суретшісі Делакруа бір аттас картина салған.

Орта ғасыр кезеңінің Отандық тарихы бойынша маңызды нақтылы деректер араб, парсы және еуропалық жазушы-географтардың, саяхатшылар мен тарихшылардың: Ибн әл Факихтің (X ғ. басы), Ибн Батуттың (XIV ғ.), Ибн Хордадбектің (820-912), Тамин Ибн Бахтың (IX ғ.), Қазақстанға XIII ғ. келген Плато Карпинидің, Гильома Рубруктың, Марко Полоның еңбектерінде келтірілген.

VI-XIV ғғ. Түрік деректерінің стилі бойынша әр түрлі: эпитафия-жазбалар, тарихи-көркем, шаруашылық-тұрмыстық, діни және заңды мәтіндер. «Бітік», «Кодекс», «Диван», «Күлтегін» сөздері қолжазбаны білдірді. Олардың құнды жазба әдебиетіне XIII ғ. жазылған, «Куманикус кодексі» (Қыпшақтардың құт ісі) сөздігі, оғыз-қыпшақ үстеуінде латын алфавитімен жазылған, онда қыпшақтың күнтізбелік және фольклорлық материалдары, латын-парсы-қыпшақ және қыпшақ-неміс-латын сөздіктері бар.

X-XII ғасырлар түркі мәдениетінің гүлдену уақыты, оның «Алтын ғасыры» болып табылады. Тура осы кезеңде (авторлары араб, парсы және түркі тілдерін пайдаланған) энциклопедист-ғалымдар Әл-Фарабидің, Әбу Райхан Бирунидің, Авиценнаның, Омар Хайямның, Жүсіп Баласағұнның, Қожа Ахмет Яссауидің, Махмұд Қашқаридің өлмес шығармалары жазылды.

Қазақтың тарихшыларына Мұхаммед Қайдар Дулатиді (1500-1551) «Тарих және Рашиди», Ибн Рузбиханды (XVI ғ. басы) «Бұқарлық қонақтың жазбалары», Өтеміс Қажының (XVI ғ. бірінші жартысы) «Шыңғыс наме», XVI ғ. белгісіз автордың «Шейбани наме», Әбілғазы ханның «Түріктердің шежіре бұтағы» (XVII ғ. бірінші жартысы), Қадырғалы Жалайырдың (XVII ғ. басы) «Жылнамалар жинағы» жатқызамыз.

Қазақстан тарихын зерделеуге орыс ғалымдары: Н.Я. Бичурин (1777-1853) «Ежелгі уақытта Орта Азияда мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы», А.И. Левшин (1799-1879) «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамалары», В.З. Вельяминов-Зернов (1830-1904) «Қырғыз-қайсақтар туралы тарихи мәліметтер», В.В. Бартольд (1869-1930) «Жетісу тарихының очерктері», Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

«Түркістан тарихы», сондай-ақ, бүгінгі күні де өздерінің маңыздылығын жоғалтпаған, В.Н. Татищев, Г.Ф. Миллер, П.И. Рычков, Т.Ю. Клапрот, В.В. Радлов, Ф.Э. Фишер, К. Риттер, Н.А. Аристов және А.Н. Харузин үлес қосты.

Отандық тарихтың мұрасына: Ш. Уәлиханов (1835-1865) «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Алтышар жағдайы туралы», «Даладағы мұсылмандық туралы»; Ә. Бөкейханов (1866-1937) «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері», «Кенесары Қасымов сұлтанның тарихқа арналған материалдары» және т.б.; Ш. Құдайбердиевтің (1858-1931) «Шежіре»; М. Тынышпаев (1879-1937) «Қырғыз-қазақ халқының тарихына арналған материалдар» бай ғылыми мұра енгізді.

Қазіргі замандағы әлемдік тарихнаманы да Қазақстан тарихы қызықтырады. Осы мәселе бойынша зерттеулер нәтижелері зерделеу орталықтары Францияда, Германияда, АҚШ-та, Англияда, Түркияда, Финляндияда және көптеген басқа шетелдерде бар.

Тарихи деректанудың жалпы тарих ғылымындағы алатын орнын анықтау үшін оның қосымша тарихи пәндер мен басқа да тарихи зерттеулердің арақатынасына зер салу керек. Тарихи деректерді зерттеумен көптеген қосалқы пәндердің айналысатыны белгілі. Олардың жалпы саны 30-дан асады:

- эпиграфика – тастағы, металдағы, сүйектердегі, ағаштардағы жазбалар;

- нумизматика – теңгелердегі жазулар;

- сфрагистика – мөрелердегі жазулар;

- геральдика – ел таңбаларындағы жазулар;

- полиграфия – жазу материалдары мен құралдарын, жазу ерекшеліктерін зерттеу;

- папирология – папирустардағы жазуларды зерттеу;

- текстология - әдеби ескерткіштердегі текстер тарихын зерттеу;

- дипломатика – заң актілерін зерттеу;

- хронология – тарихи оқиғалардың дәл уақытын анықтау;

- метрология - өлшем жүйесін тарихи дамуында зерттеу;

- тарихи география - өткеннің географиялық тарихын зерттеу;

- генеалогия – адамзаттың, жеке адамдардың шығу тегін зерттеу, т.б.

Сонымен, қазіргі деректануда екі проблемалар кешені қаралады:

1. Теориялық-әдіснамалық мәселелер:

- тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі;

- тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтіліктің арақатынасы;

- тарихи деректерді жіктеу;

- деректердің ғылыми құндылығын пысықтау принциптері мен тәсілдері.

2. Нақты-қолтаңбалық мәселелер:

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

- деректердің нақты түрлері мен типтеріне шолу жасау;
- нақты ескерткіштерге деректанулық талдау жасау;
- деректерден алынған мәліметтерді нақты тарихи міндеттерді пайдалану тәсілдері.

Қазақстан тарихының деректану курсының мәселелері мен құрылымы оның алдында тұрған негізгі міндеттермен айқындалады. Олар:

- ғылымның қазіргі даму дәрежесіне сай деректанудың теориялық және әдіснамалық саласынан білім беру;
- пайда болған және сақталынған тарихи деректер кешені туралы ақпарат беру;
- тарихи зерттеудің жалпы қажеттілігінен шыға отырып, олармен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру.

Қорытынды ретінде сөздің барысы - теориялық-әдіснамалық, ақпараттық және әдістемелік мәселелер бір-бірімен тығыз байланыста қаралады. Әдістемелік мәселелерді ашу деректерге шолу жасаумен қатар жүргізіледі, бұл жағдайда басты назар, негізінен, деректер жеткізген фактілер мазмұнына емес, әр түрлі деректердің ақпараттар беру ерекшелігін көрсетуге бөлінеді.

2-тақырып. Қазақстанның ежелгі тарихы. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір (1 сағат)

1. Палеолит (ерте тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), неолит (жаңа тас ғасыры), энеолит (мысты тас ғасыры).
2. Қола дәуірі (б.з.д. XVIII-IX ғғ.).
3. Ерте мемлекеттік құрылымдар.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Тас дәуірінің археологиялық кезеңдері бойынша кесте құру.
2. Тас дәуіріндегі тұрақтардың орны туралы конспект жасау.
3. Қазақстан аумағындағы қола дәуіріндегі материалдық мәдениеті туралы конспект жасау.
4. «Қазақстан аумағындағы өндірістік шаруашылықтың тууы» тақырыбына реферат дайындау.

1. Тас дәуірі – адамның және адам болмысының қалыптасу кезеңі, дұрысын айтқанда, антропосоциогенез дәуірі деп айтады. Адамның пайда болу мәселелерін зерттеу орасан көптеген теориялар туғызды, олардың ішінен екі негізгі концепцияны жеке қарастыруға болады – діни және ғылыми.

Адамдардың еңбек құралдарына байланысты археологиялық топшылау бойынша тарихты үш үлкен дәуірге бөледі және оны шартты түрде «ғасырлар деп атайды. Олар: тас (III млн. – б.д.д. III мыңжылдық), қола (б.д.д. III мыңжылдық – б.д.д. VIII-VII ғғ.), темір ғасырлары. Тас ғасыры өз Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

кезегінде ерте тас ғасыры (палеолит), орта тас ғасыры (мезолит), жаңа тас ғасыры (неолит) және өтпелі кезең мысты тас ғасырына (энеолит) бөлінеді.

Әзірше бізге белгілі археологиялық мәлімет бойынша адамдар Қазақстан аумағын шамамен миллион жыл бұрын мекендей бастады. Бүкіл тас ғасыры бойы климаттық жағдайлар күрт өзгеріп тұрды. Соған орай адамдардың іс-әрекеті бейімделу қарқынында жүрді деуге болады.

Біздің елімізде палеолиттік мәдениеттің екі таралу аймағын бөліп көрсетуге болады: Сарыарқа мен Қаратау жотасы (Бөріқазған, Тәңірқазған, Қазанғап және т.б.). Еңбек құралдары негізінен түрлі формадағы дөрекі және үлкен шапқылар (бифастар – екі жақты, унифастар - бір) болды. Біртіндеп анағұрлым кішірек және едәуір жақсы өңделген микролиттерге көшу байқалды. Палеолит пен мезолит кезеңінің шаруашылығында аңшылық пен терімшілік басты рөл атқарды. Аң аулаудың тәсілдері әртүрлі болды. Аң аулау құралдарының дамуына ірі жануарлардың жойылуы үлкен серпіліс берді. Қолайлы жерлерде алғашқы адамдар сүйектен жасалған үшкір сүңгір (гарпун) мен қарапайым ілмектер (күршіктер) көмегімен балық аулаумен айналысты.

Әрбір тас ғасыры (жекеленген кезеңдері) өзіне тән ерекшелігімен және қасиетімен сипатталады. Еңбекке қаулысы бар көне адамды хомо хабилис – епті адам деп атады, ол «олдувай» кезеңінің адамы. Келесі «ашель» мәдениетінің адамы (б.д.д. 800-140 мыңжылдық) эволюция деңгейінде «хомо еректус» - тік жүретін адам қалпында болды, ол отты пайдаланып аңшылық пен терімшілікпен айналысты. Орта тас дәуірі еңбек құралдарын өңдеудегі техникалық серпілісі байқалады, соған орай тас құралдарының ұлғаюы көрініс тапты. Бұл адам отты алудың бірнеше тәсілін білді, ағаштан және жануарлар сүйегінен жасанды тұрғын-жайлар – жер үстіндегі кепелер мен жертөлелерді де құра білді және жыныстық жас мөлшеріне негізделген мамандану еңбек бөлінісі пайда болды. Яғни, инициациялар деп жасөспірімдердің ересектер қатарына өту межесін білдіретін салттардың кешенін айтады. Кейінгі палеолит дәуірі эволюция қарқынында биологиялық кезеңі аяқталды деуге болады, ендігі жерде оның әлеуметтік негізі бастау алды. Адам ол кезде жердің жан-жақты климаттық зоналарға таралды, нәсіл мен нәсілдік топтар қалыптаса бастады. «Алғашқы адамдар тобыры» немесе «көне қауым» құрылым орнына біртіндеп қоғамдық ұйымның неғұрлым берік формасына орын беретін тұрақты иерархиялық бірлестіктер аналық ру келді, ол адамды «хомо сапиенс» - саналы адам матриархат заманы келді. Рудың аса маңызды белгісі эндогамия, яғни, ру ішіндегі некелік қатынастарға тыйым салу болды. Некенің бастапқы формасы – топтық неке, бұл кезде рудың барлық мүшелері (жігіттері) екінші рудың мүшелерімен (қыздарымен) некеге тұруға құқылы және тиісті болды. Біртіндеп некелік қатынастардың дамуы жұптық некенің қалыптасуына әкелді. Сүйек иненің пайда болуына байланысты адам ол кезде киім тіге бастады. Сондай-ақ, **жан түсініктердің**

пайда болуынан діни көзқарастың қалыптаса бастағанын байқаймыз, олар: **тотемизм, фетишизм, анимизм, магияда** да көрініс тапты.

Орта тас ғасыры (мезолит) климаттағы өзгерістермен белгілі, соған байланысты жебе мен садақ және микролиттердің – тас пластиналарды алу тәсілі пайда болды, еңбек құралдарын даярлау техникасында өзгерістер болды.

Жаңа тас дәуірі (неолит) ұжымдық еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болған жаңа құрылымға ие болды. Тайпалар өз атауы, территориясы, диалектикасы және өзіндік мәдени-болмыстық ерекшелігімен бейнеленді. Адам жасанды материал – қыш ыдыстарды даярлауды игерді. Шаруашылықтың өнімді формалары: егіншілік пен малшылық пайда болды.

Мысты тас (энеолит) ғасыры Қазақстан территориясында жылқыны қолға үйрету және бағу жүзеге асқан кезең (ботай мәдениеті). Ботайлықтар Еуразия кеңістігіндегі алғашқы жылқы өсірушілер. Жайық-Ертіс арасындағы энеолиттік қоныстардан орасан көп жылқы сүйектері табылды.

Этникалық мәселелері туралы айтсақ, сол заманда Қазақстан үнді-еуропалық және орал-алтай қауымдастықтарының шығу аймағы болуы мүмкін. Еуразияның барлық халықтары сол этникалық негізден шыққан.

Алғашқы жылқы өсірушілер жылқыға табыну дәстүрін және көшпелі тұрмыстың негізін қалайтын бірқатар элементтер қалыптастырды. Олар қазақтар үшін қасиетті «алаш» ұғымынан көрініс тапты.

2. Б.д.д. III-II мыңжылдықта Орталық Азия даласының тұрғындары қоланы игере бастады. Қазақстанды қола дәуірінде мекен еткен тайпалардың археологиялық ескерткіштері Андронов мәдениетіне жатады (алғашқы қазба жұмыстары Андронов селосы жанында–Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы іргесінде қазылып табылғандықтан, шартты түрде осылай аталып кетті). Оның тараған аумағы Оңтүстік Сібір, Қазақстан, Орал және Орта Азия жерлері. Ал Қазақстан территориясы Андронов мәдениетінің негізгі орталығы болып табылады. Андронов мәдениеті Қазақстанда – Атасу, Бұғылы, Нұртай, Беласардан; Шығыс Қазақстанда – Кіші Қойтас, Қанай, Трушников; Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарында – Шағалы, Степняк, Бурабай; Батыс Қазақстанда – Ұралысай т.б. жерлерден табылды. Андронов мәдениетін зерттеген ғалымдар: А.Я. Тугаринов, С.А. Теплоухов, М.П. Грязнов, К.В. Сальников; қазақстандық ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, Қ.А. Ақышев, А.Г. Максимова, С.С. Черников, А.М. Оразбаев.

Зерттеушілер Андронов мәдениетінің туындауын жергілікті энеолиттік тайпалармен, енді біреулері Еділ бойындағы тайпалардың бері қарай ойысуымен байланыстырады. Көптеген зерттеушілер Андронов мәдениетін үнді-ирандық деп есептейді. Антропологиялық тұрғыда оларды еуроидтар санатына жатқызады. Андроновтық тайпалар – тұрмыстық мәдени ғұрыптары мен болмысының бірегейлігімен ерекшеленеді. Олар өзендердің салалары мен таулардың етектерінде тіршілік етіп, мал шаруашылығы мен

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

егіншілікті жарыса дамытты, металлургияны өркендетті, әдет-ғұрыптары ұқсас болып келді. Андронов мәдениетінің басты белгісі болып мәйітті жерлеу кезіндегі әшекейлеу еді. Жерленген мәйіттің басын батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратып өлікті бүктей жатқызып қойған. Олардың түсінігінше: біріншіден – қабыры бар домалақ оба да әлем іспеттес болуы; екіншіден - өліктің қабырда бүк түсіп жатуы нәрестенің жер-ана жатырында жатқан күйі деп болжауы. Қабір іргелері ретінде тас плиталардан құралған жәшіктер, олардың айналасына қырынан жерге қазылып қойылған тас плиталардан қоршаулар жасалды. Мұндай қабір зираттарын қазақ арасында «мықтың үйі» деп аталған. Кей – кездерде мәйітті өртеп жіберу тәсілін де қолданды. Андронов мәдениетінің келесі белгісі – қыш ыдыстар жасау, олар қалып көмегімен немесе қолдан жапсыру тәсілімен әзірленген; бұл тәсіл бойынша әуелі ыдыстың түбі, сосын дөңгелектеп бүйірін, дөңгелек-иінін және жоғарғы жағын орнатады. Құмыра жасауда оның түбі теп-тегіс болып келсе, бейнеленген ою-өрнектерде геометриялық тәсілді қолдануда еді. Андроновшылардың құмыра, көзелерін көркемдеп көрсететін ою-өрнектері жүздеген жылдар бойы сақталған, олардың қолданған элементтерін қазақтың қолданбалы өнерінен осы күнге дейін көруге болады. Андронов мәдениетінің келесі ерекшелігі – арнайы әсемдендірілген металл әшекейлердің формаларында еді, олар: алтынмен апталған дөңгелек сырғалар, спираль тәрізді оралған білезіктер, самайға тағылатын салпыншақтар, әртүрлі жүзіктер – зергерлік өнердің ғажайып үлгісі болып табылады.

Андронов мәдениеті үш кезеңге бөлінеді:

1. Ерте қола дәуірі б.д.д. XVIII-XVI ғғ.
2. Орта қола дәуірі б.д.д. XV-XII ғғ.
3. Кейінгі қола дәуірі б.д.д. XII-VIII ғғ.

Орталық Қазақстанда 30-дан астам қоныстар мен 150-ден астам Андронов мәдениетінің мәйіттері табылған. Бұл өңірдің тән сипаты – оның монументалдығы, мазарларының күрделілігі, тас өңдеумен байланысты құрылыс техникасының жетіле түскендігі. Ерте қола кезеңі – Нұра, орта қола кезеңі – Атасу, кейінгі қола кезеңі – Бегазы-Дандыбай деген атауларға ие болды. Солтүстік Қазақстандағы Петропавл қаласының маңындағы қоныстар ерте қола дәуіріне тән ескерткіштерге жатады. Оның бір ерекшелігі – ежелгі қалалардың алдын алушылар (протиптер) деп атауға келетін қоныстардың пайда болуында еді. Солардың бірі – Челябинск облысы мен Қостанай облысының шекарасынан орын тепкен Арқайым қаласы. Орта қола кезеңінде үй құрылысы күрт өзгереді, қоныстардың өзіндік жоба-жоспары құрыла бастады. Мысалы, тұрмыс кешені деп Батыс Қазақстандағы Тасты-Бұлақ қонысын айтуға болады. Бұл жерде ондаған қорымдар мен қоныстар табылған. Шығыс Қазақстандағы – Ертіс, Бұқтырма, Алтай және Тарбағатай далаларында осындай ескерткіштер табылған. Оңтүстік Қазақстанда және Жетісу өңірінде тасқа қашалған Тамғалы және Қаратау петроглифтері шалқақтаған өнері көркемдік талғаммен, мейлінше шынайы жасалып Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

отырған. Оларда соғыс арбалары, садақ тартып тұрған адамдар, ғұрыптық билерді орындап тұрған бишілер, барлық бейнелердің үстінен «күн басты тіршілік иелері» тұр. Қаратаудағы – Таутары қорымы, Арал алқабындағы – Тегіскен кесенесі – сан-салалы мәдениетті айқындайтын белгілердің бірі. Андронов тайпалары келесі ұрпаққа негіз болатын мәдени іргетасын қалап кетті. Ерте және орта қола кезеңінде олар отырықшы болған, аралас шаруашылықпен шұғылданып, егін егіп, мал өсірген. Мал шаруашылығының өнімділігін бір деңгейде сақтап, оның санын арттыру үшін мал ұстаудың жаңа түрлері мен тәсілдері, соның ішінде жайлаулық тәсілі (жартылай көшпелі) қалыптаса бастады. Сонымен, үй іргесіндегі тепсеңнен – жайлауға көшу, одан көшпелі шаруашылықтың туындауы – қоғамның кәсіппен айналысу қатынасына күрделі өзгерістер енгені айғақ болып отыр.

Келесі ерекшелігі, металды өңдеу елеулі орын ала бастады. Зерттеушілердің пайымдауынша, кен өндіріп балқыту ісі орасан зор көлемде болыпты. Мәселен, Жезқазған өңірінде 100 мың тонна мыс қорытылса, ал Өспен руднигінде 200 мың тонна кен өндірілген. Көне металлургияның дамуына сондай-ақ, Қазақстанның жер қойнауының байлығы да ықпал етті. Ежелгі кеншілер кенді тотықтандыру тәсілін қолдана отырып, жыныстағы жез бен қалайының қосындысын көбейте білген. Борпас жыныста кенді «қайлалап» өндірсе, ал қатты жыныстарға «отпен өндіру» тәсілін қолданған. Сол сияқты, ұзын штольнялар (жасанды үңгімелер) қазған кезде оған ағаш тіреулерді пайдаланған. Уақталған руданы арнаулы пештерде балқытқан. Ондай пештер Атасу, Суықбұлақ, Қанай ауылының қасындағы қоныстардан табылды. Металл балқытумен бірге олар оны шындау, шекімелеу, қыспалау әдістерін білген. Қолөнершілер шаруашылыққа және тұрмысқа қажетті құралдар: орақ, балта, қанжар, найза, жебенің ұштарын жасаған. Металл өндірудің көлемі оларды басқа аймақтарға экспорттауға мүмкіндік берді. Шаруашылықтың дамуы артық өнім мен айырбастың кеңеюіне және осылайша байлықтың көбеюіне ықпал етті. Бұл қоғамның әлеуметтік құрылымынан көрініс тапты. Қоғамда ерлер басым маңызға ие болды. Патриархалдық отбасы үлкен рөл атқара бастады. Қалыптасып жатқан мүліктік теңсіздіктің күшеюі, тайпа ақсүйектерінің ішінен көсемдердің бөлініп шығу үрдістері, этномәдени бірлестіктердің қалыптасуына ұйтқы болды. Әскери және шаруашылық қажеттілігі бойынша күрделі тайпалық одақтар қалыптасты.

Сонымен, б.д.д. II мыңжылдықтың басында Қазақстан территориясында мал шаруашылығын, егіншілікті және жоғары дамыған металлургияны біріктірген өзіндік кешенді шаруашылық қалыптасты. Мәдени кешеннің негізгі көріністері еңбек құралдары мен қару-жарақтардың сапасының күрт жақсаруы, қола өндірісін игеру, ат әбзелдері мен жеңіл соғыс арбаларының пайда болуы болды. Этникалық тұрғыдан, нәсілдің андрондық компоненті Қазақстанның тарихында нәсілдік-гендік үрдісінде аса маңызды негіз болды. Қола дәуірі мал өндірісінің шаруашылық ретіндегі даму кезеңі болып

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

табылды. Кетпенді егіншілік дамып, онда жаңа еңбек құралдары қолданыла бастады. Б.д.д. II мыңжылдықтың орта шенінде Орталық Азияның далалық бөлігінде бақташы тайпалар бөлініп шықты. Б.д.д. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында (кейінгі қола дәуір кезеңі) Қазақстанның далалық аудандарының көпшілік халқы шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі мал шаруашылығына ауысты. Тайпаның негізгі көпшілік бұқарасынан малшылардың бөліктеніп шығуы – қоғамдық еңбектің алғашқы ірі бөлінісі болды. Бойлық бойынша көшуге қалыптасу, өзін-өзі бағып, өз аяғымен жүретін төрт түлікті аз күш жұмсап, мол өнім беретін шаруашылық көзіне айналдыра білу, түптеп келгенде, салт атты көшпелілердің төлтума таным-түсінігі мен мәдениетінің қалыптасуына, уақыт пен кеңістік туралы дүниетанымының кеңеюіне, сөйтіп этномәдени болмысының даралауына себепші болды. Көшпелілер сол кездегі өзінің отырықшы замандастарына карағанда әлеуметтік-мәдени деңгейі жөнінен әлдеқайда биік, әлдеқайда қуатты болды.

3. Б.д.д. I мыңжылдықта Қазақстан аумағындағы андроновтықтардың ізбасарлары сақтар болды. Ұлы дала тұрғындарының тіршілік тәжірибесі көшпелі өмір салттан ғана бақыт табуға болатынына көз жеткізді, далалық шаруашылық-мәдени типін саралап, дара болмысын қалыптастыруға себепші болды. Сөйтіп, мал өндірісі негізгі шаруашылық түріне айналды. Адам еңбегі анағұрлым өнімді болып, кең-байтақ жайылым жерлерді пайдаланып, қосымша өнім өндіруге, оны сақтап иемденуге мүмкіндік берді. Мал мен мал шаруашылық өнімдері айырбастық құнға ие болды. Мал шаруашылығының негізгі 3 түрі: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылық қалыптасты. Мыс, қалайы, қорғасын, алтынмен қатар темір өндіріле бастады. Одан ертұрман әбзелдері (үзеңгі, ауыздық), қару-жарақ, тұрмыстық бұйымдардың жаңа түрлері жасалды. Көшпелі тұрмыс жаңа баспана түрін – киіз үйді ойлап табуға әкелді, арба, күйме қолданылды. Қола дәуірінде алғашқы рулық қатынастың ыдырауы жалғасып, ертедегі таптық қатынас қалыптаса бастады. Қауымдық меншікпен қатар ішінара малға және жерге деген отбасылық меншік нығайды. Ру қауымға орын беріп, рулық институттар өз формасын сақтай отырып, ертедегі қауымдық қатынастарға бейімделді. Ерте темір ғасыры дәуірінде (б.д.д. I мыңжылдық) тайпалық одақ негізінде мемлекеттік бірлестіктер қалыптасты.

Енді тайпалардың қоныстануы туралы жазба дерек мәліметтерге келсек біздің дәуірімізге дейінгі VIII – III ғасырларда Қазақстан даласында сақтар мен савроматтар үстемдік құрды. Олардың айрықша қару-жарақтары мен ат-әбзелдері, киім-кешектері және өнерде «Аң стилі» деп аталатын өзіндік ерекше қолтаңба-мәнерлері болды. Қазақстанның бұл ерте дәуір тарихы-антикалық авторлар еңбектері мен ежелгі Иран патшалары қалдырған жазбаларында жақсы сипатталған. Әсіресе, Қазақстан жерінде мекендеген ежелгі көшпенділер туралы жазбаша деректі - Заратуштра пайғамбардан қалған қасиетті «Авеста» кітабында шынайы мазмұндама көрініс табады. Ол

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

- жалғыз құдайға сенім келтіретін әлемдегі алғашқы дін *зороастризмнің* негізін салды. Зороастризм батыс және шығыс өркениеттерінің негізгі діндері болатын иудаизм, буддизм, христиан, исламға бірқатар әсерін тигізді. Арий тегінің Спитама руынан болатын Заратуштра Ұлы Даладағы Еділдің шығысына қарай б.д.д. 1500-1200 жылдар аралығында, басқа деректерде б.д.д. I мыңжылдықтың басында немесе б.д.д. VIII-VI ғасырлар аралығында өмір сүрген.

Авестаға жүгінсек Қазақстанның ұлан-ғайыр далаларында «*жүйрік мінген турлар*» *ғұмыр* кешіпті. Турлар парсы деректерінде *сақтар* деп аталады, бұл сөз «еңсегей бойлы еркектер» дегенді білдіреді. Антика авторларының шығармаларында олар «*скифтер*» деген атпен мәлім болды. Б.д.д. VII-I ғғ. Орталық Қазақстанды Тасмола мәдениетінің тайпалары - исседондар, Батыс және Солтүстік Қазақстанда – б.д.д. VII-V ғасырдағы савроматтар мен б.д.д. IV-II ғасырдағы сарматтар, Шығыс Қазақстанды - аримаспылар, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды - тиграхауда сақтары, Арал маңын - массагет сақтары қоныстанды.

Сақ дәуіріндегі қоғамдық тіршілігінде халық жиналысы маңызды рөл атқарды. Оған ер азаматтар қатысқан. Ер адамдардың орны ру-тайпасының деңгейіне қарай анықталып отырды. Қоғамдық құрылымы: Үй басы, Ру басы, Тайпа басы, Ел басы (патша) болып жіктелді.

Сақтардың этникалық процестерге қатысқаны айқын, олар қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, тәжік, сондай-ақ Ауғанстанның, Иранның, Үндістанның және Қытайдың кейбір халықтарының этногенезі болып табылады. Сақтар – қазақ тайпаларының көне ата-бабалары. Есіктегі қорғанынан табылған күміс тостағанның сыртқы жағына 26 таңбалы екі жолға жазылған аса құнды алфавитті руника жазуы табылды. Бұл жазуды оқыған белгілі түрік танушы, филология ғылымының докторы, профессор Алтай Аманжолов былай көшірді: «Аға, саңа очук! Без, чок! Букун ічре азук!..». Бұл былай қазақшанды: Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізенді бүк! Халықтың қарыны тоқ (болғай)!

Сонымен Есік, Шілікті қорғандары, Түгіскен мен Ұйғарақ кесенелері, сақтардың Шірік-рабат пен Баланды қалалары секілді сақ мәдениетінің көрнекті ескерткіштерін археологтардың ашуы тағы бір кедергіден өтуге мүмкіндік берді. Табылған жазбалардың, көрнекті өнер туындыларының жәдігерлеріне сүйене отырып, біздің дәуірімізге дейінгі I-мыңжылдықтың ортасында Қазақстан аумағында пайда болған көне сақ мәдениетін әлемдік тұрғыда озық өркениеттердің бірі есебінде санап, дүниежүзілік тарихқа өз ықпалын елеулі түрде тигізді деп айтуға болады.

Б.д.д. II ғасырда Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалар ерте мемлекеттік билік құрылымын қалыптастырды. Бұлардың этникалық тарихы Орталық Азияны сол кезге дейін үстемдік құрған сақ тайпаларымен тығыз байланысты болған Үйсіндер мен Қаңлылар. Тиграхауд сақтардың жерін мұра еткен **үйсіндер** Жетісуға Орталық Азияның түкпірінен келген еді.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Олардың территориясы өте ауқымды болды: солтүстігінде Балқашпен ұштасса, батысында Таласқа тіреліп Қаңлылармен шектесті, шығысында Ғұндармен шекаралас болды, ал оңтүстігінде Ферғанамен ұштасып жатты. Оның негізгі орталығы Жетісудағы Іле аңғары, ал астанасы Чигучен (Қызылалқап) Ыстық көлдің жағасында орналасты.

Үйсін тайпасы жөніндегі ежелгі қытай жазбаларында мәліметтер мен деректер олардың бір кездерде Іле өңіріне келіп қоныстанғаннан кейінгі уақытта аса күшті тайпалық мемлекет ретінде тарих сахнасына шығып, өз тұсында едәуір ықпалды болғанын баян етеді. Қытай тарихшысы Сыма-Цянь мен Бан Гудың «Ханнамасы» мен «Жылнамасында» мынадай деректер бар: «Үйсін мемлекетінің жері ... ұлан-байтақ кең, әрі жазық, жауын-шашыны көп, ауа райы суық, тауларда қалың қарағай өседі. Егіншілікпен айналыспайды. Малмен бірге жайылым-суат жағдайымен көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болады. Халқы қайсар, батыр келеді. Сенімсіздік істегендерге қатты өшігеді, ұры-қарысы жоқ. Ең күшті мемлекет...».

Үйсіндер билеушілерін Күнби (гуньмо) деп атаған. Ол елде тұтас әскери және әкімшілік құқықтарды басқартатын мемлекеттік билік түрі болған. Үйсіндер одағы көршілес тайпалардың экономикалық жаңа саяси өміріне де зор ықпал етті. Мысалы, үйсіндер Солтүстік Қытайдағы Хунну (Ғұн), Хорезмдегі Кангүй (Қаңлы), Памирдегі Кушан тайпаларымен араласты. Үйсіндер жартылай отырықшы ел болған. Үйсіндерде мал шаруашылығы мен егіншілік кәсібі қатар дамыды. Құлдық және феодалдық құрылыстың нышандары басым рулық институттары бар ертедегі қоғамдық қатынастар қалыптаса бастады, малға деген меншік нығайды. Малға, салт мінетін аттарға, ыдыс-аяққа сонау сақ дәуірінде пайда болған рулық, қауымдық, жеке меншіктік иелікті білдіретін таңба басу дәстүрі кең тарады.

Қазақстан жерінде тарихта елеулі із қалдырған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі - **Қаңлы мемлекеті**. Бұл туралы алғаш рет б.д.д. II ғасырдағы жазба деректерде айтылады. Осы деректерге сүйенсек, бұл мемлекеттің территориясына Оңтүстік Қазақстанның ауқымды аймағы мен Ташкент ойпаты кіреді. Шығысында Талас бойы, батысында Арал өңірімен ұштасып отырады. Бірлестік билеушісі Дуанның (Ферғана) астанасы Эрти қаласынан солтүстік-батыста ірге тепкен Битянь қаласында орналасқан. Ғалымдардың бірі түркі тілдес десе, екіншілері Иран тілдес халық деседі. Қуатты мемлекеттік бірлестік болған. Шаруашылықтың маңызды бір саласы – мал өсіру болған. Хорезм, Арал өңірі, Ташкент оазистерінде суармалы егіншілік жетекшілік орын алды. Дәнді дақыл егіп, бау-бақша өсірген. Елді мекендерінің қоныстарынан бидай, бидай сақтаған ыдыстар, қол диірмен, астық пен бау-бақша өнімдерін сақтайтын құмыралар табылды. Жерді темір кетпендермен өңдеген, жер өңдеуге сүйектен жасалған құралдар да қолданылған. Жетіасар аймағында өзеннен егістікке қарай келте тартылған (40-50 м) арық, атыз, әуіт және кішігірім су бөгендерінің орны табылды. Оған

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

қосымша аң, балық аулауды да кәсіп еткен. Қаңлылардың материалдық мәдениеті негізінен қоныстар мен обалардың орнынан табылған заттар бойынша анықталып отыр.

Орталық Сырдария аймағында (Шаш, Отырар, Қаратау) тараған қаңлы материалдық мәдениеті тарихи әдебиеттерде Қауыншы, Жетісай, Отырар-Қаратау мәдениеті делінсе, ал I мыңжылдықтың басынан бастап Сырдарияның төменгі ағысында бұлармен тектес Жетіасар мәдениеті деп аталады. Жетіасар мәдениетінің жұрттары көлемінің кеңдігімен, орналасуының айрықшалығымен және материалдық мәдениетінің ерекшелігімен сипатталады.

Қазір ондаған қаңлы қоныстары белгілі. Ең ірі ескі қоныстардың бірі – Алтыасар. Ол трапеция пішінді болып келген төбе секілді. Алтыасар, Ақтөбе, Қарауылтөбе сынды қоныстарды зерттеудің нәтижесінде оны мекендеген халықтардың өмірін, мәдени табыстарын байқауға мүмкіндік туды. Қаңлы қоныстарында көптеген тұрғын үйлер мен шаруашылыққа қажетті құрылыстар болған. Олардың сыртына дуалдар соғылып, ор қазылған. Кірпіштен тұрғызылған монументальді құрылыстар, архитектурасы күрделі ғимараттар мен ою-өрнектер ежелгі қаңлылық мәдениетінің жоғары дәрежеде болғандығының бір айғағы. Үй шаруашылығы кәсіпшілігінен ұсталық пен қыш ыдыстар жасау ісі, түрлі зергерлік өнер мен тас, сүйек өңдеу өнері кеңінен тараған.

Қаңлылар одағында дамыған әлеуметтік-саяси иерархиялық құрылым археологиялық қазбалардан айқын көрінеді. Оларға сан-салалы әкімшілік-саяси аппаратпен байланысып жатқан жоғары дамыған әскери ұйым да тән болды. Осы негізде үйсін және қаңлы тайпалық одақтарына - мемлекеттік құрылымға тән жекеленген белгілермен ерте мемлекеттік нышандары бар: әкімшілік, күштеу аппараты, әскери ұйым биліктің мықты жүйесі қалыптасты.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышын түгел билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес елдің түп атасы – ғұндар кейін көптеген ұлттардың құрамына еніп, мемлекеттерінің өсіп-өркендеуіне негіз болғаны тарихқа белгілі. «Қазақ Совет энциклопедиясында» Ғұндар түркі тайпаларының түп атасы екені ашып айтылған. В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам және басқа ғалымдар да солай дейді. Олар ғұн мен оғыз екеуі бір ел деп дәлелдейді. Оған қарағанда Арғұндар ежелгі ғұндардан таралып, солардың атының этнонимі түрінде сақталғаны байқалады» делінеді. Негізінде дұрысы **арғын** емес, **арғұн** немесе **арғы (ару) ғұн** болу керек. Академик Әлкей Марғұлан жариялаған Еділ (Атилла) патша заманынан бері ел аузында сақталып келген «Алаңқай батыр» туралы жыр-дастанда «Арғы атам менің Арғұнбек, Жалғыз шауып жауды алған» дейді. Осы дастанның құндылығы, біріншіден – Арғұндар атауы Еділ заманынан да бұрын белгілі болуы; екіншіден – ғұн, Еділ заманынан сақталған жазба деректермен астасып жатуы. Яғни, жырда аталатын тарихи тұлғалардың аттарында Еуропаның Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жазба деректерімен ұқсастық кездесіп отырады. Мысалы, Геродот скифтің патшасы Тарғытайдың үш ұлы болған дейді, олар: Липоксай, Арпоксай, Қолақсай. Осы ұқсастық жырда аталуы: Молақсай, оның баласы Аланқай – Арпақсай, нағашысы Құлансер – Құлансай – Қолақсай зерттеушіге сырды ашуға мегзейді. Геродот «Мельпонема» кітабында: «... ағаштан істеген үйлері бар, оны ақ киізбен жабады. Төңіректегі жұрт оларды киелі санайды. Көрші елдердің дау-шараларына төрелік айтады. Бұл халықтың аты аргиппей» деп, басқа да ерекшеліктерін жазады. Птоломей б.д.д. II ғасырда ғұндар (ғұн атауын қателіксіз белгілеуінде) Солтүстік Кавказда отырғанын айтады.

Көшпенділермен алғашқы кездескен эллиндер кейінгі ұрпақтарына салт атта отырған жауынгерлерді бірінші көргенде «кентаврлар» (человек лошадь) деп үрейлі атау қалдырды. Эллин, Ұрымдықтар екі теңіздің ортасында мекендеген халықты гипорборейлер, жалғыз көзді құбыжықтар деп атапты. Бұл жердегі бір гәп (**жалғыз көз** деген сөздің тарихын ашу) ғұндардың қолданған ұранында болуы керек. Шынайы түркі тілінде ғұн, гүн, һүн бір ұғым береді – «күн» немесе «шығыс» деген мағынаға саяды. Басқа елдерге **төрт көзді** Ғұндар бірлігіне жататын: Арғұнда, Барғұнда, Өрғұнда, Дарғұнда бір ғана ғұндар болып табылады. Төрт ірі тайпадан құрылған бірлестік сыртқы жұртқа бір ғана ғұн болып танылғанымен, өздерінің аумақтық және басқа да себептерге байланысты өзара бір-бірін *өздегі ғұндар* (өрғұн, орхұн, орхон), *дара ғұндар* (дарғұн, таргин, даргин), *бергі ғұндар* (бұрғұн, барғұн, барын), *арғы ғұндар* (арғұн, аруғұндар) деп бөлініп отырған. Осы ғұндардың негізгі белгісі - өзінің атына сай және күншығысты мегзейтін күн таңбасы – дөңгелек **күн** суреті. Әлемге жайылған ғұндар осы таңба арқылы танылған. *Бір көз, екі көз, үш көз, төртеуі біріксе, төрт көз* суретін салған туларын желбіретіп, көрші елдерге ел бірлігін айбар қылып көрсетіп, бірліктерін осылай бекітіп отырған. Қазақтан қалған мұра сөз - «*Төрт көзің түгел болмай...*» деген нақыл сол кезден келіп отырған жоқ па? Еуропа елдеріне ишкуз деп атын қалдырған ел – осы ғұндардың үш тайпа бірлігі – үш көз. Монғол ханы Мөңкеге бара жатқан Людовик IX – елшісі, монах В.Рубрук Іле алқабында «Эквиус қаласында болдым, одан шығып қарлықтар астанасы Қойлықта болдым. Онда мұсылмандармен бірге, өздерінің шіркеуі бар христиандар тұрады екен»- деп, жазады. Сондағы қазіргі Дунгановка селосының орнында болған Эквиус – ғұндардың **Екі көзі** болуы мүмкін. Осы ру-тайпалар мен тайпалық одақтардың аты қазақ ішінде қазіргі күнге дейін сақталуда. Әрбір рудың өзіне тән таңбасы және ұраны бар. Бұл таңбаны ерте кезде рудың малына басқан, сол рудан өлген адамдардың моласының басына тасқа ойып орнатқан. Бірнеше ру бірлесіп тоқтам жасасқан жерде тасқа ойып белгі соққан. Ру таңбасы сол рудың нышаны орнында қолданылған, рудың жалауларына салынған. Қазақтың көптеген ру аттары сол рудың таңбасы арқылы аталған. Мысалы: бағаналы, балталы, Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

шанышқылы, ергенекті, тарақты, ошақты және т.б., сол сияқты дулаттың, табынның **бір көз** таңбасы; арғынның **екі дөңгелек көз** таңбасы ғұндардың тайпа бірлігі емес пе деген ойға жетелейді. Ал енді, қазақты қалыптастырған ру-тайпалардың көпшілігі ежелгі заманнан тартып Еуразияның кең даласында көшіп-қонып өркениет көтерген ұлы түркі тілдес ру-тайпалар екені белгілі. Алайда, сан ғасырлық тарихи дамудың сырын ашуда рудың атауы, олардың таңбасы, түптеп келгенде ауызша тарих-шежірелер мен аңыздарды және көптеген себептерді қолдана отырып сырын ашып отырсақ, тарихымыз барған сайын кемелденіп «ақтаңды» тұстары баянды болушы еді. Яғни, батыс пен шығыстың жылнамаларынан, өзіміздің туындыларымыздан тірнектеп іздеп жүру – қазіргі заманның қажеттілігі, Қазақ деген халқымыздың ортақ тарихын ашу.

Сонымен, тарихта *ғұндардың* да аты кеңінен жайылған б.д.д. IV-III ғғ. мен біздің заманымыздың V-VI ғасырлар тұсында әлемге әйгілі болған көшпелі өркениетін қалыптастырған қағанаттардың бірі. Ғұндар жоғары дамыған материалдық мәдениет пен әскери-әкімшілік принциптік түрде ұйымдасқан билік институтын және мәдени катализатор қызметін атқарған империялық құрылымды қалыптастырды. Мемлекет басында атадан балаға мұра ретінде ауысып отыратын Тәңірдің рақымымен берілген билік лауазымы Шаньюй (Тәңірқұты) басқарды. Оны «Тәңірдің ұлы», «Аспанда туған және Күнмен, Аймен безендірілген» деп таныды. Империяның барлық жері - Шаньюйдің меншігі болып есептелді, ал Елін қорғауда - ол міндетті болды. Биліктегі келесі баспалдақ оның кеңесшілері мен әскер басшыларында болды. Төменгі чиндерге – тумэндер, мыңдықтар, жүздіктер, ондықтар жатты. Тумэндерді шаньюйдің өзі тағайындап, оған жері мен халқын бөліп беріп отырды. Әр түрлі салық жүйелері мен міндетті түрде еркек қауымның әскер борышын өтеу заңы бекітілді.

Сонымен, *ерте көшпенділер дәуіріне* қатысты ойымызды тұжырымдайтын болсақ, біздің дәуірімізге дейін VII-IV ғасырларда Қазақстанның қазіргі аумағында сол кездегі аса қуатты сақ бірлестіктері және олармен тектес басқа да тайпа одақтарының құрылғанын көреміз. Б.д.д. III ғ. – б.д. V ғ. аралығында ғұндар, үйсіндер, сарматтар және қаңлылар сияқты тайпаларының өзара бірігуі тап осы кезеңге сай келеді. Жоғарыда аталған тайпалар VI ғасырда түркі деген ортақ атауға ие болып, Орталық Азия аумағында ортағасырлық империялық қуатты мемлекет құрылымын – Көк Түрік Қағанатын дүниеге әкелді.

Осы ерте көшпенділердің Еуразия Даласында мәдени ырғақтары қандай болды деген сауал-сұрағына тоқталайық. Шексіз далада қимылсыз жату көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол - бір заңдылыққа бағынып, табиғаттың құрамдас бөлігі есебінде даланы игеруге бағыт ұстады. Кеңістікті меңгеру ісінде жылқының ерекше қызметіне назар аударып, оны адам еркіне көндірді. К.Ясперс айтқандай: «тағылықтан өркениетке өтуде жер суару Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жүйелерін жасаумен қатар ... жылқыны пайдалана білу адамзат үшін өте маңызды болды», - деді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді және А.Вебердің пікірі бойынша: көшпелілер «Ұлы қоныс аударуы» атты құбылысты әкелді. Бұл өзге өркениеттердің қалыптасуына үлкен себебін тигізді. Мысалы, мұны грек мифологиясынан көруге болады: кентавр Хирон (көшпенді скифтің метафорасы) досы Прометейге көмек беру үшін мәңгілік өмірден бас тартады. Шумерлік жырдағы осы байланысты Гильгамеш пен Энкидудың (Энкиду – Ұлы Далада туған батыр бейнесі) достығынан да аңғарылады. О.Сүлейменов «Аз и Я» кітабында шумерлік және түріктік мәдениеттерінің туыстығы жөнінде айғақты гипотеза келтіреді. Сонымен, А.Вебердің айтқан пікірімен ерте көшпенділер дәуірін толастасақ: «техногендік өркениет пайда болғанға дейін көшпелілер кеңістікте мәдени катализаторлар қызметін атқарды». Яғни, далалық өркениет әлемдік дамудың бір қозғаушы күші болғанын дәлелдейді.

3-тақырып. Ерте орта және дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттер (VI-XIII ғғ.) (1 сағат)

1. Түрік және Батыс Түрік қағанаты (552-603 жж.).
2. Түркеш, Қарлұқ, Қарахан, Қидан мемлекеттері.
3. Оғыз, Қимақ және Қыпшақ хандықтары.
4. Найман, Керейт және Жалайыр ұлыстары.
5. VI-XIII ғғ. Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірі.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Л. Гумилевтің «Көне түріктер» кітабы бойынша танымдық тапсырмаларды орындау: түріктердің тілдік қатынасын айқындау, салт-дәстүрі, діни сенімдері бойынша конспект жасау.

2. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. «Казахстан: летопись трех тысячелетий» кітабы бойынша танымдық тапсырмаларды орындау: түріктер үшін әлеуметтік идеалдардың маңызын ашу.

1. Біздің заманымыздың I мыңжылдығының орта тұсынан бастап Ұлы Далада этникалық үрдіс пен саяси өмірде елеулі өзгерістер бастау алды. Мифтік дүниетанымдық көзқарас орнына адамның тарихи аспектіде әлемдегі орнын айқындау шарты көрініс табады. Бұл тұста түркі тілдес тайпалар бірте-бірте үстемдік ала бастады. Әлеуметтік даму және аймақтық саяси ынтымақтасу процестерінің тездей түсуі түркі тілдес тайпалардың ірі мемлекеттік құрылым (қағанат) құруына жол ашылды. Олар Қиыр Шығыстағы Корей түбегінен батыстағы Карпат тауына дейін, солтүстікте Байкал мен Енисейден оңтүстігінде Үндістанға тірелетін жалпағынан созылған кең байтақ алқапты өзіне қаратты.

542 жылға жататын қытай жылнамалары: «солтүстік-батыстан туцзю (түрік) елі шапқыншылық жасады», - деп түрік атауын алғаш рет қолдана Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

бастады. Алтай аймағында сатылап құрылған орда құрылымы VI ғасырда **түрік** атауымен тарих сахнасына шықты. Қытайлықтар туцзю, тюркут, соғдылар – турк, туркут, византиялықтар, арабтар, ирандықтар – түріктер деп атаса, орыс деректерінде половец пен печенегтермен қоса торк атауын да кездестіреміз.

Түрік қағанатының алғашқы кезеңіне байланысты ескерткішті археологтар 1968 жылы қазіргі Монғолия территориясында тапқан болатын. Шапқыншылықтан аман қалған бала мен бөрінің бейнесі осы *ескерткіш құлпытасында* бейнеленген. Генеалогиялық аңызға сәйкес түркі тектес елдің бабасы он жастағы ұл баланы – қасқырдың анасы асырап алыпты. Одан туған он бала Алтайдағы тайпалардың басын қосқан, Алаша дәстүрін жандандырған – Түрік-Ашина әулеті түрік әлемінде ұйтқы болды. Тарихи сабақтастық мұрындық болған түркілердің өміріндегі негізгі компоненттері ерте дәуірде қалыптасқан еді. Орталық Азияның түркі тілдес, сонымен қатар енисей қырғыздары, қыпшақ тобы, теле немесе оғыздар – Ашина ұрпақтары болып табылады.

Түрік қағанатының құрылу уақыты VI ғ. бастау алса да, онда түріктік мәдени компоненттердің бірігуімен қатар, олардың дербестікке деген нышаны да қатарласып жатты. Осы жайттар небәрі жеті ғасырда түркі тектес елдің он шақты мемлекет құрғанын білеміз: Көк Түркілер қағанаты, Шығыс Түрік, Батыс Түрік, Түркеш, Қарлық, Ұйғыр, Хазар, Оғыз, Қыпшақ, Қарахан, Қимақ, Найман және тағы басқа.

Ерте түрік мемлекеті – Түрік Қағанаты (551-603) 551 жылы Бумын басшылығымен пайда болды, тайпа көсеміне Қаған лауазымы тағылды. Оның мұрагерлері Қара-қаған (552-553), Мұқан-қаған (553-572), Таспара-қаған (572-581) билік құрды. Тарихи деректер: «Қытай мемлекеті алым-салық төлеуге мәжбүр болды; іргелес қоныстанған – Парсы, Византия елдері саяси-экономикалық қатынас орнатты», - дейді. Махмұт Қашғари: «түріктердің күнбатыста Ұрым (Рим), күншығыста Қытайға дейінгі байтақ, сегіз мың фарсах шамасындағы жерді иемденгенін», - жазып кеткен болатын.

Сонымен, түрік елі бір әулет билігіне топтасты. Күрделі дамыған империялық басқарудың саяси құрылымын жаратты. Шаруашылығы әр типті халықтар мен елдерді өзіне бағынышты және мұқтаж етті. Мұқтаждық - әулетке тікелей бағыну немесе алым-салық төлеумен реттелді. Көшпенділердің құрған мемлекеті империя (қағанат) түріне айналды. Осы тұрғыда Түркі қағанаты ғұндар дәстүрін жалғастырып, еуразиялық империя құрылымын жасады.

Ежелгі түріктер ерекше *өркеніет* ошағын құрды. Біртұтас билік шеңберінде болмыстың жаңа серпінді формалары көрініс тапты, оның жаңа коммуникативтік құралдары ретінде – урбанизация үрдістері жанданды, қалаларды салды, дүниетанымда - фәлсафалық талпыныстарымен әлемдік «Тәңір» дінін жаратты, мәдениеттің қажетті межесі деп - Ұлы Дала болмысына тән **Қасиетті** сақтап қалды. Осының бәрі қоғамның құрылуындағы әлеуметтік және саяси өмірінде бейнеленді. Объективті мазмұны бар таным жетістігі

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

болып - тасқа қашаған таңбалардан қағазға біткен қолжазбаларда дыбыс белгілейтін әріптік жазудың пайда болуында. Көне түрік жазуы скиф-сақ дәуірі мәдениетімен үндесіп, астасып жатты. Көшпелі түрік қоғамы бірсіпаттылығымен, элементтердің ұқсастығымен және дәстүрлік бірлесу негізінен байқалады.

Күлтегіннің үлкен жазба Құлпытасында: « Жоғарыда Көк Аспан, төменде Қара Жер пайда болған кезде, ортасында Адам баласы жаралды... оларға билік етуге менің бабаларым Бумын қаған және Истеми қаған таққа отырды... төрелік айтып, Түрік Елін құрды». Осы жазба ескерткішінде қағанаттағы биліктің жіктелуі тайға таңба басқандай - **Бодун – Ел - Бұйрық** , «**Халық – Мемлекет – Заң**», - деп айқын көрініп тұр. Саяси тұрғыда **Ел** деңгейіне көтерілген тайпа одағы – ру, арыс, тайпа бірлістіктерінен құрылды. Ру-тайпалық құрылым – халық және әскери-әкімшілік құрылыс – Ел дәрежесінде бірін-бірі толықтырып отырды. Қаған – мемлекетті ұстап, халықты басқарды. Ол жоғарғы сот, жоғарғы абыз, әскери қолбасшы, генеалогиялық сатыда тайпаның үлкені ретінде **көсем** рөлін атқарып, жаулап алған халық пен мемлекеттерге алым-салық төлеттірді. Қаған – саяси билікке ие бола тұра, тайпа аристократиясы - бектерге сүйенді. Бек – қаны мен жаратылысы жағынан дәстүр негізінде ақсүйек тұқымына жатты. Түрік елінде аристократияның элитасы болып Ашина руы есептелді. Осы ерекше сословия тобынан Жоғарғы Империя Әулеті құрылды - кеңесшілер, жоғарғы әскери басшылар, әскери-әкімшілік лауазымдағы бастықтар. Халықтың негізгі бұқарасы «қара бодун» деп аталса, тәуелді ең төменгі жігі «тат» деп аталды. «Татсыз түрік болмас, бассыз бөрік болмас» деген сөз түрік билеушілердің бәрінде де осындай тәуелді адамдардың болғандығын дәлелдейді. Түркі қауымының құрылымы ғасырлар бойы қалыптасып, көшпелі-әскери тұрмыс салтының мақсаттары мен міндеттеріне бейімделді.

Ішкі қырқыс, әлеуметтік қайшылық және сыртқы саяси себептер Түркі қағанатын ойсыратып жіберді. Ақырында 603 жылы өз ішінен «Шығыс Түрік қағандығы» және «Батыс Түрік қағандығы» деп екіге бөлінді. Сол уақытта Қытай - Суй әулеті (581-618) кезінде күшейіп, Шығыс қағанаты оларға тәуелді болып қалады. Осы ұзақ дағдарыстан Күтлық - Эльтериш қаған уақытында азат болып, Білге қаған және Күлтегін кезінде Шығыс қағанаты бекіді.

Батыс Түрік қағандығы құрылған кезде, ол «Он оқ бодун» - «бес арыс дулат», «бес тайпалы нүшиби» деген атауларымен ұйымдасып - Алтай тауынан Қаратау тауына дейін, Шығыс Түркістаннан Арал-Каспий теңізіне дейін созылған кең алқапты алып жатты. Қағандықтың негізгі ордасы – қазіргі Жоңғар ойпаты мен Жетісуда бекінді. Соғды, Бухара, Гиндукуша, Исфиджаб, Чача жерлерінде қағанның адамдары үстем құрып отырды. Ұлы жібек жолы бойындағы өркендеген саудасы бар Батыс қағанаты, зор кеңістікті игерудің тиімді тәсілін қолданды. Мал шаруашылығы мен отырықшы егіншілік түрі қоса жүретін бірегей жүйесі, қала мәдениеті бар дамыған мемлекет болды. Шаруашылық мәселелерді шешу *саудаға* байланысты болғандықтан Ұлы Жібек

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жолын бақылап, өркендеуіне қағанат игі ықпал жасап отырды. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы пайда болды, сауда мен қолөнердің орталық қалалары гүлденді. Олар: Құлан, Тараз, Мерке және т.б. Шу алқабының өзінде 18 шақты дамыған қалалар болды. Қалаларда өндіріс құралдарын жасайтын темір өңдеу кәсібі, қыш-құмыра өндірісі, тоқымашылық, ағаш өнері, тері өңдеу, тағы да басқа кәсіптер өркендеді. Ұлы Жібек жолының сауда керуендері осы қалаларда дамылдап, әртүрлі тауарларын сатып, өздерінің көлігін малшылардан толықтап алып отырды, сонымен бірге, бұл қалалар ішкі айырбас пен сыртқы сауданың тұрақты орталығына айналды.

Батыс Түрік Қағанатының этникалық құрамы: Ашина түріктері, үйсіндер, қаңлылар, түргештер, ұйғырлар, қырғыздар, қарлықтар, оғыздар, кимақтар, қыпшақтар, яғни көпшілігі шыққан тегі жағынан туыстас – қытай жылнамаларынан келтіргендей Шаньюй (ғұндар) тегінен еді. Яғни, бұл үрдіс этникалық тәртіптің немесе жалпытүріктік этникалық сана-сезімнің - түріктік (ұлттық) идеологияның қалыптасуымен аяқталды. Біртұтас билік шеңберінде мәдени-өркениеттік – империялық стандарттар қалыптасты.

Батыс түрік пен Шығыс түрік қағандығының мемлекеттік басқару жүйесі ұқсас болды. Жоғарғы билеушісі қаған, кейінгі лауазымдар: жабғы, тегін, шад, еркін, тарқан, бек, бұйрық, шор, елтебер, тұтық деп аталды. Бұл лауазымдар атадан балаға мұрагерлік жолымен ауысып отырды. Барлығы 28 дәрежелі лауазым иелері болған ақсүйек тегіне жататын империялық билік институтын құрды. Астанасы Суяб қаласы, ал жазғы резиденциясы Түркістан маңындағы Мыңбұлақ болды.

Мемлекет ішінде өріс алған дағдарыс ыдыраушылықты асқындырды, соның негізінде Таң патшалығының көмегімен Батыс Түрік қағанаты 630-634 жылдары Сырдариядан батысқа қарай созылған ортаазиялық иеліктерінен айырылып қалды. Он алты жылға созылған тайпалар арасындағы соғыс пен әулеттік қырқыстардың (640-657) аяғы, 657 жылы Жетісуға кең көлемде бағытталған Таң патшалығының жорықтарымен аяқталды. Қағанат жеңіліс тапты, енді қағандықты қытайдың тағайындаған адамы басқарды. 704 жылы Батыс Түрік қағанаты құлады. Оның соңғы қағанын түркештер өлтірді. Енді батыс түрік қағандығының орнына Түркеш қағандығы құрылды.

2. Түргештердің көсемі Үш Елик 699 жылы Батыс Түрік қағанатындағы қытай императорының тағайындаған басшысын жойып, өз билігін орнатты. Түркештер - Іле мен Шу өзені аралығын, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірін мекендеді. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы Жетісу өңірін басып өтетін басты бөлігі түркештердің бақылауында болды. Бұл жағдай олардың әскери-саяси және шаруашылық қуатын арттыра түсті. Сонымен қатар, отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Түргеш әулетінің негізін салушы, 699-706 жылдары билік құрған - Үш Елик Қаған еді, олардың ордасы Шу бойындағы Суяб қаласында болды, кейін Тараз қаласына көшірілді. Түргештер екі тайпалық жікке бөлінді: Іле өзені жағалауын мекендегендері –

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

кара түргештер, Шу бойындағылары – сары түргештер. Жетісуда үстемдігін орнатам деушілердің бірі – Қытай мен Араб Халифатына қарсы Түргеш қағанаты қажырлы күрес жүргізді. Үш Елик Қаған және оның ұлы Сақал Қаған кезінде (706-711) Түргеш Қағанаты Мәуреннахрдағы араб шапқыншылығына тойтарыс бере білді. Әсіресе, араб басқыншыларына қарсы нәтижелі күрес Сұлу Қаған кезінде (715-738) жүргізіледі. Ол сыртқы саясаттағы дипломатиялық құралын шебер қолдана білді, Шығыс қағанат пен Тибет патшаның Бикеш қыздарына үйленді, Қытайдың құлқындарын жұдырығында ұстай білді. Бірақ қауіп Араб Халифатынан төніп тұрды, Сұлуды өз жағына тартпақшы болған ниеттері жүзеге аспағандықтан, оған Абу Музахим (бодаяущий) деген атау тақты.

VIII ғасырдың ортасында Жетісу алқабы үшін Қытай мен Арабтардың мүдделері қақтығысып, соның салдарынан Тараз қаласының маңындағы Талас бойында 751 жылғы шілде айында Талас шайқасы болды. Хорасандағы аббасид халифы Абу Муслим жіберген араб әскері Гао Сянь Чжи басқарған қытай әскеріне тойтарыс бере алды. Қытайлықтарды женуде шешуші шайқас қарлықтардың ерлігіне байланысты болды. Бұл шайқас үлкен маңызға ие болды: біріншіден, қытайлықтар Қазақстан жеріне ендігі жерде ішкі ісіне араласпақ түгіл, қолдарын ұзақ уақытқа дейін сұға алмады; екіншіден, Қазақстанда Ислам мәдениетінің ықпалымен өзара байланыс дәуірі басталды.

Осы кезде Алтай тауын мекен еткен қарлұқтар күшейе түсті. Олар түркеш қағандығын жеңіп, өзіне бағындырды. 756 жылы Түркеш қағандығы құлады да, өкімет билігі қарлұқтардың қолына көшті. Түргеш Қағанатының құлауы Ашын әулетінің жойылуына әкеледі. Батыс Түрік Қағанатының орнында түркі тілдес халықтардың бірнеше мемлекеті пайда болады: Солтүстік Тянь-Шань мен Жетісуда - Қарлықтар мемлекеті (756-940); Сырдарияның төменгі сағасында, Арал жағалауында – Оғыз мемлекеті (IX-XI ғғ. басы); Ертіс бойы мен қазіргі Солтүстік және Орталық Қазақстан далаларында – Қимақтар (кейінірек қыпшақтар) мемлекеті (IX ғ.-XI ғ. басы); Қарахан әулетінің мемлекеті (942-1210); Қыпшақтар Хандығы (XI ғ. басы-1219); Еділдің төменгі сағасы мен Солтүстік Кавказда – Хазарлар мемлекеті; Орталық және Солтүстік-Шығыс Азияда сондай түркі тілдес, туыстас тайпалардың мемлекеттері пайда болды: Ұйғыр Қағанаты (745-840) және Қырғыз Қағанаты (840-1124).

Қарлұқ туралы алғашқы деректер V ғ. жатады, ол кезде олар «бұлақ» деген атпен мәлім болыпты. Ежелгі түріктердің руникалық ескерткіштері «үш қарлұқ» (қарлұқтардың үш тайпасы) атын Алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс тепкен көшпелі тайпалардың қуатты одағына да таратқан. Ерте орта ғасырды зерттеген ғалымдар бұл атауға ірі-ірі үш тайпаны біріктіреді: бұлақ, шігіл және ташлық .

742 ж. Шығыс Түрік Қағанаты құлап, билік үш тайпаның: қарлұқтардың, ұйғырлар мен басмылдардың одағына көшеді. Алайда 744 ж. тайпалар арасындағы қақтығыс ұйғырлардың жеңісімен аяқталады. Орталық Азияда

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жаңа мемлекет - ұйғыр қағанаты (744-840) пайда болады. Өзінің одақтасы ұйғырлармен бәсекеге түскен қарлұқтар жеңіліске ұшырап, Жетісу жеріне қарай ығысуға мәжбүр болды. Жетісуға келген қарлұқтарға Түргеш қағандығы тойтарыс бере алмады. Сөйтіп, 756 жылы түргеш қағандығының орнында Қарлұқ Қағандығы құрылды. Көсемдері - Елтебер, билеушілері - Жабғы, ал 840 жылдан бастап - Қаған лауазымын алды. Қарлық мемлекетінің негізгі аумағына шығыста Жоңғар Алатауынан, батыста Сырдарияға дейін, солтүстікте Балқаш көлінен, оңтүстікте Ыстықкөлге дейінгі жерлер қарады.

Қарлұқ конфедерациясына халықтар этникалық жағынан бір тектес болмады, олардың ішінде түрік тілді тайпалар мен иран тілді-соғдылар, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінен ауған келімсектер бартұғын. Ықпалы бар аймақтарда, тұрғындарды түріктендіру үрдісі қызу жүріп жатты. 840 ж. Енисей қырғыздары ұйғыр қағанатын жойып, ұйғырлар Түрфан мен Ганьчжоу аймағына еріксіз көшуге мәжбүр болады. Бұл оқиғаны қарлұқ жабғысы Білге Күл Қадыр-хан шебер пайдаланып, ел билеуге жаңадан қаған атын алады.

Қарахан мемлекетінің (942-1210) негізін салушы – қарлықтар бірлестігіне кіретін шігіл тайпасынан шыққан Сатық Бегре хан (915-955). Ортағасырлық авторлар қарахандардың әуелгі аумағы Орталық Тянь-Шаньнің оңтүстік-шығысы мен Қашғардың солтүстік бөлігі деп санайды. Кейіннен, Сатық пен оның ұлы Мұсаның (Байташ) кезінде бұл хандыққа Орталық Тянь-Шань, Жетісу, Ферғана, Мәуреннахр қосылады, иеліктің батыс шекарасы Әмудария өзені мен Арал теңізіне, солтүстігі Балқаш көліне, шығысы Алакөл мен Тарбағатай тауларына дейін созылады. Ордасы Шу жазығында болса, астанасы Баласағұн қаласы болды. Қарахан мемлекеті 1041-1042 жылдары тәуелсіз екі мемлекетке бөлінгеннен кейін Батыс Қағанаттың астанасы Үзкент, кейін Самарқан қаласы болса, ал Шығыс Қағанаттікі Баласағұн, кейіннен Қашқар қаласы болды. Сөйтіп, Мәуреннахр батыс қарахандардың иелігіне, Шығыс Түркістан мен Жетісу шығыс қарахандардың иелігіне қарады.

XII ғасырдың бірінші жартысы бір кездегі қуатты империяның тарихында аумалы-төкпелі жылдарға айналады. Орталық-азиялық тайпалардың: қидандардың, наймандардың және керейттердің жаңа легінің шабуылы, селжүктер әулетімен болған аяусыз күрес, өзара қырқыстардың көбеюі Қарахандар мемлекетінің күйреуіне әкеп соқтырады.

Қарахан әулетіне байланысты болған маңызды оқиғаның бірі – Сатық Бегре хан 955 жылы (мұсылман аты - Әбд-әл-Керим) мұсылман дінін қабылдап, Ислам мемлекеттік дінге айналуымен атап өтеді. Енді, елді исламдандыру көне түрік руникалық жазуын тықсырып, араб әрпіне негізделген жаңа түрік жазуының түзілуіне жеткізеді. Сөйтіп, түркілер Ислам әлемінің мәдени кешеніне енеді.

Қарахан әулетіндегі мемлекеттік құрылымның бір өзгешілігі - әскери басқару әкімшілік басқарудан бөлінуі еді. Жер иеленуде – Икта институтын Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

енгізді. Иктаның бірнеше түрі болды. Атап айтқанда, икта үлгісіндегі жер сыйлықтары ірі, орташа және ұсақ жер сыйлықтарына бөлінді. Әскери икта да көп тарады. Икта алған әскер басшылары оны өздеріне бағынышты жауынгерлерімен бөліске салды. Үлес мөлшері адамдардың қызметіне, әскери дәрежесіне және сіңірген еңбегіне байланысты болды. Иктаны екінші біреуге беру арнайы қағазбен (грамота) расталды. Иктамен қатар жер иеленудің басқа түрлері де болды. Қарахан билеушілері қазынаға түсетін салық көзі — үлкен жер бөліктерін иеленді. Мұндай ірі аювр бөліктері жаудан тартып алынған жерлерден кірді. Мұсылман дінбасыларының қарамағында да ірі жер бөліктері болды. Ол жерден мемлекет пайдасына салық алынбады. Жалпы икталық жүйе әлеуметтік жіктелудің күшеюіне, дамыған қатынастардың мемлекеттік деңгейін бейнелеп берді. Бұл кезеңде мемлекет құрамындағы халықтарды біріктіруші «түрік» термині бұрынғы жалпылықтан этникалық тұрғыдағы тар мағынаға ие бола бастайды. Қазіргі Қазақстан аумағы мен Орта Азия арасында тығыз территориялық-шаруашылық байланыстары орныға бастайды.

Қидандар туралы алғашқы дерек V ғ. жатады, олар ол кезде Қиыр Шығыстағы Уссури алқабында мекен еткен. Ол X ғ. күшті одақ құрып, қытайдың солтүстікке қарай көптеген жерлерін бағындырып, Ляо патшалығын (907-1125) құрды. Сол кезде олардың жерлері Қашғардан қытайдың Ұлы қамалына дейін созылып жатты. Осы әулет қытайға өз атауын берді (қытай – киданның жерлері деген ойды белгілейді). Амурдан келген Чжурчжень тайпалары Сунь патшалығымен одақтасып, кидандармен соғысады. Бұл соғыс Ляо мемлекетінің іргесін шайқалтып, кидандардың батысқа қарай жылжуын мәжбүр етеді. Соның салдарынан кидандардың көсемі Елюй Даши Еміл өзенінің бойына жетіп, аттас қала салып, 1225 ж. бастап үстемдік ықпалын кеңейтетін дәуірін бастайды. Қарахан әулетіндегі тайпалар арасындағы тартыс кидандардың күшеюіне жол ашады. Замандас деректердің келтіруі бойынша: «Түркістан патшалары» қара қытайлардың (кидандардың атауы) көмегімен бірін-бірі «бағындыру және талқандау» әрекеттерін жүргізді, ал бұл жағдай кидандардың күшеюіне және кеңеюіне жол ашты,- деп, шынайы оқиғаларды баяндап берді. Аталған себептер Ляо әулетінің ханзадасы Елюй Дашиға өз үстемдігін Шығыс Түркістаннан Амударияға дейін орнату қиынға түспеді. Ол Гурхан лауазымын алды. 1141 жылы орта азия жерлерін қосып алды. Сөйтіп, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Мәуреннахр мен Шығыс Түркістан қарақытай мемлекетінің құрамына енеді. Бір ерекшелігі, Қидандар өзіне бағынған аймақтардың билеушілерін құлатпай, вассал (кіріптар) ретінде алым-салық төлеуді ғана мәжбүр етті. Мемлекетте басталатын түбегейлі өзгерістер Қидандардың соңғы Гурханы Чжилугу билік құрған кезге байланысты. Шыңғысханнан жеңілген наймандардың көсемі Күшлік хан 1208 жылы Жетісуға келіп, қоныстана бастайды. Ақырында Қидандардың дәуірі наймандардың заманымен алмасады.

3. Оғыздардың мекен еткен жерлері Қазақстанның Ырғыз, Жайық, Ембі, Ойыл өзендерінің бойларында, Арал маңы, Сырдария жазығы, Қаратау баурайлары, Шу жазығы болатын. Әсіресе ықшамды орналасқан аймақтары Арал өңірі, Каспий маңының солтүстік-шығысы мен Сырдарияның төменгі ағысы. IX-X ғасырдың басында Сырдария атырабының ортаңғы және төменгі ағысы мен сол алқабына қабысып жатқан Қазақстанның Батыс даласында Мафазат әл-гуз - Оғыз мемлекеті құрылды. Оғыздар туралы жазған Ибн әл-Факихтің еңбегі әртүрлі толық мәлімет береді, соның бірі: «түріктер арасында өзгелерден гөрі көбірек құрметтеледі», - дегені.

О. Сүлейменов «Аз и Я» атты еңбегінде оғыздарды «б.д.д. VII ғасырда белгілі болған елдердің бірі», - деп келтіреді. Бұл жерде үзіндіні сол қалпында аудармай келтірейін: «Ассирийские хроники эпохи царя Ассархадона пока что – самый древний документ, могущий подтвердить факт существования в VII веке до н.э. тюркского этнонима *иш-огуз*». *Шежіре* түрік елінің жалпы рухани өмірінде маңызды орын алады, бәлкім соны көріп естіген әл-Факих оларды «құрметтеледі» деп келтірген. Осы сөздің мәнін ашсақ, ол - түркі елдердің шежіре арқылы әрбір тайпаның шыққан тегі мен жасаған батырлық - болмыс тарихын білуінде шығар. Керуеннің маңызды жолында орналасқан Янгикент қаласы - Оғыз мемлекетінің астанасы болды. Этникалық тұрғыда оның қағанаты біркелкі болмады, оның ішінде түркі және ирантілдес, фин-угор тектес тайпалар астасып жатты. Әу баста оғыз тобының өзегі Жетісуда ұйымдасады, алайда батысқа қарай жылжу барысында сол аймақтың халқының есебінен едәуір дәрежеде толығады. Жетісу атырабын қарлықтар иелену жолында, ата мекені Талас пен Ыстықкөл болған оғыздар жанкешті қарсылық көрсеткен еді, - деп Бичурин Н.Я. өз еңбегінде баяндаған болатын. Кескілескен шайқаста жеңілген оғыздар VIII ғасырда Арал теңізі жағалауындағы аудандарға тұрақтап, сол ғасырдың соңында өз мемлекеттерін құрады. Оғыздардың Арал жағалауы мен Батыс Қазақстанға орын ауыстыруы оңайға соққан жоқ. Олардың мұнда орнығуында Арал жағалауындағы екі тайпаның – печенектердің, канғарлардың және басқа да сақ-массагет тегінен тараған әулеттердің қарсылығын, ал одан әрі батысқа жылжуында сарматтардың ұрпақтарын және фин-угор тайпаларының қарсылығын күшпен басуына тура келді. Оғыз мемлекеті X ғасырда Еуразия даласындағы әскери-саяси өмірде зор рөл атқарған елеулі күшке айналды. Мәселен, 965 жылы оғыздар Киев Русімен одақтаса отырып, Хазар Қағанатын құлатса, ал 985 жылы Еділдегі Бұлғария мемлекетін жеңіліске ұшыратты. Оғыздардың тарихи құбылысының соңғы шарықтауы Әлихан жабғы мен Шахмәліктің билігі тұсында, 1041 жылы Хорезм мемлекетін аз уақытқа бағындырғанында байқалады. XI ғасырдың ортасында Оғыз Жабғыларының мемлекетін Дешті-Қыпшақтағы қимақ-қыпшақ тайпалары құлатты.

Батыс Түрік қағанатының құрамында болған қимақ тайпаларының атауы алғаш рет VII ғасырда ескеріледі. Ол кезде олар Ертіс өзенінің алқабы мен Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Алтай тауының солтүстігін қоныстанған болатын. Батыс түрік қағанаты ыдырай бастаған кезде (шамасы VII ғасырдың ортасы) қимақтардың оқшаулануы басталады. Тап осы уақыттан бастап олардың тайпа одағы ретінде өзегі қалыптасатын кезеңі деуге болады. VIII ғасырда батысқа қарай іргесін кеңейтіп, үш бағытқа: Оралдың оңтүстігіне; Сырдария бойы мен Оңтүстік Қазақстанға; Жетісудың Балқаш көлі мен Алакөл алқабына дейін жылжыды. Ұйғыр қағандығы 840 жылы құлаған кезде, жеті тайпадан тұратын Қимақ конфедерациясы құрылып қалыптасады. Тайпалар басшысы *жабғы* деген дәреже иеленген. Ал IX ғ. соңы мен X ғ. бас кезінде жалпытүркілік *қаған* дәрежесін иеленген билеушілері бар *мемлекет* құрады. Ертіс өзені бойындағы Имакия қаласы қимақтардың астанасы болды. Қимақтардың мемлекеттік құрылымы түркілік және түркі тілдес халықтардың мемлекеттері, барлық өркениетті елдердегідей, қалыптасқан әлеуметтік құрылымды қорғау мен заңдастыруға арналған тұтқа болды. Арабтың ғалымы Әл Идриси өзінің «Нузхат Әл Мүштак Фихтира Әл Афак» атты еңбегінде қимақтан шыққан ғалым Ибн Хаган туралы әңгіме қозғайды: әуелі оны ерекше атап, «Соның жазған қимақтар туралы тарихи шығармасын өз еңбегімде қолдандым», - дейді. XI ғасырдың бірінші жартысында Орталық Азия тарихына үлкен үлес қосқан қыпшақтарға - Ұлы Даласындағы тарихи сахнада жол бере отырып, Қимақ Қағандығы қыпшақ бірлестігінің құрамына қосылып кетті.

Қимақ Қағанаты саяси сахнадан кеткен соң ортағасырлық жазба деректерде қыпшақ деген атаумен белгілі тайпалардың бірігуі күшейген. Қыпшақ этнонимі орта ғасырлардан гөрі мейлінше ертерек мәлім болған сияқты. Бірқатар зерттеушілер және қытайдың «Тарихи жазбалар» атты жылнамаларында біздің заманымыздан бұрын II ғасырларда өмір сүрген тайпалардың бірі дейді. Оны ежелгі қытай транскрипциясындағы «цзюйше» атымен байланыстырса, С.М. Ахинжанов қыпшақ этнонимі алғашында «се» (қытай деректері) және «сир» (көне түркі деректері) түрінде пайда болған тайпалар дейді. «Қыпшақ» атауы нақты түрде 760 ж. ежелгі түріктің руникалық ескерткішінде аталады. Араб географы Ибн Хордадбек қыпшақтарды VIII ғасырға жататын түрік тайпаларының тізімінде көрсетеді. Батыс еуропа деректерінде «коман», «куман» деп аталса, орыс деректерінде «половцы» делінеді.

Алтай тауы мен Ертіс өңірін жайлаған қыпшақтар әуелі Батыс Түрік қағанатының құрамында болып, кейін қимақтардың басшылығымен конфедерация одағының өзегін құрайды. Сол себепті қыпшақтардың саяси тарихы IX-X ғасырларда қимақтардың тарихымен қоса өрледі. XI ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің өкімет билігі қыпшақ хандарының қолына көшеді. Сөйтіп, XI ғ. басынан бастап қыпшақ бірлестігі көптеген елдердің басын біріктіріп, қыпшақ деген сөз қол астына біріккен халықтардың жалпы аты ретінде қолдана бастады, ал мемлекеті «Қыпшақ Хандығы, Дешті Қыпшақ Даласы» деп аталды.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Қыпшақ хандарының жетекшілік нысанында әскери-саяси әдісін тиімді де шеберлікпен ұтымды пайдалану арқасында шекарасын шығысындағы Ертістен батыстағы Дунайға дейін кеңейтті. Сығанақ қаласын астанасына айналдырды. Олар бірнеше негізгі тайпа топтарынан: сібір-алтайлық; орал-казакстандық; алдыңғы Кавказды қоса отырып - Дондық; Қырымды қоса отырып - Днепрлік; Балқанды қоса отырып - Дунайлық болып ұйымдасты. Олар көптеген елдердің ортағасырлық тарихында маңызды рөл атқарды, мәселен: Үндістан, Мысыр (Египет), Қытай, Ұрым (Византия), Грузия, Бұлғар, Хорезм. Олар Киев Русімен экономикалық, әскери-саяси, мәдени және қандастық тығыз байланыс орнатады. Қыпшақтар - қазақ, ноғай, қырым-сібір татарлары, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, балқар, қарачай, кумык, түркмен және басқа да түрік елдерінің этногенезінде белгілі рөл атқарады. Олар турциялық, венгер, грузин, болгар, орыс, украин, монғол, қытай, үнді, араб халықтарының құрамына кірді.

Қыпшақтардың сыртқы саяси байланыстарының ауқымы кең болды. Мәселен, хорезмшахтар мемлекетін қыпшақ әулеттері билеп тұрды. Ұрым, Ұлы Болғар, Киев Русі, Селжүк сұлтандығы тәрізді мемлекеттердің саясатында қыпшақтар айтарлықтай орын алатын. XIII ғасырға дейін византиялық сарайда Циты, Караджи, Алакасен деген қыпшақтар ірі қызметте отырған. Крестілердің жорығын (крестовый поход) 1205 жылы қыпшақтар Андрианопольге жақын жерде талқандап, император Балдуинді тұтқынға түсіріпті. 1118 жылы Грузия патшасы IV Давид Строитель өз әскерін нығайту мақсатымен Грузияға 40 мың қыпшақ жауынгерін отбасымен шақырып, оларға жер де бөліп беріпті. Қыпшақтар 1121 жылы Дидгор тауларында түрік-селжүктерді талқандауға, 1122 жылы Тбилисиді алуға, 1123 жылы Ширванға жорыққа қатысты. Қыпшақтар XIV ғ. дейін грузин деректерінде еске алынып отырады. Олар жайлы грузия топонимиясы мен грузин халқының аңыздарында мәлімет бар. Олар аяғы жеткен жерде әскери үстемдікті қолға алып, әр алуан соғыс жорықтарына қатысты. Мысырдағы қыпшақ қолбасшылары Айбек пен Бибарыс Мысыр елінің мемлекет билігін қолына алып, Мамлюк әулетінің (1250-1517) негізін қалады.

Ертістен Днепрге дейінгі аридтік зонаны алып жатқан Дешті Қыпшақтың тарихи-жағрафиялық кеңістікті Еділ бойы арқылы екі этникалық-аймақтық бірлікке бөлу есебінен қарауға болады: Тоқсоба әулеті тұрған Батыс қыпшақ бірлестігі және Ел-бөрілі әулеті билеген Шығыс қыпшақ қағанаты. Шығыс қыпшақ аймағының Ханы - бүкіл аумаққа жүргізе алатын билігі болды. Орда деп аталатын хан қосынында ханның дүние-мүлкі мен әскерінің ісін жүргізетін басқару әкімшілігі болған. Әскери-әкімшілік басқару жүйесіне айрықша маңыз берілген. Әулеттік топ мен тайпалардың өзі әлеуметтік маңызына қарай иерархиялық жүйе-сатыларға бөліну көрініс табады. Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және жіктік жағынан да бөлінді. Меншікті білдіретін таңбалары болған.

Ұлан-ғайыр кең өлкені билеп, әскери-саяси биліктің тізгінін қолына ұстаған іргелі Орда құрған қыпшақ дәуірі, бізге мирас болып қалған кешегі бақи өмірімен тікелей жанды байланысы бар, сөйлеу тілінің сипатынан толық мағлұмат бере алатын бағалы еңбек - «Кодекс Куманикус» (Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіш). Осы ескерткіш готикалық көне шрифтімен жазылған жалғыз дана қолжазбасы бұл күндері Венецияда Марк әулиенің шіркеуінде сақтаулы. Зерттеуші Машковтың айтуынша, бұл дәуірде Қыпшақ тілі батыс еуропа жиһанкездері мен шығысты зерттеушілер үшін *халықаралық тіл* болып есептелді. Кодекс куманикус екі бөлімнен тұрады. Бес түрлі қолтаңбамен жазылған бірінші бөлім (итальян бөлімі) латын сөздерінің алфавиттік тәртібі бойынша тізілген үш тілді (латынша-парсыша-куманша) сөздіктен, зат есімдер мен есімдіктердің септелу үлгісінен, лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған сан алуан есім сөздерден тұрады. Ал он төрт түрлі қолтаңбамен жазылған екінші бөлімнің (неміс бөлімі) денін Інжіл үзінділерінің аудармалары және осы секілді діни уағыздар құраса, қалғанын куманша-немісше, куманша-латынша сөздер, ақын Петрарканың қолымен жазылған итальян поэзиясының үзінділері, куманша, латынша текстер, аудармасыз берілген куман жұмбақтары құрайды. Жалпы алғанда, қыпшақ тілін зерттеу, оны оқып-үйрену ХІ ғасырдан, М. Қашқаридан басталады. Содан бастап ол тілді орыс, еуропа, араб, армян авторлары зерттеп білген, оқып-үйренген, сол тілге Фердоуси мен Сағдиден бастап талай туындылар аударылған. Осыдан, Қыпшақтар дәуірі, билік құрған хандары мен халықтың әлемдік өркениетте маңызды рөл атқарғаны «тайға таңба басқандай» негізделіп тұр.

4. Найман, керейт, жалайырлардың ерте мемлекеттік бірлестіктері Орталық Азияның шығысында пайда болған еді. VIII ғасырдың ортасында жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында «Сегіз-оғыз» немесе «Сегіз тайпа одағы» деп аталатын найман тайпа одағы қалыптасты. Ляо патшалығы, яғни қидандар оларды монғол тілдес *найман* атауымен атап кетті, ол түріктің сегіз оғыз атына пара-пар келетін мағынаны білдіреді.

Христиан дінін қабылдауына байланысты керейт туралы алғашқы мәлімет ХІ ғасырдың соңғы ширегіне жатады. 1007 жылы найман мен керейттердің несториан бағытындағы христиан дінін қабылдағаны туралы белгілі көрініс бар. Олардың мекен құрған аумағы Онгин өзенінің алабы мен Орхон өзенінің ортаңғы ағысы.

Орхон өзенінің жоғарғы алабын жалайыр тайпалары жайлады. Мал бағумен айналысқан көшпелі тайпалар болды. Мемлекеттік бірлестіктер *ұлыс* түрінде ұйымдасқан. Ұлыс белгілі бір территорияны иелік етіп, өзінің анықталған шекарасы болды. Ұлыс билеушісі Ханда – басқару әкімшілігі, әскері және хан қосыны *Ордасы* болды.

1190-1206 жылдары монғолдармен күрес барысында қазіргі монғол жерінен Қазақстан территориясына көптеген талқандалған наймандардың, керейттердің, жалайырлардың топтары жайласа бастады. Олардың бір бөлігі

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

қалып монғолдарға бағынды, бір бөлігі болса Алтайдан асып, Қазақстанның кең аймақтарына қоныс теуіп түрік халқымен сіңісіп, кейін қазақ халқының құрамына қосылады. 1211 жылы наймандардың көсемі Күшлік хан қарақытайларды жеңіп, Жетісуда өз билігін орнатты. Наймандар орта жүздің құрамына кіреді. Керейттердің бір бөлігі Солтүстік Қазақстанда қалып, орта жүздің құрамына керей атымен кіреді.

5. Төл тарихымыздың қырық қатпарлы қыртысын бойына бүгіп жатқан жәдігерлігіміздің бірі – қала мәдениеті. Мән берілмеудің салдарынан сан жылдар бойы бұл көкейкесті мәселе теріс түсіндірілді. Сол себепті қазақ халқының көшпенді тіршілікпен қатар сәулет-құрылыс кәсібімен айналысқаны айтылмады. Ал грек, француз жиһанкездері қолжазбаларына жүгінсек, архивтік материалдарды ақтарып, археологиялық қазба мұрағаттарымен таныссақ, туған топырағымызда тұрақтап тұрған еліміздің қолымен салынған қалалардың аз болмағанын білеміз. Бірақ біразының аты мүлдем өзгертіліп, не орфоэпиялық өзгеріске ұшырағандықтан қазақ халқына қатысы жоқтай көрінді. Бұл қалалар қазақ халқына қатысы жоқ деуші тарихшылар да табылады. Мұндай бұрмалаудың бір кезде академик Әлкей Марғұлан, профессор Уахит Шәлекенов бетін қайырған-ды.

Қазақ даласында құрылыс өнерінің ерте ғасырда-ақ кең қанат жайғаны, солардың тұрақтап тұрған халық қолымен салынғаны, жойқын жау жорығынан жермен-жексен болғаны белгілі. Араб географы Әл-Макдиси оныншы ғасырдың өзінде Қазақстанның аумағында 200-ден астам қала барын баяндаған.

Сол ғасырлар тоғысында іргетасы қаланған қалалар біздің заманымызға тұнжыраған тас, төмпешік төбе, үйінді топырақ, қазылған ор, құлаған үй қабырғасы қалпында келіп жетті. Қазақтың киіз үйі, тіркеспе қыстауы, тоқал тамы, қоржын үйі – біз үшін ескінің ескерткіші ғана емес, теңдесі жоқ тәрбие құралы, ұлттық мақтаныш айғағы.

Азия мен Еуропа арасын жалғаған «Ұлы Жібек жолы» тарихының рөлі ерекше. Көне керуен жолдары арқылы бейбіт сауда керуендерімен қатар саяхатшылар, әлемдік діндердің қатарына енетін ислам мен христиан, буддизм өкілдерінің миссионерлері, елшілер алмасып жатты. Сондай-ақ қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер бұл күретамыр жолдың мәдени, ғылыми ақпараттарды алмасу құралы ретінде Орталық Азия (Ұлы Дала) халықтарының рухани мәдениетін дамытуда аса маңызды қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Тарихи деректер бойынша, Ұлы Жібек жолы арқылы алғаш рет император У-Дидің тапсыруымен Батыстың белгісіз елдеріне аттанған қытайлық дипломат Чжан Цянь (б.д.д. 103 жыл) жүріп өткен. Ол қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға қарай өтіп, одан қазіргі Ауғанстан жеріне дейін жеткен. Қытай елшісінің соңынан іле-шала жібек артқан керуендер батысқа қарай бет алған. Қайтар жолында Жерорта теңізі жағалауындағы

елдерден, Таяу Шығыс пен Орта Азия жерінен өздеріне таңсық тауарларды тиеп қайтқан.

568 жылы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тармағымен Византия императоры Юстианның түрік қағаны Дизавулге жіберген елшілігі жүріп өткен, оны Земарх басқарған болатын. Земархтың бағыты Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауымен Орталық Азияға өткен. Елшілердің Тараз қаласына тоқтағаны жөнінде жазбалар бар.

Қазақстанды географиялық тұрғыдан зерттеу мен оның территориясымен өткен жолдарды анықтауда араб саяхатшылары мен зерттеушілері еңбектерінің де маңызы зор. Қазақстанның Оңтүстік облыстарында VIII ғасырда Ибн Хордадбек, Макдиси, Ибн Хаукал, Ибн Руште, әл-Истахри, әл-Масуди, әл-Идриси сияқты ғұламалар болған. Олардың еңбектері 1870-1894 жж. Голландық шығыстанушы де Гуенің басқаруымен Араб географиясының кітапханасы сериясында 8 том болып басылған. Араб саяхатшылары Фараб (Отырар), Тараз (Талас), Испиджаб (Сайрам) аймақтары мен Арал, Каспий теңіздері жайында мол деректер қалдырған. Осы керуен жолы белгілі қалалардың орналасуы, құрылымы жайлы мәліметтер келтірілген. Олардың бай мұралары арасында сан ғажайып карталар сақталып, оларда Қазақстанның географиялық атаулары белгіленген.

Жібек жолы мен оның тармақтары бойымен шығыс елдеріне саяхат жасаған еуропалық миссионерлер: Платано Карпини (1245-1247), Джовани (1152-1182), Вильгельм Рубрук (1253-1255), Ниавом де Рубрук (1220-1230) құнды географиялық мәліметтер жинап қалдырған. Олардың өз сапарлары бойынша жасаған есептері шығыс елдері жайлы қызғылықты географиялық деректерден тұрады деуге болады. Осы жол арқылы Еуразия құрлығының ішкі бөліктеріне саяхат жасаған саяхатшы Марко Поло 1269-1296 жж. Қытайда болған. И.Магидовичтің болжамы бойынша, Марко Поло Батыс Түркістанды «көшпенділер өте жақсы білетін солтүстік жолмен» кесіп өтіп, Шығыс Түркістанға Іле аңғары немесе Алакөл маңындағы Жоңғар қақпасы арқылы өткен.

Ұлы Жібек жолы – Орталық Азиядағы сауда керуен жолдарының жалпы атауы. Б.д.д. II ғасырдан біздің заманымыздағы XVI ғасырға дейін Шығыс пен Батысты байланыстырды. Чжан Цяньның жасаған саяхаты Сианынан Ланьчжоу арқылы Дуньхуанға апарады. Бұл жерден жол екі тарапқа бөлінеді. Солтүстік жол – Турфан, Қашғар, Самарқан, Балх, Мервті, Ферғана алабын алады. Ал оңтүстік жол – Жаркент, Балх, Мервті басып өтіп, Памир тау жоталары арқылы Үндістанға, Таяу шығысқа апарады. Мервте бұл екі жол қосылып, Ұлы Жібек жолы одан әрі батысқа – Ниса Гекотомпил, Әнбатана, Бағдат арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антихияға дейін созылды.

Қазақ жеріндегі көне керуен жолдарының тарихы б.д.д. I мыңжылдықтың орта шеніндегі «Далалық сақ жолынан» басталады.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Геродоттың айтуы бойынша, бұл жол Қара теңіз маңынан Дон жағалауына дейін, одан Оңтүстік Оралдағы савраматтар жеріне бағытталып, Ертіс бойы мен Алтайға, Зайсан көліне дейін созылған. Қазіргі ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері, ғарыштан түсірілген бейнекөріністер Орталық Азияның бел ортасынан өткен осы көне маршруттың ең қолайлы жол екендігін дәлелдеп отыр. Бір таңғаларлық нәрсе – қазіргі заманғы автокөлік жүретін жолдар мен темір жол маршруттарының сол ежелгі дала жолының бағытын дәлме-дәл қайталауы. Сонымен, Ұлы Жібек жолы б.д.д. I мыңжылдықта сауда торабы ретінде қалыптаса бастаған деп пайымдауға әбден болады. Бұл атау осы жолмен тасылып, елдер арасындағы сауда қатынастарында алтынмен қатар халықаралық валюта деңгейіне көтерілген басты тауар – жібекпен тығыз байланысты. «Ұлы Жібек жолы» атауын Қытайдың физикалық географиясы мен Азияның жер бедері жөнінде қомақты еңбектер жазған атақты географ-ғалым Фердинанд фон Рихтгофен ұсынған. Кейін бұл атау халықаралық дәрежеде кеңінен қолданылған.

Әлемнің басқа да халықтары секілді қазақ халқының да ежелгі дәуірден қалыптасып, дамып, кемелденіп келе жатқан өзіндік рухани мәдениеті бар екені де белгілі. Қазақ қауымы да есімдері әлемге мәшһүр ақындар мен жазушыларды, ғалымдар мен өнер қайраткерлерін тарих сахнасына шығарды. Демек, қазақ әдебиетінің де өмірге келу, қалыптасу, есею және кемелдену кезеңдері - өзіндік даму тарихы бар.

Қазақтың түп төркіні түркі тілінің даму тарихы жайлы бүгінгі күні қағидалар баршылық. Көнеден тіршілік құрған ру-тайпалар, соның ішінде сақтар, ғұндар және ежелгі түркілер арамей, соғды, турфан, көне түркі жазуларын кеңінен қолданған.

«Арамей жазуы» - б.д.д. мыңыншы жылдың басында финикия жазуы негізінде пайда болып, арамейлер арасында кең қолданылған көне жазу түрі. Бірыңғай дауыссыз дыбыстардан тұрады. Оңнан солға қарай жазылады.

«Соғды жазуы» - арамей жазуының бір түрі деуге болады. Бұл жазу согдиана немесе соғды деп аталатын мемлекетте қолданылған. Согдиананың негізгі халқы – көшпелі және отырықшы сақ тайпалары болған.

«Турфан жазуы (ұйғыр жазуы)» - б.д.д. бірінші ғасырдан бастап біздің заманымыздың тоғызыншы ғасырына дейін қолданылып келген көне жазулардың бір түрі. Бұл – жоғарыдан төмен қарай жазатын, тік әріпті жазу болып келеді. Турфан жазуының әріптері сөз басында, ортасында, соңында әр түрлі болып таңбаланады.

«Түркі жазуы» - түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы. Бұл әліпби 35 әріптен тұрады. Оңнан солға қарай жазылады. Бұл жазу түрінде 8 дауысты фонема бар. Олар 4 полифонды әріппен белгіленеді. Ал 16 дауыссыз фонема 31 әріппен белгіленіп жазылады.

Түркі тілдерінің жаңа даму дәуірінде, яғни XV-XX ғасырлар аралығында қазіргі түркі тілдері халықтық тіл болып қалыптасқаны мәлім. Бұлар негізінен төмендегілер: қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, татар, Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

ноғай, башқұр, қарайым, құмық, қарашай, гагауз, әзірбайжан, түрік, ұйғыр, хакас, шор және т.б. Белгілі ғалым А.Самойловичтің сөзімен айтқанда, кезінде бүкіл түркі тілдеріне ортақ бір әдеби дәстүрдің, бір әдеби тілдің болғандығы күдік тудырмайды.

4-тақырып. Қазақстан монғол жаулаушылығы дәуірінде (XIII ғ). Алтын Орда (1243-XV ғ. ортасы). XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер (1 сағат)

1. Монғол империясының құрылуы.
2. Алтын Орданың құрылуы.
3. Ақ Орда және Көк Орда мемлекеттері.
4. Моғолстан (XIV ғ. ортасы - XVI ғ. басы). Көшпелі өзбектер мемлекеті (1428-1468). Ноғай Ордасы (XIV ғ. соңы-XV ғ.). Сібір хандығы (XV ғ. соңы-XVI ғ.).

СӨЖ тапсырмалары:

1. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. «Казахстан: летопись трех тысячелетий» кітабы бойынша Алтын Орда империясының сол қанатының хандарының шарықтауы туралы конспект құрау.

2. Моғолстан мен Ноғай Ордасының тарихы туралы конспект жасау.

3. Е. Кычановтың «Жизнь Темуджина думавшего покорить мир» жұмысының монғолтанудағы орнын анықтау.

1. XIII ғасырдың басында әлемді орасан ұлы оқиғалар шын мәнінде қатты толқытты. Византия латындықтардан босатылды (1261 ж. латындықтардың Константинопольден аластатылуы) және өз ғасырын 1453 ж. дейін жасарын жасап, асарын асады. Славян тайпаларының күші негізделген Ежелгі Русь қауымдық-рулық тұрмыстың қалдықтарын жоғалтты. «Русь» деген этникалық тұтастығы уделдердің вотчинаға айналған князьдіктердің ұсақталуымен бірге жоғалды. Кертартпа және кез-келген өзгеріске қастықпен қараған көшпелі түркілер бір «полицентр» төңірегінде тіршілігін жалғастырып жатты. Көп деңгейлі даму мен элементтердің алуан түрлілігі кез-келген жүйенің тұрақтылығының міндетті шарттары болып табылады. Осыдан, полиэтникалық және көп деңгейлі сипат түрік әлемінің суперэтникалық тұтастығын бұзбай, керісінше нығайтты. Бірақ, XIII ғасырдың басына қарай бәрі өзгереді. XII-XIII ғасырлардың аралығында Монғолиядағы объективті үрдістер түркілердің тағдырына әсер етті: біріншіден, этностың емес, Ұлы Даладағы мемлекеттердің саяси ыдырау жолағы басталады; екіншіден, Еуразия кеңістігінде *Ашындардың* билеуші әулеті *Шыңғысшылардың* әулетімен ауыстырылады.

1196-1205 жж. кампания нәтижесінде Темучин Монғол далаларының барлық басты тайпаларын (керейттерді, меркіттерді, наймандарды және т.б.) өз билігіне біріктірді. 1206 ж. көктемде *құрылтай* өтті – Темучин монғолдардың жоғарғы әміршісі болып жарияланды.

Ат тұяғы жетер жердің бәрін өзіне қаратуды алға қойған Шыңғысхан **жарты әлемді** өзіне қаратпақ болды. Көздеген жоспарын жүзеге асыру үшін әркілі тәсілдерді, соның ішінде елшілік құралдарын да барынша қолданды.

1219-1224 жылдардағы монғол шапқыншылығы нәтижесінде Қиыр Шығыс, Алдыңғы Азия және Шығыс Еуропаның көптеген халықтары мемлекеттерін біріктірген империя құрылды. Осылайша қазіргі Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына енді.

XIII-XV ғасырларда Ұлы Даланың тарихи шеңберінде бірнеше мемлекет пайда болады. Олар алғашында Шыңғысханның орталықтандырылған билігіне бағынады, кейіннен ол өлген соң тәуелсіз мемлекеттерге айналады, олар Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан және т.б. Осы ұлан-байтақ жерлерді Шыңғысхан төрт ұлына үлестірген болатын. XIII ғасырдың 60-шы жылдарының аяғына қарай Монғол империясы төрт ұлыс-мемлекетке ыдырады, олардың әрқайсысын хандар – Шыңғысханның ұрпақтары биледі. Олар:

1. Алтын Орда, шығыста – Ертістен бастап батыста – Дунайға дейін және барлық орыс князьдіктері. Бұл мемлекетті Шыңғысханның үлкен ұлы - Жошының (1227 ж. өлген) ұрпақтары биледі, оның әулеті Ұлы Далада және шектес аймақтарда жоғарғы билікті өте ұзақ уақыт бойы – XIX ғасырдың ортасына дейін сақтады.

2. Шағатай мемлекеті - Мавераннахр, Жетісу және Қашқариядан құралды, оның әулеті XVII ғасырға дейін тіршілік етті.

3. Хулагуидтар мемлекеті - Иранда Шыңғысханның төртінші ұлы Тулуйдың ұлы Хулагу ханмен (1265 ж. өлген) құрылған. Хулагу әулеті сондай-ақ «Елхан» титулын иеленді, сондықтан Иранның монғолдық билеушілерін Елхандар деп жиі атайды. Елхандар мемлекеті XIV ғасырдың ортасында ыдырады.

4. Орталығы Ханбалықта (Пекин) болған Монғолия мен Қытайдың өзіндегі мемлекетті Тулуйдың (1233 ж. өлген) ұрпақтарының басқа тармағы – Құбылай (1294 ж. өлген) биледі. Бұл мемлекет Юань империясы деген қытайдың ресми атын алды. Тулуйдың ұрпақтары Монғолияның өзінде XVII ғ. дейін билігін сақтады, ал Қытайда олардың орнына Мин әулеті келгенде, олар 1368 ж. дейін ғана биледі.

2. Аталған төрт монғол мемлекетінен Алтын Орданың маңызы бізге ерекше. Тарихи деректерде оның әртүрлі атаулары бар: Жошы Ұлысы, Дешті-Қыпшақ, Берке елі, Солтүстік Патшалық. Орыс деректерінде ол Алтын Орда атауымен белгілі. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша: «Барлық жарлықтарда *Алтын Орда Ұлық Ұлыс* деп аталады және түркі тарихшылары мен халық аңыздарында... ешқашан Орда деп аталмаған». Алтын Орданың Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

құрамына Шығыс Дешті-Қыпшақ (Ертіс өзенінен батысқа қарай Еділдің сағаларына дейін Қазақстанның далалық аймағы), Батыс Сібір, Хорезм және Солтүстік Кавказ, еділдік Бұлғар, Қырым жерлері кіреді. Орыс княздіктері Алтын Орданың тәуелді еліне айналды, олар хандардан «княздік құруға жарлық» алып, алым-салық төлеп отырды.

Алтын Орданың іргесін қаламай тұрып Батый - ағасы Орда Еженге Қазақстанның басым бөлігін, бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақ (қазіргі Оңтүстік, Орталық, ішінара Солтүстік-Шығыс Қазақстан) жерін бөліп береді. Бұл Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбанға берді. Ол Көк Орда деп аталды. Ақ Орда ханы Орда Ежен жасының үлкендігіне қарамастан әкесінің тағын інісі Батуға береді. Өтеміс қажы осы оқиғаға байланысты былай деп айтып еді: «Менің сенен жасымның үлкендігі рас. Бірақ біздің марқұм әкеміз сені өте қатты сүйіп, еркелетіп өсірді. Мен де сені еркелеттім, саған бағындым. Егер де мен хан болсам, саған бағына алмаймын. Біздің арамызда реніш туады. Сондықтан, сен хан бол. Мен сенің хандығыңды көтере аламын», -депті.

Алтын Орда көпұлтты және әрденгейлі шаруашылығы бар мемлекеттік құрылым еді. Мемлекет Жошы ұрпағынан шыққан шыңғыздықтардың меншігі болып саналды. Мемлекеттік мәселелерді шешуде құрылтай шақырылып отырды. Елшілік жүйесін беклербек басқарды. Атқарушы үкімет - диуан басында уәзір тұрды. Даруғалар мен басқақтар алым-салық жинау міндетін атқарды. Ноян, баһадүрлар әскербасы-түмендер, мыңбасы, жүзбасы болып тағайындалды. Басқару мен иемденудің ұлыстық жүйесі құрылды. Шыңғыздықтардың барлығы да ұлыс алуға хұқы болды. Шыңғыздықтардың басқа өкілдері ханға қызмет атқарғаны үшін ұлыс алатын. Бірте-бірте иммунитетті хұққа – тархандық пайда болды. Жер-суды мұралық тарту ретінде иелік сипаты сойұрғал қалыптасты.

Алтын Орда дәуірінде Ұлы дала экономикасы жаңа сипатта гүлдене бастады. Сауда және халықаралық қатынастарының орталығына айналды. Қытай деректерінде былай деп жазылған: «Шыңғыс хан Шығыс пен Батысты байланыстыратын шекараларда өз мүддесін жүргізді, қамалдар мен бастиондарды жермен-жексен етті. Осыдан кейін ғана экономикалық және мәдени қатынастар жақсарып, Шығыс пен Батыстың гүлдену кезеңі басталды». Ислам дінінің таралуымен қалаларда мешіттердің, кесенелердің өсуі көрінеді. Қазақстандағы исламды таратуда, қолдауда Яссауи сопылық ордені әсіресе белсенді болды. Бұл мектептің діни-мистикалық идеялары «Диуани-Хикмет» кітабында көрсетілген. Кейін Қожа Ахмет Яссауи кесенесі қазақтың ұлттық пантеонына айналды.

1359 жылы Бердібек хан өлгеннен кейін Алтын Орданы билейтін Жошы әулетінің Батый тармағынан өрбіген өкіл қалмады. Алтын Ордада қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар басталды. Күрес барысында Ақ Орданың сұлтандары Орда Еженнің әулеттері қатысты. Саяси дағдарыс нәтижесінде тәуелсіз иеліктер құрыла бастады. Алтын Орданы қайтадан **біріктіру**

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

ниетімен бастаған Орыс ханның (1361-1380) мақсатын Тоқтамыс іске асырды, бірақ өзінің бұрын болған қолқанаты (протезе) Әмір Темірмен абайсыздағы соғыс 1395 жылғы жеңіліспен аяқталады. XV ғасырдың басында Алтын Орданы біріктіруші ниеттегілер болса да, Тоқтамыс секілді осы аймақта билігін мойындайтын билеуші әулет табылмады. XV ғасырдың 20-30 жылдары Алтын Орда мемлекеті ыдырап, соның негізінде бірнеше жаңа түрік мемлекеттері құрыла бастады, олар: Қырым, Астрахан, Қазан, Сібір, Қазақ және т.б. саяси бірлестіктер – Еділ мен Дон арасында құрылған Үлкен Орда және орталығы Жайықтың төменгі ағысындағы Ноғай Ордасы.

Жоғарыда келтірілген саяси бірлестіктердің тарихи тағдыры кейін Ресеймен тығыз байланысты болады. XV ғасырдың екінші жартысында Ресей - түрік-монғол әсерінен шығып, XVI ғасырда орталығы Мәскеу болған қуатты мемлекетке айналады. Алтынордалық саяси мұрагерлермен болған Ресейдің өзара байланысы, ақыр аяғында олардың барлығы Ресей мемлекетінің құрамына ілігеді. 1552 жылы Мәскеуге Қазан хандығы, 1556 жылы Астрахан хандығы, 1598 жылы Сібір хандығы енеді. XVII ғасырдың басында Ноғай Ордасы күйрейді. Қырым хандығы 1783 жылы Ресейге қосылса да, Қазақ хандығына байланысты кіріптарлық XVIII ғасырдың 30 жылдарынан басталып - XIX ғасырдың 60 жылдары аяқталады. Сөйтіп, XVI ғасырдың екінші жартысынан көрініс тапқан көпұлтты ресейлік дәуір басталады, Еуразиялық кеңістік интеграциясында болған түрік-монғол (VI-XV ғғ.) орнына орыс-түрік (XVI-XX ғғ.) кезеңі келеді.

3. Кейбір араб және парсы тілдес жылнамаларында «Ақ Орда» сөзі XIII ғасырдың орта кезінде кездеседі. Ақ Орда – монғол шапқыншылығынан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы алғашқы мемлекет. Билеуші әулет Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды. Олар мынадай тәртіппен билік жүргізген: Орда Ежен, Сартақтай, Қойыншы, Баян, Саты Бұқа, Ерзен, Мүбәрәк, Сымтай, Орыс хан, Құйрышық және Барақ. Мүбәрәк ханнан (1320-1344) бастап Ақ Орда Алтын Ордадан толықтай тәуелсіздігін алып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы қуатты саяси күшке айналады. Оның территориясы әуелгі кезде Ертіс өңірі мен солтүстік Жетісудан Ұлытау мен Кентауға дейін созылып жатқан болатын. XIV ғасырда Шағатай мен Моғолстан құрамында болған Жетісудан басқа Қазақстанның күллі жері, яғни Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал өңірі бойында орналасқан Жошы ұлы Шайбанның ұлысы да Ақ Орданың Орда Ежен әулеттерінің билігінде болды. Астанасы Алакөлден Сығнақ қаласына көшірілді. Барақ хан (1423-1428) өлген соң Ақ Ордадағы билік Жошы ұлы Шайбан ұрпақтарына көшеді. Шайбандықтар әулетінің бірінші ханы Әбілхайыр (1428-1468) мемлекетіне қазіргі Қазақстанның Сырдарияның төменгі және ортанғы ағысының оң жағалауын қоса есептегенде Ертістен Еділге дейінгі аймақ енді. Мемлекетін кеңейту мақсатымен жасаған жорықтардың нәтижесінде Түмен қаласын, Хорезмді, Астраханды, Қаратау алабы мен Сырдария бойындағы Созақ, Сығнақ, Аққорған, Үзкент қалаларын қосып алады. Араб және парсы деректерінде Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Әбілхайыр хандығының тұрғындарын «өзбектер» деп, ал мемлекетін «Көшпелі өзбектер мемлекеті» деп атады. Іштен туған саяси ыдырау - Барак ханның кіші ұлы Жәнібек пен Орыс ханның шөбересі Керей сұлтандардың басшылығымен тайпалардың бір бөлігі Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Шу өзенінің төменгі ағысы мен Қозыбасы маңына көшіп кетеді. Осы кезден бастап Қазақстанның кейінгі тарихында маңызды рөл атқарған осы оқиғаны мамандар, көшпелі өзбектер мемлекетіндегі билікке қол жеткізу жолындағы «өзінше стратегиялық шегініс» деп санайды. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін Әбілхайырдан тараған Шайбан әулетінің қазіргі Қазақстан аумағындағы билігі күйреп, Мәуреннахрдағы әлсіреген Темір мемлекетін жаулап алады. Ақыр аяғында, Шайбандар сол жерде өз билігін орнатады. Сөйтіп, Қазақстан үрдісіндегі бұдан кейінгі және күні бүгінге дейінгі оқиғалар әлемдік өркениеті тарихында **геосаяси мәнге ие, әрі онымен дәйекті байланыста** өтіп отырады.

4. Алтын Орданың ыдыраған кезінде XV ғасырдың ортасында пайда болған Ноғай Ордасы Қазақстанның батыс бөлігін алып жатқан болатын. Оның негізгі аймағы Еділ мен Жайық алқабында мекендеген ірі тайпалардың бірі «Маңғыт жұрты» атауымен белгілі болатын. Ноғай Ордасының оңашалануы Алтын Ордада билік құрған әмір Едігеге (1396-1411) байланысты. Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440) тұсында Ноғай Ордасы бөлініп, дербес саяси бірлестігін құрды. Оның аумағы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырды. XVI ғасырға қарай деректерде «ноғай», «ноғайлы» термині пайда болған және көрші елдерге де осы атпен мәлім болды. Монғол-қыпшақ тегінен шыққан ноғайлар XIII ғасырдағы тайпалармен байланысты, сол кезде олар алтынордалық Ноғай түменнің әскери құрамында болатын. Саяси және экономикалық билік іс жүзінде маңғыт әмірлерінің – Едіге ұрпақтарының қолында болды. Маңғыттардан басқа Ноғай Ордасының құрамында қазақ халқының қалыптасу процесіндегі тайпалар да қатысты.

XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысы екі иелікке – шығысында Моғолстан, батысындағы Мәуреннахрда Әмір Темір мемлекеті құрылады. Әмір Темірдің әлемдік империяны құру барысындағы ұмтылысы кедергі болған құдіретті Алтын Орданы күйрету еді. Бұл жоспарды жүзеге асырмақ бұрын көрші елдерді, соның ішінде Ақ Орда мен Моғолстанды бағындыру болатын. Осы мақсатта ол Тоқтамысты пайдаланды. Әмір Темірдің көмегімен Ақ Орданы бағындырған Тоқтамыс, 1380 жылы Алтын Орда **тағына** байланысты тартыста оны сақтап қалып біріктіріп алады. 1380-1395 жылдары Ақ Орда мен Алтын Ордаға хан болып күшейген Тоқтамыс, Әмір Темірге қарсы шығады. Бірақ 1395 жылғы Әмір Темірдің жорығынан жеңілген Тоқтамыс, Сібірге қашып кетеді. Оны Сібір ханы Шәдібек 1406 жылы өлтіреді. Сонымен, Әмір Темірдің басқыншылық соғыстары Ақ Орданы, әсіресе Алтын Орданы әлсіреткен оқиғалар Еуразия тарихында жаңа саяси бірлестіктердің құрылуына себепші болды.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Моғолстандағы Шағатай ұрпағының Тоғлық Темірді (1347) хан тағына отырғызған дулат тайпасының әмірі Болатша, Моғол билеушілер әулетінің негізін салады. Оның территориясы өзгеріп отырса да, негізгі жері – Іле өңірі, Жетісу және қазіргі Қырғызстан өлкесі еді. Моғолстан қазақ хандығының құрылуына территориялық тірек пен саяси негіз болды. Жетісуда қазақ хандығы құрылған соң көп ұзамай Моғолстан Жетісу өңіріндегі билігінен айырылады. Жетісудың түрік және түріктенген тайпалары Қазақ хандығының құрамына бірігіп, ұйтқысы болған Ұлы жүз этникалық процесінде қазақ халқының негізін қалады.

5-тақырып. Қазақ халқының құралуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері. XV-XVI ғғ. қазақ хандығы (1 сағат)

1. Қазақ халқының құралуының тарихи алғышарттары. «Қазақ» термині тарихи жазба деректерде.

2. Жүздік жүйенің құрылуы.

3. Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығының күшеюі.

СӨЖ тапсырмалары:

1. М. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» кітабы бойынша эссе құру.

2. Т. Сұлтановтың «Поднятые на белой кошме» кітабы бойынша Жәнібек пен Керейдің шежіресін құру.

1. Қазақ халқының шыққан тегі туралы мәселенің көптеген аспектілері ішінен лингвистикалық және антропологиялық тәсілдері айрықша орын алады. Себебі, Орталық Азия кеңістігінде айтылып отырған осы екі үрдістің екеуі де қатар түрде дамыды деуде негіз бар. Ежелгі уақытта мекендеушілердің етене негізі - қазіргілердің генетикалық тегі мен жігіне сәйкес келеді. Осыған сауал ретінде Л.Н. Гумилевтың пікірін келтірейік: «Көшпелілер тарихты бізге ұқсамайтын...рудың шыққан тегінің шежіресі тәрізденіп...эталоны өлі ата-бабасы болған жолмен қабылдаған», - дейді. Осы дәйек шынайы түрде көрініс тауып отыр. Мәселен, арий мен сақ дәстүрлерін бүгінгі күні қазақтың салт-дәстүрлері мен ырымдарынан байқауға болады. Келесі бір жерінде Л.Н. Гумилев: «этникалық атаудың екі мағынасы болады: этникалық топтың тікелей өз аты және белгілі бір мәдени немесе саяси кешенді құрайтын тайпалар тобының жинақталған аты», - деді. Рашид ад-дин мұны да атап өткен болатын: «Әрқайсысының дербес аты болса да монғолдардың даңқын өздеріне телігісі келіп, өздерін монғолдар деп атаған наймандар, жалайырлар, керейттер, тағы басқа тайпалар сияқты, көптеген рулар ұлылық пен қадір-қасиет іздеп, өздерін татарлар тегіне жатқызып, солардың атымен белгілі болған», - дейді. Сонда - Арий, Сак, Үйсін, Қаңлы, Ғұн, Түрік, Монғол, Қазақ аттары дәуірдің саяси құбылыстарына байланысты болған жинақталған атау десек, шыққан тегі бір болған «ырыздық жанталасы» кезінде жалғыз халықтың басынан кешірген әрқилы

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

оқиғалардың қорыту түзетулері дейміз. «Осы сөздің жаны бар» дегендей, жан ағарту бағытын ілгеріден бастайық.

Адамның жаратылысы жайлы бірнеше ілімнің бар екендігі баршаға мәлім, олар: космологиялық, діни, ғылыми және т.б. Әрқайсысына тоқталмай, діни ілімін талдап көрелік. Адам-ата мен Хауа-ана мың жасап, 400 үрім-бұтақ таратыпты. Көне кездегі «топан судан» аман қалған «Үлкен көш» - Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауында паналапты. Адамзаттың қайта туу дәуірін өрістетіп, тірі қалған Сам мен Шам ұрпағынан Ирфихшид, Халиғ, Ирғон, Асұх, Ахур, Саурух, Ярух және Ибраһим тарайды. Адам-ата мен Хауа-ана тұрған баққа тағзым еткен Ибраһим пайғамбардан төрт ұл: Смағил кіндігі – арабтар, Хайдар кіндігі – еуропалықтар, Хамид кіндігі – ұлы моғолдар, Соломон кіндігі – еврейлер тарайды. Соломонның Меңсұлу қызымен шаңырақ көтерген Әннес Хамидұлы сахабадан үш қыз және бір ұл Мұңлығұл тарайды. Мұңлығұл атамыздың бес әйелінен тараған 92 баулы еліміз осы. Халқымыздың шежіресінен айтылатын «бесенеден белгілі» дейтін танымдылығы содан. Құнанбай Өскенбайұлы қажылық жолында жүргенде, кімнің сұрағына: «Біз қазақпыз, кәззап атанған Әннес сахабаның нәсіліміз. Құдай жолы құлымыз, Мұхаммед үмбетіміз. Құлшылық парызымызды өтейік. Қағбаға тағзым етіп, бір Жаратушыға жүгінушіміз», - деп жауап беріпті. Сондағы қазіргі қазақ хандығы атанған 6000 жылдық тарихы бар хандықтар күйреп, қайта құрылған хандық жұрнағы.

Қазақ елінің тегін «Алаш» сөзі мен «Шумер» өркениетімен байланыстырған О. Сүлейменов лингвистикалық тәсілді қолдана отырып дәлелдеген еді, осы шеруді Қорқыт атаның толғауынан байқауға болады: «Сыбай ұлы жалғызбын, Тауға біткен жалбызбын, Мені де баурай күнатып, Алты Алаштың Қорқытымын». Тарих әдебиетінде *Алаш* сөзі жайлы қозғалған мәселелер көп болса да, соның дәйектісі жылқы жануарын қолға үйрету мен көшпелі тұрмыстың негізін қалайтын бірқатар элементтерге байланысты. Олар қазақтар үшін қасиетті «алаш» ұғымынан көрініс табады. М.Ж. Көпеев қазақ халқының пайда болуын аты аңызға айналған қазақтардың алғашқы ұрпағы - Алаша ханмен байланыстырады. Ол: «Алаша хан үш жүз жігіт пен он үш дана ақсақалды бастап, Ұлытау жазығында Қазақ мемлекетін құрды. Жүздердің қолбасшылары Үйсін, Арғын және Алшын батырлар Алаша ханды ақ киізге салып, Ұлытау шыңына көтеріпті», - деп, шежіресін қорытады. Қазіргі уақытта **алаш** ұғымы елдік және ұлттық бірліктің негізі ретінде қолданылған ұран екені белгілі. Мифологиялық қанатты аттың бейнесі – «алаша» бастау алса, «алаша аттан» - төрткүл дүниені дүр сілкіндірген көшпеліліктің ұраны шығады.

Қорытынды сөз ретінде айтсақ, қазақ елінің шыққан тегін «қазақ» атауынан іздеген шолақтыққа жатады. Өзіндік мәдениет құрған көшпелі өркениеті тектік жағдайын «халық», «ұлт» жүйесінде емес, **ата-бабалық негізден** іздейтін. Этногенетикалық үрдістің басы - алғашқы қауым дәуірінен басталады. Орталық Азия көлемінде болған этникалық үрдіс түрлі саяси Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

қауымдастықтарды дамытты. Соның алғашқысы болған андронов мәдениеті **номада** негізін қалады. Олардың мұрагерлері болып скиф-сақ мәдени ошағы орын басады. Үйсін, Қаңлы, Сармат, Кушан, Ғұн дәуірлері бір әулет қоластына біріктірген, **Ел** жүйесіне сәйкес келетін *ерте мемлекеттік бірлестіктер мен империялық басқару жүйесінің* алғы шарттарын жаратты. Ұлы Даланың этникалық процестегі шешуші кезеңі бірінші мыңжылдықтың орта кезіне тура келеді. Жана саяси-әлеуметтік (**империялық**) қатынастың құрылуы - **Түрік дәуірін**, яғни толыққанды түріктік сана-сезімнің қалыптасуымен аяқталады. Сапалық жағынан өзгеріс енгізген *монғол дәуірі көшпелі өркениет тарихын қанат серпінінен* өткізеді, түрік елін соңғы рет біріктірген шыңғыздықтар әулеті аса маңызды факторларға жол ашады. Бірақ, сырттан келген саяси себеп пен іштегі тартыс түрік елінің бөлшектеніп, дараланған мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына жағдай жасайды. Сөйтіп, осының салдарынан **алаш арыстары** «қазақ», «өзбек», «қырғыз», «түрікмен», «татар», «қарақалпақ» және т.б. атауларды қабылдайды.

Сөйтіп, халық болып қалыптасу үрдісін қорытып, айтылатын түйін мына мәндерге ие:

1. Қазақстанның ежелгі тұрғындары Еуразиялық аймақта мекен құрды. Антропологиялық сипаты еуропа нәсілдік дала түрі болды. Тарихи көзқараста әзірше тұрақталған лингвистикалық сипаты үндіеуропалық үйелменің ежелгі иран тармағына кіреді. Бірақ кейінгі зерттеулер әуел бастан тіл тармағы түркілік болды деген дәйектер көрініс тапты.

2. Ең көне өркениеттің тұрғындары кейініректегі антропологиялық жұрттың құрылуының басты өзегі болып қала берді. Жергілікті ұрпақтың антропологиялық негізі өткен кезеңмен генетикалық байланысы үзілмеді.

3. Тарихи даму мен жағрафиялық жағдайына байланысты біздің заманымыздың I мыңжылдығында Шығыс пен Батыс арасындағы көпірлік рөлі - қоныс аударулар орталығына айналдырады. Енді оның генофонына шығыстық сипат қосыла бастайды.

4. Қазіргі қазақтарға тән кейіп XIV-XV ғасырларда екі нәсілдің – тұрақты еуропаидтық және кейін қосылған монғолоидтық нәсілдердің далалық түрі қалыптасты.

Кез-келген этникалық үрдістегі жағдай ортақ территория мен ортақ тілден бастау алады. Ал оның ұйтқысы – шаруашылық тәсілі. Осылардың нәтижесі мәдениеттің негіздерін қалайды және интеграциялану (шоғырлану) себептері өзіндік мәдениет дәрежесіне дейін көтеріледі. Жалпы ортақ мәдениеттен өзіндік этникалық сана-сезім туындайды. Ал этникалық сана-сезімнің нығаюы сол этностың әлеуметтік-территориялық ұйымын туғызады. Өз кезеңінде бұл ұйым этностың тұрақты тіршілігі мен біртұтастығын қамтамасыз етеді. Этникалық үрдіс желісінде этностың атауы қалыптасады. Этникалық атаулардың тікелей өз аты немесе әртүрлі себептерге байланысты жинақталған аты болады. Көшпелілердің этникалық тіршілігі мен билік

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

катынастары – ру-тайпа төңірегінде өтеді. Оған қажетті алуан-типті күрделі құрылымдық катынастар қызметін бір-бірімен тығыз байланысқан (мәселен, әлеуметтік-мәдени, шаруашылық, аймақтық, идеалдық және т.б.) «жүйелер» (ру, арыс, ұлыс, жүз - оны шағындалған жүйелер деп те айтуға болады, ең ірісі - ел) атқарады.

«Қазақ» атауының шығу тегі туралы мәселе ғылыми ортаны мазалағанына біраз уақыт болды. Бірақ әлі күнге дейін бұл мәселеге ғылымда дәл, тоқ етер жауап жоқ. Айтқандары талай пікір туғызды, айтыстар көтерді, әрқилы жарыққа шыққан жорамал-жорулар бірауызды шешімге келетін ой-түйіні тумай отыр. Алайда, ұлттың арғы тегі мен мән-мағынасын анықтауда маңызды құралы ретінде **тілге** көңіл бөлінуі тиіс. Себебі **тіл** арқылы әрбір халықтың тарихын түсінуге көмегі тиетін айғақтар баршылық.

Кейбір тарихшылар «қазақ» сөзін қазақ халқының ежелгі этникалық атауы десе, ендігілері оны мифиялық көріністерімен байланыстырады, келесілері «қазақ» терминінің құралуы екі сөздің «қас» және «сақ» ұғымдардың қосылуынан болды дейді, енді біреулері «қазақ» атауының қалыптасу негізіне «әулеттік» мағына береді, сонымен қатар, осы ұғымға исламдық мағына беретіндер де бар.

Қытай, араб, ұрым, орыс және т.б. елдердің жылнамаларынан «қазақ» сөзінің әртүрлі вариантта түсіндірілген сөздің бар болғанын білсек те, ол этникалық атауды білдірген-білдірмегені ғылымға әлі құпия болып отыр. Көне түркі тілінде жазылған құлпытастарда осы «қаз» түбірінен туындайтын сөздер кездеседі, олар мыналар: қазғану, қазғандұқ, қазғантұқын, қазғанмасар және қазғақ оғлұм. Осы сөздер қажырлы қайрат жұмсау, күресу, талпыну, еркіндікке ұмтылу, ерлік істеу, табысқа қол жеткізу және мықты, берік, жойқын, алып мағыналарында кездеседі.

Сөйтіп, «қазақ» ұғымы әртүрлі мәндерге ие болды, олар:

1. Аңыздың пайымдауынша қазақ сөзі ақ-қаздың ұғымынан шықты дейді.

2. Қазақ сөзі түркі тілдеріне енгеннен бастап XIII ғасырдың аяғына шейін *«еркін жүрген жалғыз басты»* ер жігіттің ерлік қасиетіне байланысты сөз рөлін атқарды. Соның ішінде бұл сүйікті сәбидің есімінің, жау жүрек қолбасшының, батырлардың, құрметті лауазымының да баламасы болған.

3. XIII ғасырдың аяғынан бастап, бұл сөз хан, әмір, сұлтан жеңіл қаруланған атты жасағының атауы болады. Одан кейін Алтын Орданың ыдырауы қарсаңында хан әскерлерінің төменгі, жеңіл қаруланған бөлігінің атауына айналып, оның орнында құрылған ұлыстық хандықтардың нығаюына зор тірек болса керек.

4. XV ғасырда қалыптасу үрдісі аяқталған қазақ мемлекеті мен қазақ халқының атауына ие болды.

5. XV-XVIII ғасырлардағы крепостнойлық езгіден қашқан орыс-украин кедейлерінің құрған жеңіл атты жасақтарының атауына айналды.

Қазақтың шежірелері мен аңыздары «қазақ», «алаш», «жүз» деген атауларды бір-бірімен байланыстырып шертеді. Осы ұғымдар көшпелі өркениетке тән қарым-қатынастар түзеу үстінде пайда болды. Бұл арада айтайын дегенім, қоғамдық ұйымдасуын білдіретін ру, тайпа, жүз, тағы сол сияқты әр түрлі деңгейлер иерархиялық жүйе құрамындағы саяси құрылым, оның көрінісі болып билік қатынастары туысқандық, ағайындық жүйелермен бекітіледі. Сол себепті «бір атаның ұрпағы, бір тамырдың бұтағы» деген ұстаным әлеуметтік-мәдени, шаруашылық, экономикалық, экологиялық, тағы сол сияқты күрделі жүйелердің туыстық қатынастармен өзара үйлесуін білдіріп, жалпы тұтастықтың ұйтқысы ретінде билік қызметін атқарды. Сондықтан қазақ, алаш, жүз сөздерінің мән-мағынасы бір-бірімен тығыз байланыста.

2. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ қоғамы өзара тығыз және мағыналы байланыста болған әулеттік топтар мен қоғамдық топтардың иерархиялық ұйымдастырылған әлеуметтік құрылымы түрінде қалыптасқан. Атап айтқанда, олардың бірі – экономикалық емес, саяси және құқықтық белгілері бойынша көбірек ажыратылатын – «ақ сүйек» және «қара сүйек» - екі негізгі әлеуметтік топтарға бөлінуі. Ру-тайпалық иерархия (стратификация) қоғамдық құрылыстың **негізін салушы** принципі болып табылады. Осыған сәйкес әр жеке «қара сүйек» өкілінің қоғамдық жағдайы оның руы мен тайпасының артықшылық дәрежесімен анықталған. Үш жүздің – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің орын алуы – қазақтар бірлестігін өте қатаң тәртіптелуіне әкелді. Барлық рәсім мен салтанаттарда үлкендік тәртібі қатаң сақталған.

Адам тек ру бөлігі ретінде ғана мағынасы болған және тек ру заңды бірлік болып табылған. Қара сүйек әлеуметтік тобынан тек «билер» - рулар мен тайпалар басшылары ғана ерекше саяси құқықтарға ие болған. Билер ықпалы олар басқаратын рулардың күшімен, сонымен қатар, шығу тегінің көнелігімен және үлкендігімен анықталған. Өздері билік ететін рулар шегінде билерге сот, әкімшілік және әскери билік тиесілі болған. Билер, сұлтандармен қатар жалпы мемлекеттік мәселелер шешілетін жыл сайын өткізілетін «құрылтайларға» қатысқан. Ең беделді ру басшылары хан жанындағы «билер кеңесіне» кірген. Билер, Шыңғысшыларға қарама-қарсы қара сүйектер әлеуметтік тобының элитасын құраған. Кей жағдайда хан билігі дала аристократиясының өкілдеріне (билерге), жеке әрі ең беделдісіне, сондай-ақ, барлығына бірге тәуелді болған.

Тарихи-этнографиялық материал жетіспеушілігі *билік жүргізу жүйесінің болмысы* немесе қазақ қоғамының *әлеуметтік-саяси ұйымдастырылу формалары* туралы тақырыптарды толық көлемде баяндау мүмкіндігін бермейді. Егер XV-XVI ғасырларда басында сұлтандар тұрған ұлыстық жүйе орын алғандығын, ал жүздер басында – билер тұрғандығын ескерсек (XVII-XVIII басы), онда Қазақ хандығында әлеуметтік-саяси ұйымның екі формасы болғандығын көреміз. Осыған сәйкес ұлыстар мен Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жүздер бір-бірімен бір уақытта орын алған ба, жоқ әлде бұл формалардың бірі екіншісінің тарихи алдында орын алған ба деген сұрақ туындайды. Егер олай болса, онда көшпелі қазақ қоғамында республикалық құрылыстың рәсімделуі туралы сеніммен айтуға болады. Қазақ хандығының аймақтық шектелуі және Қасым, Есім және Тәуке ханның Жеті Жарғы заңдарымен саяси негізделуі, көшпенді тайпалар бірлестігі бола тұра, өз құрамына қалалық және отырықшылық-егіншілік мәдениеттің көне орталықтары бар аймақтарын енгізген. Қазақ хандығы қоршаған дала халқы үшін шаруашылық және мәдени өзіне тартудың белгілі аймақтарын құрды. Аталған факторлар жаңа жерге орналасу, шаруашылық жасау және тұрмыс жүргізудің ауылдық жүйесін қалыптастырды. Жаңа аймақтық-рулық байланыстар басқа реттеушілерді талап етті, бұл реттеушілер – *билер*, «ұлттық аристократия», құра сүйек әлеуметтік тобының элитасы болды. Көпғасырлық *халық құқығын* түсіндіріп бере алатындықтары үшін құрметтелетін билер, далада номадтарға тән *әлем құрылғысын* сақтап қалуға мүмкіндік беретін. Дәл осы *билер* төңірегінде оларды шаруашылық және мәдени бірлестікке түрлендіретін генеалогиялық және иерархиялық өзара қатынастар бекітілетін ру аралық және аймақ ішілік байланыстар құрылымы қалыптаса бастады. Жоғарғы әскери-саяси басқарумен байланысты әкімшілік құрылымның генеалогиялық және иерархиялық қарым-қатынастар орнатылуына сәйкес терминмен белгілеу қажет болды. Мұндай термин ретінде басында билер тұрған *жүз* пайдаланылды. Әкімшілік-құрылымдық қайта құру бұл биліктің саяси түрін республикалық құрылыс етіп қайта құру және ұлыстық негіздерде сұлтандар сепаратизмінің көріністерін жою үшін әлеуметтік-саяси ұйымдастырудың **екілік формасын рәсімдеу** болып табылды. Бірақ XVIII ғасыр оқиғалары сұлтандардың бұл әлеуметтік-саяси ұйымда өз орындарын тез табуына әкеліп соқтырды. XVIII ғасырдан бастап сұлтандар үш жүздің толық билеушілері болмаса да, билеуші басшы топ болды. Бұл олардың саяси жекеленуіне әкелді.

3. Қазақ Хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын Алтын Орда ханы Бердібекпен байланыстырған жөн болар. Ол Жошы отбасынан тараған Батый ұрпақтарында тартыс тудырды. 1359 жылы Ұлық Ұлыстың (Алтын Орда) билеушісі Бердібек қайтыс болғаннан кейін, Жошы ұлы Батый әулетінен ұрпақ қалмады. Осының салдарынан Ұлық Ұлыстың **тағы** үшін ішкі тартыс басталды. Билік **тағына** күрес ішінде Орда Еженнің ұрпақтары да қатысты. Осы бағытты ұстанып Ұлық Ұлысты біріктіру ниетімен қозғалған Орыс ханның мақсатын Тоқтамыс қана жүзеге асырды. Ұлық Ұлыстағы аласапыран оқиғасын пайдаланған Рязань және Литов княздіктері шекара дауын шешпек болып, екеуі келісіп, Ұлық Ұлыстың территориясын бөліске салуға ұмтылады. Мәскеу - Литовтардың қарамағында қалса, Коломна, Владимир және Муром - Рязаньның қоластында қалады деп Рязань және Литов княздіктері серттеседі. Мақсаттарын жүзеге асыру үшін Ұлық Ұлыстың түменбасы Мамайды көмекке шақырады. Келіскен саяси жағдай,

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

«найзаның ұшымен» ғана шешілетін соғыс әрекетін тудырды. Ол соғыс тарихта «Куликово шайқасы» атымен мәлім болды. Ал тарихта қалыптасқан ой-пікір, оны «орыстар мен татарлар» арасындағы соғыс деп баяндап, затындағы оқиғаны бұрмалап жіберді (*көптеген себептермен кеңестік тарихнама Еуразия кеңістігіндегі түркі-монғол дәуіріндегі гегемониялық рөлін бұрмалады және ХХ ғасырдың басында пайда болған «пантюркизм» теориясына қарсы жан-жақты идеямен қаруланған күрес жүргізді*). Шынында, бұл соғыс орыс пен орда арасындағы қайшылық емес еді. Деректер мен оқиғаны талдаудан өткізген көрнекті ғалым Л.Н. Гумилевтің сараптауы бойынша: *«Мәскеу - Алтын Орданың заңды мұрагерлері хандарына серттескен адалдығын бұзбады, Тоқтамыс бастаған легі ішінде орыс әскерлері, еділ және сібір татарлары болды. Мамайдың әскері поляктардан, қырымдықтардан және одақтасы Литва князі Ягайлодан тұрды. «Куликово шайқасын» - татарлар мен орыс арасындағы қанды шайқас болды деп санауға болмайды»*, - деген түйін келтіреді. Шындығында, Литов княздігі стратегиясын Ұлық Ұлысқа бағыттады, оны бөліске салып гегемониялық рөлін тартып алу еді. Куликово шайқасы – Дмитрий Донской бастаған Сібір және Еділ казактары мен Мамай басқарған Поляк және Литов әскерлері арасындағы шекара дауын шешудегі соғыс болып табылады. Бөліске салған коалиция арасындағы шайқастың орны болып Мәскеуді таңдап алады. Бұл шайқаста Мамай ұтылып, Тоқтамыс жеңеді. Ал құрметтің бәрін **бұрмаланған тарих** Ресейге тақты.

Алтын Орданы біріктірген Тоқтамыстың іс-әрекеті ұзаққа созылмады. Темірдің жасаған үш жорығы Жошы ұлысын (Алтын Орданы) түбегейлі шайқалтып жіберді. Қалалар қиратылды, керуен жолы бағытын өзгертті (оңтүстіктегі Темірдің иеліктері арқылы өтетін болды), экономикалық дағдарыс басталды. Осы соққыдан Алтын Орда айыға алмады, XV ғасырдың бірінші жартысында жеке-жеке хандықтарға ыдырап бөлініп кетті. Алтын Орданың мұрагерлері ретінде – Қырым, Қазан, Астрахан және Өзбек хандықтары құралса, ал оның соңында - Ноғай Ордасы, Қазақ, Сібір, Хиуа хандықтары және Мәскеу (Орыс) мемлекеті құрылды.

Алтынордалық аумақта басталған күйзеліс пен сергелдең заманы екі түстік (два полюса) орталықтарын жаратты: солтүстік орталығы Мәскеу болса, оңтүстіктегі орталық Қырым Хандығы болды. Пайда болған екі түстіктің күш-қуатына байланысты магнит тәрізді өзге хандықтардың әулеттілерін қызметке шақырып отырды. Алтын Орданың өкілдеріне Мәскеу мемлекеті Кашира, Серпухов, Звенгород, Юрьев-Подольский қалаларын үлестірсе, Ноғай Ордасынан шыққандарға Романов, ал Қазақ, Сібір және Қырым хандықтарынан шыққандарға Мещерский, Касимов қалаларын сыйға тартты. Ал Мәскеу мемлекеті міндетті түрде олардан әскери қызметті өтеу талабын қойды. Орыс мемлекетінің құрылымында атақты түрік мигранттары (қоныс аударғандар) жоғары «чин» лауазымын алып отырды. Әскерімен

келген сұлтандардың қосыны «қазақ» деп аталды. Аталған жаппай қозғалыс – осы кезеңге тән құбылыстың бірі еді.

Ұрым және тағы басқада әлемдік империялар сияқты түрік әлемі уақыт сынағынан өтсе де, оның соңғы шарықтауы - Жошы әулеті құрған Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) болды. Мәдени өрісте этникалық тұтастанудың қалпын сақтай алмай, қоршап тұрған отырықшы империялардың қарсы шабуылынан торға түсіп, «бой көтеру» дәрменінен айырылып қалды. Айтылған себеп пен салдар бір елдің түрлі халықтарға айырылып бөлшектеніп кетуіне ықпал жасады. Осының нәтижесінде қазақтар, қырғыздар, өзбектер, татарлар, қырым татарлары, түрікмендер, қарақалпақтар, ал 1881 жылы қытайға қосылуға мәжбүр болған ұйғырлар мен т.б. түрік тектес халықтар пайда болса да, құндылықтарын толық сақтап қалған дәстүрлі түсініктер *ыдырау өрісіне* төтеп бере алды. Ортақ түріктік мұра дәстүрлері әрбір түркі тектес халықтың дүниетанымында осы күнге дейін бейнеленеді. Сол себепті, XV-XVI ғғ. дейінгі қалыптасқан дәстүрлер «**Мұрасы**», қандай да болмасын түрік халқына **ортақ мәдениеті** болып саналатыны содан.

«Көшпелі өзбектер» мемлекеті деп аталатын Әбілқайыр Хандығы Дешті Қыпшақтың даласында 1428-1468 жылдары үстемдік құрды. 1446 жылы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы Түркістан аймағын өзіне қаратып, астанасын Батыс Сібірден Сығанақ қаласына көшіреді. 1449-1451ж.ж. Мәуреннахрда болған саяси дағдарысты пайдаланып, таққа таласқан Темір әулетінің бірі Әбу Саидты қолдап Самарқан тағына отырғызады. Дәл осындай болған Ноғай Ордасындағы оқиғаны да тиімді пайдаланады. Бірақ орнатылған саяси тұрақтылық ұзаққа бармады, ішкі өмірінде бөліну ағымдары туындай бастады. Жошы әулетінен тараған Махмуд және Ахмед сұлтандар оған қарсылық көрсетті. 1457 жылы Сығанақ қаласының түбінде Әбілқайыр хан қалмақтардан (Үз Темір тайшы) жеңіліс табады. Ал ол өз кезегінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлініп, Моғолстанда жеке хандық құруына қолайлы жағдайлар жасады. Әбілқайыр хан өлгеннен кейін де, ұрпақтарының арасында тақ үшін талас пайда болып, мемлекетінің ыдырау процесін тездетті.

XV ғ. 40-50 ж-да Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы Әбілқайыр хандығымен салыстырғанда нашарлау болды. Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстанның саяси өмірі туралы былай дейді: *Есен Бұға хан өзінің әмірлеріне дұрыс қарамады...Әрбір моғол әмірі өз қалаулары бойынша күн кешті*. Сыртқы саяси жағдайы да мәз болмады. Моғол-қалмақ қатынастары көп жағдайда соғыс пен өзара жорықтармен шектеліп отырды. Қалмақтардың тонаушылық сипаттағы жорықтары елді күйзеліске ұшыратты. Сондықтан да Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстанға келуіне Есен Бұға хан қарсылық білдірмейді, қайта олардың келгеніне қатты қуанады.

XV ғ. ортасында Мәуреннахрға шығыстан Есен Бұға хан қауіп төндірсе, оңтүстік-батыстан Әзірбайжан мен Иранның солтүстігіндегі билеушісі Қара-Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Қоюнлу әулетінің ұрпағы Жахан шах та, Ақсақ Темір ұрпақтарынан Хорасан аймағын қайтарып алуды ойластырады. Бірақ Мәуреннахр билеушісі Әбу Саид бұл қатерден оңай құтылады. Себепкер болған Есен Бұға ханның туған ағасы Жүніс сұлтанның Хорасанда болуы еді. Міне, осы Жүніс сұлтанды Әбу Саид хан Есен Бұға ханға қарсы қолданады, ал өзі Хорасаннан Жахан шахты кетіруге барлық күшін жұмсайды. Жүніс сұлтанның Моғолстанға іргелес орнығуына байланысты енді қауіп Есен Бұға ханға төнеді. Енді оған ең басты қауіп қалмақтардан емес, әмірлердің бағынбаушылығынан емес, туған ағасы Жүніс сұлтанның төнеді. Дәл мұндай жағдай Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстанға келуіне өте қолайлы болады. Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстанға келуінен Есен Бұға хан да, екі сұлтан да ұтылмайды. Есен Бұға хан өзінің хандық билігін қайтыс болғанша дейін (1462 жыл) құрды, ал екі сұлтан болса жаңа мемлекеттің – Қазақ Хандығының негізін қалады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе және Моғолстан мемлекеті мен Әбу Саид мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар Әбілқайыр хандығының ішкі және сыртқы жағдайлары, олардың даму барысы, бәрі XV ғасырдың 50 жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына саяси алғы шарттар әзірлейді. Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстанға көшіп келуін баяндайтын мәліметтер екі шығармада ғана бар: *Біріншісі* – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «*Тарихи Рашиди*» еңбегі; *Екіншісі* - Махмуд Ибн Уәлидің «*Бахр ал-асрар фи манасиб ал-ахйар*» еңбегі. Мұхаммед Хайдар Дулати мен Махмуд Ибн Уәли мәліметтерінде Әбу Саид ханның Есен Бұға ханға қарсы Жүніс сұлтанды қолдануы, не себепті Қазақ хандығының Моғолстанның батыс бөлігінде пайда болғандығы, алғашқы қазақ ханы кім болғандығы және «қазақ» атауы не үшін Керей мен Жәнібектің соңынан ерген адамдарға қолданғандығы туралы фактілер көп кездеседі.

Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін біртұтас мемлекет болып, Дешті Қыпшақ пен Мәуреннахрдағы қуатты елдің біріне айнала бастайды. Дәл осы дәуір Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңею, халқының саны жағынан өсу, мемлекеттілік тұрғыдан нығаю кезеңі болды. Сонымен бірге, Қазақ хандығының нығаю процесінде ерекше рөл атқарған тарихи тұлғалардың – Бұрындық, Қасым хандардың, Әдік, Қамбар, Махмұт, Жиренше және басқада сұлтандардың іс-әрекеттері, олардың қосқан үлестері мейлінше зор болды. XV ғ. соңғы – XVI ғасырдың алғашқы жылдары Дешті Қыпшақтың, Жетісудың және Мәуреннахрдың саяси картасына елеулі өзгерістер енеді. Мәуреннахрдағы Ақсақ Темір әулеттері билеген біртұтас мемлекет XV ғасыр соңына таман үш тәуелсіз иелікке бөлініп, өзара соғыстар нәтижесінде XVI ғасырдың алғашқы жылы-ақ өмір сүруін тоқтатады. Сондай-ақ, Жетісу мен Шығыс Түркістандағы Моғол хандығы XV ғасырдың 90-жылдары екіге бөлініп, XVI ғасырдың басында Моғол хандарының билігі Жетісуға жүрмейтін болды. Керісінше,

осы кезең, Қазақ хандығы үшін сәтті жылдар болып, ол - кеңейіп, нығая түседі.

Керейден кейін ресми түрде қазақтың ханы Бұрындық болады. Жәнібек хан әулеттері Жәнібектің үлгісімен Бұрындыққа бағынды. Бұрындық хан билік еткен кезде қазақтардың саяси орталығы Сарайшық (Батыс Қазақстан) қаласы болады. Ал Жәнібектің ұлдарының ұлысы Мәуреннахрмен шекаралас территорияда болғандығын хабарлайтын мәлімет Исфханидің «Михман наме-й Бұхара» еңбегінде бар. Деректер, біріншіден - қазақ қоғамында әкімшілік-территориялық ұйымының негізінде ұлыстық жүйе жатқандығын көрсетсе; екіншіден – билеушілер арасында жасырын қайшылықтың болғандығын байқатады, олар Бұрындық тобы және Жәнібек тобы. Шынайы келгенде Бұрындық қарсы топтың күшеюінен сескеніп, оларға қарсы іс-әрекеттер жүргізе бастайды. Бірақ та, Бұрындық ханның жоспары іске аспайды, XVI ғ. басындағы оқиғаларда екі топтың арасы бірте-бірте ашылып, нәтижесінде хандықтағы саяси билікке екінші топ өкілдері келеді.

Осы мәселені шешу үшін, Қазақ хандығының XV ғасырдың соңындағы территориясының Сыр бойы есебінен кеңеюіне тоқталайық. Түркістан аймағы үшін болған 1490-1495 жылдардағы ұрыстардың негізгі ауыртпалығын Жәнібектің ұлдары – Жиренше, Қамбар, Махмұт, Қасым, Әдік сұлтандар көтереді. Бұл факт XV ғасыр соңында Түркістан аймағы және оған іргелес Дешті Қыпшақтың далалық жерлері Жәнібек хан ұрпақтарының ұлысы болғандығын көрсетеді. Осыдан шығатын қорытынды мынадай дәйекке келеді: біріншіден – Бұрындық осы соғысқа Жәнібек ұрпақтарын тікелей қатыстыру арқылы қарсыластарын әлсірету еді; екіншіден - өзінің болашақ тағын сақтап қалу. Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Соғыстың соңына таман Жәнібек хан ұлдарының әлсіремей, қайта күшейе түскендігі байқалады. Олардың ұлысы кеңейіп, нәтижесінде: шаруашылық, әскери, және саяси қуаты өседі. Бұрындық хан үшін бұл жағдайды өзгертудің бірден-бір жолы Шайбани ханмен келісімге келу еді, кешегі «ата жауымен» одақтасуға мәжбүр болады.

XVI ғасырдың басында оқиға күрт өзгереді. Шайбани хан Мәуреннахрда билікке келеді, Моғолстан толық күйрейді. Сондай-ақ, Шайбани ханның 1504-1511 жылдардағы Қазақ хандығына қарсы жасаған төрт жорығында Бұрындық хан дәрменсіздігін танытып, бірте-бірте саяси жолдан кете бастайды. Ал екінші топ сол кездегі ішкі-сыртқы өміріне белсене араласып, халық алдында үлкен беделге ие болады. Осы кезден бастап, Қазақ хандығында Жәнібек ханның ұлдары билікке келіп, Қазақ хандығы құлағанға дейін хандық құрады. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Қасым ханның билікке келуі туралы: *«Оның қуатының өскендігі соншалық, Бұрындық ханды қуып жіберді. Бұрындық хан Самарқанға кетіп, сол жақта қайтыс болды»*, - деп баяндайды.

Қасым ханның билік құрған кезіндегі Қазақ хандығының қуаты мен күші туралы мәліметтер алыс елдерге тарайды. Мәскеу патшалығында Қазақ Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

хандығы туралы материалдар жиналса, Иранда Қазақ хандығын 1512 жылғы оқиғаларға байланысты «Қазақстан» деп атай бастайды. Сонымен, осы ішкі саяси өмірдегі таластар Қазақ хандығының күшеюі мен нығаюын арттырып, мемлекеттік тұрғыда әлемге танымал болды.

Қазақ хандығына жасаған жорықтан жеңіліп қайтқан Мұхаммед Шайбани (1510), Иран шахы жасаған соғыста (Мерві түбіндегі Хорасандағы шайқас) қаза болады. Әскерлері жеңіледі. Қасым хан (1511-1521) осы оқиғаны ұтымды пайдаланып, Оңтүстік Қазақстанда билігін нығайта бастайды. 1513 жылы Сайрам қаласын Қазақ хандығына қосып алады. Қасым Моғолстанның ханы Сұлтан Саидпен достық қарым-қатынасын жасасып тұрады. 1514 жылы Сұлтан Саид Қашқарияға кетіп сол жерде жаңа мемлекетін құрады. Бұл қазақ ханының Жетісудағы билігінің нығая түсуіне себеп болады. Батыста оның қол астына Ноғай Ордасының дағдарысын бастарынан кешірген ру мен тайпалар топтары көшіп келеді. Сөйтіп, хандықтың шекарасы оңтүстікте Сырдария алабын қамтыса, оңтүстік-шығыстағы Жетісу жерінің біраз дені кіреді, Солтүстік және солтүстік-шығыстағы Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып Қарқаралы тау тарамдарына дейін жетсе, ал солтүстік-батыста Жайық өзенінің алабы кіреді.

Біртіндеп Қазақ хандығы сыртқы саясатында халықаралық қатынасты да ойдағыдай шешіп отырды. Алғашқы болып елшілік байланысты орнатқан ұлы князь Василий III тұсындағы (1505-1533) Мәскеу мемлекеті. Сол кезде қазақ халқы дербес халық ретінде Батыс Еуропаға да әйгілі болды. Австрия елшісі Сигизмунт Герберштейн де өзінің жазбаларында бұл жайтты баяндайды. Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес. Осы кезде оның қол астына қараған халықтың саны бір миллион адамға жеткен», - деп баяндайды. Өзіне қарасты қазақ жерін кеңейткен Қасым хан туралы көптеген деректемелер: «қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген», - деп баяндайды.

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Көшпелі өркениетке үйлесімді құрастырылған заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып, «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Ол хандығын күшейтті, территориясын біріктіру жолындағы жеңістері елдің беделін арттырып, атақ-даңқын асыра түсті.

Қасым ханнан кейін әкесінің орнына Мамаш хан болады, көп ұзамай ұрыстардың бірінде ол қайтыс болады. 1523 жылы Қасымның немере інісі Таһир (1523-1533) хан болды. Сыртқы саясатында олақтық, қол астындағыларына қатал, ықпал-беделінен жұрдай болған Таһир хан өз жұртында бүлік-ылаң шығарып, Қазақ хандығын әлсіретіп алады. Одақтасы болған Ноғай Ордасы мен Моғолстанмен жауласып, біраз аймақтарынан айырылып қалады. Шайбани әулетімен болған соққы-ұрыстан кейін Сырдария бойы қалаларынан айырылып қалады. Сөйтіп, Қазақ хандығының

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

барлық жеріне билік жүргізе алмаған Таһир хан соңғы күндерін қырғыздардың жерінде өткізеді.

1533 жылы хандыққа Бұйдаш сайланады. Деректердің мәліметі бойынша, Бұйдаш ханмен қатар Қазақ хандығында Ахмед және Тоғым хандар болғаны белгілі. Қырғыздармен байланыста болған Бұйдаш хан қазақ-қырғыз бірлестігін билеп, Жетісу өңірінде билік құрыпты. Ол Мәуреннахрға жасаған жорығында (1559) қайтыс болады.

Әлсіреген Қазақ хандығы Қасым ханның баласы Хақназар хан (1538-1580) тұсында қайта бірігіп, бой көтере дамыған уақыт келеді. Ол ел басқаруда қажырлы қабілеті мен сыртқы саясатында дипломатиялық майталмандығын қолданып, бытыраңқы халқын біріктіріп, үкіметтің билігін нығайтып алады. Сол кезде орыс мемлекеті шығысқа қарай ірге кеңейткен кезі еді, 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахан хандығын бағындырып алады. Осы жағдайда Ноғай Ордасында тұрақсыздық байқалып, бөліну мен ыдырау сипаты үдей түседі. Ағайынды Ысмағұл мен Жүсіп арасындағы тартыс халқының екі жаққа, бір тобы Мәскеуге қосылуды жақтаса, екінші тобы Қазақ хандығына қосылуды ұйғарады. Осы сәтті пайдаланған Хақназар ноғай ұлыстарының бір бөлігін өз билігіне қаратып, Жайықтың сол жағалауына дейін іргесін кеңейтіп алады. 1569 жылы Ноғай Ордасы мемлекет ретінде өмір сүруден қалады. Шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс мемлекетінің шекарасының жақындауы, Хақназардың солтүстік-батысқа қарай Қазақ хандығының жер көлемін кеңейту саясатында кедергі болады. Сонда да, оның территорияны біріктіру жолында жасаған жеңісті қадамдары, этникалық тұрғыда «алаш» атанған дала тайпаларын қазақ құрамына біріктіру сәтті аяқталады. Сібірдегі Көшім хан мен Моғол билеушілерден төніп тұрған қауіп күрделі жағдайларды есепке алып, Шайбани әулетімен «келіссөзге» келеді. Мұның өзі халықтың шаруашылық өмірінде оңалуына тиімді болады. Бірақ Бұхара ханы Абдолла (1557-1598) мен Ташкент билеушісі Баба сұлтан арасында туған қайшылық, соның салдары ретінде Баба сұлтан астыртын адамын жіберіп 1580 жылы Хақназарды өлтіреді.

Хақназар хан қаза болған соң Жәнібектің немересі Жәдік ұлы Шығай (1580-1582) хан болды. Бұхара ханы Абдолламен бірлесіп, Баба сұлтанды жеңеді. Сол жорықта Шығай хан қайтыс болады. Қазақ хандығына риза болған Абдолла Орта Азиядан тарту береді. Бірақ Сырдария бойындағы қалаларды қарату мақсатында Қазақ хандығына өзге жолды қарастыру міндеті тұрды. 1582-1598 жылдары хан болып Тәуекел сайланды. Сыртқы саясатындағы басты мақсат оңтүстік қалаларды хандық құрамына қосып алу еді. Осы мақсатта әскери одақ ретінде Мәскеумен жақындаса бастайды. 1583 жылы Шайбани әулетімен жасасқан «келіссөзді» бұзып, Ташкентке шабуыл жасады. Ұзаққа созылған Сырдария қалалары үшін болған соғыс 1598 жылы аяқталады. Сөйтіп, Түркістан аймағы ХІХ ғасырдың басына дейін Қазақ хандығының құрамында болады. Ресейдің Көшім ханға қарсы басталған Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

(1582) жорық 1598 жылы жеңіспен аяқталып, Сібір хандығы жойылады. Жеңілген Көшім хан Орта Азияға қашып құтылады. Оған қарасты кейбір тайпалар қазақ халқының құрамына еніп, Қазақ хандығының территориясы солтүстігінде Сібірге дейін кеңейеді.

6-тақырып. XVII ғ. және XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы.

Қазақстанның XIV ғ. мен XVIII ғ. бас кезіндегі мәдениеті (1сағат)

1. XVII-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси жағдайы.
2. Қазақ-жоңғар қатынасында шиеленістің күшеюі (XVII ғ. екінші жартысы).
3. Шаруашылығы, рухани мәдениеті.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Қазақ хандығының экономикалық дамуына конспект жасау.
2. Жүздер – этнотерриториялық бірлестіктер. Оның пайда болу себептерін ашындар.

1. Қазақ Хандығы XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін біртұтас мемлекет болып, Дешті Қыпшақ пен Мәуреннахрдағы қуатты елдің біріне айнала бастайды. Дәл осы дәуір Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңею, халқының саны жағынан өсу, мемлекеттілік тұрғыдан нығаю кезеңі болды. «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған Есім хан (1598-1628) қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» атты заңды құрастырды. Мемлекеттің шаруашылық жағын көтеру мақсатында Бұхарамең «бітім» жасасты. Ол кезде Мәуреннахрда Шайбани әулеті құлап, жаңа әулет Аштарханиліктер (1599-1735) билік құрған болатын. Қазақстанның солтүстік аймағын реттеуге кеткен Есім хан Тұрсын сұлтанға хандығын тапсырып «ант» берісіп уәделескен болатын. Есім ханның жоқтығын пайдаланған Тұрсын сұлтан Есім ханның жұртына әлек салып, билікті өз пайдасына жұмсаған болатын. 1627 жылы ойрат жорығынан оралған Есім хан антты бұзғаны үшін Тұрсынды өлтіреді. Бір деректерде Есім хан 1628 жылы, ендігі мәліметтерде 1645 жылы қайтыс болды дейді.

Есімнен кейін оның ұлы Жәңгір хан болады. Ол тұста Цин империясының ығыстыруынан жоңғарлардың қазақ жерлерін басып алу қаупі арта түсе бастады. Күшейген ойраттар 1635 жылы төрт тайпадан тұратын (чорос, хошоут, дербет және торғоут) мемлекеттік бірлестігін құрады. Батыр Хұнтайшы бастаған қазақ жеріне жорықтар 1635, 1643, 1652 жылдары болды. Осы жорықтың бірінде Жәңгір хан 600 сарбазымен қарсы шығып, қалмақтың қалың әскерін тоқтатады. Көмекке келген Самарқан билеушісі Жалаңтөс батырмен қалмақ әскерін қырғынға ұшыратады. Ақыр соңында, 1652 жылы Жәңгір хан қалмақтармен кезекті шайқаста қаза табады.

Жәңгір ханнан кейін Батыр хан билік құрды, бірақ ол туралы ешбір мәлімет сақталмады. Батыр ханнан кейін тақ басына Жәңгір ханның ұлы Өз-Тәуке (1680-1718) келді, оның толық аты Тәуекел Мұхаммад Батыр хан еді. Оның кезінде Қазақ хандығы нығайып, жоңғарлардың басқыншылығы бәсеңдеген кез еді. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты қазақ заңдарын жаңа жағдайға сай өзгертіп, толықтап дамыту негізінде «Жеті Жарғы» заңын жасады.

Тәуке хан билікке келісімен Қазақ хандығындағы ішкі тартысты тоқтатып, бірлікті күшейтуге барын салғаны мәлім. Қазақ қоғамының сол кездегі қажеттілігін қанағаттандыратын заң жобасының керектігі, бұрыннан болған құқықтық нормаларды жүйелеу арқылы оларға **мәнді** өзгеріс енгізіп, **толықтыру** әрекеттері дүниеге «Жеті Жарғы» заңын әкеледі. «Тәуке заңы» немесе «Жеті Жарғы» деп аталатын заң жинағы бізге толық күйінде жеткен жоқ. Заң жинағының кейбір баптары ХІХ ғасырдағы қазақ билерінің сөздерінен жазылынып алынған үзінді жазбалар арқылы ғана жетті. Сондай-ақ, П. Маковецкий (П. Маковецкий. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. вып.1, Омск, 1886), Д. Самаквасов (Д. Самаквасов. Сборник обычного права Сибирских инородцев. Варшава, 1876), Н. Гродеков (Киргизы и кара-киргизы Сыр-Даринской области. т.1, Юридический быт. Ташкент, 1889) және А. Левшиннің (А. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.3. Спб, 1832) еңбектерінде азды-көпті сөз етіледі.

Тәукенің толық есімі – Тәуекел-Мұхаммед Батыр-хан. Өз Тәукенің ата-бабасы, оның туып өскен жерлері туралы Шәкәрімнің, Мұхамметжан Тынышпаевтың, Әлихан Бөкейхановтың шежірелерінде беріледі. Жазушы Қ. Салғараұлы Тәуке ханның тегін былайша таратады: Шыңғыс хан – Жошы – Тоқа Темір – Үз Темір – Қожа – Бәдік – Орыс хан, Орыстан бес ұл: Тоқтақия, Құтылығ-Бұға, Тұғылық-Болат, Құйыршақ, Тоқта-Болат. Осының Құйыршағынан Тәңірберді, Иагужақ, Болат. Осы Болаттан Керей туады. Жәнібек болса Орыстың баласы – Құтылығ-Бұғадан – Құтужақ – Барақтан тарайды. Жәнібектен – Қасым хан – Жәдік – Шығай хан – Тәуекел хан – Есім хан – Жәңгір хан, оның екі баласының бірі осы Өз Тәуке, екіншісі Уәли. Тәукенің билік құрған уақытын әрбір зерттеуде әр түрлі айтады. Соның ішіндегі басым түсетіні – 1680-1718 жылдар. Төл тарихымыз туралы жазба деректер шамалы. Сондықтан да, аңыз, дастан, халық арасында сақталған жырларды зерттей отырып, салыстырмалы түрде көптеген шындыққа қол жеткізуге болады.

Тәукенің басқа хандардан айырмашылығы айналасында төре – сұлтандардан гөрі халық арасынан шыққан әділ, беделді жандарды жинаған. Бұл туралы көптеген аңыздар сақталған. Билер сот қызметінен бастап **жүз** басшысына дейінгі, қажет болса елшілік қызметін де атқарып отырды. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек және тағы басқа билердің елші болып барғаны баршаға аян. Өз Тәуке айналасына беделді, от Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

ауыз, орақ тілді шешен билерді жинап, ел, мемлекет мәселесін шешуде кеңесіп отырған. Тәукенің саяси бірлікті нығайту бағытында билер кеңесінің маңызы ерекше болды. Билер кеңесіне тұрақты күші бар, кеңесші мәртебесі берілді. Билер кеңесінің шешімімен хан міндетті түрде санасқан. Билер кеңесі заң шығарушы міндетін де атқарды. Сот істерін жеке билер шеше алмаған жағдайда, осы билер кеңесі немесе хан қарайтын болған.

Тәуке ханның заманында билер кеңесімен қатар «халық жиналысы» өткізіліп тұрған. Ол орыс деректерінде «старшындар жиналысы» делінеді (И. Гаполлова. Присоединение Казахстана к России. А-А. 1948, 121-стр). Орыс елшілері Скибин мен Трошин, Кобяков мәліметтерінде: «20-желтоқсанда (1693) Тәуке хан Қазақ ордасының игі жақсыларын жинады», енді бірде олар: «Тәуке ханға Түркістанның ұлыстарынан қожа мен қазақтар келіп, Ресей туралы айтты», - деп хабарлайды. Халық жиналысы төтенше жағдайда ғана емес, сыртқы саяси мәселелерді шешу мақсатында да шақырылып отырған. Тәуке тұрақты күздік жиылыс бекітеді. Бұл туралы оның заңында былай делінген: «Хан, басқа сұлтан, ақсақалдар, ру басылары тең халық ісін шешу үшін күзде жиналуы қажет және мұнда қару жасанып келуге міндетті» (А. Левшин. Описание киргиз-казачьих орд и степей. СПб, 1832, ч.3. стр. 177). Басқару жүйесінде білікті билер мен батырларды таңдап, оларды қасына топтастыра білген Тәукені орыс тарихшысы А.И. Левшин «Спартаның ақылгөй заңгері Ликургпен» теңеген еді.

Сонымен, Тәуке хан «Жеті Жарғы» заңы арқылы ішкі тартысты жою мақсатында ел басқару ісін, заң шығару тұтқасын билерге беріп, ұсақ хандар мен сұлтандардың саяси ықпалын тежеуге тырысады. Жыл сайын Күлтөбеде (Ташкент маңы) үш жүздің басын қосқан жиналыс (құрылтай) шақырылуы тиіс болған. Хан кеңесі, билер кеңесі мемлекеттік тұрақты құрылымға айналады. «Жеті Жарғы» заңында ел дауын шешудегі билер кеңесінің құқығының қорғалуын, сақталуын қатты қадалаған.

«Жеті Жарғы» баптары мейлінше нақты. Мәселен, кісі өлтіргендер үшін «қанға қан, жанға жан алу» ұстанымы сақталады. Кейбір жағдайларда өлім жазасын соттың келісімімен құн төлеумен ауыстыруға болады. Бұл – осы заң жобасының тарихи прогрестік маңызын айқындайтын бап. Құн қылмыстының өзінен немесе ру мүшелерінен алынады. Кісінің денесіне жарақат түсірген болса, құн төлеуге тиіс болады. «Жеті Жарғыда» әйелдер құқы шариғат ережелеріне сүйенеді. Қыз-келіншекті зорлау, алып қашу өлім жазасымен теңестіріледі.

Осы заң бойынша әкенің билігі баянды етіледі. Ол – қамқоршы, сондықтан оның ризалығын алмай, отбасының кез-келген мүшесі ешбір шешім қабылдамайды. Әкесіне немесе шешесіне қол көтеріп, балағаттаған баланы қара сиырға отырғызып, ауыл іші аралатып, қамшымен соққан. Бір себеппен (аңдаусызда) баласын өлтіргені үшін ата-анасы ешқандай жаза алмайды. Бірақ некесіз туылған баласын ұяттан (қасақана) өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі.

Мал мен мүлікті ұрлағанда қатаң жазаға тартылады. Ұрлығы ашылған кісі ұрлап алғанын тоғыз есе етіп қайтаруы керек. Өзін-өзі өлтіргендерді заң бойынша бөлек жерге жерлейді. Жеті атадан аспай үйленуге өлім жазасы кесіледі. Құдайға тіл тигізген кісі жеті адамның куәлігі арқылы анықталса, таспен ұрып өлтіріледі. Христиан дінін қабылдағандарды мал-мүлкінен айырады. Әрбір соғысқа жарайтын еркек бес қарусыз жүрсе, оған да айып салынады. Бұл жаугершілік заманда кешірілмес күнә саналған. «Жеті Жарғы» бойынша арнайы мал-мүлікке таңба белгілейді және салық түрлері (аманаттық салық, ру басыларының борышын төлеу, хандық билік, қару-жарак) белгіленеді. Заң құқық ережелерінің жеке салаларын (қылмыстық, азаматтық, басқару) да қамтыған.

Сонымен, «қазақ заңы» діннің орнын, салық түрлерін, жалпы тұрмыс жағдайын реттеуге бағытталған Қазақ хандығының ерекше тарихи әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының туындысы еді. Қазақша «**жарғы**» *әділдік* деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын дәл, әділ айырудан шыққан. Қасым ханның *жаңадан көтерген жарғысы* ел мүддесіне сай келгендіктен, халық бұқарасы оны «қасқа жолы» деп атап кетті. Оған кірген ережелер: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы. Есім ханның «ескі жолы» деп аталудың себебі, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жүлгемен жасалған негізгі заң сипатындағы **төрт тұғырды** айтады. Олар: «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын; Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын; Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер. «Жеті Жарғы» - бүгінгі күні айтып жүрген құқықтық мемлекеттің басты белгілерін Әз Тәуке хан өз кезінде қазақ мемлекетінің бүкіл тыныс-тіршілігін заңға бағындырылғаны көрініс тапты. Мемлекеттік институттар: хан кеңесі мен билер кеңесі ел басқару жүйесін қалыптастырды. Ел басқару жүйелері мен қоғамдық тәртіптің негіздері заңдастырылып, олар құқықтық жолмен жүзеге асырылатын болды. Мұсылман дінінің қағидаларын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарымен шебер үйлестіріп, қылмыстық, отбасы және неке туралы баптарды негізгі заңмен ұштастырып берді.

Тәуке хан Қазақ хандығының ішкі мәселелерін ғана шешіп қоймай, сыртқы саясатында да көрші елдермен байланыс жасай отырып, экономикалық қарым-қатынас орнатады. Соның ішінде Ресей елімен сауда байланысын жаңарту, Бұхар және Хиуа хандықтарымен бейбіт қарым-қатынас жасасу. Ресей мемлекеті өз тарапынан Қазақ Ордасына елшілер жіберіп тұрады. Шекаралық мәселелерді шешу мақсатында 1692 жылы Андрей Неприпасов, Василий Кобяков бастауымен елшілік келеді. Қазақ Ордасының жағдайымен танысу үшін 1694 жылы Түркістанға Федор Скибин, Матвей Трошин бастаған елшілік жөнелтіледі. 1715 жылы Бухгольц басқарған экспедиция Шығыс Қазақстан мен Алтайға сапар шегеді. 1716 жылы Белоусов бастаған елшілік қазақ жеріне келеді. Елшіліктің мақсаты Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Қазақ Ордасының жоңғарлармен қатынасы, әскери күш-қуаты, Орта Азия хандықтарының ұстанған бағыты, ішкі жағдайы, тағы басқа жайттарды біліп қайту еді.

2. XVII ғасырдың екінші ширегінен бастап Орталық Азиядағы халықаралық жағдай күрт өзгереді. Көшпелі өркениеттердің өміріне Ресей мен Қытай араласа бастайды. Соның салдарынан басталған стратегиялық қылықтары екі халықтың (қазақ пен жоңғарлар) қақтығысына әкеледі. Ол 150 жылға дейін созылады. Олар болса, жеңілгені менікі саясатын ұстанып, күтумен және бір-біріне қарсы қойып өз істерін жалғастырып отырды. Осыған қарамастан кейбір деректерде Тәуекел мен Есім хандарды қазақ-қалмақ билеушілері деп атайды.

Қазақ хандығының шығысында орналасқан жоңғар мемлекетінде Севан-Рабтанның (1697-1727) билікке келуі қазақ-жоңғар қатынастарын одан сайын шиеленістіреді. Осы кезеңнен бастап жоңғарлардың қазақ даласына шапқыншылығы үдей түседі. Тәуке хан билік құрған кезде қырғыздар мен қазақтар арасындағы одақ жоңғар шапқыншылығына тосқауыл болады. Бұл одаққа қарақалпақтардың бір бөлігі де енеді. Тәуке тұсында 1698, 1711-1712, 1714, 1717-1718 жылдары жоңғарлармен елеулі қақтығыстар болады. Қазақ әскерлері бірнеше рет жеңіске жеткенімен, жоңғарлар қазақ жерін толықтай босатпайды. 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң, оның орнына отырған баласы Болат хан билікті орнымен пайдаланып, халықтың басын біріктіре алмайды. Бұл жағдай Қазақ хандығының саяси жағынан бөлшектеніп, әр жүз хандарының жеке дара билік құруына әкеп соқтырады. Осылайша Қазақ хандығының орнына, Қазақ хандықтарының тарихы басталады.

3. XV-XVII ғғ. қазақтардың шаруашылық саласы ретінде тарихи қалыптасқан үш негізі болды: біріншісі – көшпелі мал шаруашылығы; екіншісі – отырықшы егін шаруашылығы; үшіншісі – қол өнеркәсібі мен сауда-саттық. Олардың бастысы мал шаруашылығы. Малдың негізгі түлігі – қой, жылқы, түйе және аз мөлшерде сиыр өсірді. Өндірістің формасы ретінде шаруашылық басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібі қалыптасты, төрт маусымның төрт қонысы болды. Бұлар: жазғы жайлау, қысқы қыстау, көктемгі көктеу, күзгі күздеу. Ал әрбір ру осыған сәйкес белгілі бір жағрафиялық жер көлемі шеңберінде көшіп-қону дәстүрін ұстанды. Мал шаруашылығын жүргізудің өндірістік машық дәстүрлерін сақтап қана қоймай, оны үнемі жетілдіру тәжірибесін жинақтау да қосарлана жүрді. Әсіресе, малды сумен қамтамасыз етуде қазақтар әлем мәдениетіне үлкен үлес қосты. Далалық аймақтарда, ұжымдық еңбектің нәтижесінде бұл мәселені шешуге ерекше мән берген. Шөлді аудандарда, терендігі 3-10 метрден 100 метрге дейін жететін арнайы құдықтар қазылған. Зерттеушілеріміз Н. Масанов, М. Тұрсынов дәлелдегеніндей, жыл сайын әрбір ру өзінің жаз жайлайтын жұртына келгенде бірінші шешетін мәселе – ескі жабылып қалған құдықтарды аршып, сонымен қатар, жаңа құдықтар қазу болатын. Міне, сондықтан да қазақтарға өзендердің бойын ғана қуалап Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

көшіп-қонып жүру міндетті болмады. Малдың түліктік құрамы - шаруашылықтағы белгілі бір түліктің маңызына, сауданың қажетіне, жайылымдардың ерекшелігі мен кеңдігіне және жергілікті малдың оған бейімділігіне қарай анықталды. «Бұл халықтың байлығы мен дәулеті басқадан да гөрі жылқысы мен қойының көптігінде. Қай салада болсын, қажетті де, пайдалы малымен осы ордадан басым басқа халық бар деуге келе қоймас», - деп орыс патшалығының зерттеушісі П.С. Паллас жазып еді.

Исі қазақ атауына аңшылық кәсібі таңсық дүние еді. Аң-құс аулаудың ата тәсілдері мен құрал-саймандары өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туылды. Бұлардың көбі көне заманнан келе жатқан: ор қазу, қақпан құру, тор жаю, атқы қою, түрлі тұзақтар құру, садақпен ату, қуалап соғу, ау салу, ит жүгірту, құс салу әдістері еді.

Көшпелі малшылар үй кәсібімен, негізінен алғанда мал шаруашылығы шикізаттарын өңдеумен айналысты. Қазақтар жүн мен теріні ұқсату ісін өте жақсы білді. Қой жүнінен текемет пен киіз үйдің киіздері басылды. Сапасы неғұрлым жақсы жүннен кілем тоқылды. Түйе жүнінен орыс шұғасы сияқты тығыз мата тоқылды. Жылқының қылынан жіп пен арқан есілді. Иленген теріден аяқ киім, киім, ыдыс тігілді, ат әбзелдері әзірленді. Қойдың құйрық майы мен әртүрлі иіс беретін шөптердің күлінен сабын қайнатты. Үй кәсібінің жоғары дамығаны туралы деректер баршылық, мәселен, өз зерттеулерінде академик В.В. Бартольд көптеген мәліметтер келтіреді. Соның бірі ретінде Лейден университетінің кітапханасында сақталған еңбегінің үзіндісін келтіруге болады: «Олар қафтанды (камзол) қойдың терісінен дайындап оны әртүрлі бояумен бояйды, сол кезде атлас тәрізді кейіп алады. Осы бұйымын Бұхараға әкеліп атластан жасаған қафтанның бағасымен сатады, өйткені ол өте әдемі және биязы келеді. Оларда сол қойдың терісінен жасаған керемет көзқызарлық шекпендері бар, ол суды өткізбейді және сыз-ылғалдан қорықпайды. Себебі сол жақта өсетін шөптердің қасиетіне байланысты теріні илеуде шебер қолданады». Теріні дайындау технологиясы жайлы мәліметтерді, сондай-ақ, П. Паллас пен А. Левшиннің еңбектерінен де табуға болады: «Қазақтар терілерді былайша өңдейді: әуелі теріден жүнін қырқып, су бүркейді де, шиыршықтап, орап, жүннің түбі жидігенше жылы жерге тастайды, содан соң өтпейтін пышақпен қырнайды, ал қырналған теріні кептіріп қояды, содан кейін тұщы сүтке, ал тері қалың болса, ащытылған сүтке салып қойып, төрт тәулік сайын қырнап отырады. Ақырында көлеңке жерде кептіреді, әбден жұмсарғанша қолмен уқалайды және аяқпен басады, содан соң ыстап тағы уқалайды, ақырында қызғылт сары бояумен бояйды. Оны қазақтар қоянсүйек деп аталатын шөптің суына ашытып, қайнатылған тұнбасынан дайындайды. Бояуды теріге екі жағынан бірнеше рет жағып, әрбір жолы кептіріп отырады. Мұндай теріні жиі жууға болады, олар өзінің қызыл сары түсін сақтайды», - деген еді.

Қазақтың қолөнерінде жете дамыған түрлерінің бірі *зергерлік* ерекше орын алады. Бұл өнердің түп тамыры тереңде жатыр. Бабаларымыз кең Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

байтақ жерінен алтын, күміс, мыс, қалайы, қорғасын сияқты металдарды өндіріп, соларды құю, соғу, қалыпқа салу арқылы еңбек құралдарын, әшекей бұйымдарды, тұрмыста қажетті заттарды жасаған. Археологиялық зерттеу нәтижелері де осыны дәлелдейді. Қазақтар зергерлік өнерде металды көркемдік өңдеудің әр түрлі техникалық әдістерін қолданған: соғу, құю, қалыптау, оюлау, өрнектеу, зерлеу, күміске қақтау, алтын жалату, тағы басқалар. Күмістен шеберлер әр алуан бұйымдар жасаған. Бұлардың ішінде әйелдерге арналған әшекейлер, сырт киімнің түймелері, киіз үйдің керегесін, уық, шаңырағын, есігін зерлеу, қару-жарак, ер-тұрманды әшекейлеу.

Зергерлік – атадан балаға мирас болған, қадірлі, қастерлі өнер. Ұсталар, зергерлер әр түрлі құрал-саймандардың көмегімен темірден түйін түйеді. Зергерлік бұйымдар жасау үшін ең әуелі ұстаның шеберханасында көрік болуы керек. Көрік - әр түрлі металды қыздырып балқыту үшін қолданатын ешкінің терісінен жасалған ауа үргіш құрал. Тобылғы, сексеуіл, қарағай шоғына су сеуіп, сөндіріп, әр шебер өзіне қажет мөлшерде ағаш көмірін даярлаған. Қос көрікті пайдалану тәжірибесі де болған. Зергерлік өнерде қолданған саймандар: балға, төс, қысқыш, оқбақыр, қауашақ, шымшуыр, үгіндірік, шекіме, іскенже, күйентелі таразы, саусақ қалып, сымтартқыш, қалып, нақыш салғыштар, түртпе, бізбілдік, түтік, қадаубас, қайшы және т.б.

Балға – ұста зергерлік әдістерді атқару үшін қолданатын құрал. Балғаның шой балға, мүйіз балға, қол балға, ағаш балға, шың балға, қадау балға, тағы басқа түрлері болған. **Төс** – шойыннан, шар болаттан жасалған, ағаш тұғырға қондырылған құрал. Төске салып соғу, ию, кесу, шабу, тесу, шыңдау, қақтау, пісіру, бұрау сияқты түрлі әдістермен, әр түрлі металды қыздырып немесе суық күйінде өңдеген. Төстің құстұмсық төс, домалақ төс, шың төс деген түрлері болған. **Қысқыш** – отқа қызған металды ұстайтын құрал. Қысқыштың «жадағай таңдай», «қуыс тұмсық», «біз тұмсық», «кемпір ауы» деген түрлері болған. **Оқбақыр** – темірден, саз балшықтан жасалатын, сол жақ ернеуі сүйірлеу келген, су ағары бар, қорғасын, қола, үре күміс, алтын қорытатын тұтқалы ыдыс. **Қауашақ** – жұқа қаңылтыр немесе саз балшықтан жасалған науа тәріздес ыдыс. Қауашаққа металды құйып, суыған соң шығарып алып, әрі қарай өңдеген. **Шымшуыр** – металды дәнекерлеген кезде қысып ұстайтын көмекші құрал. **Үгіндірік** – көмірді жинақтап көсеуге арналған құрал. **Шекіме** – асыл болаттан соғылған, екі жүзі шапқы тәрізді балға. Қақталған күмісті жалату үшін темірге шекіп, бедер салатын құрал. **Іскенже** – ұсақ заттарды кепсерді егеген кезде қысып ұстайтын шағын ағаш атауыз. **Күйентелі таразы** – бағалы металды, химиялық қоспаларды өлшейтін зергер таразысы. **Саусақ қалып** – сақина, жүзіктің бауырын түзетуге арналған, бір жағы сүйір болаттан жасалған сайман. **Сымтартқыш** – алтыннан, күмістен зер жасау үшін, яғни өте жіңішке сым дайындау үшін керекті аспап. **Қалып** – ұшында бедерлі өрнегі бар болат таяқша сым. Қақталған жұқа күмісті қорғасынға төсеп, үстіне қалыпты қойып, батыра соқса күміске қалыптағы бедерлі өрнек түседі. Қалыптар түріне қарай сырға

калып, күмбез калып, үкі аяқ калып, шайшық, жұлдызша болып бөлінеді. **Нақыш салғыштар** – ұзындығы 8-12 см келетін, ұшы жарты ай, жұлдызша, дөңгелек сияқты әртүрлі үлгіде қайралған болат таяқшалар. **Түртпе** – шапқы тәрізді, ұшы қиғаш қайырылған, балғамен қуалай соғып, металл бетіне түзу, қисық сызықтар түсіруге, жазу, сызуға қолайлы құрал. **Бізбілдік** – безеу біз, кейде мыңырғақ деп атайды. Ұшы қашау тәрізді қайырылған болат біз. Металға батыра, ырғай отырып өрнектің өресін толтыруға арналған аспап. **Түтік** – нәзік сымды дәнекерлеген кезде шоқты ауызбен үрлейтін конус тәрізді жез түтікше. **Қадаубас** – ұстаның қызған немесе отқа салып қыздырған темірді ұстауына пайдаланылатын тар ауызды қысқыш. **Қайшы** – қаңылтыр, қақталған күміс кесетін құрал. Жоғарыда аталған құрал – саймандарға қосымша егеу, мәймөңке, мәстерім, шапқы қолданған. Зергерлік өнерде пайдаланылған қоспалар – мүсәтір, ашудас, күкірт, ақ дәнекер, тотыяйын, қышқылдар. Ал жиі қоланылатын тәсілдердің бірі – дәнекерлеу. Дәнекерлеу дегеніміз – металл бұйымдардың бөліктерін, ұштарын бір-біріне балқыған металл немесе металдың қоспасы арқылы жымдастыру.

Қазақтар ішінде ағашшылық қолөнері де өріс алды. Үй ағашы, арба-шана, төсек-аяқ, жүкаяқ, кебеже, ер, келі-келсап, шелек, тегене, астау, табақ, ожау, шөміш, саптыаяқ, қасық-қалақ жасады. Пищулина К.А. «Қазақ хандығы» атты еңбегінде: « қазақтарда жүн мен тері бұйымдарын өңдеу, ағаш өңдеу, ұсталық және құрылыс ісі едәуір өркендеді», - деген мәліметтерді дәйекті түрде келтіріп берген.

Қазақтардың шаруашылық өмірі, сондай-ақ, отырықшылықты егіншілік пен қала шаруашылығының тұрақты байланысы ретінде көрініс тапты. Ежелгі егіншілік мәдениет ошағы – Талас, Шу, Жетісу, Зайсан шұңқыры мен Сырдария өңірі болды. Сырдария өңіріндегі егіншілік жайлы Тәуке ханның ордасына барған орыс елшісі В.Кобяков былай деп еске алады: «Ал Тәуке ханда астықтан бидай, арпа, тары көп шығады, күздік және жаздық бидай егеді». Орталық және Шығыс Қазақстанда дәнді-дақылдардың өсірілетіні туралы Н.П. Рычков пен И.Г. Андреев жазған болатын, онда: «Қазақтардың егістігінде бидай, тары, арпа және мақта өсіреді», - деді. Аталған аймақтарда дәстүрлі егін шаруашылығы үздіксіз өркендеп отырды, суармалы жүйе жақсы жолға қойылды.

Қала мәдениеті мен қала шаруашылығы қазақ қоғамының ажыратылмайтын белгісі болды және тұрақты өзара әрекеттестік қарым-қатынас жағдайында өмір сүрді. Қазақ хандығының құрамына қосылған Жетісу мен Сырдария бойындағы қалалық өмір дамуын жалғастырды, олар: Ясы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Сығанақ, Аркөк, Сауран, Аққорған, Құтжан, Ташкент, Құмкент және басқа қалалар еді. Бұл қалалардың ішінде Түркістан қаласы Қазақ хандығының тұрақты астанасы болды, қазақ хандары Ақ сарайда (Қожа Ахмет Иассауи) отырып ел биледі. Бұл қалалар - мәдениет пен экономика орталығы болды, қазақ халқы үшін көп жақты рөл атқарды. Мәселен, Түркістан қолөнер мен сауда, ірі егіншілік, сондай-ақ, басты діни

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

орталық болды. Қалалардың қай-қайсысы болмасын, сауда және қолөнер кәсібі орталығы болып қалыптасты, дамыған суармалы егіншілігі бар көлемді егіншілікті ауданның орталығы болды, көрнекті архитектуралық ғимараттар мен саяжайдың орналастырылуымен ерекше құрылыс көрінісін табуға болады.

Қазақтардың өмірінде сауда орасан зор рөл атқарды, көрші елдермен белсенді сауда жүргізді. Шығыс пен Батыстың арасындағы саудада кепілдік рөлін де атқарды. Сонымен, XV-XVII ғғ. Қазақстанның қоғамдық өмірі өткен кезеңдегі мәдениеттің барлық ерекшеліктерін бойына сіңірді. Солай бола тұра, оның өзіндік болмысы жасалып, әлеуметтік және шаруашылық өмірінде көрініс тапты. Тіпті, ұлттық киімінде - этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлер жалғасын табады. Мәселен, киімдер шұға, жүн және жібек маталардан, киіз бен теріден дайындалды. Қазақтарда құланның, киіктің және жолбарыстың терілері, құндыздың, бұлғынның, күзеннің терілері ерекше бағалы болды. Бағалы аңдардың терісінен тігілген тондар «ішік» деп аталды және қаптамасы бойынша: жібекпен қапталған тон - «бас тон», көк шұғамен қапталғаны - «көк тон», парчамен қапталғаны - «барша тон» деп бөлінді.

7-тақырып. XVIII ғ. бірінші ширегіндегі Қазақстан. Қазақстан және Ресей жаңа заман жағдайында. Қазақстанда отаршылдық кезеңінің басталуы (1 сағат)

1. Қазақстанның саяси жағдайы. Жоңғар агрессиясы.
2. I Петр патшаның «Шығыс саясаты» жүйесіндегі Қазақстан.
3. Қазақстанның Ресейге бодандыққа өтуінің басталуы.

СӨЖ тапсырмалары:

1. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысында патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының мәнін анықтаңыз.

2. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Кіші жүздің хан өкіметінің дағдарысқа ұшырау себептерін ашыңыз.

1. XVIII ғ. Қазақ хандығы үшін ауыр дәуірдің бірі болды. Себебі неде? Қасым, Есім және Тәукенің еркімен және ерлігімен құрылған Қазақ хандығының тұтастығына ешкім күмән келтірген жоқ еді. Бірақ өмірде жетекші орын ертеңгі күнді ойлай алмайтын және ойлағысы келмейтін тұтынушылық психологиялы адамдарға тигенде және екінші жағынан – арыстандай көршілері аңдып, кім-кімді жеңгенін күтіп, бір-бірлеріне айдап, тұтас жатқан елдің көркін бұзды, келбетін өзгертті. Қазақ пен жоңғар арасындағы соғыс екеуіне де ешқандай пайда әкелген жоқ. Бір-бірін құртып, біреудің жойылуына, біреудің өзгеге бодан болуына ғана жағдай жасады.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарынан кейін Қазақ хандығында тарихындағы ең қиын саяси жағдай орнайды. Тәуке ханның өлімінен кейін оның еріксіз, әрекетсіз баласы Болат хандыққа сайланды. Әрине, Болат ханның әлсіз еркі мемлекеттің ыдырауына әкеледі. Болат ханның мұндай қылығы нәтижесіз қалмады: солтүстіктен бір уақытта сібір казактары, Еділ қалмақтары және башқұрттар шабуыл жасады; елдің оңтүстік-батысында орта азиялық хандықтардан да тыныштық болған жоқ. Бұл жағдайды Жоңғар хандығы пайдаланып кетеді. Жоңғарлар (қалмықтар, ойраттар) – батыс моңғол тайпалары (чоросстар, дербенттер, хошоуттар, торғауыттар) XVI ғасырдың екінші жартысында өз одақтарын құрса, 1635 жылы Жоңғар хандығын құрады. Шығыстағы қалыптасқан күштер қатынасы Қазақстан пайдасына шешілген жоқ. Өйткені Қазақстан тарихындағы қайғылы оқиғалар осылармен байланысты. Әсіресе билікке Цеван-Рабтан келгеннен кейін жоңғарлар мен қазақтар арасындағы тайталастар үздіксіз жаулап алу соғыстарына айналды. Осы жыл «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атымен мәлім болды (1723-1727).

Бір жағынан қаһарлы көршілермен қоршалуы, екінші жағынан ішкі келіспеушіліктер – Қазақстанның қоғамдық және саяси өмірінің ережелерінің бұзылуына әкелді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» уақытын бастан кешірген халық басына төнген ауыртпалықты батырлар мен билер шешпекші болды.

Ескерту. *Тарихтың қиын-қыстау кезеңдерінде көшпелі халықтардың этникалық жүйесінің ішкі құрылымы әр қашан маңызды өзгерістерге ұшырайтын. Бірақ осындай бұзылулар кезінде ерекше әлеуметтік-саяси байланыстар түрі ретінде туыстықтың құрылымдық бірлігі өзгеріссіз қалады. Мұндай жағдайда ру басшылары кепілдік ретінде шығатын. Рулық құрылымның қызмет ету механизмінің мағынасы да қиын-қыстау кезеңдерде балама үлгі көрсететіндігінде: көшу, шапшаңдық және тойтарыс. Бұл жоңғарлармен қақтығысу кезінде де көрініп тұр, мұнда рух басшылары және көрсетушілері билер және батырлар болған.*

Алғашқы жеңістер Бұланты өзенінің етегінде (Торғайдың оңтүстік-шығысы) және «Қалмақ-қырылған» атымен белгілі Кара-Сиыр жерінде болды. Шабуылдап келе жатқан үш жүздің лектері «Орда-басы» тауының етегінде бірікті (Шымкенттің батысына қарай). Дәл осы жерде терең күйзелістен кейін ерекше «талап қойған» (көшпелі өркениет) иелері ретінде Ұлы Дала мүддесін қолдайтын басты саяси субъекті ретінде бірігу қажеттілігін түсінді. Сондықтан «Ортақ іс бір-біріне деген адалдық антымен дәріптелді» және бұл жерде «әскер басы ретінде Әбілхайыр тандалды. Дәстүр бойынша құрбандыққа шалынған ақ боз ат болашақ табыс кепілі ретінде қабылданды». Қазақтардың осыдан кейінгі жеңімпаз шеруін Боролдай және Қошқар-Ата өзендерінің басында «Үлкен Орда қонған» және «Кіші Орда қонған» шатқалдарының атауларынан; Әбілхайыр сайының атауынан (Әбілхайыр ханның аты бойынша) көруге болады. Ақырында «Аңырақай»

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

деген атаумен белгілі Балқаш көлінің оңтүстік-шығысында орналасқан жерде орасан зор қанды қақтығыс орын алды. Бұл шайқаста қазақтар ең жарқын жеңістеріне қол жеткізді, бұл жеңіс әлі де ел есінде.

1730 жылға дейін үш Жүз қазақтары іргелесіп ортақ жауға қарсы жұмыла күресті. Әбілхайыр әскер басы болып қала берді. Дәл осы кезде белгісіз бір оқиға сұлтандар арасына жік келтіріп, бөлінуді өрістей түсті. Әбілхайыр басшылық еткен Кіші жүздің бір ұлысы және Сәмеке басқарған Орта жүздің бір ұлысы майданды тастап, орыс шекарасына кетіп, сол жақта Ресейдің қоластына кірді. Әлі де болса қаһарлы Қоңтайшы алдында қазақтың болашақ тағдырын шешуге байлам жасалмаған еді. Бұл міндетті абыроймен Абылай хан шешеді. Қайтыс болған Болат ханның орнына Хан сайлануы көпшіліктің таңдауы Әбілмәмбетке түседі. Бәлкім, сұлтандар арасындағы қайшылық осы болған шығар. Әбілхайыр және Сәмеке «істері еленбеген» деп сезініп, Ресейге көшіп кетіп қалады. Қазақтардың «ортақ ісі» осылайша бұзылды.

Орыс патшасына жүгінуді Әбілхайыр мүмкін әскери-саяси одақтас ретінде бағалады. Мәскеу үкіметі мұны өзгеше, жоғары «патша қоластына» қабылдау туралы сұраныс деп түсінді. Келіссөз барысында орыс билеушілері қазақ билеушілерінің (оның ішінде Азияда) Ресей қоластына кіру мәселесіне деген көзқарастары Еуропаға қарағанда басқаша екендігін кейін түсінеді. XVIII ғасырда хан жалғыз билік иеленуші болған жоқ. Мұндай тәртіп «Жеті Жарғының» тармақтарының бірінде бекітілген, атап айтқанда былай делінген: «Хан барлық сұлтандар, ақсақалдар және ру басшыларымен қатар күзде халық жағдайын талқылау үшін жиналады». Оның үстіне билеуші ханның берген анты оның мұрагерлеріне ешқандай міндеттемелер жүктемейді. Патшаға келгенде А.И. Тевкелев «қазақтардың көпшілігі Ресей қоластына кіру туралы естігісі де келмеді» деп баяндады. Осыдан кейін тағы да бірнеше орыс-қазақ кездесулері орын алады. Бірақ бірқатар себептермен Қазақстанның Ресейге «қосылу» процесі XIX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін созылады.

Данышпан мәмілегер және көршілермен қақтығысты оңтайлы жүргізген Абылай қазақ мемлекеттілігін сақтап қалу мен оны нығайту саясатын жүргізді. Ол, 1748 жылы Ресейдің ұсынысымен жарлыққа қол қойса да, 1756 жылы Қытайдың да жарлығында қол қойды. Осыған қарамастан Абылай тұсында Қазақ хандығы дербестігін сақтап қалды. 1755 жылы Абылай жоңғарларды жеңіп шығады. Сол жылы Амурсана хонтайшының қытайлықтарға қарсы көтерілісі орын алды. Көп ойланбай, Қытай императоры жоңғар халқын жою бұйрығымен өз әскерін жібереді. Шынында, қытайлықтар жасы мен жынысына қарамастан 1 миллионға дейін жоңғарларды өлтірді. Осы кезде батыстан оларға Абылай шабуыл жасады. Амурсана Ресейге қашып, сол жерде шешектен қайтыс болады (1757). Жоңғарларды жойғаннан кейін Абылай өз халқын шығысқа апарып, Алтай

тауларына және Құлжа қаласының (қазіргі Синь-Цзянь) аймағына дейінгі ауқымды кеңістікті басып алады.

2. Қазақ Ордасы тұтас қала ма, жоқ әлде ұтыла ма, осы мәселе ғана маңызды болған Мәскеу үшін бұл шайқастың нәтижелерін қалай қалтырап күткендерін елестетуге болады. Өйткені Петр I өзінің шығыс саясатында Қазақстанға үлкен мән берген: «барлық азиялық елдер мен жерлерге осы орда кілт және қақпа; және осы себептен осы орда Ресейдің қоластында болу керек, тек сол арқылы азиялық елдермен қатынас жасау үшін және Ресейлік жаққа пайдалы және қабілетті өлшемдер алу үшін». Сібірді отарлау тәжірибесі және азиялық доктрина жасалуы жалпы Ресейдің барлық кейінгі шығыс саясатына әсерін тигізді. Дәл Қазақстанға тиісті Ресейдің азиаттық доктринасының мағынасы мынада болды: тек Қазақстан далаларына билікті бекіту ғана емес, орыс иелігінің шектерін Үндістанға дейін кеңейту. Ең ақырында осылай болып шықты. Дегенмен бұл саясаттың жүзеге асырылуы өте көп уақытты талап етті. Сондықтан Қазақстанның Ресейге «қосылуы» Сібірдің қосылуына қарағанда басқа жолмен жүзеге асырылды. Енді тағдыр еркімен екі әлемнің – Ресейдің отырықшы-егіншілік мәдениетінің және Қазақстанның көшпелі өркениет әлемінің тарихи кездесуі алда тұрған. Біздің кейінгі баяндауымызда келесі мәселе қойылады: «қосылудың» жұмбақ мәселесіне объективтілік тұрғыдан қарау.

Көшпелі қоғам сыртқы әлемге қатысты әрқашан белсенді әрекеттестік күшті білдірген. Тіпті «нефритті жол да» ізсіз өткен жоқ. Сібір археологтары оның да іздерін тіркеген. Алтайдан Еуропаға апаратын жол болған (Саян тауларының сілемдерінде осы сирек кездесетін тастың бай кен орындары белгілі. Оның үстіне нефрит минералы түркілерде ерекше құрметке ие болған). Бұл табылғандар өте көне заманның өзінде Шығыс пен Батыс арасындағы өзара қатынасы мен өзара ықпал етуі бақыланатын маршруттар (нефрит жолы) белгіленгені туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Көшпелі өркениет үшін *ат* толығымен номадтың қанына сіңіп, сүйегіне біткен және оны кеңістікке шығарған. Номадтар өздерінің «ат үсті» өмір салтына арнайы киім жасаған – **шарвар** және **етік**. Үзеңгілері бар ер-тоқым, етіктің өкшесі және көптеген басқа әбзелдер «атты ерттеп» **әлемді** игеруге бой ұрған елдердің бірі. Географиялық ашылулар салт атты халық үшін жаңа *мүмкіндіктер* мен *серпіліс* күшін беріп отырды. Отырықшы елдердің көшпелі елдермен өзара әрекеттестікке түсуі әрқашан теріс жағынан көрінген жоқ. Мұндай жағдайлар екі жаққа да әрқашан белгілі пайда әкелген.

Дегенмен бұл қатынастар (саяси жоспарда) келесі шараларды да туындатқан, яғни бағыныштылыққа және тәуелділіктің түрлі формаларына. *Жаңа заманға* дейін бұл келісімдер (отырықшы елдердің көшпенділерге тәуелділігі) негізінен жанама басқару саясатын қолдаған. Отырықшы қоғамдардың көшпенділерге тәуелділігінің әр түрлі формалары XV ғасырдың соңына дейін орын алды (1480 жылы Сарайдың күйреуіне дейін). Көшпелі өркениет негіздерінің (империялық құрылымның) күйреуі, жаңа заман

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

дәуірінде отырықшы мемлекеттер пілтелі мылтық пен зеңбіректі ойлап тапқанда (техникалық жоспарда) және Жібек жолы өз маңыздылығын жоғалта бастағанда ғана (номадтар өмірін қамсыздандыру көзі ретінде) отырықшы мемлекеттер көшпенділерден «қорғалу» жағдайын тапты. Теңіз жолдарындағы Ұлы географиялық жаңалықтар және сауда жолдарының ауыстырылуы керуендік саудаға соққы жасады (негізгі қорлардың бірінің жойылуы). Осы аталғанның бәрі көшпенділерді жеңуге және бірте-бірте өзіне қаратып бодандыққа айналдыруға жағдай жасады.

XVI-XVII ғасырларда Мәскеу иелігінде Қазақ мемлекетін Казак Ордасы деп атаған. XVII ғасырға дейін Мәскеу мемлекетінің Қазақстанмен ортақ шекарасы болған жоқ, ол Ноғай Ордасымен Қазан және Астрахан хандықтарымен бөлінген болатын. Алтын Орда күресі басталды. Ең бірінші кезекте Мәскеу мемлекеті және Қырым хандығы болған (олар өз тағдырын Осман империясымен байланыстырған), бұларға ноғай және башқұрт мырзалары, қазақ және сібір хандары әр түрлі дәрежеде құмар болды. XVI ғасырда Мәскеу Алтын орда мұрасына деген дауды жеңе бастады. Қазан және Астрахан әулеті арасындағы көпжылдық күрес Иван Грозныйдың Қазанды (1552) және Астраханды (1556) жаулап алуымен аяқталды. 1598 жылы Сібір хандығы Мәскеу патшалығының құрамына енеді. Осыған ұқсас жағдай Ноғай Ордасында да пайда болды. Билікке үміттенушілердің ағайынды Смайыл және Жүсіп - өзара тартысында орыс ықпалын қолдаушы Смайыл жеңді. Оның жеңісінің нәтижесінде Жүсіп қаза болып, ноғай руларының бір бөлігі Қырым, Қазақ және Сібір хандығының шегіне көшіп кетеді. XVI ғасырдың ортасына қарай Хакк-Назар хан Ноғай Ордасының ыдырауын пайдаланып, өз билігін ноғайлар мен башқұрттарға таратып, «қазақтар, ноғайлар, башқұрттар және қырғыздар» ханы атанған. Бірақ XVII ғасырдың басында Жайық өзенінің құйылысында қазіргі Атырау қаласынан шамамен 60 шақырым жерде XIII ғасыр басында Жошы ұрпақтары негізін салған Сарайшық қаласы орталығы болған ноғайлықтардың саяси мағынасы жойылады. Қақтығыстармен ойрандалған ноғай жері ноғайлықтар топтарының және княздері жоқ орыс қаңғыбастарының паналайтын жеріне айналды. Кейін олар патшалы Ресейдің *ерекше әскери әулеті* ретінде *казактар* жүйесі құрылады. Жоңғар елінен қалмақтар қоныс аударып келгенде, Ресей олармен одақтасып, солардың көмегімен Қырымды жаулап алады. Қырымда Жошы ұлы Тоқай-Темірдің ұрпақтары Керейлер әулетінің иелігінің аяқталуы 1783 жылға қарайды. Енді XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Еуразия кеңістігінде ресейлік дәуір орнайды. Еуразия кеңістігінде түркі-славян (VI-XV ғғ.) орнына – орыс-түркі (XVI-XX ғғ.) бірігу дәуірі басталады.

XVI ғасырдың соңғы ширегінен бастап Ресейдің шығыс саясатында *казактар* бағаланбас рөл атқарды. Тарихнамада казактардың шығу тегі мен рөлі әр түрлі бағаланады. Орыстар үшін олар оның көмегімен Ресей империясының кеңістікте кеңейілуі заңды деп танылған күш деп бағаланды.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Шынайы деректерге сүйене отырып, казак институтының шығу тегі түркі негізін растайды. Әскери міндеттерді атқаратын «татарлар» деп аталған ресейлік азаматтар болып кеткен қазандықтар, астрахандықтар және ноғайлықтар Мәскеуге Сібірді және Қазақстанды иеленуде көмектесті.

Ескерту. *Казактың өмір салтын белгілеу үшін арнайы термин қолданылған – казачество, казакование немесе казаклык. Бірақ мұнда ол этникалық емес, әлеуметтік процестер негізі болды. Мұнда казактардан қалыптасқан «қоғамдар» ең бірінші кезекте өздерін **еріктілер** деп санады. Казак қауымдарының этникалық құрамында «түркілер» басым болған. Уақыт өте келе түркілер орыстанып кетеді. Сонымен, казактар – бұл өзіндік түркі-славян-кавказдың этникалық симбиозы. Бұл тұрғыда Ермактың казактар тобыры ерекше болған жоқ. Сонымен, казактар қалыптасуына түрлі этникалық топтар қатысып және онда түркі бастамасы салмақты болғанына қарамастан, дегенмен бірте-бірте ол орыстана бастайды. Мұның себебі Ресейдің казактарды жиі қызметке шақырғандығында. Казактардың орыстануы олардың күнделікті өмірінде түркі мәдениетінің ауқымды қабатының сақталуына кедергі келтірген жоқ. Көпшілік казактар үшін орыс тілімен қатар «түркі» тілі дағдылы болған. Тіпті ХХ ғасырдың басында казактар орыс халқының бөлінбес бөлігі және Ресей мемлекеттілігінің берік тірегі болғанның өзінде Ресей империясының казак жасақтарындағы казактардың көпшілігі түркі тілдерімен сөйлеген. Еске сала кететіні, ол кезде қазақ казакка «тамыр» деп айтатын, бәлкім басқаша айтқанда «шығу тектеріміз жақын» дегенді білдірген шығар. Бірақ олар үшін ең бастысы Ресей империясының **ерекше сословиесына** тиесіліктері маңызды болған.*

Қалай болғанда да «Сібірдің қосылуы» айтарлықтай дәрежеде түркі қолдарымен орындалды және біздің ойымызша Ермак оның көрнекті дәлелі. «Әскери міндеттегі татарлардың» еңбектерінің нәтижелерінде Ресей Азия түкпірлерін, яғни Сібірді жемісті бағындырды. Жаңа Сібір елдерін әр сәтті бағындырудан кейін мәскеулік приказда істеуші адамдар келіп, жаңа жердің орыс мемлекетіне қосылатындығы туралы хабарлайтын. Осылайша Сібірдегі қалалардың негізі салынған: 1587 жылы Тобол, 1607 жылы Енисейск, 1628 жылы Краснояр, 1632 жылы Якутск, XVII ғасырдың 50-шы жылдары Амур бассейні. 1689 жылы Ресей мен Қытай арасында «Нерчин трактаты» жасалды. Келісім бойынша Солтүстік Азия бойынша жер бөлінуі жүзеге асырылды.

Петр I басқаруы басталысымен-ақ Ресейдің шығыс саясатының жобасында айтарлықтай түзетулер жүзеге асырыла бастайды. Бірақ «Азиаттық доктрина» саясатын жүзеге асыру үшін көп уақыт қажет болды. Сондықтан Қазақстанның Ресейге қосылуы Сібірдің қосылуына қарағанда басқа жолмен жүргізілді.

3. XVII-XIX ғасырлар бойында Ресей мен Қазақстанның өзара қатынастарында эволюцияның келесі түрлері орын алды: көршілес Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

катынастар мен әскери-саяси одақты іздеуден Қазақ жерлерінің Ресей империясына қосылуына дейін. Қысқаша айтқанда, XIX ғасырда екі дүниенің бір державаға бірігуі Ресей державасының геосаяси бағыттылығын бейнелейді. Ресей Қазақ даласын Шығыста өз сауда-экономикалық және саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды стратегиялық плацдарм ретінде көздеді.

Қазақ жүздерінің Ресейдің қоластына кіру уақытын екі негізгі кезеңге бөлуге болады: I – жанама қосылу кезеңі (1731 – XIX ғ. 20-шы ж.); II – нақты қосылу және отаршылдық бағыну кезеңі (XIX ғ. 30-60-шы жылдары). Бірінші кезеңде орыс үкіметі протекторат институтын қолданды, яғни Қазақстан, әскери бекіністер желісімен қоршалғанына қарамастан, Ресей империясының шегінен тыс, тәуелсіз болып қала берді.

XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап, Қазақ даласын бағындыру және оның Ресейге қосылуына бағытталған белсенді шаралар қолданыла бастады. Ресейдің Қазақстанға тиісті саясатының бағдарын өзгертуіне орта азиялық фактор әсер етті (Англияның және Ресейдің мүдделерінің қайшылығы). XIX ғасырдың 30-60 жылдарында өткізілген бірқатар әкімшілік реформалар мен әскери акцияларының нәтижесінде Қазақстан толығымен ресейлік басқару жүйесіне енгізілді. Қазақстанда саяси ұйымдастыру жүйесі, яғни қазақ мемлекеттілігі жойылды және ресейлік отар басқару органдары енгізілді. Ұлы Дала Ресей империясының шет аймағына айналды. Енді Ұлы Дала көшпенділеріне өз шаруашылық тұрмыстары мен қоғамдық өмірлерін өзгертуге тура келді.

8-тақырып. XIX ғ. және XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғғ. басы) (1сағат)

1. Патша өкіметінің отаршылдық реформалары: хандық биліктің жойылуы, Отарлық басқаруды орталықтандырудың күшеюі.
2. Ресейдің қазақ даласын сауда айналымына айналдыруы. XIX ғ. 80-90-жж. реформалар. Өлке өміріндегі әлеуметтік- экономикалық өзгерістер.
3. XVIII – XX ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы.
4. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар. 1916 жылғы көтеріліс.

СӨЖ тапсырмалары:

1. 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару туралы» Ережеге сәйкес Қазақстан аумағындағы әкімшілік-соттық реформаның енуінің шиеленісін ашыңыз.
2. XIX ғасырдағы ақындардың шығармашылықтарындағы қазақтың ауызша традициясын пайдаланудағы ерекшеліктерін жазу.

3. Кіші Жүз аумағындағы 1837-1838 жылдардағы көтерілісті жазу.

4. Қазақстан аумағындағы сұлтандар қозғалысының себептері мен сипатын ашыңыз.

5. XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы аграрлық қозғалыстың себептерін ашыңыз.

6. Қазақстандағы заводтар мен фабрикалардағы жұмысшы қозғалысының себептерін ашыңыз.

7. Бірінші дүниежүзілік соғыстың Қазақстан экономикасына әсерін көрсетіңіз.

1. XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап, Қазақ даласын бағындыру және оның Ресейге қосылуына бағытталған белсенді шаралар қолданыла бастады. Ресейдің Қазақстанға тиісті саясатының бағдарын өзгертуіне орта азиялық фактор әсер етті (Англияның және Ресейдің мүдделерінің қайшылығы). XIX ғасырдың 30-60 жылдарында өткізілген бірқатар әкімшілік реформалар мен әскери акцияларының нәтижесінде Қазақстан толығымен ресейлік басқару жүйесіне енгізілді. Қазақстанда саяси ұйымдастыру жүйесі, яғни қазақ мемлекеттілігі жойылды және ресейлік отар басқару органдары енгізілді. Ұлы Дала Ресей империясының шет аймағына айналды. Енді Ұлы Дала көшпенділеріне өз шаруашылық тұрмыстары мен қоғамдық өмірлерін өзгертуге тура келді.

1822-1824 жж. Жарғысымен көшпелі мемлекетті басқарудың саяси институты жойылды, 1867-1868 жж. *Уақытша ережемен* рулық институттарды жоюдың шарттары жасалды. Логутов былай деп жазады: «Бұл уақытқа қарай (XX ғ. басы) кезінде қаһарлы қазақ одағы ыдырап, ал 1822 және 1868 ж. орыс заңдары қазақтардың өзін-өзі басқаруын толығымен жойды. Хандар билігі қысқартылды, қазақтар енді рулық белгілері бойынша емес, аймақтар бойынша бөлінді, ал олардың басқарылуы «қазақтардан шыққан бастықтарға» берілсе де, олар Ресей үкіметінің қол шоқпарлары болды» (Қазақтардың рулық тұрмысының очеркі және бұрынғы Семей губерниясының аймағындағы қазақ руларының бөлінуі. М., 1929.). Дәл осы қайғылы кезеңнен қазақ өнегесінің төмендеуі басталады, халық бұл дәуірді *Зар Заман* деп атады. Дегенмен бұл қоғамның ұйымдастырылуы, қызмет етуі, басқарудың түрі мен мазмұны өзгертілсе де, рулық принцип өз мәнін сақтап жойылған жоқ. Бұл феномен туралы Гейнс былай деп жазды: «не алыс туыстық, не ұрпақтар ыдыраңқылығы, не ішкі келіспеушіліктер еш нәрсе ортақ рулық шығу тегі туралы естеліктерді жоя алмады» (Әдеби еңбектер жинағы. СПб., 1898.).

Тіпті отарлық шенеуніктердің өздері қазақ қоғамының құрылымдық жүйені жою мақсатында рулық принциптеріне көбірек көңіл бөлді: «1867 ж. қабылданған Ережелерде қазақ руларын бөлу мақсатымен көшпелі халықты болыстар мен ауылдарға бөлу қажеттілігі ұсынылды, өйткені рудың және ру басшысының қоластында біріктірілу саяси тұрғыда Ресейге зиянды деп танылды». Қазалы уезінің бастығы генерал-губернаторға жіберген есеп

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

хатында жазғаны: «күшті туыстары бар қазақтардың тұрмысы ауқатты болады, өйткені қиын сәттерде байлар өздерінің кедей туыстарына көмектеседі және жиі жағдайда олар үшін салықтарды төлейді, ал кедейлер өз кезегінде оны еңбекпен қайтарады. Бұл рулық басқару әлі де өз мәнін жоғалтпағандығымен және қазақтардың арасындағы ру басының ықпалы орыс әкімшілігінен де жоғары болғандығымен түсіндіріледі» (Гродеков Сырдария облысының қырғыздары. Ташкент 1889.). «Бұл ру маңында халықтың барлық экономикалық және әлеуметтік өмірі шоғырланған уақыт болды, өйткені қазақ одағында тек ру ғана дербес құқықтық бірлік ретінде танылған және тек соның құрамына кіргендер ғана қажетті ұжымдық қолдауға ие болған» - деп жазады Логутов.

XIX ғасыр бойы жүргізілген бірқатар отарлық реформалардан кейін және XX ғасырдың басында рулық құрылымдарды жоюға бағытталған күшейтіліп өткізілген қоныс аудару саясатынан кейін орыс үкіметі қазақ өркениетінің дәстүрлі институтының жасытылуына қол жеткізді. Жер мен кеңістікті еркін иеленіп, мүдделерін табысты қорғаған Қазақ қоғамы бірте-бірте субъективті психологиялық күйзелу дерегіне айналды. Бұл құбылысты Румянцев былай деп жазған еді: «Қазіргі бейбіт қазақты көріп, кезінде қаһарман жауынгер және дамылсыз ата-бабалар ұрпағы деп елестету қиын» (Румянцев. Өткен және қазіргі замандағы Қырғыз халқы. СПб., 1910ж.).

«Ережелер» аумақтық ұйымдарды енгізді, әрбір құрылымға белгілі аумақтарды бекітті, осы арқылы құрылымдық байланыстың екі әр түрлі және карама-қайшы түрлерінің енгізілуіне негіз салынды. Патша үкіметінің жерді өз қажетіне пайдалану мен иелену жүйесін жаңадан енгізуі дәстүрлі жерді пайдалану жүйесінің бұзылуына әкелді. Ол, өз кезегінде қазақ қоғамының шаруашылық және әлеуметтік жүйесін де бұза бастады.

Қазақ жері Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды, енді орыс өкіметі оны жаттандыруға заңды құқық алды. Дәстүрлі билік құқықтары жойылды, барлық ресми билік орыстың шенеунік аппаратының қолында шоғырланды.

2. Сословиелік жеңілдіктер алынғаннан кейін қоғамдық қызмет бойынша жоғарлатылу құқығын тек *байлық* ғана кепілдендіретін. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап *ақсүйектің* орнына *бай болу* үстем топтың негізі болды. Сондай-ақ, орташа топтың ыдырау процесі күшейіп, кедейлердің пайда болу процесі орын алады. Дәстүрлі шаруашылықтардың ыдырауы қауымның кедейленуін тездетті. Оған келесі факторлар себеп болды: біріншіден, тепе-теңді емес сауда айырбасы, екіншіден, жерлердің минимумға дейін қысқартылуы.

Тауарлық нарықтар таралған сайын барлық халық бірте-бірте тауар-ақша қатынастарына тартылды. Сауда дамуының ерекшелігі - өсімқорлық сипатта болды. Тауарлық өндіріс дәстүрлі қатынастарды бұзды: қайыршылануға, кедейліктің көбеюіне. Сауда капиталы дамымаған капиталистік нарықта қалыптасудың әсерінен ауыл саудагері мен өсімқор

байдың монополиялық жағдайын жасады, ол болса дәулеттілер мен кедейлер категориясының пайда болуына әкелді. Сауда қатынастарына қатысу дәрежесі бойынша XIX ғасырда үш категориялы құрылым құрылды: делдалдар (маклер), алып-сатарлар (агенттер) және дербес саудагерлер.

Жерлерді тартып алу нәтижесінде кәсіпшілікке кету процестері күшейді: балық, тұз, мұнай, тас көмір және мыс қорғасын кеніштеріне, кәсіпшілікке кету, көлікпен тасушылықпен айналысады. Әлеуметтік дамудың нәтижелерінің бірі жатақтар санының өсуі болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Ресей империясының отарына айналады. Дамудың іргелмелі-табиғи барысы үзілді. Өмір салты өтпелі сипаттармен сипатталды, кешенді шаруашылық қызметіне өту оның негізі болады.

3. Қазақстандағы ағарту ісін және мектеп білімін дамытуда XIX ғасырдың екінші жартысының маңызы орасан зор болды. Егер 60-шы жылдарға дейін Қазақстан аймағында негізінен дәстүрлі мектептер пен медреселер басым болса, ал осыдан кейінгі кезеңде еуропалық кейіпте орыс-қазақ мектептері құрылып, дами бастайды.

«Араб» мектебі деп аталған қазақ балалары қабылданған алғашқы мектеп Омск қаласында XVIII ғасырдың басында-ақ ашылған (1779ж.). Ішкі Ордада орыс-қазақ мектептерінің ұйымдастырылуы Бөкей Ордасында тұңғыш қазақ балаларына арналған училище ашылуымен 1841 жылы басталған. Қазақ балаларына арналған алғашқы зайырлық мектеп жеті жылдық оқыту мерзімімен 1850 жылы Орынборда ашылды. Ол қазақ мектептеріне арналған мұғалімдерді дайындайтын, 19 жыл ішінде мектеп мұғалім мамандығын алған 48 адамды дайындады. Олардың кейбіреулері аудармашылар болып жұмыс істеді. 1866 жылы үкімет қаулысымен 7 орыс-қазақ учаскелік мектеп ашылуына рұқсат берілді, ал 1896 және 1897 жылдары осындай 14 мектеп ашылды. 1868 жылғы «Ережемен» қазақ балаларына арналған орыс мектептер желісінің кеңейтілуі қарастырылды. Сондықтан бір қатар уезд қалалары мен ауылдарында ауылдық бір класты училищелер типті орыс-қазақ мектептері ашылды. Көп мектептер жанында интернаттар болды. Бастауыш мектептер мұғалімдерін дайындау мақсатымен 1883 жылы Орскте қазақ мұғалімдер мектебі ашылды. 1887 жылы Ырғызда, ал 1891-1893 жылдары Торғай мен Қостанайда қазақ әйелдер училищелері ашылды. Қазақстанда әйелдердің білім алуының басталуы осы жылдармен байланыстырылады. 1916 жылы Ішкі Ордада 78 мектеп жұмыс істеп, онда 1942 оқушы білім алды, оның ішінде 1224 оқушы қазақ болды.

XX ғасырдың басында Қазақстандағы халық ағарту ісі өте төмен деңгейде болды. Мемлекеттің халық ағарту ісіне жұмсаған шығындары өте төмен болды. Орыс балаларының 1/3 бөлігі ғана бастауыш оқытумен қамтылды, мектептер мен медреселерде оқытылған қазақ балаларының саны туралы анық мәліметтер жоқ. Бұлардың көпшілігі дәулетті отбасыларының балалары болды. Ауылдағы қазақ мектептері қазақтардың көшпелі өмір

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

салтына ыңғайланған болатын. Мектептегі сабақтар жазғы жайылымнан келгеннен кейін басталып, жазғы жайылымға көшкенде тоқтатылатын. Қазақстанның кейбір аудандарында балалар жаз кезінде де оқытылды: мектептер ауылмен бірге жайлауға көшіп баратын. Сондықтан, Қазақстанның әр түрлі жерлерінде оқу жылы әр түрлі болды. Мектеп жұмысындағы ең үлкен қиындық мұғалімдердің жетіспеушілігі болатын. Ауылдарда балаларды моллалар оқытқан. Мектептердің ең көбірек таралған типтері мектептер және медреселер - өлкенің ежелгі оқу орындары болған.

Түркістан өлкесінде қыздарға арналған мектептердің саны көп болатын. Әйел мектептерінде діни мәтіндерді оқудан басқа поэзия зерделенді. Мектептер мен жаңа медреселерді ашуға тек генерал-губернаторлар санкциясымен (көңіл аударыңыз!) «сенімді орыс азаматтарына» рұқсат берілетін. Мектептер мен медреселерде орыс цензурасымен рұқсат берілген баспа кітаптарын қолдануға рұқсат берілетін. Оқушылармен ұлты бірдей тұлғалар ғана мұғалім бола алатын. Оқу әкімшілігіне мектептегі сабақтар барысын және орнатылған ережелердің сақталуын бақылау жүктелетін. 1916 жылғы көтерілістен кейін барлық типті конфессионалды (діни) мектептер бақылануы күшейе түсті.

Дәстүрлі әлеуметтік-мәдени өмірдің күрт өзгеруі әр қырлы поэзияның туындауына мүмкіндік жасады, мұнда жоққа кеткен рухани бағалықтар жан жақты бейнеленді. М. Әуезов сол кезеңнің поэзиясын «қайғы дәуірінің поэзиясы» - «Зар-Заман» деп атады. «Зар-Зман поэзиясының» жарқын өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері Шоқанұлы және т.б.

Дулат Бабатайұлы (1802-1871жж.) қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданының аймағында туып өскен. Ол патша самодержавиесі басып алып, мемлекеттік аппарат құрылғаннан кейін, Қазақстанда отаршылдық езгіден кейін елді басқару жүйесінде орын алған ірі өзгерістердің (1822 және 1868 жж.) куәсі болды.

Осының барлығы ақынның көз алдында өтіп жатты. Сондықтан да ол осы жылдарда тек халық өмірінде ғана емес, елді басқарған тұлғалар психологиясында да орын алған өзгерістерді терең түсінді. Дулат өлеңдерінде ежелгі жерлері мен жайылымдарынан ажырап, толық кедейленуге ұшыраған елдің ауыр жағдайы нақты бейнеленеді, сонымен қатар, жаңа билік өкілдерінің халыққа жат теріс қылықтары батыл сыналады. Ақын Қазақстанға бұрынғы хан биліктің қайтып оралғанын армандайды, сол кезде халық мүдделері мен ел тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен Еспембет биді көкке көтеріп мадақтайды.

Мұрат Мөңкеұлының (1843 – 1906 жж.) шығармашылығы негізінен Батыс Қазақстанда орын алған оқиғалармен тығыз байланысты. Патша хан ұрпақтарына сыйға тартқан жерлерден басқа жердің барлығы Ресей мемлекетінің меншігіне өткенін, салықтардың көлемі өскенін, жаңа ережелерге қарсы көтерілісті бейнеледі. «Жиделі Байсын» және «Тескен тау»

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

- арман еткен өлкеге көшу идеясы тарала бастады. Ол халықтың өз тәуелсіздігі үшін, арман еткен өлкеге көшу үшін күресінде күшті жаршысына айналады. «Үш қиян» өлеңінде Мұрат қазақтардың Қазақстанды басып алу және отарлау жағдайындағы ащы өмірінің суретін бейнелейді. Бұл өлеңінде ол Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора және Исатай сияқты туған өлкесінде бақытты өмір сүре алмай, бұл өмірден бастарынан бақыт кешірмей өтіп кеткен қаһармандар туралы жазады.

Әбубәкір Кердері Шоқанұлы (1858 – 1903 жж.) өлеңдері де осындай тақырыпқа жазылған. Бұл өлеңдерде зар заман дәуірі келгеннен өзгерген адамдардың мінез-құлқындағы, өміріндегі жағымсыз құбылыстар – ежелгі дәстүрлерді сақтамауы, оларға немқұрайлы қарауы, жастардың үлкендерді сыйламауы және тағы басқалары соққыланады. Ақын адамдардың білім алуын және үйлесімді дамуын насихаттайды.

Қазақ халқының тарихында Шоқан Уәлихановтың (Мұхамед Қанапия) алатын орны ерекше. Шоқан дарыны тек ағартушылық майданда ғана емес, ғылым саласында да ашылды десе болады.

Ш. Уәлиханов өзінің ғылыми қызметін кадет корпусының тәрбиеленушісі бола тұрып бастаған. Ш. Уәлиханов Жалайырдың «Жамиғат тауарихынан» көлемді үзінділер алып, оның негізгі бөлімдерін алғаш рет орыс тіліне аударды, шығыс терминдерінің сөздігіне түсінік беріп, оны аудармаға қосымша берді. Ол Әбілғазының «Шейбани-намасынан», «Түркі шежіресінен» (И.Н. Березин басылымы бойынша) көлемді үзінділер жасап, осылардың негізінде кейіннен теориялық жағынан маңызды «Қырғыз шежіресін» жасады.

1856-1858 жж. Уәлиханов үшін ғылыми тұрғыда өсу жемісті болды. Бұл кезеңге оның Ыстық Көлге, Құлжаға, Қашғарға жасаған сапарлары туралы тамаша күнделіктері, «Құқотай-ханның өлімі», «Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы жөнінде естеліктер» жатады.

Шоқанның ғылыми еңбектері арасында оның Жетісуды, Ыстық Көлдi, Тянь-Шаньдi және Шығыс Түркістанды тарихи-географиялық шолуға арналған зерттеулері үлкен қызығушылық туындатады («Жоңғар очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар» және т.б.).

Ш. Уәлихановтың қазақ халқының тарихы мен этнографиясы бойынша зерттеулерінің, сонымен қатар, қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси қатынастарға тиісті мақалаларының маңызды ғылыми бағалығы бар. Бұл – «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Ежелгі замандағы қырғыздардың қарулануы және олардың әскери қару-жарақтары», «Шұна-батыр», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Даладағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы бақсылық туралы», «Қырғыздардың көшуі туралы». Ш. Уәлиханов бірқатар жұмыстарында тек тарихшы және этнограф қана емес, әдебиетші, публицист, тамаша сөз шебері ретінде көрінді. Оның қазақ халық поэзиясы және «Манас» қырғыз эпосы бойынша жасаған аяқталмаған зерттеулері өте қызықты.

Ш. Уәлихановтың күнделіктері кейде үлкен лирикалық

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

шегіністермен әдеби очерктер стилінде жазылған («Құлжаға сапарындағы күнделігі», «Қашқарияға сапарындағы күнделігі»). Бұл күнделіктерге табиғаттың бейнелі және көз тартатын сипатталуының халық өмірі туралы терең біліммен үйлесуі тән. Құлжа күнделігінде Батыс Қытай халықтарының тарихының негізгі кезеңдері, мәдениеті, тұрмысы, олардың ежелгі заманнан ХІХ ғасырға дейінгі мәдени өзара қатынастары көрсетілген. Ш. Уәлиханов сонымен қатар, Қазақстанды және Орта Азияны мекендеген халықтардың ауызша аңыздарын, сирек жазбаларын, нумизматика, сфрагистика ескерткіштерін, қолданбалы өнер үлгілерін қажымас жинаушы ретінде белгілі. Уәлихановтың Орта Азия және Шығыс Түркістан зерттеушісі ретінде ғылыми еңбектерін әлемдік ғылым мойындаған. Оның еңбектері орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінде басылып шығарылған. Бұл еңбектерді көптеген ғалымдар және олардың ішінде ең алдымен П. Семенов-ТяньШанский, И. Мушкетов, М. Венюков, Н. Аристов лайықты бағалады. И. Мушкетовтың белгілеуінше Уәлихановтың Тянь-Шань және Жетісу географиясы бойынша еңбектері «маңызды ғылыми қызығушылық туындатады және автор бойындағы кең білім мен сирек байқағыштықты аңғартады». «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану майданында жарқын метеор тәрізді жылт етіп өтті, - деп жазды белгілі ғалым Н. Веселовский. Орыс ориенталисттері оның тұлғасында феноменалды құбылысты мойындап, одан түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар күтті». Ресейдің ірі ғалым-шығыстанушыларының бірімен айтылған осы толқытатын сөздер Уәлихановтың еңбегіне деген көпшілікпен мойындалған баға болды.

Қазақтың ірі ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің қоғамдық ой тарихында көрнекті педагог-ағартушы және қазақи мектептер ұйымдастырушысы, этнограф, фольклорист, ақын, прозашы және орыс классиктерінің шығармаларының, атап айтқанда, Крылов мысалдарының аудармашысы ретінде кең танымал. 1860 жылы облыстық басқарма оған Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды және өзін орыс тіл мұғалімі ретінде тағайындады. Ағартушылық идеялармен жігерленіп, ол ауылдарды аралап, халыққа әлемдік білімнің мағынасын түсіндірді, оларды қаржы бөлуге насихаттады. Қазақ халқынан қаржы жинап, ол мектеп құрылысына кірісті. 1864 жылдың 8 қаңтарында мектептің салтанатты ашылуы өтті. Оқуға 16 ер бала жазылды. Мектеп жанында интернат ашылды. 1869 жылы Алтынсарин Торғай уезінің басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке тұрып, осыдан кейін уезд бастығының аға көмекшісі міндеттерін атқарды және уезд сотының міндеттерін уақытша орындады. 1879 жылы Торғай облысы бойынша мектептер инспекторы қызметіне тағайындалды.

Ы. Алтынсарин Қазақстанда әйелдердің білім алуының ұйымдастырылуының бастамасына көп еңбек сіңірді, оның қолдауымен осындай мектеп Ырғызда ашылды. Кейін интернаты бар әйелдер

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

училищелері Торғайда 1891ж., Қостанайда 1893 ж., Ақтөбеде 1896 ж. ашылды. Жалпы ол төрт екі класты орталық «орыс-қазақ» училищесін, бір қолөнерлік училище, бір әйелдер училищесін, бес болыс училищелерін, екі орыс балаларға арналған училищелер ашты. Оқу-қосалқы құралдар ретінде Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдеріне орыс педагогтары мен жазушыларының еңбектері мен оқулықтарын ұсынды. Орыс-қазақ мектептерінің оқушылары үшін оның өзі екі оқу құралын жазды: «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарды орыс тіліне үйретуде бастауыш нұсқаулық».

Ы. Алтынсарин жан-жақты білім алған тұлға болған. Оның ғылыми қызығушылықтарына этнографиямен айналысуда кірген. 1868 жылдың наурыз айында ол Орыс Географиялық Қоғамның Орынбор бөлімінің отырысында өзінің «Орынбор ведомствосындағы қырғыздардың құда түсу және той жасау салттарының очеркісін» оқып сөз сөйледі. Мақала көпшілікпен мақұлданып, көп ұзамай жарыққа шықты. Ыбырай Алтынсаринның қазақ халқының көрнекті ағартушысы ретіндегі еңбегін асыра бағалау мүмкін емес. Дәл осы тұлға әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу негіздерін салып, көшпелі дәстүрлердің күйреп жатқан жағдайында өзінің халқына жаңа тарихи болмысқа бейімделуде көмек көрсетті.

Абай Құнанбаев Семей облысының Шыңғыс тауларында дүниеге келген. 1886 жылы 40 жасқа толғанда Абай тамаша «Жаз» өлеңін жазады, өмірінің қалған жиырма жылы мазмұнды шығармашылық, ақындық қызметте өтеді. Абай өлеңдер, прозалы қара сөздер, «Ескендір», «Масғұд», «Әзім туралы аңыз» жазды.

Абайдың барлық шығармашылығы жалқаулық пен жалған ұятқа келіспеушілік идеяларына толы. Оның ойынша адамның мінез-құлқы тек қиындықтармен күресуде, сол қиындықтарды жеңе білуде шынығады.

XIX ғасырдың қазақ әдебиетінде көптеген ақындардың аттары белгілі. Олардың ішінде Жанақ, Шөже, Шортанбай, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржансал, Бақтыбай, Әсет сияқты белгілі ақындармен қатар Сара, Рысжан, Ұлбике, Тәбия, Ақбала деген ақын қыздардың аттарын атауға болады.

Музыкалық өнер. XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанда музыкалық өнердің өркендеу кезеңі болды.

Құрманғазы Сағырбаев (1806 – 1879 жж.) Бөкей Ордасының Жиделі шатқалында дүниеге келген. Оның 60-тан астам күйлері сақталған (кейбіреулері әр түрлі нұсқада). «Балбырауын» күйінде халық мерекесі беріледі; «Сарыарқа» музыкалық суреттемесі тындаушыларды туған даланың кең байтағына апарды. Басқа күйлері халықтың ащы тағдыры туралы толғандырады. Өзінің бірінші шығармаларының бірі «Кішкентай» күйін ол Исатай Таймановтың көтерілісіне арнады. Көтеріліс қатысушысы бола тұра, ол осы күйде халықтың феодал-байлардың езгісінен және отаршылдық кісенінен азаттану ынтасын нақтылы түрде көрсетеді. Байлар мен патша

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

шенеуніктері Құрманғазының әрекеттері мен шығармаларын қарсылық көрсетуге үндеу деп көріп, оның ізіне түсіп, түрмелерде қамады.

Дәулеткерей Шифаев та (1820 – 1887 жж.) көрнекті композитор болған. Оның қырыққа жуық күйлері сақталған. Олардың барлығы лирикалық мазмұнды, көрнекті және мәнерлі. Оларға форма қисындылығы, стиль тұтастығы тән. Патетикалық толықсу Дәулеткерейдің «Жігер» күйінде беріледі, «Бұлбұл», «Керілме» күйлері терең жүрек сезімдерін туындатады. «Желдірме» күйінен нағыз халықтық рухы сезіледі. Бұл халықтық дәстүрлі ат жарысын бейнелейтін әсерлі, ритмі бойынша шапшаң пьеса.

Тәттімбет Қазанғаповтың (1817 – 1860 жж.) шығармашылығы XIX ғ. аспаптық музыкасына қосылған ірі үлес болып табылады. Оның домбыраға арналған «шертпе» стиліндегі шығармалардың авторы және орындаушысы ретінде атағы шықты. Оның күйлерінің көпшілігі жалынды, лирикалық-көтеріңкі сипатта. Мұнда Тәттімбет туған өлкесінің сұлулығын дәріптеген – «Саржайлау», «Сары өзен», жануарлардың мінездері мен қылықтарының әдеби көркемделуін берді – «Ерке атан», «Бозайғыр» және т.б.

Ықылас Дүкеновтың (1843 – 1916 жж.) композиторлық дарыны мен орындаушылық шеберлігі қобыз классикасының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Эпостық аңыздар мазмұнының негізінде ол әдеби тұтастығы бойынша бірқатар көрнекті программалық күйлер жасады. Бұл «Қорқыт күй», «Қамбар күй», «Қазан күй» және т.б. Ықылас тәкаппар патша шенеуніктері мен байлар туралы сатиралық күйлер де жазған – «Жарым-патша», «Бес-төре». Ықылас күйлерінде өмір туралы, халықтың қайғы-қасіреті туралы толғаулар бейнеленген – «Жалғыз аяқ», «Жез киік».

Бүгінгі күнде қазақтардың рухани мұрасы, ең бірінші кезекте, оның дүниетанымдық мазмұны әлемдік тарих пен мәдениет контексінде қарастырылады. Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық пікір өз дамуында аяқталған формаға жетпесе де, қазақтың халықтық шығармашылығының озат өкілдерінің ғылыми және әдеби шығармашылығы терең философиялық идеяларға толы және сол замандағы қоғамның рухани ізденістердің бейнеленуі болып табылады.

4. XX ғасырдың басына қарай дала өлкесі отарланған шет аймақ құқығымен ресейлік мемлекеттің экономикалық және саяси қатынастар жүйесіне нық енді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында басталған құқықтық жағдайын рәсімдеу процесі аяқталды десе де болады. Сондықтан Ресей империясындағы кез келген саяси және тағы да басқа оқиғалар далалық түкпірлеріне бірден жететін.

Қазақстанда ақпан революциясының қарсаңында қазақ өмірінің жеке салаларында, оның құрылымында болып жатқан терең ішкі өзгерістерді дәлелдейтін жаңа құбылыстар туындай бастады. Әсіресе бұл өзгерістер, экономикалық өмірге қарағанда, жаңа қалыптасып жатқан қатынастарға қатты әсер ететін көшпелі қоғамның рухани өміріне тиісті болды.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы Ресей империясының қазақ және басқа да түркі халықтарының ұлттық санасының күрт өсуінің уақыты болды, бұл қоғамдық-саяси өмірдің белсендірілуінен, мәдени прогрестен, ұлттық тілдердің, әдебиет пен баспасөздің орнығуы мен дамуынан, реформалық қозғалыстардың (джадиды), жаңа идеологиялық тұжырымдамаларының (пантюркизм, панисламизм, пантуранизм) таралуынан көрінді. XX ғасырдың басына қарай қазақтардың мәдени және әлеуметтік-саяси шоғырлануы мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына шешуші ықпал еткен факторлар: жалпыресейлік сұлба бойынша басқару жүйесін бір ізге келтіру; орталықтандыру процестерін күшейту; сауатты және қазақ элитасының білімді топтарының қалыптасуы; қарқынды қоныс аудару саясатының нәтижесінде халық жағдайының нашарлауы; жер пайдаланудың дәстүрлі жүйесінің бұзылуы; жерлердің тартып алынуы. Бұл қоғамның ойшыл бөлігінің экономикалық, саяси, мәдени, оның ішінде діни құқықтары саласындағы төзуге болмайтын жағдайларды ұғынуын тездетті.

Патша өкіметі өзінің жоспарлары мен мәселелерін шешу үшін Дала өлкесінде білім мен мәдениет саласын кеңейтуге мәжбүр болды. Өйткені оған білімді мамандар, сауатты қосалқы шенеуніктер аппараты жергілікті тұрғындар санынан және арзан жалдамалы жұмысшылардан қажет болды. Қазақтың ұлттық зиялы қауымы сыртқы және ішкі факторлардың өзара ықпалдасуында өзінің орнығуын осылайша бастаған.

Құрамы мен бағыты бойынша, қоғамдық-саяси қызметінің сипаты бойынша зиялы қауым әр түрлі топтарды біріктірді, оның негізгі бөлігін әкімшілік өкілдері, дәрігерлер, мұғалімдер, адвокаттар құрды. Зиялы қауымның қатарлары көзқарастары мен әрекеттері бойынша айрықшаланатын. Олардың кейбіреулері социалистік идеяларды ұстанып социал-демократтар мен эсерлер қатарына қосылды немесе солармен бірігіп қызмет етті. Қазақтың зиялы қауымының ықпалы жағынан маңызды бөлігі либерал-демократиялық жолын ұстанды. Бұл негізінен даланың дербестігін айрықша түсінген өкілдері болды: Ә. Бөкейханов, Б. Қаратаев, Ж. Ақпаев, А. Байтұрсынов және тағы басқалары.

Панисламизм мен пантюркизм теориялық негіздерін идеялық қаруы ретінде ұстанған ұлттық зиялы қауым да қалыптасты.

Панисламизм – діни-саяси идеология, оның негізінде төмендегі түсініктер жатыр:

- әлеуметтік, ұлттық және мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, бүкіл әлем мұсылмандарының рухани бірлігі туралы;

- олардың жоғары дін басшысының (халифтің) қоластында саяси бірігу қажеттілігі туралы.

Олардың санасындағы және ұлт-азаттық қозғалыстағы мұсылмандық ынтымақтастық, «діндегі бірлік» идеясы түркі халықтарының туыстығы,

тағдырларының тарихи ортақтығы туралы түсініктер кешенімен тығыз шиеленіседі.

Еуразиялық кеңістіктік тұтастығы теориясы суперэтникалық «тұрандық» ортақтастыққа келтірілетін «тұраншылдық» идеяларында бейнеленген. «Тұран» түсінігі орал-алтай тілдік әулетінің барлық этностары жатқызылған «тұрандық» халықтардың арғы отаны ретінде қарастырылған. Түркі әлемі осы ауқымды «Тұранның» осі ретінде шамаланды – осыған сәйкес түркішілдік пен тұраншылдық шоғырланған көрінісі ретінде бейнеленді. Пантюркизм түрік тілінің парсы және араб тілдерінен келген сөздерден тазарту арқылы бір ізге келтіру бағытында алғашқы қадамдар жасады және пантюркизм идеологиясы Орталық Азиядағы патша өкіметіне қарсы көтерілістердің маңызды негізі болды.

Осы идеяларға негізделе отырып, ұлттық зиялы қауым өкілдері 1905 ж. желтоқсан айында Оралда бес облыстан сайланған делегаттарының съезін өткізді. Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясының мүшелері бола отырып жергілікті бөлімшесін құрды. Өйткені кадет партиясының бағдарламасы қазақи сана-сезімінің көзқарасына үндесіп сәйкес келді. Ұлттық мүддені қорғау қарқыны саяси түрде басталды деп айтуға болды.

1906 ж. ақпан айында Семейде қазақтардың екінші съезі өтті, ол кадеттерге жақын бағдарламаны мақұлдады, бірақ оған өлкеге крестьяндардың қоныс аударуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерлерін жергілікті халықтың меншігі деп мойындау, ұлттық мектептер ашу туралы және т.б. талаптар енгізді. Бұл саяси ағым Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Дулатов, Б.Қаратаев сияқты және басқа да қазақтың зиялы қауымының көрнекті қайраткерлерімен басқарылды. Олар дін тұту еркіндігі үшін, әсіресе үкімет пен жергілікті органдардың мұсылмандарға қарсы істеріне, ұлттық мәдениеттің дамуы, сонымен қатар, қазақ тілінің Қазақстанда басқа тілдермен бірдей таралуы үшін шықты.

Қазақстан халқының саяси санасын көтеруде саяси партиялардың сайлаушылар дауыстары үшін күресі өрістеген Мемлекеттік Думаға сайлау өткізілуі белгілі рөл атқарды. Ұлттық зиялы қауымның түрлі идеялық-саяси ағымдарының пікірін толық бейнелейтін «Айқап» журналы және «Қазақ» газеті болды.

1911 – 1915 жж. шыққан «Айқап» журналы (баспагері мен редакторы – Мұхамеджан Сералин (1871 – 1929 жж.) Қазақстандағы идеялық-саяси ойдың аграрлық-демократиялық бағыттарын көрсетті. Бұл журналда Ж.Сейдалинов, Б. Қаратаев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, Б. Майлин және басқада қызметтестер болды. Журнал беттерінде қазақ ауылындағы аграрлық қатынастар, ағарту және білім беру, ақша-тауарлық қатынастарының даму мәселелері ашылып, патша үкіметінің отаршылдық саясаты әшкереленді. «Айқап» журналындағы басты мәселе аграрлық мәселе болды. «Айқап» беттерінде ақша-тауарлық қатынастардың даму мәселелеріне, мал шаруашылығының қарқындылық мәселелеріне, қазақ шаруашылығының Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

нарықпен тығыз байланыстар орнатуына, кооперациялар ұйымдастыру қажеттілігіне ерекше орын бөлінетін.

1912 - 1918 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ» газеті либерал-демократиялық бағыттағы идеяларды бейнеледі. Бұл газетте Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов қызметтес болған. Басты аграрлық мәселеде олар жерге мемлекеттік меншікті (Ресей империясының) жою, оны қазақтар меншігіне беру, жерді сатуға тыйым салу талаптарын қойды. «Қазақ» газетінде экономикалық кеңістікте мал шаруашылығының рөлі туралы, мал шаруашылығын қарқындалту туралы, кооперативтік қозғалыс туралы мақалалар жазылды.

Жалпы, өлкенің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуы туралы көзқарастарының әр түрлілігіне қарамастан, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз беттерінде қазақ халқының жалпы ұлттық идеялары мен мүдделерін көрсете білді.

Революциялық өрлеу жағдайында Қазақстандағы социал-демократиялық ұйымдар мен топтар халық арасында саяси үгіт-насихатты белсендендірді. Азаттық қозғалыстың түрлі формаларының дамуына Бірінші дүниежүзілік соғыс кедергі келтірді.

Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы, халықтың жұтауы мен саяси тұрақсыздықты туындатқан соғыс заманының қиыншылықтары Ресейді 1917 жылдың ақпан айында революциялық жарылысқа әкелді.

Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы Қазақстанда үлкен шаттықпен қарсы алынды. Бүкіл Қазақстанда митинг, жиын, жиналыстар толқыны өтті. Патшаның биліктен бас тартуын және Ақпан буржуазиялық-демократиялық революция жеңісін қазақ қоғамының көсемдері жігерлікпен қарсы алды, өйткені олар тәуелсіздік алуға деген үміттерін байланыстырды. Ресейдегі ақпан революциясының басты өзгешілегі қос билік орнауы болып табылады: 1) жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңесі; 2) Уақытша үкімет.

9-тақырып. 1917 ж. Қазан төңкерісі, оның алғышарттары. Азамат соғысы (1918-1920 жж.) - халық трагедиясы. Қазақ кеңестік мемлекеттілігінің құрылуы (1 сағат)

1. Қазақстандағы «Соғыс коммунизм» саясаты (1918-1921 ж. наурыз).
2. Қазақстандағы ЖЭС, оның әлеуметтік-экономикалық нәтижесі.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Азамат соғысы тарихындағы Алаш Орда үкіметінің рөлін белгілеңіз.
2. Азамат соғысы жылдарындағы соғыс қимылдары тараған аймақтарды сипаттаңыз.
3. Кеңес үкіметінің мәдениет пен ғылым саласындағы негізгі жетістіктерін ашыңыз.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1. 1917 жылдың басында Россияда революциялық жаңа толқын көтерілді. Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны кеңінен насихатталды. Патша өкіметі бұқараның жаппай қарулануынан қатты сескене бастады. Революциялық дағдарыстың пісіп-жетіліп келе жатқандығы ұлт аймақтарында оның ішінде Қазақстанда да сезіне басталды.

1917 жылы 27 ақпанда Ресейде Ақпан буржуазиялық – демократиялық революция жеңіске жетті. Монархия құлатылып, Романовтар әулеті биліктен кетті. Бұл жағдайды Қазақстан халқы қуанышпен қабылдады. «Қанқұйлы Николай тақтан құлатылғанын білгеніміздегі біздің қуанышымызды айтып жеткізу қиын», - деп көрнекті мемлекет қайраткері Б.Алманов өз естелігінде жазды. Ә. Бөкейханов бастаған ұлттық демократия өкілдері буржуазиялық – демократиялық революцияны ұлттық қазақ автономиясын құратын сәт туды деп қуанышпен қарсы алды. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да қос (екі) үкімет орнады: уақытша үкімет (буржуазия үкіметі) және жұмысшы шаруа, солдат депутаттарының Кеңесі (советтер) құрылды.

Уақытша үкіметтің ұстаған бағыты-капитализмді дамыту еді. Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Кеңесі, социализм құру бағытын ұстанды. Буржуазиялық – демократиялық Ақпан революциясының жеңіске жетуі өлкедегі еңбекшілердің саяси белсенділігін өсірді. Қазақстанда Кеңестер 1917 жылы наурыз – мамыр айларында Семейде, Әулиеатада, Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Павлодарда, Оралда, Өскеменде, Атбасарда, Түркістан өлкесінде және тағы басқа жерлерде құрыла бастады. Жұмысшы табы мен солдат депутаттарының ізінше сәуір – мамыр айларында шаруа депутаттарының Кеңестері өз одақтарын құрды. Оларда көпшілік орынды меньшевиктер мен эсерлер алды. Уақытша үкіметтің қазақ өлкесіндегі жергілікті органдары 1917 жылы наурыз – сәуірде құрылды. Уақытша үкімет облыстарды басқаруға бұрынғы патша чиновниктерін және қазақтың ұлттық зиялыларын сайлады. Ә. Бөкейханов Торғайдағы Уақытша үкімет органдарының комиссары, М. Тынышбаев Жетісудағы Уақытша үкімет органдарының комиссары, М. Шоқай Түркістанның Уақытша үкіметінің комиссары болып қызмет атқарды. Ақпан революциясынан кейін ұлттық-либералдық қозғалыстың басшылары (Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және т.б.) қоғамдық – саяси дамудың маңызды мәселелері бойынша Уақытша үкімет жағына шықты.

Уақытша үкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Дегенмен де, Уақытша үкімет біраз шараларды жүзеге асырды:

1. 1917 жылы 14 наурызда – «Бұратаналарды» тыл жұмысына алу тоқтатылды.

2. 1917 жылы 20 наурызда «Азаматтардың дін ұстауына, дінге сенуіне, ұлтқа байланысты құқықтарды шектеудің күшін жою туралы» қаулы қабылданды.

3. 1917 жылы 5 мамырда – «Қара жұмысқа алғандарды еліне қайтару туралы», 1917 жылы 8 қыркүйекте – «Жетісу облысының 1916 жылғы көтеріліс кезінде зардап шеккен халқына қазынадан 11 млн. 150000 сом бөлу туралы» қаулылар қабылданды. (5 млн. сомы – жергілікті халыққа, 6 млн. 150000 сомы – орыс халқына).

Кеңес үкіметінің көтерген мәселелері:

1. Шаруаларға жер беру.
2. Жұмысшыларға – 8 сағаттық жұмыс күні.
3. Соғысты тоқтату.
4. Халыққа бейбітшілік беру.

Алайда, уақытша үкімет большевиктердің (Кеңестердің) көтерген мәселелерінің бірде біреуін орындамады. Сөйтіп, уақытша үкімет самодержавиенің аграрлық және ұлттық саясатын жалғастыра берді.

1917 жылы қазақ өлкесінде әртүрлі саяси партиялар мен ағымдар (қозғалыстар) құрылды. Тыл жұмысшыларының орыс жұмысшыларымен, солдаттармен қарым-қатынаста болуы олардың саяси санасының өсуіне ықпал етті. Верныйда – «Қара жұмысшылар одағы» (жетекшесі Жүсіп Бабаев), Сергиопольде (Аягөз) – «Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымы», Петропавлда – «Жас арбакештер одағы» құрылды.

Осы жылдары жастар ұйымдары құрылып, белсенді жұмыс жүргізді: Әулиеата мен Меркеде «Қазақ жастарының революцияшыл одағы», Ақмолада - «Жас қазақ» ұйымы, Петропавлда - «Талап» ұйымы, Спасск заводында - «Жас жүрек» ұйымдары құрылды.

Отаршылдыққа, империализмге қарсы күресті басқарушы, ұлт-азаттық қозғалыстардың идеологтары ұлттық зиялылар болды. Олардың басшысы Ә. Бөкейханов болды. Қозғалыстың белсенді мүшелері: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, М. Шоқай, Ж. Ақбаев, Ш. Құдайбердиев, Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев. Олардың мақсаты қазақ елін отарлық езгіден құтқарып, өз алдына ұлттық автономия құру болды. «Алаш» партиясы 1905 жылы пайда болған алаш қозғалысы негізінде 1917 жылы шілдеде құрылды. Осы жылдың сәуір айынан бастап Қазақстанда жер-жерде «Алаш» партиясының съездері өте бастады.

1917 жылы сәуірде Жетісу облыстық съезі өтті. Мұнда әлеуметтік, аграрлық, ағарту мәселелерімен қатар сырттан қоныс аудартуға жол бермеу, Қытайдағы босқындарды қайтару мәселелері талқыланды. 1917 жылы 27 сәуірде Семейде қазақтардың съезі болды. Онда ұлттық автономия құру мәселесі талқыланды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында жалпы қазақ съезі өтті. Қаралған мәселелер:

1. Мемлекеттік басқару формасы.

2. Автономия құру мәселесі.
3. Жер мәселесі.
4. Халық милициясын құру.
5. Сот ісі.
6. Дін мәселесі.
7. «Алаш» саяси партиясын құрып, оның бағдарламасын жасау.
8. Құрылтай жиналысын шақыру.
9. Қытайдағы 83 мың қазақ босқындары туралы.
10. Жетісудың ашыққан халқына көмек.
11. Халық ағарту ісі.
12. Земство

Осы съезде «Алаш» партиясын құрып, оның жұмыс істеу бағытын бекітті. 1917 жылы мамырда Бүкілресейлік мұсылмандар съезі болды. Мұнда соғысты тоқтату, ұлттық – аймақтық – федерациялық негіздегі демократиялық республика құру, әйелдердің еркектермен тең құқығы (оған 250 молда қарсы болды), көп әйел алушылық пен қалыңмалға қарсылық, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, міндетті және тегін жалпыға бірдей ана тілінде бастауыш білім беру мәселелері қаралып бекітілді.

1917 жылы 17 қыркүйекте Түркістан және қазақ мұсылмандарының съезінде «Иттифок-и-Муслимин» (тұңғыш мұсылман) партиясы құрылды. Мұнда «Түркістан Федерациялық Республикасы» парламенттік республикасының жобасы қаралды. 1917 жылы қарашада қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы құрылды. Алғашқы төрағасы М. Әйткенов болды. Кейіннен партия төрағасы қызметін Көлбай Төгісов атқарды. Партия орталығы Омбы қаласында орналасты. «Үш жүз» партиясы 1917 жылы екіге бөлінді, «Үш жүз» партиясының солшыл қанатын К.Төгісов басқарды. «Үш жүз» партия мүшелері Кеңестерді қолдап, қазақтардың жеке мемлекет құру идеясын ұсынды: «Үш жүз» партиясы Көлбай Төгісовтың редакторлығымен «Үш жүз» газетін шығарды. 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Семейде, Петропавлда, Қостанайда, Оралда, Өскеменде кадеттер (конституцияшыл демократтар) ұйымы құрылды, мақсаты:

1. Бөлінбес, біртұтас Ресей, конституциялық монархия құру.
2. Қоныстандыру саясатын қолдау.

1917 жылы көктемде - өлкеде эсерлер (социал-революционерлер) партиясы құрылды, мақсаты:

1. Жерді шаруаларға беру, «Жер бүкіл халықтың меншігі» ұранын көтерді.

2. Патша үкіметінің отарлау саясатын айыптау.

1917 жылы Ақпан революциясының тарихи маңызы :

1. Патша үкіметінің геноцид саясатын тежеді.

2. Ұлт саясатында бостандықты, халықтардың теңдігін қолдайтынын мәлімдеді.

3. Халықтың кейбір демократиялық бостандықтарға қолы жетті.

4. Буржуазиялық–демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы үшін алғы шарттар дайындады.

Кемшіліктері:

1. Ұлттық – аймақтық өзін-өзі билеу құқығын беруден тартынды.

2. Отаршылдық басқару органдарын жоймады⁷

3. Шаруаларға жер бермеді.

4. Империалистік соғысты жалғастырды.

1917 жылы қазан айында елде жалпы ұлттық дағдарыс қалыптасты.

Оның себептері:

1. Монархияның ауыр мұрасы.

2. Уақытша үкімет бітімі, 8 сағаттық жұмыс күні, ұлттар теңдігі мәселелерін шешпеді.

3. Елде жайлаған ашаршылық пен күйзеліс.

Петроградта 1917 жылғы 24-25 қазанда Ленин бастаған революциялық күштердің жеңіске жетіп, уақытша үкімет құлатылып, мемлекет билігінің Кеңестердің қолына көшкені туралы хабар бүкіл Ресейді ғана емес, дүниежүзін, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген оқиға болды.

1917 жылы 25 қазанның кешінде Кеңестердің Бүкілресейлік II съезі ашылды. Онда В.И. Ленин жазған «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға!» деген үндеуі қабылданды, бұл үндеуде бүкіл үкімет билігінің Кеңестердің (Советтердің) қолына көшетіндігін жариялады. Кеңестер съезі өзінің екінші мәжілісінде Бітім туралы және Жер туралы декреттер қабылдады. Бітім туралы декретте барлық соғысушы елдерді соғысты тоқтатып, әділетті бітім жасауға шақырса, Жер туралы декретте помещиктердің барлық жерлері конфискацияланып (тәркіленіп), барлық жер халықтың қолына көшетіндігін жариялады. Жер жалпы мемлекеттік меншікке айналды.

Қазан революциясының жеңісімен байланысты ұлттық проблемалар, бірінші кезекте ұлттық – мемлекеттік құрылыс мәселелері өткір талқылана бастады. Кеңес үкіметі ұлт саясатының негізгі принциптері Кеңес үкіметінің маңызды екі құжатында – Ресей халықтары құқықтары Декларациясы (1917 жылы 2 қараша) мен «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» үндеуінде (1917 жылы 20 қараша) жариялаған болатыны туралы айтылған.

Ұлт мәселесін шешудің әскери – коммунистік әдістері, большевиктердің унитарлы мемлекет құруға, тек Кеңестер негізінде ғана автономия беруге ұмтылуы ресейлік этностардың қайта өрлеуі үшін ұлттық факторды пайдалануға мүмкіндік бермеді.

1917 жылы қарашада Орынбор контрреволюциялық төңкеріс нәтижесінде атаман Дутов басқарған «Әскери үкімет» билікті қолына алды. 1917 жылы 15-22 қарашада Ташкентте болған мұсылман депутаттары Кеңестерінің өлкелік съезінде жаңа үкімет «Түркістан Халық Комиссар Кеңесі» орнады. Кеңестің 14 адамдық құрамында мұсылман өкілі болмады.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Кеңестің төрағасы Ф. Колесов: «Мұсылмандарды жоғарғы өкімет органдарына өткізу мүмкін емес, өйткені жергілікті халықтың бізге көз – қарасы белгісіз және олардың ешқандай пролетарлық ұйымы жоқ», - деп мәлімдеді.

1917 жылы 22 қарашада Қоқанд қаласында болған Бүкіл Түркістандық IV съезінде Түркістан автономиясы, яғни Түркістан үкіметі құрылғаны туралы жарияланды. Бұл үкімет кейбір деректерде «Қоқанд автономиясы» деп аталды. Алғашқы басшысы М. Тынышбаев, одан кейін басты қызметін Мұстафа Шоқай атқарды (1881-1941жж.).

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші бүкілқазақтық съезі болды. Съезді М. Шоқай басқарды. Съезде Алаш (Алашорда) автономиясын құру туралы қаулы қабылданды. Алашорданың 25 мүшеден тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрылды. Автономия орталығы Семей қаласында орналасатын болды. Алашорда үкіметінің төрағасы болып Ә. Бөкейханов сайланды. «Қазақ» газетінде «Алаш партиясының 10 бөлімнен тұратын бағдарламасы жарияланды. «Алаш» партиясының бағдарламасы:

- басқару түрі;
- автономия;
- азаматтың негізгі құқықтары;
- дін ұстану туралы мәселе;
- соттар туралы;
- қорғаныс;
- салық;
- жұмысшы мәселесі;
- халық ағарту;
- жер мәселесі.

Бағдарлама жобасының маңызы:

1. Сол кездің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, қазақ халқы дамуының балама жолын ұсынды.

2. Буржуазиялық – демократиялық, ұлт – азаттық революцияны аяқтауға бағытталған жолды көрсетті.

Билеуші партияға айналған большевиктер Алашордамен тіл табысуға болады деп санамады. Әр түрлі саяси күштердің билік жолындағы тайталасы басталды. Өлкеде Кеңес үкіметі орнатылды. Кеңес өкіметі орнауының екі түрлі жолы болды:

1. Өнеркәсіп орталықтары мен темір жолға жақын, жұмысшылар басым оңтүстік және солтүстік аймақтарда – бейбіт жолмен.

2. Сібір, Орал, Жетісу казактары мен офицерлер, кулактар біріккен контрреволюциялық күштер басым аудандарда – қарулы күрес жолымен.

Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары үкімет билігін 1917 жылғы 30 қазанда (29 қараша) өз қолына алды. Ол кезде бұл үлкен әскери гарнизон орналасқан ірі темір жол станциясы болатын. Бұл жерде Совет үкіметі бейбіт жолмен орнады.

Сырдария облысында Кеңес үкіметінің орнауы оның саяси – экономикалық және әкімшілік орталығы Ташкент қаласында 1917 жылғы 31 қазанда қарулы күреспен орнады. 1917 жылы қараша айының орта кезінде Кеңес үкіметі Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. Қараша – желтоқсан айларында Кеңес үкіметі Әулиеата, Түркістанда, Қазалы, Арал поселкесінде және облыстың басқа да ірі елді-мекендерінде қан төгіссіз бейбіт жолмен орнады.

Кеңес үкіметін орнату үшін Ақмола даласы мен Ертіс бойында табан тірескен шайқастар жүргізілді. 1917 жылы 12 қарашада Уақытша революциялық комитет құрылды. Төрағасы И.Д. Дубинин болды, құрамына Ғ. Ыдырысов, Я. Побелянский, К. Сүтішов, К. Рыжков және тағы басқалар кірді. Дегенмен, Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Семей, Өскемен өлкелерінде казак – орыс және офицер – старшина билеуші топтардың ықпалы басым болғандықтан Кеңес үкіметі үшін күрес біраз қиындыққа кездесті.

Семейде үкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына 1918 жылы ақпанның 16 – нан 17 – не қараған түнде көшті. 1917 жылғы желтоқсан – 1918 жылғы наурыз аралығында Кеңес үкіметі Торғай облысының орталығы Қостанай, Ақтөбе қалалары мен басқа да ірі елді-мекендерде орнады. Торғай облысында Кеңес үкіметінің орнауына А. Иманов, Қ. Қойдосов, В. Чеклиров, В. Зинченко және басқада күрескерлер елеулі үлес қосты.

1917 жылы қарашада Орынборда атаман Дутов контрреволюциялық төңкеріс жасап, үкімет билігі казактардың «Әскери үкіметі» қолына көшті. Атаман Дутовтың казактар тобы, Алашорда үкіметі, меньшевиктер Кеңес үкіметіне қарсы бірікті. Дутовшыларға қарсы күрес жүргізіліп шұғыл әскери көмек көрсетілді. Нәтижесінде 1918 жылы 18 қаңтарда Орынборда қарулы күреспен Кеңес үкіметі орнады. Оралда Кеңес үкіметі қиын жағдайда орнатылып, 1918 жылы 15 қаңтарда жеңіп шықты. Жетісуда Кеңес үкіметін орнату жолындағы күрес, контрреволюциялық күштерінің басым болуына байланысты 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Мұнда революцияны қолдаушылардың қосқан үлесі елеулі болды. Олардың арасында Т. Бокин, Т. Өтенов, Ж. Бабаев, А. Розыбакиев сияқты жергілікті халық өкілдері бар еді. Верный жұмысшылары Қызыл гвардия жасақтарын ұйымдастырды, әскери төңкеріс комитетін құрды.

Сөйтіп, наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верныйда әскери – революциялық (төңкеріс) комитеті басқарған күштер қала еңбекшілерінің қолдауына сүйеніп «әскери үкіметтің» тірегі болған қамалды, қару-жарак қоймаларын, почта-телеграфты және маңызды мекемелерді басып алды да, Верный қаласында Кеңес үкіметін орнатты. Кеңес үкіметі наурыз айында Жаркентте, Сергиопольда (Аягөз), Талдықорғанда, көкектің бас кезінде Лепсіде орнады. Сөйтіп, 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына шейін Кеңес үкіметі Қазақстанның көп жерінде жеңіске жетті, яғни Кеңес үкіметі өлкеде түгел орнап бітті.

Кеңес үкіметі жеңгеннен кейін Қазақстанда да ескі мекемелер, оның ішінде уақытша үкіметтің комиссарлары, отарлау чиновниктік - әкімшілік, қоныстандыру басқармасы, сот жүйесі жойылып, Қазақстанда жаңа үкіметтің басқару жүйелері құрыла бастады. Жергілікті жерлерде шаруа Кеңестері, халық шаруашылығы Кеңестері құрылды. Кеңестердің атқару комитеттері жанынан денсаулық сақтау, әділет, қаржы, ағарту, жер, өнеркәсіп бөлімдері ұйымдастырылды. Бұл шаралар Кеңес үкіметі жауларының қарсылығын туғызды. Сондықтан ішкі контрреволюцияға қарсы күресу үшін қазақ жерінде Бүкілресейлік төтенше комиссиясының (Б.Т.К) органдары құрылып, қызыл террор енгізілді.

1918 жылы 21 наурызда Орынборда Кеңестердің бірінші Торғай облыстық съезі басталды. Съезде жергілікті басқару жүйесі, әлеуметтік мәселелер жайында қаулы қабылданды. Бұл съездің қаулысы бойынша Алаш қозғалысының үнқағазы «Қазақ» газеті жабылды. 1918 жылы 20 сәуірде Ташкентте Түркістан Кеңестерінің V съезі болды. Бұл съезде құрамында Жетісу облысы бар Түркістан автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды.

Ұлтаралық қайшылықтар саясатын жоюда шұғыл шаралар белгіленді. Верныйда орыс – қазақ қатынастарын реттеу жөніндегі комитет құрылды. (Комиссардың орынбасары Т. Бокин) қазақ, ұйғыр, орыс қатынастарын реттеу жөніндегі комитет жұмыс істеді (Комиссардың орынбасары А. Розыбакиев.)

Кеңес үкіметі өлкедегі ірі өнеркәсіпті, банктерді, тасымал жолдарын мемлекет қарамағына алды. Кәсіпорындарда 8 сағаттық, шахталар мен кеніштерде 6 сағаттық жұмыс күні енгізілді. Капиталистер мен патша чиновниктерінің иелігіндегі 3,5 млн десятина жер кедей шаруаларға бөлініп берілді. Большевиктер «жоғарыдан» коммуналар мен ауылдарды көбейтуді жүзеге асырып, орташаларды социализмге күштеп енгізбек болды. 1918 жылы сәуірде Петроградта Семей облысына 200 отбасы орыс жұмысшылары көшіп келіп, ауылшаруашылық коммуналарын ұйымдастырды.

1918 жылы 17 мамырда «Суландыру жұмыстарына 50 млн. сом қаржы бөлу туралы» декрет қабылданды. Қазақстанда осы жылдары мәдени құрылыс бағдарламасы жүзеге асырылды:

- Мектептерде ана тілінде тегін оқыту енгізілді.
- Ақмола халыққа білім беру бөлімінің бастығы С. Сейфуллин болды.
- Бөкей облысының халыққа білім беру комиссары С. Мендешев болды.

Қазақ АКСР – ін құруға әзірлік жұмыстары жүргізіліп, Ә. Жангелдин Қазақстан Кеңестері құрылтай съезін шақыруды әзірледі. Алайда, қазақ АКСР – ін құру дайындықтары шетелдік интервенция мен азамат соғысының басталып кетуінен тоқтап қалды. Елде азық – түлік дағдарысы тереңдеп, азық – түлік диктатурасы енгізілді. Сібірге, Ақмолаға, Семейге, Қостанай уезіне азық – түлік отрядтары атандырылды. Олар Петроград және басқа орталық

аудандарға 6 млн. пұт астық жіберді. Түркістан Республикасының ашыққан халқына 200 вагон астық көмек берілді.

Экономикалық саясатта ақшасыз тауар айырбасы басты орын алды: көтерме – бөлшек сауда жойылып, азық – түлік комитеттері 1918 жылы көктемде Семейде, Ақмола облыстарында құрылды.

1918 жылы наурызда Торғай облыстық Кеңестер съезі болды. Онда: базарларда, көшелерде, пәтерлерде жеке саудаға тыйым салу қарастырылды. Саудагерлер тауарлары тәркіленіп, өздері ауыр жұмыстарға жіберілді. Халық шаруашылығының негізіне теңдей бөлу ұстанымын алған әскери – коммунистік саясат белгілері пайда болып, қанаушыларды байлығынан айыру, жеке меншікті жою әдісі енгізілді. Пролетариат диктатурасы және революциялық күштеу арқылы социализм орнату мүмкіндігі туралы бұрмаланған түсінік орнықты.

Жер мәселесін шешудегі жергілікті Кеңес органдарының қызметі бірнеше кезеңнен тұрды. Оның 1917 жылғы қарашадан 1918 жылғы жазға дейінгі кезеңінде жергілікті Кеңестер, жер комитеттері мен комиссарлары бос жерлерді, тәркіленген помещик иеліктері есепке алып, шаруалардың жағдайын анықтап, жерсіз, жері аз шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселесімен шұғылданды. Шаруалар қоныс аудару қорынан алынған жерлерді пайдалану ережелерін жасады.

Екінші кезең 1918 жылдың жазынан 1920 жылдың аяғына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл тұста жерді социализациялау жөніндегі шараларды іске асыруға әзірлік жұмыстары жүргізілді. Теңгермешілік негізінде жерді шаруалардың пайдалануына беру шаралары жүргізілді.

1921-1922 жылдарды қамтитын үшінші кезеңде жер – су реформасы іске асырылса, 1924 – 1927 жылдарды қамтитын төртінші кезеңде жерге орналастыру, шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары жүргізілді. Мұндай шараларды іске асыруда жеткілікті тәжірибенің жоқтығы, жергілікті кадрлардың түсінігінің кемдігі, сауатының жоқтығы себептері негізінде бұл революциялық шараларды іске асыру барысында асыра сілтеушіліктің, солақайлықтың, теріс әрекеттердің орын алғанын Кеңес үкіметіне сенімді азайтатын жайлардың болғанын да айтуымыз керек.

Қазан төңкерісінің жеңісі құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарсылығын тудырды. Буржуазия мен помещиктер казак – орыс офицерлерінің жоғарғы топтарымен, кулактармен және феодал байлармен бірігіп, елімізде орнаған пролетариат диктатурасына қарсы көтерілді, контрреволюциялық заговорлар мен бүліктер ұйымдастырылды. Еліміздің бірқатар аудандарында, әсіресе казак – орыс аудандарында Дон, Кубань, Орынбор, Жетісу және басқаларында, еліміздің шығыс, солтүстік және оңтүстік шеткері аймақтарында контрреволюция күштері Совет еліне қарсы жау ошақтарын құрып, Совет үкіметіне қарулы қарсылық көрсетті. Азамат соғысы ұзаққа созылып, шиеленісіп кетті, оның себебі Кеңес үкіметіне қарсы

күресіне шет елдер көмектесті (АҚШ, Англия, Франция, Жапония, Германия).

Интервенттердің негізгі мақсаты:

1. Большевизмді қоршауға алып, жою.
2. Антанта және АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысты соза түсіп, Ресейді әлсіретуді көздеді.
3. Кеңес үкіметінен монополистердің патша үкіметіне және уақытша үкіметке берген қарыздарын қайтаруды мақсат етті.
4. Кеңес үкіметі тәркілеген шетел капиталистерінің фабрика- заводтарын қайтаруды ойластырды.
5. Шетел империалистік мемлекеттер Орта Азия мен Қазақстанда экспансия жасау әрекетін де көздеді.

Сөйтіп, шетел мемлекеттер елдің ішіндегі төңкеріске қарсы күштерге дем берді. Осы мақсаттарына жету үшін, 1918 жылғы наурызда ағылшын, француз, америка әскерлері Мурманскіге, Архангельскіге енгізілді. 1918 жылы сәуір айында Қиыр Шығыста Жапон интервенциясы басталды. Нәтижесінде осы жылдың күзінде жапондықтар бүкіл Қиыр Шығысты жаулап алды. 1918 жылы герман империалистері Украинаны оккупациялады, Дондағы Ростовты, Таганрогты жаулап, Қырым мен Грузияға енді. Түркия Арменияны, Әзербайжанның көп бөлігін басып алды, ал ағылшындар Орта Азияны жаулауға әрекеттенді. Интервенттер Ресейге басып кіргеннен бастап ішкі контрреволюция күштерімен одақтасты. Ақ гвардияшыларды қару-жарақпен, қаржымен жабдықтады. Біріккен соғыс операцияларын жоспарлады.

1918 жылы мамырдың аяғында (25) Антанта елдерінің көмегімен Сібірдегі чехословак корпусының (30 мыңдай соғыс тұтқындары мен эмигранттар) офицерлері бүлік шығарды. Олар іштегі төңкеріске қарсы күштермен бірігіп, Новосибирск, Челябинск, Томск, Пенза және Солтүстік Қазақстанның Петропавл, Ақмола, Омбы, Атбасар, Павлодар, Қостанай, Семей қалаларын басып алды. К. Сүтішов, И. Дубинин, П. Калюжная, Ғ. Ыдырысов, К. Шугаев, П. Салов және тағы басқаларды азаптап өлтіріп, Өскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушаковты тірідей кемеңің оттығына тастап жағып өлтірді.

Оларға ақ гвардияшылармен бірге эсерлер, меньшевиктер және алашордашылар дем берді. 1918 жылы 29 наурызда ақ гвардияшылар Орал қаласын алды. Сәуірде оларға қарсы «ерекше армия» құрылды. Атаман Дутов 1918 жылы маусымда Орынборды басып алып, Қазақ өлкесін Орталық Ресеймен байланыстыратын темір жолды кесіп тастады. Алашорда үкіметі Орынбордағы Дутовпен, Омбыдағы Колчак басқарған Сібір уақытша үкіметімен, Самарадағы Құрылтай жиналысының Комитетімен («Комуч») одақтасып, Кеңес үкіметіне қарсы шықты. 1918 жылы тамызда Семей қаласында бірінші Алаш атты әскер полкі ұйымдастырылды. Дутовқа қарсы

барлық әскери қимылдарға жетекшілік еткен төтенше комиссар П. Кобозов болды.

1918 жылы қарашада генерал Колчак армиясы Жетісу бағытында операция бастап, атаман Анненков дивизиясы Жетісуды шабуылдады. Бұл кезде немістер Донбассқа қауіп төндірді. Краснов пен Деникин (генералдар) соғыс қимылдарын күшейте түсті.

1918 жылдың жазында Кеңес елі үшін ең басты Майдан – Шығыс майданы болды. Шығыс майданының жағдайы қиындауына байланысты 1918 жылы 2 маусымда Орынбор қаласынан Қызыл Армия бөлімдері кейін шегінуге мәжбүр болды. Осыған байланысты Ақтөбе майданы құрылды (1918 ж. шілде). Ондағы Қызыл әскерлерге Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Черняевск (Шымкент), Әулиеата және тағы басқа қалаларда құрылған шоғырлар келді. 1918 жылы шілде айында Жетісу майданы құрылды.

1918 жылы 29 мамырда «Міндетті әскери міндеткерлік негізінде еңбекшілерді мобилизациялау» туралы декрет жарияланды. Осы декреттен кейін әскери міндетті өтеуге еңбекшілердің белгілі жас мөлшеріндегілер шақырылатын болды. Сөйтіп, 1918 жылдың жазында ұлттық әскери бөлімдер ұйымдаса бастады. Алдымен Жетісуда, одан кейін Орынбор мен Орал қалаларында, Батыс Қазақстанда құрылды. Қызыл армияның құрамдас бөлігі ретінде 1918 жылдың күзінде Бөкей ордасында құрылған қазақ атты әскер полкінде Хамит Чурин, Ж. Сәрсеков, Х. Иманов, В. Жәнекешевтер болды. 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Ә. Жангелдин мен А. Иманов Торғайда екі атты әскер эскадронын кіші командирлер даярлайтын оқу тобын, пулеметшілер тобын, Ырғыз қаласында тағы бір атты әскер эскадронын құрды.

1920 жылы Түркістанда байырғы халықты әскерге тұңғыш рет күштеп жинау жарияланды. 1920 жылы наурызда Торғай облысында 6 мыңнан астам адам мобилизацияланды. 1920 жылдың басында Жетісу облысында 5,5 мың адамдық полктер құрылды. 1920 жылы мамырда 19 – 35 жастағы орыс емес ұлттардың 25 мың өкілі армияға шақырылды. Ә. Жангелдиннің экспедициясы Ақтөбе майданына қару – жарақ пен оқ – дәрі жеткізуде маңызды роль атқарды. 1919 жылы 22 қаңтарда Орынбор азат етілді, ал 1919 жылы 26 қаңтарда Орал қаласы жау шебінен босатылды. Бұл Кеңестік Ресейдің Қазақ өлкесі және Орта Азиямен тікелей байланысын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

1919 жылы көктемде Антантаның Кеңес еліне қарсы біріккен жорығы басталды. 1918 жылдың аяғында Дутов, Анненков, Колчак топтарына қарсы партизан соғысы өрістеді. Партизандық астыртын жұмысты ұйымдастырушылар: Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, Ә. Майкөтов, М. Жәнібеков, А.К. Вайцеховский, А.В. Азаданов, К.М. Михалкович, В.В. Мей. Солтүстік Жетісуда партизан соғысы кең өріс алды. Мұндағы қорғаныс орталығы Черкасское селосы болды. Черкасск қорғанысы 1918 жылдың маусымынан

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1919 жылдың қазан айына дейін созылды, яғни партизандар атаман Анненков тобына 13 ай бойы тойтарыс берді. 1919 жылғы тамызда Жетісу майданының қолбасшысы Л.П. Емелев әскерлері көмекке келуге әрекет жасап, сәтсіздікке ұшырады. Шайқас барысында Л.П. Емелев ерлікпен қаза тапты, ақыры 1919 жылы қазан айында анненковшылар Черкасскіні алып, 1800 адамды қырып тастады.

Черкасск қорғасының тарихи маңызы:

- Колчакшылардың Жетісуға шабуылы тоқтатылды;
- Сібір контрреволюциясының Орта Азия контрреволюциясымен бірігуіне жол берілмеді.

Партизан қозғалысының ең ірі орталығы Атбасар уезінің Мариновка қонысы болды, командирі Н.М. Ирченко. 1919 жылы көктемде партизандар колчакшыларға қарсы шабуылдады. Мариновкаға қосымша жазалау бөлімдері жіберіліп, партизандар шабуылы тоқтатылды.

Семей облысын ақ гвардияшылардан азат етуге құрамында 200 қазақ бар «Алтайдың қызыл тау қырандары» атты партизан полкі көмектесті. Қазақ өлкесіндегі майдандар жойылды. Қазақ жеріндегі Колчак әскерін талқандау Шығыс майданының Солтүстік және Оңтүстік топтарына жүктелді. 1919 жылы қолбасшы М.В. Фрунзе бастаған Қызыл әскер топтары Қазақстанның солтүстік аудандарында, ал Чапаев бастаған топтар оңтүстік – батыс аудандарда соғыс жүргізіп, Колчак әскерлерінің Деникин әскерлерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берді. Нәтижесінде Оңтүстік топ әскерлері (қолбасшы М.В. Фрунзе) Уфаны азат етті, ал Чапаев дивизиясы 1919 жылғы 25 шілдеде Оралды жау қоршауынан босатты, 1919 жылы жазда Қызыл Армия Челябиніні азат етті. Осыдан кейінгі міндет – Орал мен Орынбор облыстарын азат ету Түркістан майданының 1 және 4 армияларына жүктелді. Бірінші армия колчакшыларға қарсы Ақтөбе бағытында шабуылдады. 1919 жылы қыркүйекте бірінші армия Ақтөбе майданымен Мұғалжар станциясында (Орынбор – Ташкент темір жолы) түйісті. Нәтижесінде Түркістан Орталық Ресеймен қайта қосылып, Ақтөбе майданы жойылды.

Орал облысын азат етуге төртінші армия мен 25-ші В.И. Чапаев дивизиясы жіберілді Үлбішін түбіндегі шайқаста В.И. Чапаев және бригада басшысы Садық Уәлиев қаза тапты (1919 ж. қыркүйек). Ал 1919 жылы қарашада Қызыл Армия Үлбішін мен Жымпитыны азат етсе, осы жылдың соңында Орал облысы ақ гвардияшылардан толық азат етілді. Сөйтіп, 1920 жылы қаңтарда Орал майданы жойылды.

1919 жылы күзде Шығыс майданының бесінші армиясы (қолбасшысы М.Н. Тухачевский) Солтүстік және Шығыс Қазақстанды азат етіп, Петропавл, Ақмоланы жаудан босатты. 1919 жылы қарашада Семейде Колчак үкіметі құлатылып, Кеңес үкіметі қайта орнады, ал 1920 жылы наурызда Семей облысы түгел азат етіліп, Жетісу майданы жойылды. 1920 жылғы маусымда Верныйда контрреволюциялық бүлік ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Верный бекінісін жаулап алды. Қызыл армияның күшімен бүлік тоқтатылды. 1920 жылы наурызда азамат соғысының қазақ жеріндегі ең соңғы майданы – Солтүстік Жетісу майданы жойылды. 1920 жылы Қызыл Армия Колчак әскерін талқандап, Колчак Иркутск ревкомының үкімі бойынша атылды. Азамат соғысының барысында Кеңес үкіметі ұлт аймақтарындағы жаңа үкіметтің оқшаулануын ескере отырып, Алашордамен келіссөз жүргізді. Ақ гвардияшылар мен интервенттер тарапынан болған қатыгездік пен зорлық «Алаш» өкілдерін бастапқы бағыттарын өзгертуге итермеледі. А. Байтұрсынов «Төңкеріс және қазақтар» мақаласында «Алаш» зиялыларын Кеңес үкіметі жағына шақырып, ұлттық келісім тактикасына қол жеткізді. 1919 жылы 4 сәуірде Бүкілресейлік Орталық атқару Комитеті Алашорда мүшелеріне кешірім (амнистия) жариялады.

Азамат соғысының салдарлары:

1. Демографиялық жағдай ауырлап, 8 млн. адам қаза тапты.
2. Мал саны күрт азайды.
3. Қазақ ауылдары мен қыстақтар материалдық жоқшылыққа ұшырады.
4. Қатігездік пен зорлық – зомбылықтың күшейтілуі (ақгвардияшылар тарапынан) үрей және ертеңгі күнге сенімсіздік туғызды.

Әскери коммунизм саясаты:

Ел экономикасын соғыс жағдайына ыңғайлап қайта құру және майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында тарихта Әскери коммунизмі деген атпен әйгілі және уақытша сипаты болған экономикалық саясат орнады. Бұл саясаттың ең бірінші міндеті өнім өндірісі мен бөлісін толық орталықтандыру, еліміздің азық – түлік, шикізат және басқа ресурстарын мемлекеттің қолына жинап, қорғаныс мүдделері үшін дұрыстап пайдалану болды.

«Әскери коммунизм саясатының» негізгі белгілері:

1. Азық-түлік салғырты енгізілді.
2. Жеке саудаға тыйым салынды.
3. Азық-түлік теңгерме ұстанымы бойынша бөлінді.
4. Ірі, орта және ұсақ өнеркәсіптер мемлекет меншігіне көшірілді.
5. Жалпыға бірдей еңбек міндеттілігі енгізілді.
6. Басқару ісі орталықтандырылды.
7. Коммуналдық жол-қатынасы қызметі (услуга) тегін болды.

1919 жылы 11 қаңтарда азық-түлік қиыншылықтары бұрынғыдан да бетер шиеленісе түсіп, мемлекеттің қолындағы өнеркәсіп товарларының қоры одан әрі азайған жағдайларда Кеңес үкіметі әлеуметтік принцип негізінде жүргізілген азық – түлік салғыртын енгізу туралы декрет шығарды. Оның мәні: ауылшаруашылығы өнімінің артылғанының бәрін шаруалардың мемлекетке міндетті түрде өткізуі.

Қостанай уезінен 6 млн. пұт астық жиналды. Қарғалы шуға фабрикасы әскери шинельдер тігу үшін шұға дайындады. 1920 жылдың басында «Майдан апталығы» өткізіліп, мыңдаған пұт астық киім – кешек жиналды.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1920 жылы Атыраудан Орталық Ресейге 600 мың пұт мұнай әкетілді. Майдан қажетіне әр сенбі сайын жұмыс уақытынан тыс тегін еңбек ету шешіміне сәйкес 1919 жылы сәуірде Ресейде алғашқы сенбіліктер өткізілді. Семейде 500 жұмысшы сенбіліктер ұйымдастырып, паровоздарды тегін жөндеуден өткізді. Қазақ өлкесіндегі еңбекшілер күйзеліске, ашаршылыққа қарамастан жанқиярлықпен еңбек етті. 1919 жылы желтоқсанда Александров – Ғай – Ембі темір жол желісі салынды. Оның маңызы Орал – Ембі мұнайлы ауданын Орталық Ресеймен жалғастырды. Бұдан басқа Жетісу темір жолы, Петропавл – Көкшетау темір жол желісі салынды. Маңызы: елдің ашыққан облыстарының халқын астықпен қамтамасыз етті. Сөйтіп, осының бәрі Қызыл Армияны ұйымдастыруға, жау басып алған облыстар мен аудандарда партизан қозғалысын өрістетуге көмектесті.

1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссарлар кеңесі «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы» декрет қабылдады. Ол өлкедегі ең жоғарғы әскери – азаматтық басқарма болып саналды. Казревком құрамына Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстары, Астрахань губерниясының шығыс бөлігі кірді. Казревком төрағасы С. Пестковский болды. Мүшелері: А. Байтұрсынов, Ә. Жангельдин, Ә. Әйтиев, Б. Қаратаев, С. Сейфуллин, С. Мендешов, М. Сералин, В. А. Радус – Зенькович, А. Авдеев.

Казревком міндеттері:

1. Контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу.
2. Өлкеде мемлекеттік, шаруашылық, мәдени құрылыс орнату.
3. Өлке Кеңестерінің құрылтай съезін әзірлеу.

1920 жылы 9 наурызда Алашорданы тарату туралы Казревком шешімі қабылданды. Казревком мәдени құрылыста біршама жұмыстар атқарды:

- «Ұшқын» газетін шығарды.

- Ақтөбе уезінде 300 мектеп ашылды.

- Қалаларда мұғалімдер даярлайтын мектептер жұмыс істеді. Сонымен бірге, Казревком қазақ жерлерін біріктіру жөнінде жұмыстар атқарды.

1920 жылы 26 тамызда «Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет жарияланды. Орынбор қаласы – Астана (1920 – 1924 жж.). Территориясы – Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Манғышлақ уезі, Красноводск уезінің бір бөлігі, Астрахань губерниясының бір бөлігі. Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрамына енгізілген болатын (1918 ж). Халқы – 5 млн.-ға жуық адам.

1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АКСР Кеңестерінің съезі өтті. Мұнда жоғарғы үкімет органдары сайланды: Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Мендешев, ал қазақ АКСР – інің Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.А. Радус-Зенькович болды. Съезде «Қазақ АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды.

Декларацияда Қазақ АКСР-нің мемлекеттік басқару органдары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері айқындалды.

Қазақ АКСР – нің құрылуының тарихи маңызы:

1. Қазақ халқының ғасырлық арманы орындалуының көрінісі.
2. Отаршылдыққа қарсы күрес нәтижесі.
3. Ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадам.

2. Шетелдік интервенция мен азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қазақстанда экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдай елдің орталық аудандарымен салыстырғанда ауыр болды. Қазақстанның 307 кәсіпорынының 250-і жұмыс істемеді. Қазақстанда мұнай өндіру 4 есе, Қарағанды көмірін өндіру 5 есе қысқарды, ал мыс кенін өндіру мүлде тоқтап қалды. Риддер кеніштері, Екібастұз көмір орындары және Спасск байыту фабрикасы толық істен шықты. Өлке халық шаруашылығының жалпы өніміндегі өнеркәсіптің үлесі 1920 жылы небары 6,3 % болды. Республиканың ауылшаруашылығы құлдырап кетті. Егіс көлемі Орал губерниясында 2 еседен астам, Жетісуда 3 еседей қысқарды. Мал саны да едәуір азайып, 29,9 млн. – нан 16,3 млн. – ға дейін кеміді.

Кеңес үкіметі еңбекшілердің жағдайын жеңілдетуге ұмтылып, 1921 жылдың бас кезінде Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесі халыққа азық – түлікті, отынды тегін босату туралы, коммуналдық қызметтерді тегін көрсету туралы, ақысыз асханалар ашу туралы декреттер қабылдады. Алайда, зорлық – зомбылыққа негізделген азық – түлік саясаты сәтсіздікке ұшырады. Күйзелген шаруалар наразылық білдіре бастады. Қостанай, Ақмола, Орал, Семей облыстарында көтеріліс ошақтары пайда болды. 1921 жылы ақпан айында патша армиясының полковнигі Николаев пен Есаул Токарев бастаған 25 мың адамнан тұратын отряды Петропавл қаласында Кеңес үкіметі органдарының үйін қиратты. 1921 жылдың наурызында Орал губерниясының территориясында Сапожников отрядының қаруланған 10 мыңнан астам бүлікшілері әрекет етті. Қарқаралы уезінде 70 – тен астам партия және Кеңес қызметкерлері көтерілісшілер қолынан қаза тапты.

XX ғасырдың 20 жылдың басында ауылдар мен селоларда халық наразылығының ұлғаюының себептері:

- мемлекеттің еңбекші халыққа қолдану саясаты (азық – түлік салғырты);
- 1921 – 1922 жылдардағы жаппай ашаршылық;
- мал шаруашылығының ауыр жағдайы;
- егін алқаптарының күрт азаюы.

Осы жағдайлардан азық-түлік салғыртының орнына азық-түлік салығын енгізудің қажеттілігі айқындала түсті.

1921 жылдың 8 – 16 наурызда өткен партияның X съезі салғырттан азық-түлік салығына көшудің, жаңа экономикалық саясатқа (НЭП – ке) көшудің қажеттігін негіздеп берді.

Жаңа экономикалық саясаттың белгілері:

- азық-түлік салығының енгізілуі;

- сауда еркіндігі;
- жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға беру;
- ауылшаруашылық және несие, тұтыну кооперациясын дамыту;
- кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру;
- еңбек міндеткерлігін жойып, жалдамалы еңбекті қолдану.

Жаңа экономикалық саясаттың мәні – салғыртты салықпен ауыстыру болды. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда (2,5 есе) аз болды. Шаруалардан алынатын ауылшаруашылығы өнімдерінің мөлшерін салықпен шектеу ауыл-селоардың қалалармен байланысын нығайтуға жол ашты. Шаруалар басы артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды. Орынборда 1921 жылы маусымда өткен облыстық бірінші құрылтай партия конференциясы жаңа экономикалық саясатқа көшуді мақұлдады. Жаңа экономикалық саясатпен бірге тоталитарлық, авторитарлық басшылыққа көшу басталды.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық. Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында көп қиыншылықтар кездесті. 1921 жылы жазда Еділ өзені бойының, Қазақстанның халықтары күшті қуаңшылық болуына байланысты аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай, 80 %-і қырылды. Елде аштық басталды. Ашығушылар Республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. 1921 жылғы қарашада 1 млн. 508 мың адам ашыққан болса, 1922 жылы наурызда олардың саны 2 млн. 303200 адамға жетті. Маусым айына қарай Семей және Ақмола губернияларының шаруаларынан азық – түлік салығы бойынша 4 млн. пұттан астам астық және 24,5 мың пұт май жинап алынды. Бұл жинап алынған өнімдер ең алдымен елдің пролетарлық орталықтары – Мәскеуге, Петроградқа, Самараға, Казаньға, Саратовқа жіберілді. Соның нәтижесінде «аман-сау» аудандардың халқы ашыға бастады.

Кеңес үкіметі Қазақстанның ашыққан халқына көмектесу шараларын бірсыпыра кешігіп қолданды. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің декретімен Республиканың егін шықпаған аудандардың халқы азық – түлік салығынан босатылды. 1922 жылғы егіс көлемінің 80 % жуығына Кеңес үкіметі берген дән себілді. 1921 жылы 14 маусымда «Нақты ет салығы туралы» декрет шығып, қазақтар ет салығынан босатылды.

1922 жылы 4 тамызда Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің қаулысына сәйкес Қазақ АКСР – іне ауылшаруашылық машиналар мен құралдарын сатып алу үшін 25 млн. сом бөлінді. Нақ сол жылы Кеңес үкіметі Қазақстанға егін шықпауынан зардап шеккен шаруалардың мал сатып алуы үшін 21131 мың сом бөлді. 575 балалар үйлері, 9 балалар баспанасы ұйымдастырылып, 18,5 мың баланы РКФСР – ге әкетті.

Ашыққандарға Кеңестік Түркістан туысқандық көмек көрсетті. 2 млн. пұт астық жіберді, Республикадан 20 мың ашыққан адам қабылданды. Осындай ауыр жағдайға қарамастан, 1921 жылы 7 қазанда В.И. Лениннің

үндеуіне («Сіздерде Арал теңізінде балықтың аулануы жаман емес... Өздеріңіз аулаған балықтың бір бөлігін аштықтан ісінген қарттар мен қарияларға бөліңіздер». Ленин В.И. Шығ. толық жинағы 53-247 бет) байланысты Арал балықшылары Еділ бойындағы ашыққан халыққа 14 вагон балық жіберді.

1921-1922 жылдардағы аштықтың салдары:

1. Демографиялық жағдай нашарлап кетті. Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Торғай губернияларында халық саны 1/3-ке дейін азайды.

2. 700 мыңнан астам адам республикадан тыс жерлерге көшіп кетті.

Жаңа экономикалық саясат жылдарындағы өзгерістер. РК(б)П-ның X съезінен кейін енгізілген азық-түлік салығы біртіндеп жетілдіріле түсті, шаруалар өмірінде оңды жағдай қалыптасты. Шаруалар басы артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды. 6 және одан кем ірі қарасы бар қожалықтар салықтан босатылды. Көлік салығы мен ақшалай түтін (шаңырақ) салығының орнына біріңғай заттай салық белгіленді. Салық мөлшері азайтылып, 1924-1925 жылдары өнімнің 1/8 бөлігі алынса, 1927 – 1928 жылдары өнімнің 1/13 бөлігі алынды, ал 1924 жылғы қантардың 1-нен бастап тек қана салықтың ақшалай формасы енгізілді. Үдемелі салықтың ауыртпалығы кулактар мен байларға түсті. Салықтан жиналған қаражаттар қорғаныс ісіне, Халық ағарту ісіне, ауылшаруашылығына, ірі өнеркәсіпті дамытуға жұмсалды.

Осы жылдары құрылған ауылшаруашылық несиесі қоғамы (кредит кооперациясы) көшпелі халыққа жеңілдікті шарттармен 3-5 жылға несие берді. Мемлекет шаруаларға ауылшаруашылық машиналары мен жабдықтар сатып алуға несие берді. 1924-1925 жылдары республикаға әкелінген 415 тракторды кооперативтер мен коммуналар сатып алды. Несие (кредит) кооперациясы қарызға тұқым беру, салық және басқа да экономикалық реттеу құралдары мемлекеттің еңбекші шаруалармен байланысын нығайтуға, өндіргіш күштерді қалпына келтіруге, ауыл мен қыстақ еңбекшілерінің еңбек белсенділігін арттыруға көмектесті. Соның нәтижесінде:

1. Егіс көлемі 1924 жылы – 2,1 млн.-ға, 1928 жылы – 4 млн.-ға өсті.

2. Мал шаруашылығы одан да жоғары қарқынмен дамыды. 1924-1928 жылдары мал саны 24,8 млн.-нан 41 млн.-ға жетті.

3. Шаруа қожалықтары 1924 жылы - 737 мыңнан 1928 жылы – 1 млн. 333 мыңға жетті.

4. Астық өндіру 1924-1925 жылдары 64,618650 пұттан 1928-1929 жылдары – 240 млн. пұтқа артты. Осы уақытқа Қазақстанда 103 коммуна мен 650 ауылшаруашылық артелі болды. Оңтүстік Қазақстанда мақата өсіретін «Мақтарал» алып совхозы ұйымдастырылды.

Шаруалардың жіктелу процесі күшейді:

1. Батырақ-кедей қожалықтары 2 есеге азайды.

2. 1928 жылы шаруалардың $\frac{3}{4}$ бөлігі орташаларға айналды.

3. Кулак – бай қожалықтар 6,6 %-ден 14,8 %-ға көбейді.

Жаңа экономикалық саясат жылдары өнеркәсіпте де өзгерістер болып жатты. Халық шаруашылығының Қазақ Орталық Кеңес 8 тресті – «Қожмехтрест», «Илецксоль», «Павлодарсоль», «Ақжал – золото», «Каззап – золото», «Казахсаксаултрест», «Казспирт» трестері мен екі кәсіпорынды – Сантонин заводын, Қарғалы шұға фабрикасын біріктірді. Сонымен бірге, Одақтық маңызы бар «Эмбанефть», «Алтай–Казполиметалл», «Атбасцветмет» трестері құрылды. Жалпыодақтық трестер республика бюджетіне табыстарының бір бөлігін аударып отырды: «Эмбанефть» мұнайынан алынған табыстың 5 %-ін Қазақ АКСР – інің өлкелік бюджетіне аударды. Осылайша одақтық трестердің монополиялық өктемдігі қалыптасты. Экономикалық саясат өктемдікпен жүргізілді. Трестерді қапталу аймақтарда өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруға теріс әсер етті. Қазақстан экономикасының ұзақ жылдарға созылған шикізаттық сипаты анықталды. Ресейдің орталық аудандарынан республикаға бірқатар өнеркәсіп орындары көшірілді: Орынбор тоқыма фабрикасы, Қостанай шұға фабрикасы тағы басқа.

Өлкедегі кен өнеркәсібіне көңіл бөлінді. Түсті металлургияның басты ауданы – Кенді Алтай болды. Риддер қорғасын заводы мерзімінен бұрын пайдалануға беріліп, ол 1923 жылға қарай жалпы Одақта өндіретін қорғасынның 40 %-ін бере бастады.

Орал- Ембі мұнай кәсіпшіліктері қалпына келтіріле бастады. Әуелі Доссор, содан соң Мақат кәсіпшіліктері қалпына келтіріле бастады. Атырауды осы мұнай кәсіпшіліктерімен жалғастыратын тар табанды жол салынды.

Одан бұрын (1920 ж.) Шымкент сантонин заводы пайдалануға берілген болатын. Қарсақбай комбинаты жоғары қарқынмен қалпына келтірілді. Мұнда 1927 жылы мыс өндіріле бастады. Қазақстанда өнеркәсіпті қалпына келтіру процесі орталықпен салыстырғанда неғұрлым баяу қарқынмен жүргізіліп, 1927 – 1928 жылдары ғана аяқталды.

Жаңа экономикалық саясат кезеңінде товар айырбасы мен товар айналымының маңызы артты. РКФСР Халық Комиссариаты Кеңесінің 1921 жылғы мамырдың 24-індегі «Айырбас туралы» декретінде кооперативтік ұйымдар арқылы да, рыноктар мен базарларда да айырбас жасауға жол берілетіні атап өтілді. Сонымен бірге жеке саудаға рұқсат етілді. Жәрмеңке саудасы күшейтілді. 1927 жылы 75 жергілікті, 13 губерниялық, 7 өлкелік жәрмеңке жұмыс істеп, сауда айналымы – 30 млн. сомға жетті.

Басты жәрмеңкелер:

1. Семей губерниясында – Қоянды, Баянауыл.
2. Ақмола губерниясында – Атбасар.
3. Ақтөбе уезінде – Ойыл, Темір.
4. Бөкей ордасында – Орда.

Өлкеде тұтыну кооперациясы кеңінен дамыды. Жаңа экономикалық саясаттың нәтижелері:

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1. Күйзелген ауылшаруашылығын тез арада қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

2. Өнеркәсіп қалпына келтірілді.

3. Өркениетті кооператорлар құрылысы (қозғалысы) ел шаруашылығының барлық саласын көтерді.

4. Шаруа шаруашылығын еркін дамытуға кепілдік берді.

Сонымен, жаңа экономикалық саясат шаруашылықты өркендетуге мүмкіндік берген «керемет ғажайып» саясат болды (1921-1929 жж.).

Қазақ жерлері Қазақ АКСР құрамына біріктірілді. Заман талабы қазақ халқының Ұлттық Кеңес Мемлекеттігін құруын қажет етті.

Жүзеге асыруға тиісті шаралар:

1. Халықтың бұрынғы территориялық тұтастығын қалпына келтіру.

2. Қазақ жерлерін бір республика құрамына біріктіру.

Қырғыз әскери-революциялық комитеті жанынан арнаулы комиссия құрылып, болашақ республиканың шекарасын белгілеумен айналысты. Бұл өзгерістер кезінде әр түрлі көзқарастар туындады. Кейбіреулер Қазақстанға Ақмола, Семей, Орал облыстарының қосылуына қарсы шықты, басқалары, керісінше, қазақ жерлерін ғана емес, сонымен қатар, республика құрамына Омбы облысын, Орта Азияның көп бөлігін, Барнаул уезін, Алтай өлкесін қосуды да талап етті.

Орынборды Қазақстан құрамына енгізу маңызды мәселе болды. 1919 жылғы қыркүйектің 19-ында губерниялық комитет Орынбордың Қазақстанға қосылуы туралы шешім қабылдады, ал 1920 жылғы шілденің 7-ісінде Орынбор қаласы Республика құрамына енгізіліп, тұңғыш астанасы (1920-1924 жж.) болды. 1924-1929 жж. астана – Ақмешіт (Қызылорда). 1929 жылдан астана – Алматы.

Батыс Сібірге еніп келген Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан құрамына енгізу оңай болған жоқ, оған Сібір ревкомның кейбір мүшелері қарсы шықты. 1920 жылдың екінші жартысында олар Қазақстанмен шекараны белгілеу мәселелерін бес рет қарады. Ақыры 1921 жылы Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомы қарамағынан КАКСР-не берілді. 1921 жылы Жайық, Ертіс өзендері бойындағы бұрын казактар иеленіп келген 10 шақырымдық өңір халқына қайтарылды.

КАКСР құрамына енгізілген аймақтар: Семей облысы – Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері; Ақмола облысы – Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл, уездері және Омбы уезінің бір бөлігі; Торғай облысы – Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай уездері; Орал облысы – Орал, Ілбішін, Темір, Атырау уездері, Маңғыстау уезі; Закаспий облысы – Красноводск уезінен 4,5 Адай облыстары; Астрахань облысының бір бөлігі. Бөкей ордасы және Каспий теңізі жағасындағы болыстар.

Орта Азияны ұлттық – мемлекеттік жағынан межелеуді және Оңтүстік аймақты республика құрамына қосуды әзірлеу жөнінде қазақ зиялылары ұйымдастыру шараларын жүргізді (1924 ж.). Нәтижесінде:

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1. Кеңестік Шығыста ұлт республикалары құрылды.

2. Қазақ жерінің біртұтас Қазақ республикасы болып қалыптасуы аяқталды.

Соның нәтижесінде Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт (Қызылорда), Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқанд облысы, Жизақ уезінің бірнеше болысы, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал (Талдықорған) уездері, Пішпек уезінің бір бөлігі Қазақстанға қарады. Республика аумағы үштен біріндей кеңейіп, 2,7 млн. шаршы шақырымға жетті, ал халқы 1 млн. 468 мың адамға көбейіп, 5 млн. 230 мың адам болды. Қазақтар – 61,3 %-ін құрады (1926 жылғы санақ деректері бойынша).

1925 жылы 15–19 сәуірде Ақмешітте өткен Кеңестердің бүкіл Қазақстандық V съезінде «қырғыз – қазақ» атауы берілді, ал 1936 жылғы 9 ақпанда КАКСР Орталық Атқару Комитеті қаулысымен «қазақтар» атауы берілді. Сөйтіп, қажырлы күреспен келген өзін - өзі билеу құқығы қазақ халқы үшін нақты шындыққа айналды.

Республикадағы қоғамдық саяси өмір. Қазақ өлкесінде жаңа экономикалық саясатты жүргізуші Кеңестер (советтер) болды. Алайда Кеңес құрылысында қиыншылықтар мен кемшіліктер де кездесті.

1921 жылы 4-10 қазанда Қырғыз (қазақ) АКСР Кеңестерінің II съезі болып өтті. Онда қаралған мәселелер:

1. Республикадағы мемлекеттік және шаруашылық құрылыстардың қорытындылары шығарылды.

2. Жергілікті жерлерде Кеңестерді нығайту жолдары белгіленді.

1925 жылы бірінші желтоқсандағы өлкелік V партия конференциясы болды. Партияның беделі өсіп, ауыл тұрғындарын партия қатарына алу ісі өріс алды. Партия мүшелерінің саны артып, 1927 жылғы 1 қаңтарда 16854 адамға жетті. 1932 жылға қарай партия ұйымы негізінен қалыптасып бітті. Бірақ партия жұмысының барлық буындарына әміршіл - әкімшіл әдіс енгізілді. Осы жылдары Қазақстанда жастар қозғалысы өрістеді. 1921 жылы шілдеде Орынбор қаласында жастар ұйымы – Қазақстан комсомолының бірінші съезі өтті. Қазақ комсомолының ұйымдастырушы, тұңғыш төрағасы Ғани Мұратбаев (1902 – 1924 жж.) болды. Ол өмірінің соңғы жылдарында коммунистік жастар интернационалы Шығыс бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті.

Ғ. Мұратбаев өмірі 23 жасқа аяқ басқанында үзілді. Сондай-ақ, Мирасбек Төлепов, Федор Рузаев, Қайсар Тәштитов және тағы басқа жастар қозғалысының танымал жетекшілері болды.

1921 жылғы қаңтардың 1-інде КОБОС-тың қазақ облыстық бюросы ұйымдастырылды. 1921 жылы қазанда кәсіподақтардың республикалық 1–конференциясы болды. Онда кәсіподақтардың міндеттері белгіленді: 1) жұмысшыларды сақтандыруға, 2) сауатсыздықты жоюға, 3) сенбіліктер ұйымдастыруға, 4) одақ мүшелігіне қазақ пролетариатын тартуға, 5) жұмыс табының ұлттық отрядын қалыптастыруға көңіл бөлінді. Осы жылдары

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

әйелдер қозғалысы кеңінен дамып, көрнекті қоғам қайраткерлері өсіп-жетілді: Н. Құлжанова, Н. Арықова, А. Оразбаева, Ш. Иманбаева, С. Есова.

Қазақстанда Кеңес үкіметі нығая түсті. Ауылдық және қалалық Кеңес депутаттарының 6 айлық, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 1 жылдық өкілеттік мерзімі белгіленді. Қанаушы элементтер (феодалдар, билер, имамдар, муфтилер, мұсылмандардың діни басқармаларының мүшелері) сайлауға қатыстырылмады. Егер бұрынғы болыс басқарушыларының, билердің ұрпақтары Кеңес үкіметіне адалдық көрсетіп, қоғамдық еңбекке қатысса, оларға сайлау құқығы берілді. Бұқара арасында саяси жұмыс, насихат пен үгіт жүргізу мақсатында қызыл керуен және жылжымалы қызыл отау ұйымдастырылды. Сөйтіп, сайлау барысында рулық сарқыншақтарға рулық және таптық бой көрсетулеріне, патриархаттық-феодалдық қатынастардың қалдықтарына қарсы күрес жүріп жатты. Қалыңмал алуды жою, көп әйел алушылыққа, әмеңгерлікке тыйым салу туралы қаулы кеңінен насихатталды.

1922 жылы 9 мамыр – 12 маусым аралығында Ә. Жангелдин бастаған «Қызыл Керуен» экспедициясы Орынбор – Орск – Торғай – Атбасар – Ақмола – Петропавл – Павлодар – Қарқаралы – Семейге дейін жүріп, 126 митинг өткізіп, 25 пұт әдебиет таратты, Кеңестік декреттерді насихаттап, партияның ұлт саясатын түсіндірді. Кеңестердің іс – қағаздарын қазақ тілінде жүргізуін жолға қойды.

1921 жылғы қаңтар айында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қырғыз (қазақ) және орыс тілдерін қолдану тәртібі туралы, 1923 жылғы қарашаның 22-інде «Қырғыз (қазақ) тілінде іс жүргізуді енгізу туралы декреттер қабылданды.

1927 жылғы мамырдың 17-інде «Қазақ уездің, округтік мекемелерде қазақ тілінде іс жүргізуге біржола көшу», 1928 жылғы қаңтар «Аралас уездік мекемелерде қазақ және орыс тілдерінде қосарлас іс жүргізуді енгізу» жөнінде шаралар белгіленді.

1925 жылы желтоқсанда Бүкілқазақстандық V РК(б)П конференциясы өтті. Онда: ауылды кеңестендіру бағытын жариялап, үкімет органдары ретінде ауылдық кеңестерді нығайту, олардағы бай, жартылай феодалдардың зорлық – зомбылығын жою жөніндегі ұйымдық, идеологиялық шаралар кешенін белгіледі.

1928 жылы республикада жаңадан аудандастыру жүзеге асырылды. Республика 5 буынды – ауыл, село, болыс, уезд, округ, орталық басқару жүйесіне көшірілді. Республика 1 автономиялы облысқа, 13 округ, 192 ауданға бөлінді.

Жаңадан аудандастырудың маңызы:

1. Кеңес аппаратының халық бұқарасына жақындай түсуіне, халықты кеңестік құрылысқа тартуға көмектесті.

2. Ұлтшылдық егестерді тоқтатты.

3. Рулық ауылдарды жойып, шаруашылық – территориялық Кеңестер құру қажеттігін көрсетті.

1929 жылы Қазақ АКСР-ының астанасы Қызылордадан Алматы қаласына көшірілді. Сонымен бірге, осы жылдары (1921-1928 жж.) қоғамда партияға тәуелділік арта түсті. Ф. Голощекин мен оның төңірегіндегілер әміршіл - әкімшіл басшылық стилі мен ойлау әдісін орнықтырды, партиялық – мемлекеттік машинасы «жау бейнесін» ойлап тапты. Т. Рысқұловқа, С. Сейфуллинге, С. Мендешевке, С. Садуақасовқа және т. б. «ұлтшыл» деген айдар тағу нақ сол жылдары тәжірибеге енді. Жеке меншікті, көп укладтылықты, товар айналымын жою, идеологияның экономикадан басым болуы - осының бәрі казармалық социализм негіздерінің орнығуына әкеп соқты.

10-тақырып. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру – Қазақстан шаруаларының трагедиясы. Индустриализациялау: сипаты, қарқыны, масштабы (1 сағат)

1. Қазақстандағы индустриализациялау.

2. Қазақстандағы «Кіші Қазан» және күштеп ұжымдастыру.

Ұжымдастырудың нәтижесі.

3. Қазақстандағы қоғамдық - саяси өмір.

СӨЖ тапсырмалары:

1. 1931-33 жылдардағы ашаршылықтың негізгі демографиялық зардаптарын анықтаңыз.

1. Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіру әлі аяқталмаған болатын. Өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгі деңгейінің 61%-ға ғана жетті. 1925 жылы желтоқсан айында БК(б) Партиясының XIV съезі өтті. Онда елді социалистік индустрияландыру бағыты жарияланды:

1) халық шаруашылығының барлық салаларын машина техникасымен жарақтандыру;

2) инфрақұрылымның дамуы, индустрияланған халықтың пайда болуы.

Индустрияландыру ісі Қазақстанда елдің басқа аудандарына қарағанда біршама кешірек басталып, уақыты жағынан КСРО Халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдығымен (1928-1932 ж.ж.) тұтас келіп, өлкеде елеулі қиыншылықтармен жүзеге асты.

Қиыншылықтары:

1. Қазба байлықтарының толық зерттелмеуі.

2. Байланыс және тасымал құралдарының нашар дамуы. Территорияның 1000 шаршы шақырымына 1 шаршы шақырым темір жолдан келді.

3. Жұмысшы табының сан жағынан өте аз болуы. Халықтың 90 %-і шаруалар еді.

4. Жергілікті мамандардың жетіспеуі.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

5. Жаңа экономикалық саясат тоқталып, әскери коммунизм кезеңіндегі әдістердің жаңғыртылуы.

6. Халық билігінің жеке диктатурамен ауыстырылуы.

7. Әміршілдік – төрешілдік басшылық әдісінің енгізілуі.

Осы жағдайлардан өлке экономикасында ауылшаруашылығының басымдылығы (84,4%) сақталды. Индустрияландыру жағдайында еңбекшілердің жақын арада шешуге тиісті міндеттері:

1. Өлкенің техникалық – экономикалық жағынан артта қалуын жою.

2. Байырғы халық өкілдерін кеңінен тарту жолымен жұмысшы табы мен өндірістік – техникалық мамандарды қалыптастыру.

Индустрияландыруды жүзеге асыру. Қазақстанда индустрияландыру ісі болашақ өнеркәсіп үшін қажетті табиғи байлықтарды зерттеуден басталды. КСРО Ғылым академиясы 20-жылдардың аяғы 30-жылдардың басында көптеген көрнекті ғалымдардың қатысуымен ұйымдастырған кешенді экспедициялар іс жүзінде республиканың бүкіл аумағын қамтыды. Академик Н. С. Курнаков Орталық Қазақстанның минерал–шикізат байлықтарын зерттеп, «ҚАҚСР-і Кеңес Одағының тұтас металлогенді провинциясы» деген тұжырым жасады. Академик И.М. Губкин Орал – Ембі мұнайлы ауданын зерттеп, бұл кен орны -мұнайға аса бай облыстардың бірі деп қорытындылады. Қазақтың жас инженер–геологы Қ.И. Сәтбаев Жезқазған ауданындағы мыс кені орындарын мұқият зерттеп, аймақтың болашағы зор екенін дәлелдеп берді.

1927 жылы Түркістан-Сібір теміржол магистралы салына бастады. Құрылыс бастығы болып В.С. Шатов тағайындалды. Түрксібке көмектесу комиссиясын республика Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмаков басқарды. РКФСР үкіметі жанында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов (1894-1938 ж. ж.) басқарған Түрксіб құрылысына жәрдемдесетін арнаулы комитет жұмыс істеді. Т. Рысқұловтың ұсынысымен комитет құрамына темір жол маманы, инженер М. Тынышбаев (1828-1937 жж.) енгізілді.

Түрксіб құрылысында бірнеше ұлт өкілдерінен тұратын 100 мың адам еңбек етті. 10 мың қазақ жұмысшылары теміржолшы, құрылысшы, техник, жол ісінің шебері мамандықтарын меңгерді. Құрылысқа 200 млн. сом қаржы жұмсалды. Түрксібтің ұзындығы 266,5 шақырым болды, ол жоспарда белгіленген 5 жылдың орнына 3 жылда салынып бітті. 1931 жылғы – қаңтарда Түрксіб темір жолы тұрақты пайдалануға берілді. Түрксіб магистралы салынуының мемлекеттік және әлеуметтік – экономикалық маңызы болды. 1) Орта Азия Сібір аудандарымен жалғастырылды; 2) Елдің Шығыс аудандарының экономикасы мен мәдениетін дамытуға ықпал етті; 3) Өлкедегі жұмысшы табын тәрбиелеу мен шыңдау мектебі болды. Қатардағы жұмысшы Д. Омаров - Түрксіб бастығы қызметіне көтерілді. Т. Қазыбеков – «Қазақ – көлік құрылыс» тресінің бастығы, Социалистік Еңбек Ері атанды.

Соғысқа дейінгі бес жылдар кезінде салынған құрылыстар: Түркісіб теміржолы, Қарағанды шахталары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері, Шымкент қорғасын заводы, Балқаш, Жезқазған кен – металлургия комбинаттары, Кенді Алтай, Ащысай полиметалл кәсіпорындары, Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды жылу және су электр станциялары, Өскемен құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары, Шымкент химия – фармацевтік заводы, Арал сульфат комбинаты іске қосылып, Теміртау синтетикалық каучук заводы, Қаратау химия комбинаты салына бастады. Сөйтіп, Қазақстан ауыр өнеркәсібінің арнаулы бағытқа бейімделгенін көрсетті.

Өлкеде болашақ өнеркәсіп тораптарының негізі қаланып, басқа республикадағы экономикалық аудандармен байланыс нығайтылды. Орталық Қазақстанның шикізат аймағы Оңтүстік Оралдың өнеркәсіп орындарын кенмен, металмен, көмірмен жабдықтады. Кенді Алтай Сібірдің индустриялы кешенімен ұласты. Мұнайлы Ембі Еділ мен Жайық арасында жаңадан құрылып жатқан «Екінші Баку» мұнай базасының бір бөлігіне айналды.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары бой көтере бастады. Олардың ішінде қуаты жағынан елде үшінші орын алатын Семей ет, Гурьев (Атырау) балық – консерві, Алматы жеміс – консерві комбинаттары, Жамбыл, Мерке, Талдықорғандағы қант заводтары сияқты кәсіпорындар іске қосылды.

Индустрияландыру саясатындағы кемшіліктер:

1. Машина жасау, металлургия, қорғасын өнеркәсібі кәсіпорындары болмады.

2. Энергетика базасы, құрылыс материалдары өнеркәсібі артта қалды.

3. Тау – кен шикізатын дайындаушы база ретінде қала берді.

4. Республикадан сирек кездесетін металдар, мұнай, көмір, фосфорит тегін әкетілді.

Өлкедегі индустрияландыру бағытын жүзеге асыру жолдары:

1. Шаруаларға үстеме салықтар салынды.

2. Республикалардың барлық жинақталған қорлары мемлекеттік бюджетке қосылды.

3. Одақтық бюджеттен берілген есебінде, республика қорынан субсидиялар мен дотациялар бөлу (1931-1934 жж. - 2 млрд. 137 млн. сом).

4. Өндірісті, өнім өткізуді және жабдықтауды мемлекет қолына шоғырландыру.

5. Жазалау саясатын қолдану сияқты тәсілдер тән болды.

Негізінде елді экономикалық артта қалушылықтан шығару сияқты игі мақсатпен басталған бұл жұмыс әкімшіл - әміршіл, бұлтартпайтын әдістерімен жүргізілді. Көптеген жаңа құрылыстар жазықсыз қудаланған адамдардың еңбегімен көтеріліп, ондай қудаланған адамдардың саны үнемі толықтырылып отырды.

Индустрияландырудың Қазақстанға тигізген теріс әсері:

1. Халық дәстүрі бұзылды.

2. Қазақ шаруалары кедейленді және аштыққа ұшырады.
3. Лагерьлер жүйесі орнықты.
4. Қазақстан Ресейдің шикізат көзіне айналды.

Индустрияландыру ерекшеліктері:

1. Өлкедегі индустрияландыру жоғарыдан жүзеге асырылып, шикізат көздері екпінді қарқынмен игерілді. Мұнай Ембіде өндіріліп, өндейтін орталық Орскіде салынды.

2. Білікті жұмысшы мамандар, инженер – техник қызметкерлер сырттан, негізінен Ресей мен Украинадан әкелінді.

3. Жергілікті мамандар жетіспеді.

4. Урбандалу (урбанизация) процесі күшті жүріп, қалалар мен қала үлгісіндегі қоныстар, қала халқы көбейді. 1930 жылдың аяғында қала халқы 29,8 %, 1939 жылы қалада тұратын қазақ – 375 мыңға артты (1926 жылғыдан 5 есе көп).

1940 жылы Қазақстанда өндірісте істейтін жұмысшы табының жалпы саны 350 мыңға жетті. Оның жартысына жуығы қазақ жұмысшылары болды. Республикада көптеген инженер – техник кадрлары даярланып, олардың саны 11 мыңнан асты.

Индустрияландыру барысында бұқаралық социалистік жарыс өрістеді. 1930 жылы республикада 10 мыңнан астам екпінділер болды. Домбастың жаңашыл забойшысы – Алексей Стаханов бастамасы ел көлемінде насихатталды. Қазақстандағы алғашқы Стаханов ізбасары – Қарағанды шахтеры Түсіп Күзембаев. Стахановшылар қозғалысы халық шаруашылығының барлық маңызды салаларын қамтыды.

1935 жылғы желтоқсанда республиканың түсті металлургия өнеркәсібі озаттарының тұңғыш слеті болды. Қазақстан индустриясының еңбек ерлері: Ә. Мұрынбаев, М. Сағымбеков, Б. Нұрмахамбетов, З. Табылдинова, А. Сафин.

Стахановшылар қозғалысы және оның әсері:

1. Жаңа техника мен технология меңгерілді.
2. Жұмысшы табының мәдени – техникалық деңгейі жетілдірілді.
3. Еңбек өнімділігі артты.
4. Индустрияландырудың даму қарқыны тездетілді.

Теріс әсері:

1. Жағдайға қарай ыңғайланып, реттелетін қозғалысқа айналды.
2. Жаппай стахановшыландыру жүргізіліп, өндірістің берекесі кетті.
3. Жекелеген адамдарға рекорд үшін жағдай жасалды.
4. Еліктеушілік, бірыңғай ойлаушылық психологиясы қалыптасты.

Индустрияландыру саясатының тарихи маңызы:

1. Аграрлық республика индустриялы – аграрлық аймаққа айналды.
2. Республикада қалалар мен қала тұрғындарының үлес салмағы өсті.
3. Ұлттық жұмысшы табы құрылды.
4. Инженер – техникалық кадрлар қалыптаса бастады.

5. Қысқа мерзімде орасан зор материалдық қазыналар, өнеркәсіп мүмкіншілігі жасалды.

6. Көп ұлтты ұжымдар пайда болды, адамдардың туысқандығы нығайды.

7. Қазақстанның басқа индустриялық аймақтармен экономикалық байланысы орнықты.

8. «Кімді кім» деген мәселе қалада да, деревняда да социализм пайдасына шешілді.

9. Өндірістің негізгі құрал – жабдықтарына капиталистік меншік жойылды.

10. Жұмыссыздық жойылды.

11. Халықтың материалдық әл – ауқаты біраз жақсарды. Қазақстанда жалақының жалпы қоры 1928 жылы 142,11 млн. сом болды, ал 1932 жылы 732,8 млн. сомға жетті.

12. Өнеркәсіп орындарының көпшілігі 7 сағаттық жұмыс күніне көшірілді.

Сөйтіп, индустрияландыру елді экономикалық артта қалушылықтан шығарды.

2. Қазақстанда социализмнің бұрмалануы 1925-1933 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ф.И. Голощекиннің есімімен және қызметімен тікелей байланысты. Ол «қазақ ауылы», Қазан лебін сезінген жоқ, сондықтан «Кіші қазан» төңкерісін жасау қажет деген идеясын ұсынды. Голощекиннің бағыты елеулі қарсылыққа ұшырады, сол жағдайда ол И.В. Сталинге хат жазып, онда өлкелік партия комитеті бюросы бағытының өңін айналдыра баяндап берді. И.В. Сталин қысқа әрі мейлінше айқын жауап қайтарды, онда былай делінген еді: «Голощекин жолдас! Мен осы жазбаңызда белгіленген саясат негізінен алғанда бірден-бір дұрыс саясат деп ойлаймын. И.В. Сталин». Осыдан бастап Голощекин идеясына жол ашылды.

Голощекиннің «Кіші Қазан» төңкерісінің бағыты: 1) өлке өнеркәсібін ұсақ және орташа деңгейде дамыту; 2) өлкені шикізат базасы ету. Голощекин бұл идеясын 1927 жылы ұсынып, 1930 жылы VII өлкелік партия конференциясында нақтылады. Саяси бюро мүшелігіне кандидат А.А. Андреев VI Бүкілқазақтық партия конференциясында бұл бағытты қолдайтындығын мәлімдеді.

Ірі саяси қайраткер және экономист Смағұл Садуақасов «Кіші қазан» бағытына қарсы шығып, өз идеясын ұсынды. Оның бағыты:

1. Өнеркәсіпті шикізат көзіне жақындату.

2. Қазақстанды ірі өнеркәсіптер еліне айналдыру.

Қазақстанда индустрияландыру жолдары туралы пікір сайыс барысында кереғар көзқарастар қалыптасты. Біреулер «түйеден социализмге» өту мүмкін емес, далада фабрикалар мен заводтар салу шамадан тыс нәрсе» болып табылады, «ұлттық өзіндік ерекшелікті» жояды деп пайымдады, енді

басқа біреулер «қазақтандыру өндірісті қымбаттатып жібереді», қазақтармен «өнеркәсіп – қаржы жоспарын орындай алмайсың» және т. б. деп санады.

Жергілікті мамандардың индустрияландыруды жүзеге асыру барысындағы ұсыныс – пікірлері ескерілмеді. С. Садуақасов пен Ж. Мыңбаевтің өнеркәсіпте сақталып отырған отаршылдық құрылымды қайта қарау қажеттігі туралы айтқандары «ұлтшылдық көрініс» деп бағаланды. Өндіргіш күштердің даму деңгейіне, еңбек қорының дәрежесіне сәйкес келетін индустрияландыру қарқыны туралы ескертпелер «ұлыдержавалық шовинизм көрінісі» деп есептелді. Сөйтіп, теориядағы субективизм мен практикадағы әміршіл – ырықсыз әдістер республиканың социализмге бет алуының балама жолын зерттеу мүмкіндігін жоққа шығарды.

Жаңа экономикалық саясаты республикада дәйекті түрде жүзеге асыру өзінің игі нәтижелерін берді. Кооперативтік қозғалыс одан әрі дамыды. Өндірістік кооперацияның негізгі үш түрі болды:

1. Коммуна - өндірісті қоғамдастыру.

2. Артель – жердің, малдың бір бөлігін, ауылшаруашылық машиналарын, құрал – саймандарды біріктіру.

3. ТОЗ – жер бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік.

Шаруалар ұжымдастыру түрлерін таңдағанда негізінен ТОЗ-ды қалады. 1927 жылғы қазанның 1 – іне қарай Қазақ КСР – інде кооперация шаруа қожалықтарының 23,1% -ін қамтыды. Сол уақытқа қарай 1074 тұтыну қоғамы жұмыс істеді, оның 312 – і ауылдарда болды, қазақ даласының жекелеген түпкірлерінде 140 факторий құрылды. Қазақ шаруалары 1072 ұжымдық шаруашылықта, соның ішінде 101 коммунада, 17 артельде, жерді бірлесіп өңдейтін 294 серіктестікте (ТОЗ-да) ынтымақтастық пен өзара көмек мектебінен өтті.

Жаңа экономикалық саясат негізінде республикадағы мал саны артты: 1929 жылы 10,5 млн. – ға жетті. Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп, орташалардың кедейлермен одағы нығая түсті. Патриархат көшпелі халықтың мәдениеті артты. Алайда бұл ұзаққа созылған жоқ. Өлкелік партия ұйымының басшылығына келген Ф.И. Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен ауылда тап күресін шиеленістіру бағытын таңдап алды. Шабындық және егістік жерді қайта бөлу науқаны ауылдағы жағдайды ауырлата түсті. 1926 жылғы көктемде кедейлер байлардың иелігіндегі 1,3 млн. га шабындық және 1,25 млн. га егістік жерді тартып алды.

Индустрияландыру бағыты азық-түлік қорлары проблемасын күн тәртібіне қойды. 1928 жылы қаржы мен жұмыс күшін ауылшаруашылығын өнеркәсіпке ауыстыру жүйесін қалыптастыру процесі басталды. «Барлық формадағы кооперацияны барынша дамыту саясатын» ұжымдастыру бағытына көшіру көзделді.

1928 жылғы қаңтар - ақпан айларында И. Сталин Сібірге сапарға шықты. Осы жылы 3 ақпанда болған Омбы округтік комитетінің мәжілісінде астық

дайындау барысында төтенше шаралар қолдануға рұқсат етті. Ф. Голощекин ауыл мен қоныстарға 4800 уәкіл жіберіп, 31 мың шаруа жазаға тартылды. 1928 жылғы 1 қазан – 1929 жылғы 1 желтоқсан аралығы – 277 шаруа атылды.

1928 жылғы 27 тамыз – «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» декрет жарияланды. Декретте бай-феодалдар өздерінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі жасайды деген ұстаным негізге алынды. 657 бай жер аударылып, 145 мыңы тәркіленіп, олардың ауылшаруашылық құралдары – 877 колхозға, 24. 491 жеке шаруашылыққа бөлініп берілді. Тәркілеу заңды бұзу арқылы жүзеге асырылды:

1. Орташалар байлар қатарына жатқызылды.

2. Тәркілеуге жататын нормаға дейін жеткізу үшін жекелеген отбасы шаруашылықтары әдейі біріктірілді.

3. Қанаушы элементтермен қатар дәулетті және орташа шаруашылықтар да тәркіленді.

Сөйтіп, бай-кулактар қатарына темір шатырлы үйі немесе 2 аты болғандар да енгізілді. Ауылшаруашылығын жаппай ұжымдастыру (коллективизация) бағыты көзделіп, бай-кулактары тап ретінде жою міндеті алға қойылды.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланды. Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауылшаруашылық артелі, ал мал шаруашылығы аудандарда жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс еді. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада колхоз құрылысы жедел дамытылды. Алғашқы МТС-тер құрылып жатты. Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді 1933 жылы аяқтау көзделді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін ауылдар мен қоныстарға 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңдықшылар» жіберілді. Олар Ресейден колхоз жобасын қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды.

Ұжымдастыру жылдары кооперативтендіру қозғалысының өз ісін ашуға мүмкіндік беру, материалдық ынта, кооперативтендіруге шаруаның бірте – бірте өтуге, еркіндік ұстамдары бұзылды.

Ұжымдастыру кезінде жіберілген қателіктер:

1. Қатаң жаппай қуғындау мен террорға негізделді.

2. Даярлықсыз жергілікті жағдайлар ескерілместен жүргізілді.

3. Әкімшілік – күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді.

4. Шаруашылық базасын жасау, тұрғын үйлер, мәдени тұрмыстық объектілер салу жоспары аяғына дейін орындалмады.

Белсенділер отырықшыландыруды жоспарлаған 3 жылдың орнына 3 күнде аяқтап «жалған колхоздар» құра бастады. Нәтижесінде: Абыралы ауданында – 70 %; Жымпиты ауданында – 60 %; Жәнібек ауданында – 95 %

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

шаруашылық ұжымдастырылды. Шаруашылықты ұжымдастыру деңгейі үнемі өсіп отырды. Егер 1928 жылы Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2% - і ұжымдастырылған болса, 1930 жылғы сәуірдің 3 – інде 56,4 % - і, ал 1931 жылы қазан айына қарай 65 % - дай ұжымдастырылды.

Азық-түлікпен қамтамасыз етудің қиындауына байланысты 1929 жылы «Әскери коммунизм» саясаты кезіндегі салғырт енгізілді. 1931–1932 жж. Шұбартау ауданында барлық малдың 80 % - ын мемлекетке етке өткізілді. 173 мың малы бар Балқаш ауданына 297 мың малға салғырт салынды. Торғай ауданында 1 млн. мал басынан салғырт салдарынан 98 мыңы қалды. Торғайлықтар «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» ұранын көтерді. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан-ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру, тұрып жатқан жерінен басқа ауданға жер аудару, ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқыту сияқты күштеу тәсілдері мейлінше дағдылы және кең таралған тәсілдерге айналды. Колхозға кіргісі келмеген кедейлер мен орташалар «бай-кулактар» қатарына жатқызылып, қатал жазаланды. 1929 жылы 56,498 шаруа жауапқа тартылып, 34 мыңы сотталды. 1931 жылы 5500 отбасы жер аударылды. 1929 – 1933 жылдары ОГПУ (біріккен мемлекеттік саяси басқарма) үштігі – 9805 іс қарап, оның ішінде: ату жазасына – 3386 адам, 3-10 жылға концентрациялық лагерьге қамауға – 13151 адамға үкім шығарды.

1930 жылы 30 мамырда республика үкіметі жаңа лагерьлер ұйымдастыру үшін Ақмола, Қарағанды округтерінен мерзімсіз, тегін пайдалануға 110000 га жер бөлді. Жекедегі малды қоғамдастыру нәтижесінде мал күтімінің кемдігінен, жем – шөптің жетіспеуінен мал қырылды. Осы жылдары өлкенің Одақ бойынша товарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 %-тен 3 %-ке кеміді.

Мал шаруашылығы күйзелісті шығынға ұшырап, 1930-1932 жылдары аштық жайлады. 1932 жылғы ақпан – колхозшы қожалықтарының 87 %-і, жекешелердің 51,8 %-і малдан түгел айырылды. Ұжымдастыру қарсаңында – 40,5 млн. мал болса, 1933 жылы 1 қаңтарда 4,5 млн. мал қалды.

Бұл жағдай Қазақстанда аштық қасіретін туғызды:

1. 1930 жылы – 313 мың адам;
2. 1931 жылы – 755 мың адам;
3. 1932 жылы – 769 мың адам қайтыс болды.

4. 1930 – 1932 жылдарда барлығы 1 млн. 750 мың қазақ немесе халықтың 40 % - і жаппай қырылды.

1932 жылы шілде айында аштық апаты мен себептері туралы Ф. Голощекинге «Бесеудің хаты» - Ғ. Мүсірепов, М. Ғатуллин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев жазды.

Онда көтерілген мәселелер:

1. Орташаларға байлармен бірдей соққы берілді, сондықтан орташалар байлар жағына шығуда.

2. Байлар малды қырып тастауға тырысуда.

3. «Жалған колхоздарды» ұйымдастыру жалғасуда.

4. Өлкеде ашығушылар саны көбеюде.

1933 жылы наурыз айында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов Сталинге хат жазды. Азаматтық ерлігі жоғары және принципшіл адал Т. Рысқұлов өлкеде етек алған қасірет туралы шындықты ашып көрсетуден тайсақтамады. «Сізден осы жазбамен танысып шығып, бұл іске араласуды және сол арқылы аштан өлуге душар болған көптеген адамдардың өмірін құтқарып қалуды өтінемін» деп жазды. Одан әрі хатта көрсетілген деректер бойынша: Қазақ жерінде көршілес өлкелерге көшушілер саны артуда; Орта Волгада – 40 мың; Қырғыз жерінде – 100 мың; Батыс Сібірде – 40 мың; Орта Азияда – 30 мың; Қарақалпақ жерінде – 70 мың қазақтар бар. Көшіп кетушілер Қалмақ, Тәжік жері, Солтүстік өлке, Батыс Қытайға дейін барған. Бұл «аш адамдардың тамақ іздеп босуы».

Қазақ зиялыларының өтініштеріне орталық тарапынан жауап болмады. Аштық әсерінен халық санының азаюы жалғаса берді. Ақтөбе облысында 1930 жылы – 1 млн. 12500 адам болса, 1932 жылы – 725800 адамға кеміген (71 %). Жаппай ұжымдастыру, аштық әсері халықтың көбін көшіп кетуге мәжбүр етті. 1930 жылғы қаңтар – 1931 жылғы маусым аралығы – 1 млн. 10 мың адам (281230 шаруа қожалығы). Қытай, Иран, Ауған жеріне көшті. Оның 616 мыңы қайтып оралған жоқ, 414 мыңы кейін елге оралды.

Аштық зардаптары:

1. 1930 – 1933 жылдары аштықтан 6,2 млн. адамның 2,1 миллионы өлді.

2. Қазақтардың осы жылдардағы саны 40 жылдан кейін, 1969 жылы ғана қалпына келді.

3. Зұлмат ауқымның зор болғаны сонша, 1930-1932 жылдардағы аштық тарихқа «ұлы жұт», қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары ретінде енді.

1929-1931 жылдары Қазақстан жерінде шаруалардың ұжымдастыру саясатына қарсы ұйымдастырылған қарулы қозғалыс болды. **Семей округі** - халық наразылығының ірі ошағы болды. 1930 жылғы ақпан-мамыр аралығында Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонайха, Қатонқарағай аудандарында толқулар болып өтті.

Батпаққара көтерілісі бандиттік – басмашы қозғалысының көрінісі деп бағаланды. Оңтүстік, Орталық, Батыс Қазақстанның 5000 шаруалары біріккен Қарақұм аймағы – көтерілісшілер – заңсыз тәркіленген шаруаларды айдаудан босату және мал – мүлкін қайтару, дін бостандығы, шаруаларға үдемелі табыс салығын салу, еріктілік ұстанымын сақтау, дербес ауылдар ұйымдастыруға мүмкіндік сияқты талаптар қойды.

Қарақұм көтерілісі Орынбордағы 8 – дивизия күшімен талқандалып, 75 адамды атуға, 172 адамды 2-10 жылға соттауға, көбін Шығыс Сібірге жер аударуға үкім шығарды.

Созақ көтерілісі табандылығымен және шебер ұйымдастырылуымен ерекшеленді (басшысы Жақыпов). Көтерілісшілер Созақ ауданының

орталығын алып, аудан басшыларын өлтірді. Көтеріліс Орта Азия әскери округі бөлімдерінің күшімен жанышталды.

Күштеу әдісі мен жаппай ұжымдастыруға қарсы Сарысу, Ырғыз, Балқаш, Қастек, Қордай, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау ауданының шаруалары көтеріліске шықты.

Жазалау шараларының салдары:

1. 1929-1931 жылдары 5551 адам жауапқа тартылып, 883 – і атылды.
2. Барлығы 100 мыңнан астам адам жазаланды.

Коммунистік партия (XX ВКП(б) Орталық Комитеті 1932 ж. 17 қыркүйек – «Қазақстан ауылшаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы туралы» арнаулы қаулы алды. Онда колхоз құрылысында болған асыра сілтеушілік қатты айыпталды. Ф.И. Голощекин. І. Құрамысов қызметтерінен босатылды, кеш болса да, ұжымдастыру саясатының зардаптарын жоюға кірісті.

1. Күшпен жасалған «жасанды колхоздар» таратылды.
2. Астықты аудандарда коммуналар орнына, артельдер ұйымдастырылды.
3. Күштеп қоғамдастырылған мал – мүліктер иелеріне қайтарылды.
4. Отырықшы аудандарға Кеңес үкіметі 2 млн. пұт астық және 30 млн. сом ақша бөлінді.
5. 1935 жылдан ауыл шаруашылық артелінің жаңа үлгісі бекітіліп, жүзеге асырыла бастады.
6. Малсыз шаруашылықтарына мал алуына көмек көрсетілді.
7. Совхоздардың біраз малы колхозшылардың жеке пайдалануына берілді.
8. Ф.И. Голощекин қызметінен (1933 ж.) босатылды.

Қолданылған шаралар нәтижесінде 2-бесжылдық жылдарында колхоз, совхоздар нығая түсті. Республика егістіктерінде техника көбейді. Бірінші бесжылдықта – 9 мың трактор, екінші бесжылдықта – 24 мың трактор, 8 мың комбайн жұмыс істеді. Екінші бесжылдық соңында (1933-1937 жж.) – 200-ге жуық совхоз құрылды. Екінші бесжылдық соңында – отырықшы аудандарға 40 млн. сом қаржы бөлінді.

Жалпы, феодалдақ қалдықтарды жою тұрғысынан ауылшаруашылығын ұжымдастыру ісіне оң баға берілсе, көшпенді халық мүддесінің ескерілмеуі ірі апаттарға әкелді.

3. 30-жылдары КСРО-да социалистік қатынастар орнығып болды. Мемлекеттік меншік нығайып, өндіріс – құрал жабдықтарына қоғамдық меншік орнап, шаруалар жерден шеттетіліп жатты. 1936 жылы КСРО Конституциясы қабылданды. Бұл Конституция әміршіл-әкімшіл жүйені нығайтты. Елде тоталитарлық жүйе, казармалық социализм орнады. Жеке адамның құқығы ескерілмеді. Қазақстанда жазалау шаралары (репрессия) басталды. Балама пікір айтқан адам халық жауы қатарына жатқызылды.

Одақтың ішкі істер халық комиссариаты құрамында жазалау шараларын қолдану: жер аудару, еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамау, ату жазасы, КСРО – дан тыс жерлерге қудалау үшін ерекше комиссия құрылды. Қазақстанда ең алдымен жазаға ұлттық демократиялық зиялылар, Алаш қозғалысының қайраткерлері, қазақ елінің біртуар ұлдары: Ә. Ермеков, Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, Ж. Досмұхамедов және тағы басқалары ұшырады.

Жергілікті зиялыларды қудалауда өлкелік партия комитеті ұйымдастырушы–нұсқаушылық бөлімнің меңгерушісі Н.И. Ежов зор «үлес қосты». Атап айтсақ, 1927-1929 жылдары мемлекет қайраткерлері Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Қожанов, М. Мырзағалиев республикадан аластатылды. Ж. Мыңбаев – Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметінен, С. Садуақасов – Ағарту Халық комиссары қызметінен, Ж. Сұлтанбеков – жер ісінің Халық Комиссары қызметінен алынды.

1937-1938 жылдары террор жаппай сипат алды. Осы жылдары репрессияға ұшырағандар:

- Кеңес үкіметін орнатуға ат салысқандар: С. Арғыншаев, Т. Рысқұлов, С. Шәріпов, Ә. Әйтиев, Н. Төрекұлов, Б. Алманов, С. Мендешев, А. Асылбеков.

- Партия, қоғамдық ұйым қайраткерлері: О. Жандосов, Т. Жүргенов, К. Тәштитов, Н. Нұрмақов, А. Досов, О. Исаев, Ұ. Құлымбетов.

- Революция жеңісін қорғап, ақ гвардияшыларға қарсы күрескендер: Т. Әлиев, С. Жақыпов.

- Қазақ әдебиеті мен ғылымының белгілі өкілдері: І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Аспандиаров, К. Жұбанов, М. Төлепов.

- Орталықтан Қазақстанға жіберілген қызметкерлері: Л.И. Мирзоян, К.М. Рафальский, В.Н. Андроников. Бұлардың барлығы «халық жауы» ретінде жәзәдеттердің қолынан жазықсыз қаза тапты.

Қазақстан жерінде жазықсыз жазаға ұшырағандарға арналған лагерьлер пайда болды. Олар: Карлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг, ЧСИР – Отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерь. Кейіннен ол «Алжир» - халық жаулары әйелдерінің Ақмола лагері. «Алжирде» репрессия құрбандарының әйелдері, аналары, қыздары азап шекті. Қарағанды жеріндегі Осакаров ауданында орналасқан 25 поселок – обсервацияда Ресейден «халық жауы» ретінде жазалағандар орналастырылды.

1937 жылғы қыркүйек, қазанда Қиыр Шығыстан 110 мың корейлер, Әзірбайжан мен Армениядан 2 мың 400 отбасы жер аударылып Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарына қоныстандырылды.

30-40 жылдар мен 50-жылдарда контрреволюциялық қылмыскерлер туралы істерді негізінен сот органдары емес, ОГПУ алқасы «Үштіктер», ерекше кеңестер шешті.

101 мың Қазақстандық ГУЛАГ–қа жабылып, 27 мыңы атылды. Қазір де сол «халық жауларының» 40 мыңы ақталды.

Сталиншілдіктің басты қылмысы: 1) әміршіл - әкімшіл жүйені қолдану, 2) лагерьлер жүйесін құру, 3) халықтарды күштеп көшіру, 4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу (31 мамыр – Ұлттық қаза күні болып белгіленді).

1936 жылғы желтоқсанның 5–інде КСРО Кеңестерінің Төтенше VIII съезі Кеңес мемлекетінің жаңа негізгі заңын – КСРО Конституциясын қабылдады. Он бір Одақтас Республикасының Социалистік Федерациясы құрамына автономиялы республикадан одақтас республика етіп қайта құрылған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы да енді.

1937 жылдың наурыз айында Қазақстан Кеңестерінің Төтенше X съезі қабылдаған Конституциясында - Республикасының саяси негізі – еңбекшілер депутаттарының Кеңестері:

- Республиканың экономикалық негізі – социалистік шаруашылық жүйесі және өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына социалистік меншік деп атап өтілді.

Қазақ КСР-і КСРО құрамына ерікті негізде енді және мемлекеттік, экономикалық, мәдени құрылыс міндеттерін шешуде барлық құқықтарға ие болды. Қазақстан жалпыодақтық еңбек бөлісінде өз орнын алды.

1937 жылғы желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңестің сайлауы өткізілді. Оған республикадан 44 депутат сайланды. 1938 жылғы маусым - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өткізілді. Оған барлығы 300 депутат сайланды: 112-сі жұмысшы; 116-сы колхозшы; 152-сі қазақ; 60-сы әйел, оның 27-сі қазақ әйелі. 1938 жылғы 15 шілде - Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясы болып, оны Ж. Жабаев ашты. 1939 жылғы желтоқсан – жергілікті Кеңестерінің сайлауы өткізіліп, оған 48762 депутат сайланды.

20-30 жылдар кезеңінің қорытындысы, тиімді жағы:

1. Қазақ халқының саяси теңдікке территориялық автономия құқығына қолы жетті.

2. Индустриясы жедел дамыды.

3. Мәдениет, білім беру саласында табыстарға қол жетті.

Тиімсіз жағы:

1. Экономика мен мәдениет саласында қол жеткен табыстар тым қымбатқа түсті.

2. Тоталитарлық, казармалық жүйе орнықты.

3. Қоғамдағы табыстар сталиндік қатал идеологиялық қыспақ қоршауында қалды.

11-тақырып. Қазақстан 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы дәуірінде

1. Фашистік Германияның СССР-ге шабуылы. Соғыстың басталуы, оның сипаты.
2. Қазақстанның адам және экономикалық ресурстарын жұмылдыру.
3. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майдандарында.

СӨЖ тапсырмалары:

1. ҚазКСР-дың соғысқа дейінгі дамуына сипаттама беру.
2. Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы орны мен рөлін айқындау.

1. Шабуыл жасаспау туралы (23 тамыз 1939 ж) Совет Одағымен жасаған келісімді бұзып, фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда соғыс жарияламастан КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды.

Соғыстың сипаты - Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Совет Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды.

1940 жылдың орта кезеңінде-ақ (18 желтоқсан) Гитлер командованиясі СССР – ге басып кірудің «Барбаросса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қол шоқпарларының құрғақтағы, әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасайтын болды. Бұл жоспардың басты мақсаты (идеясы) қысқа мерзім ішінде (3-4 ай), «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде (қараша) аяқтау тиіс еді.

«Барбаросса» жоспарын жасаған кезде фашистік Германияның басшылары КСРО – ны «сансыз» көп ұлттың жасанды және «тұрақсыз бірлестігі», өзінше бір «ішкі бірліктен жұрдай этникалық конгломерат» деп қарастырды. «Ресейдің кең-байтақ жерін мекендеген халықтар жөніндегі біздің саясатымыз, - деді Гитлер өз сыбайластарына, - алауыздық пен жікке бөлінудің кез-келген түріне қолдау көрсету болуға тиіс».

Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді. Қуыршақ мемлекет жобасы фашистер жасап «Барбаросса» жоспарында көрсетілді. Жоспар бойынша фашистер КСРО жерінде Остланд, Украина, Московия, Еділ – Орал, Түркістан сияқты рейх комиссариаттарын құруды көздеді. Жоспарда көрсетілген «Үлкен Түркістан» отарының құрамына Қазақстан, Татарстан, Башқұртстан, Орта Азия, Әзірбайжан, Кавказ, Қырым, Ауғанстан, Шыңжан кіргізілді. Фашистер Кеңес адамдарын қырып – жою жолына осылай түсті.

Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай

жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берді. Республикада 2 млн. – нан астам адам әскери даярлықтан өтті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 – жеке атқыштар бригадасы 30 – дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316 – атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М.В. Панфилов болды. Армия қатарына 1 млн. 196164 (1 млн. 196300) қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Қазақстанда еңбек армиясы құрылып, Қазақ КСР-нен 700 мыңнан астам адам шақырылды. Соғыс жылдары 27 әскери оқу орны 16 мың офицер даярлап шығарды. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам қазақстандық жіберілді. Соғыс жылдарында Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесі түлектерінің бірі И.Н. Кожедуб үш мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

2. Соғыстың басталуына байланысты ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу басталды. Республика экономикасы әскери бағытқа көшірілді (милитарландырылды). Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қысқартылды. Көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Өскемен қорғасын – мырыш комбинаты, Қарағанды көмір шахталары сияқты соғысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіп құрылыстарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 завод пен фабриканы, кәсіпорындары Қазақстанға көшіру жүргізілді.

Өнеркәсіптерді Қазақстанға көшіру екі рет жүргізілді:

1. 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басы;

2. 1942 жылдың күзінде өнеркәсіп орындары, кәсіпорындар, негізінен, Мәскеу, Ленинград облыстарынан, Украина, Белорусь жерлерінен әкелінді.

Көшіріліп әкелінген 54 завод пен фабрика тамақ өнеркәсібі халық комиссариатының қарамағында болды. Жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 53 кәсіпорны көшіріліп әкелінді. Республикада аяқ киім саласының қуаты 12 есе, былғары саласының қуаты 10 есе өсті.

Мәскеу қаласы және Мәскеу облысынан көшірілген кәсіпорындар: Мәскеу авиация жасау заводы, Урюпа ет-консерв зауыты, Держинский атындағы электротехника зауыты, Мәскеу рентген зауыты, № 3 Александр радио зауыты, С. Орджоникидзе атындағы механика зауыты. Жалпы Қазақстанда Мәскеу қаласы мен облысынан көшірілген 40 зауыт орналастырылды.

Украинадан Қазақстанға көшіріліп әкелінген кәсіпорындар: Харьков электротехника зауыты, Подольск механика зауыты, Запорожье феррокорытпа зауыты, Днепропетровск вагон жасау зауыты. Украина ККС – інен Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді. Қазақ КСР-не

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, кәсіпорындар, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларында орналастырылды.

Әрине, Қазақстанға әкелінген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да көшірілді. Мысалы, тек қана Донбасстан 3200–ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер–техниктер саны 700-дей болды.

Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери - өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85 %-ын, көмірден 18 %-ын, молибденнің 60 % -ын, оқтанды мұнайдың 1 млн тоннаға жуығын берді. 1942 жылы 21 тамызда кеншілер еңбегіне үдемелі-кесімді ақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді.

1942 жылы 24 тамызда Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Қарағанды көмір алабында көмір өндіруді арттыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы шықты. Облыстың және ауданның еңбеккерлері Қарағанды шахталарын қамқорлыққа алу жөнінде патриоттық қозғалыс бастады. Шахтерлерді азық – түлікпен қамтамасыз ету, шахталарда тұрақты жұмыс істеу үшін адамдар жіберу, Қарағанды облысындағы 30 желісі 3 есе, оқушылар саны 5 есе көбейді. 1943 жылы забойлар желісі көбейіп, жер астында екінші Қарағанды пайда болды. Мұнайлы аудандарға көмек көрсетілді. Атырау мұнай өңдеу заводын, Каспий – Орск мұнай құбырын салу үшін қуатты құрылыс ұжымы ұйымдастырылды. Ембіге Әзірбайжаннан 400 маман мен жұмысшылар келді.

Соғыс жылдары салынған құрылыстар: Мақат – Қосшағыл темір жолы, Петровский машина жасау зауытының екінші кезегі, Пешной аралы – Шарин құбыр жолы, Атырауда теңіз порты мен мұнай өңдеу зауыты, «Комсомол» кәсіпшілігі.

1944-1945 жылдары салынған жаңа өнеркәсіп объектілері: Текелі қорғасын – мырыш комбинатының алғашқы кезегі. Белоусов байыту фабрикасы. Ақмола ауылшаруашылық машина зауыты. Алматы вагон жасау зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты. 1941-1945 жылдары барлығы 460 зауыт, фабрика, шахта салынды. Өнеркәсіп өндірісі соғыс жылдарында 37 % - ке өсті.

Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің саны 1939 жылмен салыстырғанда 1942 жылы 600 мыңға кеміді. Колхоз өндірісінде әйелдер еңбегінің үлесі артып, 1940 жылғы 48%-ң орнына 1942 жылы 75%-ға жетті. 76 мың механизаторлардың 55 мыңнан астамы әйелдер болды. Бүкілодақтық социалистік жарысқа 10 мыңнан астам тракторшы қыз-келіншек қатысты.

1942 жылы егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың гектарға көбейді. 1943 жылы 775 мың га жаңа жер алқаптары егістікке арналды.

Сөйтіп, республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстан майдан арсеналына

айналып, майдан мен тылды қару – жаракпен, оқ – дәрімен, азық – түлікпен камтамасыз етуші аймақ болды.

Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызға айналды. Георгий Хайдин мыңдықшылар қозғалысының жетекшілері А. Семиволос мен И. Янкиннің әдісін қолданған республикадағы үздік бұрғылаушы болды. Соғыс жылдарында Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, В.П. Кривич, Б. Самжүрекова, Ким Ман Сам, И.Я. Кудлай есімдері бүкіл елге әйгілі болды.

3. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдер майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ. Жұматов, В. Фурсов, К. Тұрдиев, Ш. Шолтырев, К. Иманқұлов, Е. А. Качань жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті. 1941 жылы 24 маусымда 219 атқыштар полкі Литваның Шяуляй қаласында алғаш рет ұрысқа кірісті. Қазақстандықтар жау әскерлерімен Перемышев, Мурманск, Одесса, Севостополь, Сталинград түбіндегі, Украина, Белоруссия жеріндегі жанқиярлық қарсылығына қарамастан немістер соғыстың бастапқы кезінде үлкен басымдылыққа ие болды. Оның бірнеше себебі бар еді:

Біріншіден, басынан бақайшағына дейін қаруланған, Еуропаның көптеген елдерін бағындырған жау әскерінің соғыс жүргізу тәжірибесі мол болды.

Екіншіден, тұтқиылдан жасалған шабуылға Кеңес әскерлері әзір емес еді.

Үшіншіден, Кеңес әскерін қайта құру, қаруландыру тиісті дәрежеде болмады. Төртіншіден, 1939 – 1940 жылдардағы Қызыл Армияны тазалау кезінде әскердің көптеген қолбасшылары, жоғары, орта буындағы офицерлері ұсталып атылып кетті. Осының бәрі Қызыл Армия бөлімдерінің соғыстың бастапқы кезінде үлкен сәтсіздікке ұшырап, мыңдаған жауынгерлерден айырылуына әкеп соқтырды.

Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы, әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста шықты. Республикада жасақталған 316 – атқыштар дивизиясына Мәскеуге апаратын негізгі өзекті жолдың бірі – Волоколамск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. 28 танк жоюшылар («28 панфиловшы») тобы Дубосеково разъезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Ротаның саяси жетекшісі В. Г. Клочков «Россия кең – байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва» ұранын көтерді. Оның бұл сөзі бүкіл майданға тарады. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді. Сондай-ақ, Мәскеу қорғау тарихына панфиловшылар дивизиясы

бөлімдерінің саяси жетекшілері П.В. Вихров, М. Габдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров, Р. Амангелдиев мәңгі өшпес із қалдырды.

316-дивизия жауынгерлерінің ерлігі мен қаһармандығы жоғары бағаланды. 1941 жылы 17 қарашада оған 8-ші гвардиялық дивизия атағы беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Мәскеу облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, немістердің көзін жойған Төлеген Тоқтаровқа Кеңестер Одағының батыры атағы берілді. М. Габдуллин басқарған автоматшылар тобы да ерекше ерлік көрсетіп, жау танкілерінің бірнешеуін жойды. М. Габдуллинге Кеңестер Одағы батыры атағы берілді. 1942 жылы 3 мамырда 238 атқыштар дивизиясы ұйымшылдығы және ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталды, ал 1942 жылы бұл дивизия 30 – гвардиялық дивизия болып қайта құрылды.

Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. 316-атқыштар дивизиясы (1941 ж. 9 қыркүйек) және 314-дивизия Ленинград облысының 22 елді-мекенін азат етуге, «өмір жолын» салуға қатысты.

Балтық флотындағы «Киров» Қызыл Тулы крейсерінде 156 қазақстандық шайқасып, ерліктері үшін ордендер мен медальдармен марапатталды.

Ленинград шайқасына қатысқан қазақстандықтар:

1. Партия ұйымдастырушысы Султан Баймағанбетов А. Матросовтың ерлігін қайталап жау дзотын кеудесімен жауып, Батыр атанды.

2. 372-атқыштар дивизиясының 1236-атқыштар полкі 5-атқыштар ротасының бөлімше командирі Қойбағаров ұрыста неміс траншеяларына бірінші болып кіріп, ержүректілік көрсетті.

3. 48-атқыштар дивизиясының атақты мергені Дүйсенбай Шыныбеков шайқасты. Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде шайқасты. 314-дивизияның мергендер қозғалысын Солтүстік Қазақстан облысындағы Степан Разин атындағы ауылшаруашылық артелінің бұрынғы колхозшысы, қатардағы жауынгер Г.П. Зубков бастады.

4. Ленин қаласы үшін болған шайқастарда артиллериялық бақылау аэростаттарының дивизион командирі С. Жылқышев та ерекше көзге түсті.

Ленинград қоршауының аса қиын кездерінде оны қорғаушылар бүкіл Кеңес мемлекеті халықтары тарапынан қолдау жасалғанын үнемі сезініп отырды. 1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім» деген жырын арнап, онда көп ұлттық еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен алаңдатушылығын білдірді. Ақын жыры достықтың шынайы ән ұранына айналды. Қоршау жылдарында 850 мыңға жуық бейбіт тұрғын қаза тапты. 1943 жылы қаңтарда 900 күнге созылған Ленинград қоршауы бұзылды, ал 1944 жылы Ленинград басқыншылардан толық азат етілді.

Ленинград шайқасының тарихи маңызы:

- Гитлершіл Германияның ірі жеңілісі болды;

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

- Халықтар достығы мен ерлігінің көрінісі болды.

1942 жылы 17 шілде Сталинград түбіндегі кескілескен ұрыстар басталды. 1942 жылы күзде Сталинград шайқасының жалыны Батыс Қазақстан даласына жетті. 1942 жылы күзде КСРО жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен Каспий алабында соғыс жағдайы енгізілді, ал 1942 жылғы қыркүйектің 1-інде Атырау қорғаныс комитеті құрылды. 1942 жылғы қыркүйектің 15-інде облыстық мемлекеттік қорғаныс комитеті соғыс жағдайын енгізді, ал 1942 жылы 26 қазанда Орал аймағы әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінің қатарына енгізілді.

1943 жылғы желтоқсанда белгіленген шекара бойынша Қазақстан Сталинград облысымен шектесті (Каспий теңізінен Александров – Гайға дейінгі 500 км.). 1942 жылы 9 қазанда Қазақ КСР үкіметі Сталинград майданының ең жақын тылы Қазақстан екенін, сондықтан бұдан артық шегінетін жер жоқ екенін айтып, Сталинградты қорғаушы жерлестеріне үндеу тастады. Батыс Қазақстан жерінде алты қорғаныс шебі, Сайхан, Орда, Чапаев, Тайнақ аудандарында арнайы аэродромдар салынды. Ақтөбе облысында да қорғаныс құрылыстары салынды.

Сталинград майданының көптеген әскери бөлімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орналасты Батыс Қазақстан жерінде 70-ға жуық әскери госпиталь жұмыс істеді. Гитлерлік ұшақтар Сайхан, Жәнібек, Шұңғай станцияларына шабуыл жасап, 7 млн. сом шығын келтірілді.

Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз еткен. Осында көптеген әскери техника жөндеуден өтті. Мысалы, бір ғана Ақтөбеде ай сайын 30 ұшақ құрастырылды. Каспий бассейнде орналасқан Гурьев майданы Орта Азиямен, Кавказбен байланыстыратын негізгі көпірге айналды. Қазақстан жерінде құрылған 292, 387-атқыштар дивизиясы, 81-атты әскер дивизиясы Сталинградты қорғауға тікелей қатысты. Сталинградтың түбінде көптеген Қазақстандықтар ерліктің небір тамаша үлгісін көрсетті.

Жамбылдың ұлы Алғадай Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Г. Сафиулин, М. Баскаков сияқты азаматтардың басқарған әскери бөлімдері жауды талқандау барысында көп үлес қосты. Мысалы, М.А. Баскаков басқарған батареяның 43 зенитшісі трактор заводын қорғап, жаудың 11 танкісін жойып жіберді. 36 зенитші қаза тапты, бірақ бір адам да шегінбеді. 1942 жылы 19 желтоқсанда қарағандылық ұшқыш Нүркен Әбдіров Боховская-Пономаревка ауданындағы әуе шайқасында ұшағын жау танкілері шоғырына құлатып, ерлікпен қаза тапты. 29 және 38-атқыштар дивизиясының жауынгерлері жауды Сталинградтың Киров ауданына енгізбей, танкі мен зеңбіректер жөндейтін зауытын тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. 1943 жылы бұл дивизиялар 72 және 73-гвардиялық дивизияларға айналып, «Сталинград дивизиясы» құрметті атағына ие болды. Оңтүстік Қазақстандық жауынгері Толыбай Мырзаев «Павлов үшін» қорғауға ерлік көрсетті.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Сталинград түбінде қазақстандықтар К. Сатпаев пен А.А. Бельгин өздерінің ерлігі нәтижесінде Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды.

116-атқыштар дивизиясы, 565-атқыштар полкінің 7-ротасының жауынгерлері Сталинград көшелерінде ерлікпен шайқасты. Олардың ерлігі құрметіне Сталинградта «Қазақ» көшесі ашылды. 11 жауынгер 300 фашистке қарсы шайқасып, түгел қаза тапты (араларында Лениногорскілік комсомол Кәміл Хузин болды). Ержүрек жауынгерлер қорғаған төбе «Шығыстың 11 батырының төбесі» деп аталады. Қазақстандық Т.С. Позолотин басқарған 17-гвардиялық танк полкі Еділ жағасындағы ірі операцияларда шешуші роль атқарды. Сөйтіп, 1943 жылғы қыста Сталинград түбінен жау 600-700 км. жерге қуылды.

Сталинград шайқасының тарихи маңызы:

- Екінші дүниежүзілік соғыстағы түбегейлі бетбұрысқа шешуші үлес қосты.

- Қызыл Армия стратегиялық инициативаны берік қолға алды.

- Гитлерлік Германияның тағдырының шешілу уақытын жақындата түсті.

- Еділдегі (Волгадағы) шайқас бүкіл дүниежүзілік тарих шежіресіне ұмытылмас ерлік беттерін қосты.

12-тақырып. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.).

Қазақстан «Хрущев декадасы» жылдарында (1953-1964 жж) (1 сағат)

1. Экономиканы бейбіт өмірге лайық қайта құру. Саяси - қуғын сүргін.

2. Тың және тыңайған жерлерді игеру. Өнеркәсіптің дамуы.

3. Қазақстанның қоғамдық –саяси өміріндегі «Хрущевтік жылымық».

Ғылым және мәдениеттің дамуы.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Қазақстан аумағындағы соғыстан кейінгі кезеңді сипаттаңыз.

2. Жекелеген халықтардың (немістер, шешендер, карачайлар, т.б.) Қазақстанға жер аударылуының зардаптарын ашыңыз.

3. 1965-1966 жылдардағы экономикалық реформаның елді дамытудағы рөлін айқындау.

1. II дүниежүзілік соғыс КСРО шаруашылығына өте көп зиян әкелді. Кеңес Одағы 679 миллиард сом материалдық зиян шекті. Басқыншылардың КСРО халық шаруашылығына жасаған жалпы зияны – 2 триллион 569 миллиард сом болды. 1710 қала, 70 мыңнан астам селолар мен деревнялар, 32 мың өнеркәсіп орындары, 65 мың км темір жол қиратылды, 4 мың темір жол станциясы толық немесе ішінара талқандалды. 2 млн. адам қираған үйде

тұруға мәжбүр болды. Киев, Ленинград, Станиград, Минск қалалардың көп бөлігі талқандалды .

Соғыстан кейін қираған экономиканы, халық шаруашылығын қалпына келтіру Кеңес үкіметінің алдында тұрған басты міндет болды. Бұл бағытта ең алдымен жұмыс күшінің жетіспеуі кедергі жасады. Өндірістегі жұмыс қолының жетіспеуін толықтыру мақсатында 11 млн. 365 мың адамдық Кеңес Армиясы қатарынан 8 млн. 500 мың адам босатылды. 1945 жылдың шілде қыркүйегі бірінші кезекте халық шаруашылығына қажетті мамандар жіберілді.

1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа (1946-1950 жж.) арналған жоспар бойынша соғыстан бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп, одан едәуір асып түсу міндеті белгіленді. Сонымен бірге, онда Қазақстан экономикасын өрге бастыруға үлкен мән берілді.

Республикада ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіріп, тез дамыту, сондай-ақ, жеңіл тамақ және тоқыма өнеркәсібін одан әрі өркендету көзделді. Халықтың материалдық қажеттерін қанағаттандыру ісі екінші кезектегі мәселе болып саналды. Төртінші бесжылдық жоспарда Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға мән берілді. Ауыр өнеркәсіпке, темір жол желісін салуға, ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыруға қаржы бөлінді. Қазақстанға бөлінген күрделі қаржы одақ бойынша үшінші орында болды. Төртінші бесжылдықта бүкіл елде өнеркәсіп өнімі 1940 жылғымен салыстырғанда 40%-ға өсетін болып белгіленсе, Қазақстанда ол 2,2 есе артатын болды.

Бұрын соғысқа қажет өнімдер шығарған өнеркәсіп орындары бейбіт тұрмыс өнімдерін шығару үшін қайта құрылды. Төртінші бесжылдық құрылыстары: 1946-1951 жылдары республикада болат прокаты, қара және түсті металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі үшін қолдан жасалған талшық өндіру жүзеге асырылды. Осы жылдары Теміртау зауытында үй прокат станы, 2 мартен пеші, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының үшінші кезегі, Өскеменде қорғасын-мырыш (1947 ж.) комбинаты салынды. Екібастұзда көмір кесіндісінің құрылысы аяқталды. Маңғыстауда жаңа мұнай кәсіпшіліктері салынды. 1950 жылы мұнай өндіру 52 %-ға артты. 50-жылдардың басында республикадағы кәсіпорын саны – 65 болды. Бесжылдық қорытындысында Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 2,3 есе, оның ішінде көмір шығару 2,5 мұнай – 1,5 газ - 1,9 электр қуатын өндіру 4,1 есе артты.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыды. Семей Илеу-сығынды зауыты өнім бере бастады, Қызылорда тігін фабрикасы жұмысын бастады. Жамбылда, Қызылордада, Павлодарда тері зауыттары салынды. Көлік жүйесі кеңейе түсті: 1950 жылы ұзындығы 483 км. Мойынты – Шу темір жолы салынып, Жамбыл – Шолақтау темір жолы іске қосылды. Байланыс ісі жақсартылды. Барлық аудан орталықтары телефон байланысына қосылды.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1949 жылғы көктемде Алматында елдің 56 қаласымен байланыстыратын автоматтық станция салынды. Радио жүйесі, 40-жылдармен салыстырғанда 2 есе артты. Маманданған жұмысшылар қатары өсті. 1945 жылы 1,044 мың болса, 1950 жылы – 1403 мың адам болды. 1950 жылы елімізде халық шаруашылығында еңбек ететін адамдардың саны 1 млн. 403000-ға жетті.

Соғыстан әлсіреп шыққан еліміздің ауылшаруашылығын қалпына келтіру жолында көптеген кедергілер кездесті. Олар: ауылшаруашылық техникасының жетіспеуі, жұмыс күшінің аздығы, әміршіл-әкімшіл жүйенің ықпалы, экономикалық заңдармен есептеспеу және тағы басқа.

1946 жылғы 16 қыркүйекте ауылшаруашылығында орын алған ауыр жағдайды жою туралы қаулы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес совхоздар мен колхоздардың бұрынғы зардаптарын жою басталды. Ауылшаруашылығын жаңа техникамен қамтамасыз ету үшін мемлекет арнайы қаражат бөлді. Төртінші бесжылдықтың аяғына қарай Қазақстан ауыл шаруашылығында 50683 трактор, 16 мыңнан астам комбайн, ондаған мың автомашина, шөп шабатын және басқа машиналар болды. 1950 жылы еліміздегі колхоздарда 76% МТС-тер жұмыс істейді. Осы жылдарда ұсақ колхоздарды ірілендіру шаралары іске асырылып, республикада 1952 жылғы қантарда 3670 колхоз қалды немесе олардың жалпы саны 2 есеге жуық қысқарды. 1948 жылы республикада ауылдар мен селоларды жаппай электрлендіру жорығы басталды. Сөйтіп, төртінші бесжылдық тұсында 752 колхоз, 317 МТС, 164 совхоз және 193 селолық аудан орталығы электрленді. Селолық электр станцияларының қуаты 1945 жылмен салыстырғанда 2,8 есе өсті.

Республикада төртінші бесжылдықта егіс көлемі бір миллион гектардан аса ұлғайды. Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы артты. 1950 жылы астықтың жалпы түсімі 47654 центнерге жетіп, соғыстан бұрынғы дәрежесінен 89% -ға асып түсті. Ірі қара малдың, қой мен жылқының, жаңа тұқымдары өсіп жетілді. Малдың жалпы саны өсті, ірі қара мал 27, қой мен ешкі 70, жылқы 71%-ға көбейіп, шошқа 2,7 есе артты. Дегенмен, ауылшаруашылығын өркендетуде елеулі қиыншылықтар болды. 1946 жылы қуаншылық болып, астық шықпай, халық азық-түлік тапшылығының зардабын шекті. Колхоз, совхоз, МТС-тардағы техника ескірген, еңбек өнімділігі төмен еді. Ауылшаруашылық жарғысын (уставын) бұзушылық етек алды. Колхозшыларға еңбек күнге өнім өте аз мөлшерде бөлінді. Олардың еңбекке ынталылығы төмен болды. Осыған байланысты әкімшіл-әміршіл жүйе қатал саясат жүргізіп, село тұрғындарын мәжбүрлікте ұстады. Жергілікті жағдаймен есептеспей, жоғарыдан жоспарлап, аппарат тарапынан бұйрық беріліп отырды. «Әскери коммунизм» кезеңінің азық-түлік салғырты саясаты жалғастырылды. Колхозшылардың еркін жүріп-тұруын шектейтін соғысқа дейінгі нормалар сақталды:

- Төлқұжаттары болмады.
- Ауылдық кеңестердегі тізімге тіркелді.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Осындай қателіктер мен қиындықтарға қарамастан, шаруалар елді асырап отырды.

Соғыстан кейін 1946-1953 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы үшін аса бір ауыр кез болды. Соғыстан кейін елімізде қалыптасқан орасан зор қиыншылықтарға, әсіресе ауылшаруашылығында болған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, кеңес халқының әл-ауқаты бірден-бірге жақсара берді. 1947 жылғы желтоқсанда елімізде бұрыннан қолданылып келген, халықты азық-түлікпен мөлшерлі қамтамасыз ететін карточкалық жүйе жойылды. 1947 жылғы ақша реформасының нәтижесінде сомның сатып алу қабілеті едәуір жоғарылады. Нан және наннан жасалған өнімдердің, еттің, сүттің, өнеркәсіп өнімінің бағасы арзандады. Кооперативтік сауданың дамуы нәтижесінде базар бағасы да төмендеді. Төртінші бесжылдықта жалпы алғанда баға үш рет арзандатылды. Сомның сатып алу құнының көтерілуімен қатар еңбекшілердің жалақысы да өсті.

Кеңес үкіметінің еңбекшілердің әлеуметтік жағдайларын жақсарту шаралары:

1. Соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза тапқандардың отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді.

2. Жасы ұлғайғандарға, асыраушысы қайтыс болғандарға және уақытша еңбекке жарамай қалғандарға зейнетақы тағайындалды.

3. Көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдемақы белгіленді.

4. Шипажайлар, демалыс үйлеріне, балалар лагерьлеріне жолдамалар берілді.

5. Кезектен тыс жұмыс істеуге тыйым салынып, ақылы демалыс алу қалпына келтірілді.

6. Тұрғын үй салу қарқыны арттырылды.

Бірақта соғыстан кейінгі бірінші бесжылдық жылдарында халықтың әлеуметтік жағдайы әлі ауыр болды. Тұрғын үйлер жетіспеді, халықтың өнеркәсіппен азық-түлік товарларын керек етушілігі толық қамтамасыз етілмеді. Республиканың сауда орындары жұмысты әлі нашар істеді. Медицина мекемелері санының өсуіне (39%) қарамастан, халыққа медициналық қызмет көрсетуде әлі елеулі кемшіліктер болды.

2. 1953 жылғы қыркүйекте болып өткен КОКП-ның ОК Пленумы ауылшаруашылығында орын алған жағдайға талдау жасап, оның даму болашағын анықтады. Мемлекет тарапынан ауылшаруашылық саласына көп көңіл бөліне бастады. Колхоздарға біраз дербестік берілді, ауыл-село еңбеккерлерінің өнім өндіруге деген материалдық ынталылығы арттырылды, ауылшаруашылық өнімін дайындау және сатып алу бағасы көтерілді, аграрлық секторды техникамен жабдықтау біршама жақсарды, онда электр қуаты кеңірек қолданатын болды, колхоздар мемлекетке төлеуге тиісті қарыздарынан босатылды. Бірақ елде қалыптасқан басқару жүйесі ауылшаруашылығының дамуын экстенсивті жолмен жүргізе берді.

Азық-түлік тапшылығын шешу, астық өндіруді арттыру мақсатында тың және тыңайған жерлерді идеясы пайда болды. 1954 жылы қантарда болып өткен Қазақстан Компартиясының VII съезінде Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов (1948-1954 жж.) қызметінен босатылды. Бірінші хатшылыққа П. Пономаренко (1954-1956 жж.), ал 1955-1956 жж. Л.И. Брежнев сайланды.

1954 жылғы қантар-наурыз – КОКП ОК-нің Пленумы «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдады. Тың жерлер игерілетін аймақтар: Қазақстан, Сібір, Урал, Солтүстік Кавказ, Есіл бойы. 1954-1955 жылдары 1 млрд. 200 млн. пұт астық алу белгіленді. Қазақстандағы тың жерлерді игеретін аудандар: Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Торғай, Павлодар облыстары.

Тың игеруге басқа республикалардан адамдар көшіріліп әкелініп, оларға көптеген жеңілдіктер жасалды: дүние-мүлкімен тегін көшірілді, әр отбасына 500-1000 сом мөлшерінде бір реттік көмек көрсетілді, 10 жылдық мерзімге үй салу үшін 10 мың сом несие берілді, оның 35%-н мемлекет төледі. Бұдан басқа да материалдық, азық-түлік көмектер берілді. Тың игеруге келгендер ауылшаруашылық салығынан босатылды.

1954-1959 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеруге 20 млрд. сом жұмсалды. 1954-1962 жылдары республикаға 2 млн.-ға жуық тың көтерушілер келді, оның ішінде механизаторлар мен партия, кеңес, ауылшаруашылығы мамандарының саны 600 мыңнан асты.

1954 жылы Кеңес Одағында 13,4 млн. гектар жаңа жер, оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн. гектар жер игерілді. 1956 жылға қарай КСРО-да егістік көлемін 28-30 млн. гектарға жеткізу көзделді. Тың жерлерді игеру ісі ерекше қарқынмен, асығыс түрде жүргізілді. 1955 ж. 9,4 млн. гектар жер жыртылды. Ал жоспар бойынша 7,5 млн. гектар болатын. Тың игеру Қазақстанда ерекше қарқынмен жүргізілді. Тың игерудің пайдасы:

1. Тың игеру жылдары Қазақстанда 25 млн.га жер игерілді. (Одақ бойынша 41 млн. га).

2. Қазақстанда егістік жерлердің көлемі артты.

3. Астық өндіру көлемі жағынан Қазақстан одақта 2-орынға шықты. Соның арқасында Қазақстан Орта Азия мен Сібірді, Оралды астықпен қамтамасыз етті.

4. Тың игеру жылдарында Қазақстан көп ұлтты республикаға айналды.

5. Экономиканың басқа салаларының дамуына әсер етті.

6. Қазақстан жерінде көптеген тұрғын үйлер, құрылыстар, мәдени объектілер салынды. Он мыңдаған шақырым жолдар төселді.

7. Жүздеген совхоздар құрылды, (1954 ж. 120-дан астам) елді-мекендер көбейді.

8. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету біршама жақсарды.

Көптеген жылдар бойы тың жерлерді игеру партия көрегендігі, мемлекет жеңісі ретінде дәріптеліп келді. Ал оның көлеңкелі жағы туралы ештеңе Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

айтылмады және айтылуы да мүмкін болмады. Ең алдымен Қазақстанға келген тың көтерушілер арасында арамтамақтар мен қылмыскерлер де болды. 1954-1955 жылдарда Қазақстанға келген 650 мың тың игерушінің 150 мыңы ғана механизаторлар болды. Нәтижесінде, көптеген тәртіп бұзұшылықтар, қылмыстар болып тұрды:

1. Тың игеруге байланысты жайылымдар мен жем-шөп дайындайтын алқаптардың көлемі тарылды.

2. Мал шаруашылығының дамуы артта қалды. Мал шаруашылығының азаюына байланысты ет, сүт өнімдерінің көлемі де азайды.

3. 1956 жылы Отанға тапсырылған млрд. пұт Қазақстан астығы уақытында жиналмай қар астында қалды, біразы іріп-шіріп кетті.

4. Сырттан келген мамандардың тұрақтамауы жаппай етек алды.

5. Сырттан келушілер көп болып, қазақтар ата қонысында азшылыққа айналды: 1954-1962 жылдыры 2 млн. адам келді. Қазақтар республика тұрғындарының үштен бірінен де аз болды. Мысалы, 1897 жылы - 85%-ы болса, 1962 жылы - 29%- ғана болды.

6. Ауылшаруашылық өндірісі мен халық санының өсуінен тұрғын үй салу қырқыны және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету артта қалды.

7. Экологиялық жағдай күрт нашарлады. Аса көп территория жыртылып, нәтижесінде көп жерлер тіршілікке жарамсыз болып қалды. Топырақ эрозияға ұшырап, жердің құнарлылығы азайды.

8. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері аяққа тапталды. Тың игерушілер арасында қазақ халқының ұлттық намысын қорлайтын теріс пікірлер тарайды.

9. Тың игеру жылдары қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдениеті, ұлттық руханияттары ескерілмеді.

10. Қазақ мектептері, балабақшалар, қазақ тіліндегі газет-журналдар азайды. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды. Осының барлығы қазақ халқының бір бөлігінің өз ана тілін ұмытуына әкеп соғып, халықтың ерекшеліктері, ұлттық намысы біртіндеп жоғала берді.

3. 50-жылдар мен 60-жылдардың ортасы Кеңес елінің өміріндегі маңызды кезең болды. КСРО ОК-нің Бас секретары, КСРО министрлер Кеңесінің төрағасы И.В.Сталин 1953 жылы 5 наурызда қайтыс болды. Сталиннің өлімімен тұтас бір дәуір аяқталды. Сталин қайтыс болысымен-ақ елде болуы мүмкін өзгерістердің мәні туралы үш бағыт айқын көрінді: бірінші бағыт үкімет басына Берияның келуімен байланысты болса, екінші бағыт Молотов немесе Булганин, үшінші бағыт Хрущевтің үкімет басына келуімен байланысты еді. Жағдай Хрущевтің пайдасына шешілді.

1953 жылы қыркүйекте Н.С. Хрущев КОКП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына (1953-1964 жж.) сайланды. «Жылымық жылдары» аталған 50-жылдардың екінші жартысынан бастап елде игі істер атқарылды. 1953 жылғы шілдеде КОКП ОК-нің пленумында бұрынғы КСРО-ның Ішкі істер халық комиссариатының халық комиссары, КСРО Министрлер Кеңесі

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

төрағасының бірінші орынбасары, қуғын-сүргінді ұйымдастырушы, саяси авантюрист Л. Берия (1899-1953 жж.) ісі қаралып, барлық лауазымды қызметтерінен босатылып, атылды. Осылай Кеңестер Одағында ширек ғасырға созылған тоталитарлық дәуір аяқталды. Бюрократ көсемдер биліктен кеткенімен, олардан мұраға қалған әміршіл-әкімшіл жүйе жойылмады.

1956 жылғы ақпанда болған КОКП XX съезінде КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Н.С. Хрущев «Жеке адамға табыну және оның зардаптары туралы» баяндама жасады. Баяндамада жеке адамның басына табынудың жай – жапсарды туралы айтылды. Баяндамашы И.В. Сталин, Л. Берия, Н. Ежовты қатты сынап отырып, саяси қуғын-сүргінді жүргізудегі өз жауапкершілігі туралы ештеңе айтпады. Молотов, Каганович, Ворошиловты қорғады. Съезде «Жеке адамға табыну және осының салдары туралы» қаулы қабылдап, ол 1956 жылы маусымда жарияланды, ал съездің басқа құжаттары, талқыланған мәселелері көп уақытқа (33 жыл) дейін құпия түрде сақталды.

1953-1955 жылдарда Н.С. Хрущевтің бастамасымен ГУЛАГ жойылды. Бұл кеңес қоғамын сталинизмнен құтқарудағы адамгершілік акт, маңызды қадам еді. Лагерьлерге жазықсыз отырғызылған мыңдаған адамдарды босатып, белгілі партия қайраткерлері Я. Рудзудақты, А. Рыковты, В. Губарьды ақтағаннан кейін мемлекеттік аппарат реформаны жалғастыруды тағы да аяқсыз қалдырды. Әлі де болса, өз қызметтерінің әділетті бағасын алмады. Кәрістердің, немістердің, қырым татарларының, месхит түріктерінің құқықтары қалпына келтірілмеді. Мемлекеттік дәрежедегі көптеген маселелер тек қана бірінші адамның қолында болды. Одақтас республикалардың құқығын кеңейтуге бағытталған реформа толық жүзеге асырылмады. Республикалардың құзырында ештеңе болмады.

Саяси көзқарасы үшін қудалау орын алып, халық жауы немесе ұлтшыл айыптарының орнына өзгеше ойлайтындар айыбы тағылды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы бір мектебінің мұғалімі М. Елікбаев Н.С. Хрущевке ашық хат жазады. Хатта Қазақстанның тәуелсіздігі жоқ екенін, қазақ мектептері, қазақ тіліндегі оқу құралдары мен баспасөздің тым аз екені туралы айтылған. Осыдан кейін М. Елікбаев МҚК тарапынан қуғынға ұшырап, азап тартады. 1957 жылы М. Елікбаев партия қатарынан шығарылып, жындыханаға тығылды. Н.С. Хрущев басқарған кезде де бюрократиялық жүйе өзгермеді. 1959 жылы болған КОКП–ның XXI съезінде Н. Хрущев социализмнің толық жеңгені, енді коммунизмге аяқ басқаны туралы өз баяндамасында айтты. Елде осындай қияли болжамға сүйенген утопиялық социализм сақталды, ал 1961 жылы өткен КОКП XXII съезде коммунизм 20 жылдық мерзімде орнайтындығы туралы тұжырым жасалды.

Соғыстан кейін қалпына келтірілген өнеркәсіп 50-жылдардан кейін жаңа өзгерістерді қажет етті. Бесінші бесжылдық (1951-1955 жж.) ішінде 200-ге жуық жаңа кәсіпорын салынды, экономиканың даму қарқыны өсіп, 1954-1958 жылдары 730 өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды. 1957 жылы тұңғыш тепловоздар Қарағанды темір жолының Ерейментау депосында Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

пайда болды. Осы жылдары салынған өнеркәсіптер: Ақтөбе хром заводы, Шымкент гидролиззаводы, Семей цемент заводы, Жезқазған кен байыту фабрикасы, Соколов – Сарыбай комбинатының алғашқы кезектері, Өскемен таукен жабдықтарын шығаратын машина жасау заводының 1-кезегі.

1958 жылы жалпы өнім өндіруден Қазақстан КСРО-да 3-орынға шықты. 1956-1958 жылдар аралығында елімізде көлік және коммуникация жүйелерін дамытуға 146,4 млн. сом жұмсалды. Республикада теміржол құрылысына ерекше көңіл бөлінді.

1960 жылы қазақ КСР теміржолының ұзындығы 11,42 км. болды. 1958 жылы Қазақ КСР-де Қазақ теміржол басқармасы құрылып, республикадағы барлық теміржол осы басқармаға бағындырылды. 1951-1955 жылдар аралығында Одақта салынған теміржолдың 30%-ы Қазақстан аумағында салынды. 1960 жылға қарай Одақта өндірілген темір кенінің 5,4%-ы Қазақстанға тиесілі болды. Қазақстан «магниткасы» аталған Қарағанды металлургия заводы Қазақстан мен Орта Азияны, Сібір мен Оралды темір өнімдерімен қамтамасыз етті. Республикада электр энергиясы өндірісі де біршама жақсы дамыды. 1960 жылы Қазақстанда 10,5 млн. кВт/сағат энергия өндірілді. Дегенмен индустрияның дамуы болмаса, сапа жағы өзгеріссіз қалды.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1957 жылғы мамыр айындағы сессиясы Н.С. Хрущевтің баяндамасы бойынша «Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру туралы заң қабылдады, осыған орай экономиканы басқаруда реформа жүргізілді. Бұрынғы салалық министрліктер мен ведомстволардың көпшілігі таратылды». Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісінің негізіне территориялық принцип алынды. Экономикалық әкімшілік аудандарда халық шаруашылығы кеңестері (совнархоздар) құрылды, өнеркәсіп пен құрылысқа тікелей осылар (совнархоздар) басшылық етті. Сөйтіп, реформа негізінде 1) экономикалық әкімшілік аудандар ұйымдастырылды, 2) бұрынғы салалық министрліктері мен ведомстволардың орнына халық шаруашылығы кеңестері ұйымдастырылды. Сонымен басқарудың екі түрін көруге болады.

1. Орталықтандырылған басқару Территориялық басқару.

2. Салалық халық шаруашылық министрлік Кеңестері.

1957 жылғы реформаның кемшіліктері :

1957 жылдан бастап аумақтық принциптер негізінде экономикаға басшылық ету ісін қайта құру ойдағыдай нәтижелер бермеді. Керісінше, 1) экономиканың жекелеген салаларына тұтастай басшылық жасауға мүмкіндік болмады, 2) жекелеген салаларды техникалық жағынан қайта жабдықтау ісіне нұқсан келтірді, 3) өндіруші мен тұтынушы арасында бұрыннан орын алған қатынастар өзгеріссіз қалды, 4) бұрын кәсіпорындар министрліктер тарапынан бақылауда болса, енді оларды халық шаруашылық кеңестері жүргізетін болды, 5) экономикалық тетіктер дұрыс жұмыс істемеді. Қазақстан коммунистік партиясының съездері мен пленумдарында кәсіпорын

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жетекшілері жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалардың тиімсіздігін ашық айтып жүрді.

Сәтсіздіктер күйгелектік туғызды, экономиканы басқаруда ғылымға негізделмеген ойластырмай жасалған субъективтік шешімдерге жол берілді. Мұндай шешімдер көп жағдайда Н.С. Хрущевтің жеке басымен байланысты болды. 1962 жылы Қазақстанда халық шаруашылығын ірілендіру мақсатында реформа жасалды: партия орындары өндірістік белгі бойынша қайта құрылды. Олар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық партия ұйымдары болып бөлінді.

Сөйтіп, жасалған реформалар басқару аппаратындағы абдыраушылықты, бесжылдық жоспардың орындалуындағы іркілістерді туғызды. 1956-1960 жылдарға арналған (6-шы) бесжылдық жоспар 1959-1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспармен ауыстырылды. Жан басына шаққанда өнім өндіруден дамыған капиталистік елдерді ең қысқа мерзімде қуып жетіп, басып озу міндеті қойылды.

13-тақырып. Қазақстан 1960 ж. екінші жартысы мен 1980 жылдардың бірінші жартысында. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991 жж) (1сағат)

1. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының тенденциялары:
 - а) экономикадағы дағдарыстар,
 - б) халық өмірінің жағдайы.
2. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: себептері мен зардаптары.
3. Қоғамдық-саяси қозғалыстар мен партиялар.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Л.И. Брежнев басқарған кезеңдегі экономикалық реформалардың негізгі проблемаларын ашыңыз.

2. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар мен жаңа саяси партиялардың («Невада-Семей», «Азат», т.б.) рөлін айқындаңыз.

3. «Дамыған социализмнің» дағдарыс кезіндегі Қазақстандағы мәдениет пен ғылымның негізгі бағытын ашыңыз.

1. Н.С. Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы сияқты пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді, оның ішінде келешегі жоқ тәжірибелерді сынақтан өткізіп байқап көрді. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгері егу осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шаруашылықтарында байқаудан өтті. Оның айтуымен республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қалалардың аттары өзгертілді: Ақмола – Целиноград атанды, Батыс Қазақстан облысы – Орал облысы болды. Хрущевтің жолсыздықтары мен жөнсіз қылықтарын ашық айтпаса да халық оған наразы болды. Сөйтіп, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

түбегейлі жақсарту қажеттігі кесіп жетіліп келе жатты. Экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмде, валютаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті.

Елде қалыптасқан жағдайы түзеу және жол берілген қателіктерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шұғыл шараларды 1964 жылы 14 қазанда болып өткен КОКП-ның пленумында қабылдады. Пленум Н.С. Хрущевті КОКП ОК-нің бірінші хатшысы және КСРО Министрлер Советінің төрағасы міндеттерінен босатты. Оның орнына КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп Л.И. Брежневті сайлады, ал Кеңес Үкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А.Н. Косыгинді тағайындады. Осының артынша партия, совет және басқа қоғам ұйымдарын **1962** жылы жүзеге асырылған өндірістік принцип бойынша бөлу ойластырылмаған іс деп бағаланып, олардың территориялық - өндірістік принцип бойынша құрылуын қалпына келтіру ісі қолға алынды. Сонымен бірге, жоспарлау мен экономикалық ынталандыру әдістеріндегі қателер де түзетіле бастады. Осы жылдарда іске асырылған шаруашылық реформа дәйекті жүргізілмегеннің өзінде елдің экономикасын көтеруге елеулі ықпал жасады.

70 жылдардың басында бұрынғыдай социализмнен коммунизмге өту туралы территориялық идея басым болды. Бұл жайлы 1967 жылы қазан төңкерісінің 50 жылдығына арналған сөзінде Л.И. Брежнев мәлімдеді.

1977 жылы 7 қазанда КСРО Конституциясы қабылданды. Конституцияда қияли болжамдар көп болды. Коммунизмге өтер жол мәселесі, кемелденген социализм теориясы кең таралды.

1978 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР-інің Конституциясы қабылданды. Бұл Кеңестік жүйедегі Қазақстанның соңғы Конституциясы болды. Бұл Конституцияда да демократияны шектеу, адам құқығын елемеу, қоғамға жат құбылыстар орын алды. Ұлтаралық қатынастарда да келеңсіз жағдайлар көбейді. Республикада орыс тілі «ұлы тіл» ретінде дәріптеліп, қазақ тіліне немқұрайды қарау кеңейді.

1979 жылы КОК ПК–ы Қазақстан жерінде неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылдады. Автономиялық облыстың құрамына Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Кокшетау облыстарының бірнеше аудандары кіруге тиіс болды. Жоспар бойынша автономиялық облыс орталығы Ерейментау қаласында орналасатын болды. Бұл жөнінде арнайы комиссия құрылып, оған КОКП ОК-ының хатшысы А. Коркин төрағалық етті. Партияның бұл шешімі қазақ халқының ұлттық мүддесін аяққа таптаудың көрінісі болды.

1979 жылы 16 маусымда Ақмола қаласындағы Ленин алаңына қазақ жерінде неміс автономиясын құруға наразы болған жастар жиналды. «Неміс автономиясына жол жоқ!» «Қазақстан бөлінбейді!» деген жазулары бар плакаттар ұстаған жастар партияның бұл шешімін қатты айыптады. Осы жылы 19 маусымда жастар алдына шыққан атқару комитетінің төрағасы Жұмахметов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов Қазақстан жерінде ешқандай автономия құрылмайтынына жастарды сендірді.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

70 жылдар мен сексенінші жылдардың бірінші жартысында партияның жоғары орындарында сөз бен істің бірлігіне шақырылған үндеулер барған сайын күштірек естіле бастады. Мұның өзі екі жүзділік үндеу еді. Ойткені, оны басшы органдарында отырғандардың өздерінің орындауы міндетті болмады, талап тек қана төменгі буындағыларға бағытталды. Ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар көзбояушылық сипат алды. Партия басшыларының қатып қалған жаттандылық және дүмшелік пен цифрлардан, алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі барған сайын құлдырай бастады.

Сонымен Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай, тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеологияда, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе, жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың бас кезінде ол барған сайын күшейе түсті.

1965 жылы қыркүйекте КОКП ОК-нің пленумы болып өтті. Пленум өнеркәсіпті дамытуға арналды. Пленумда қойылған міндеттер:

1. Өнеркәсіпті салалық принцип (ұстаным) бойынша басқару.
2. Өнеркәсіп салалары бойынша одақтық республикалық министрліктер құру.
3. Кәсіпорындар дербестігін арттыру.
4. Шаруашылық есепті дамыту.
5. Жұмыскерлерді экономикалық ынталандыру мен материалдық мадақтауларды көбейту.

КСРО жоғарғы Кеңесінің сессиясы 1965 жылғы өнеркәсіпті басқару жүйесін өзгерту және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі кейбір басқару органдары өзгеше құру туралы заң қабылдады. Көп ұзамай осындай қаулылар мен заңдарды Қазақстан Компартиясы ОК-нің XIV пленумы мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі де қабылдады. Қабылданған шешімдерге сәйкес 1965-1966 жылдары Қазақстанда халық шаруашылығы Кеңесі және экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері таратылып, салалық одақтық – республикалық министрліктер құрылып, өнеркәсіптік, құрылыс материалдары, орман, целлюлоза – қағаз және ағаш өңдеу, азық-түлік кәсіпорындары біріктірілді.

60 жылдардың басында өнеркәсіпті сапалық жағынан өзгерту, ғылыми негізде құру үрдісі басталды. Қазақстанда өнеркәсіпке жаңа техниканы енгізу жоспары жасалды. Ең алдымен өндірісті электрлендіру мәселесі қолға алынды. Қарағандыда іске кіріскен екінші МАЭС пен Бұқтырма су-электр станциясы техникалық – экономикалық көрсеткіштерінің жоғарылығымен ерекшеленді – 45 мың шақырымнан асатын қуатты электр тасымалдау жүйесін орнатты. Қарағанды көмір кеніндегі механикаландырылған жүйе еңбек өнімділігін 6%-ға дейін көтерді. Өндірістің автоматтандырылған жүйесі 27 мың адамның еңбегін атқарды. 1985 жылы жаңа технологиялық

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

процесті өндіріске енгізгені үшін Ащысай полиметалл комбинатына Лениндік сыйлық берілді. Екібастұз көмір кесіндісіне озық технология қолданылып, қуатты экскаваторлар пайдаланылды. Ғылыми – техникалық жетістігі нәтижесінде Шымкенттегі М.И. Калинин атындағы зауыттың жұмыс технологиясы жақсартылды. 1965 жылы Өзен кен орнында жаңа технология негізінде алғашқы мұнай өндірілді.

1965 жылғы шаруашылық реформасы нәтижесінде ғылыми – технологиялық процестерді өндіріске енгізу ісі өнеркәсіптегі жағдайды түбірімен өзгертті. Реформа еңбекпен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге оң жол ашты. Кәсіпорындар қызметін жоғарыдан реттеуге шамадан тыс әуестенушілік доғарылды, олардың шаруашылық дербестігі ұлғая түсті. Пайда, баға, ақшалай сыйлық, несие тәрізді экономикалық тұтқалар қозғалысқа келтірілді. Әрбір жұмыскердің, тұтастай алғандағы кәсіпорынның материалдық мүдделігіне баса назар аударылды. 1966 жылы Қазақстанның Өскемен қорғасын – мырыш комбинаты, Шымкент – цемент заводы бастаған II өнеркәсіп жұмыс жүргізудің жаңа тәртібіне көшті. 1970 жылы Қазақстан өнеркәсібінің 70% - ы жоспарлаудың жаңа жүйесіне жұмыс істеді.

1970 жылға қарай КСРО-ның халық шаруашылығында Қазақстанның көмір және темір кенін өндіру, болат балқыту, қара металдар прокаттау жөніндегі үлес салмағы өсті. Республикада бұрын болмаған өнеркәсіп салалары өркендеді: титан, магний, синтетикалық каучук, полиэтилен, көтергіш крандар өндірістері. Мұнай өндіру және химия өнеркәсібі де бұл уақытта жалпыодақтық маңызға ие болды.

Жеңіл өнеркәсіптер қатары өсті: Теміртау, Жамбыл қалаларында азық-түлік өнеркәсібі, Алматыда мақта-мата өнеркәсібі, Семейде трикотаж фабрикасы алғашқы өнімін бере бастады. Бес жылдың ішінде республикада жеңіл өнеркәсіптің 14 кәсіпорны салынды.

Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанда 170-ке жуық кәсіпорын іске қосылды. Қуатты Екібастұз отын энергетика кешенінің құрылысы 1970 жылға қарай басталды. 1975 жылға қарай еліміздегі кәсіпорындардың барлығы энергиямен қамтамасыз етілді. 80 жылдары одақ көлемінде өндіріске енгізілген ғылыми-техникалық жаңалықтардың 3%-ы Қазақстанға тиесілі болды.

Тоқырау кезеңі дейтін 1971-1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр (экстенсивті) әдіспен жұмыс істеді. Соның өзінде халық шаруашылығының дамуында кейбір келелі көрсеткіштерге қол жеткізді. Мәселен, осы жылдарда өндіріс және ғылыми өндірістер құрылымдарының саны 28-162 дейін, оның ішінде кәсіпорындар 1971 жылы – 97, ал 1985 жылы – 610 дейін өсті.

Бірақ шаруашылық реформа нәтижесі күткендегідей болмады. Оның себептері:

- КСРО-да ҒТП негізінде түбегейлі өзгерістер жүргізу қажеттігі сөз жүзінде мойындалғанымен, іс жүзінде бұрынғы басқару әдістерін қолдану жалғаса берді.

- Мемлекеттік – монополистік меншік ҒТП – ты тежеп, экономиканың тиімді дамуына мүмкіндік бермеді.

- Өндірістік бірлестіктер құру ісі ғылыми-техникалық саясатта монополиялық бетбағыттардың пайда болуына әкеп тіреді.

Өндіріс саласындағы кемшіліктер:

- Республикада бұрынғысынша шикізат өндірісіне біржақты бағдар ұсталды.

- Республика өндірісінде көмірдің 50-60%-ы; мұнайдың 70%-ы, темірдің 11,5%-ы рәсуа етілген.

- Әр түрлі себептермен жұмысқа шықпай қалушылық салдарынан жұмыс уақыты босқа жоғалды.

- Кәсіпорындар құқы шектелді.

- Орталықтың өктемдігі күшейді және де басқа ұнамсыз құбылыстар көбейді.

- Жоспарларға түзетулер енгізу сақталды. 1981-1985 жылдары әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300 реттен астам түзетілді.

- Директивалық жоспарлау экономикаға орасан зор нұқсан келтірді.

Нәтижесінде Арал теңізі проблемасы пайда болды:

1. Арал теңізі атырабына өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателіктер.

2. Жер мен су қорын есепсіз пайдалану.

3. Мақта мен күріш дақылдарын өсіруге дара үстемдік беру.

Нәтижесінде теңіз түбі 27 мың шаршы шақырымға құрғап қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 есеге өсті. Балық өнеркәсібі жойылды. Теңіз түбінен тұз бен шаң көтеріліп, Арал аймағының климаты күрт нашарлады. Адам өлімі, әсіресе балалардың шетінуі көбейді. Аймақ тұрғындарының 80%-ы әр түрлі сырқаттарға шалдықты. Экологиялық апат қазақ ұлтының генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу проблемасын көтерді.

Осындай экономикалық дамудағы кемшіліктерге қарамастан 70-жылдары өнеркәсіп жетекші орын алды. 170-тен астам өнеркәсіп кәсіпорны мен цехтар бой көтерді:

1. Лисаков кен-байыту комбинаты.

2. Шерубай – Нұра шахтасы.

3. Талдықорған аккумулятор зауыты.

4. Павлодар облысында Ертісте Шүлбі СЭС-і құрылысы басталды.

1970-1985 жылдары өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд. сом жұмсалды (32%). 1970-1985 жылдары өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі – 2 есе, машина жасау, химия өнеркәсібі – 3 есе өсті.

1965 жылдан бастап ауылшаруашылығы саласына бөлінетін қаржының көлемі көбейді, 7,1 млрд. сом бұл салаға тек қана 8-бесжылдықта бөлінді.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Республикада 1893 шаруашылық дәнді-дақылдар өсіруге мамандандырылды, 1285 шаруашылық қой өсірумен айналысты. 1967 жылдан бастап ауылшаруашылық кәсіпорындар шаруашылық есепке көшіріле бастады. Бұл кезде ауылшаруашылық саласына басқа республикалардан жұмысшылар келе бастады. 1968 жылы Қазақстанға армия қатарынан босатылғандар және басқа одақтас республикалардан 16 мыңға жуық комбайншы келді.

70-80 жылдары ауыл шаруашылығы жөнінде ауқымды шешімдер қабылданып, оларда сала өндірісінің материалдық базасын нығайту, оның өсу қарқынын барынша ұлғайту, мамандандыру мен шоғырландыру көзделді. 1971-1980 жылдар ішінде республиканың ауылшаруашылығына 18 млрд. сомнан астам күрделі қаржы жұмсалды. Жерді суландыруға, химияландыруға да орасан зор көлемде қаражат бөлінді.

Ауылшаруашылығының мәселелерін тек күрделі қаржыны көбейту арқылы ғана шешуге тырысу күткендей нәтиже бермеді. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру төмендей бастады. 9-бесжылдықта - 13%, 2- бесжылдықта – 0,4%.

1964-1985 жылдары мал шаруашылығы құлдырады: 4,2 млн. – ірі қара; 55 млн.-қой-ешкі; 5,1 млн. – шошқа өлім – жітімге ұшырады. Ауылшаруашылық кәсіпорындар солақай саясаттың кесірінен көптеген шығынға батып отырды.

1986 жылы еліміздегі барлық ауылшаруашылық кәсіпорындар, шаруашылықтар өздерінің қаржысынан айырылып, несиемен ғана жұмыс істей бастады.

70-жылдары республиканың бірқатар ауылшаруашылық қызметкерлері шаруашылық жүргізудің қалыптасқан құрылымын өзгертуге әрекеттенді, И.М. Худенко сондай адамдардың бірі болатын.

Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданындағы «Іле» және «Ақши» совхоздарының директоры И.М. Худенко шаруашылықты басқарудың құрылымын өзгертуге бағытталған бірқатар шаралар қолданып, еркін еңбек ету жүйесін енгізеді, фермерлер усадьбаларын дамытуға әрекеттенді. Бюрократиялық жүйенің кесірінен И.М. Худенко қуғындалып, ақырында бас бостандығынан айырылады. Түрмеге түсіп, сонда қайтыс болады.

Колхоздардың дербестігін жоюға бағытталған қадамның бірі – ауылшаруашылығын мамандандыру, кооперациялау және агро-өнеркәсіптік интеграциялау туралы КОКП ОК-нің 1976 жылғы шешімі болды. Оның негізінде колхоздар мен совхоздарды механикаландырылған агро-өнеркәсіптік бірлестіктерді күштеп біріктіру жүргізілді.

1982 жылы мамыр айында КОКП ОК-нің пленумы болып өтті. Онда азық-түлік программасы қабылданды және агро-өнеркәсіптік кешеннің тиімділігінің жеткіліксіз дәрежелі екендігін мойындауға мәжбүр болды. Пленум азық-түлік проблемасын шешудің бірден-бір мүмкін жолы интенсивтілігі басым өсу факторларына көшу деп тапты.

Алайда азық-түлік бағдарламасы мен ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтатуға бағытталған өзге де әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді. Өйткені бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды және шаруалардың түбегейлі мүдделерін, ауыл еңбеккерлерінің экономикалық мүдделерін қозғаусыз қалдырды. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі бұрынғысынша жоғарыдан реттелді. Осының салдарынан ауылшаруашылығындағы жағдайдың дағдарыстық сипаттары көбейе түсті. 80-жылдардың орта шенінде іс жүзінде барлық жерде тамақ өнімдерімен шектеулі қамтамасыз ету жүйесі енгізілді. Село тұрғындарының еңбегі бағаланбай, олар қалаларға, басқа жақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жүздеген қаңырап қалған кішігірім ауылдар пайда болды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда КСРО-да экологиялық жағдай күрделі проблемалардың біріне айналды. Бұл проблемадан Қазақстан да тыс қалған жоқ. Әлем тарихында «қырғи қабақ соғыс» («холодная война») аталған империалистік мемлекеттер мен социалистік мемлекеттер арасындағы жанталаса қарулану бәсекесі ХХ ғасырдың 2-ші жартысында дүниені шарпыды. Бұл бәсекеде басты орында АҚШ пен КСРО тұрды. Ең алдымен бұл екі мемлекет ядролық қарудың ошағына айналды.

Қазақстан КСРО қорғаныс кешенінің ең ірі ядролық полигоны болды. Қазақстан жеріне осы және тағы басқа әскери қару-жарак кешендерін салу барысында ешкімнің мүддесі ескерілмеді. Қазақстанда ең ірі Семей полигоны болды. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстары түйіскен жерде орналасқан бұл полигон 8372 км² жерді қамтыды. 1949 жылы 29 тамызда Семей полигонында алғаш рет ядролық қаруды сынады. Семей полигонында барлығы 500-ге жуық ядролық сынақ өткізілді. Ол кезде полигонның халыққа, қоршаған ортаға деген зияны туралы еш нәрсе айтылмады. Полигонда өткізілген әрбір сынақтың адам өміріне келтіретін зияны өте көп болды. Адамдар арасында түрлі аурулар көбейді. Өмірге келетін сәбилердің кемтар болып тууы жиіледі. Жер қыртыстары жарамсыз болып қалды. 1969-1970 жылдары Маңғыстау жерінде жер астында ядролық қару үш рет сыналды. Бұл сынақ халықтан жасырын түрде өткізілді. 70 жылдардан бастап Қазақстандағы тағы бір экологиялық апатты аймақ Арал теңізі болды. Ең алдымен өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателік басты себептердің бірі болды. Сырдария, Амудария өзендері суларын мақта, күріш дақылдарын өсіруге қисапсыз пайдалануы Арал теңізінің тартылуын тездетті. Қазіргі уақытта Балқаш көлінің де экологиялық жағдайы проблемаға айналып отыр.

КСРО құрамындағы барлық одақтас республикаларда 1980 жылдан кейін аса күрделі жағдай басталды. Мұндай жағдай елдің әлеуметтік, экономикалық нышандарының жоқтығынан туып еді. Дағдарыстың себебі өте көп болды.

Саяси саладағы белгілері:

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1. Басшылықтың өзгерістерді жүзеге асыру қажеттігін түсінуге қабілетсіздегі және дәрменсіздігі.

2. Қоғамдық өмірдің, экономикалық қызметтің, азаматтардың жеке өмірінің бір орталықтан басқарылуы.

3. Партиялық және мемлекеттік функциялардың бірігуі мен төрешілденуі.

4. Заңдылықтың бұзылуы.

5. Жариялылықтың болмауы.

Экономикалық салаларда дағдарыстың белгілері:

- шаруашылықтың жүргізудің шығындық тәсілі.

- ғылыми-техникалық және технологиялық прогресте артта қалушылық.

- бақылаусыз басқару аппараты.

- инфляция.

- товар зәрулігі.

Әлеуметтік саладағы оның негізгі белгілері:

- халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауы.

- теңгермешілдік.

- әлеуметтік әділеттіліктің жиі бұзылуы.

- күнделікті тіршіліктің бұрмалануы.

- ұлтаралық қатынастардағы шиеленістер.

- маскүнемдік, нашақорлық, ұрлық, парақорлық, жезөкшелік және коррупция.

Сонымен, КСРО қоғам дамуының жаңа бетбағытына мұқтаж жағдайда тұрды.

1985 жылғы наурызда Н.У. Черненко қайтыс болғаннан кейін КОКП ОК-нің Бас хатшысы қызметіне М.С. Горбачев сайланды. 1985 жылы сәуірде КОКП ОК-тың пленумында әлеуметтік, экономикалық дамуды жеделдету мәселесіне сәйкес экономикалық құрылымды қайта құру бағыты жарияланды. М.С. Горбачев саясатының ұрандары: жариялылық, жеделдету, қайта құру. Бұл қайта құру бағыты 1986 жылғы КОКП-ның XXVII съезінде мақұлданды. Сонымен партия елде жаңару бағытын бастауға міндет алды. Қайта құру ешқандай бағдарламасыз, ғылыми айқындамасыз жүргізілді. Бұл бағыттың қияли болжамдары көп болды. Қайта құру бағыты алғашқы кезден бастап сәтсіздікке ұшырай бастады. Бұған Мәскеуде В.В. Гришин, Ленинградта Г.В. Романов, Қазақстанда Д.А. Қонаев, Әзірбайджанда Г. Әлиев сияқты басшылар кінәлі деп шешілді. Қайта құру бағыты мемлекетті сол кезде алғышарты қалыптасқан аса ірі дағдарыстан құтқара алмады. Қоғамдағы жағдай күннен күнге қиындай берді.

1987 жылы қантар айында болып өткен КОКП ОК-нің Пленумында «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе талқыланды. Қаулының кемшіліктері:

1. Дағдарыстың нақты себептерін көрсете алмады.

2. Жаппай өзгерістердің символына айналып, сөз жүзінде ғана салтанат құрды.

1987 жылғы маусым Пленумы басқару ісін түбірлі қайта құру мәселелеріне арналды. Пленум әзірлеген құжаттар негізінде «Мемлекеттік кәсіпорын туралы заң» қабылданды. Бұл заңда товар-ақша қатынастарының ролі айқындалды. Мемлекеттік кәсіпорындар дербес товар өндірушілер ретінде қарастырылды. Шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістерін меңгеруге көшуге негіз жасалды. Ұзақ мерзімді жоспарлау орнына мемлекеттік тапсырыстар жүйесі енгізілді.

Алайда, бұл шаралар іске асырылмады. Қоғамның саяси құрылымдарын жаңартпайынша, шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері нәтиже бермейтіндігі айқын болды. Халық шаруашылығындағы жағдай ауырлай түсті. Дүкен сөрелерінен күнделікті тұтынатын товарлар жоғала бастады, азық-түлік түрлері нашарлады.

1988 жылғы маусым айында болған КОКП ХІХ Бүкілодақтық конференцияда қоғамның әлеуметтік экономикалық жүйесіне талдау жасалып, мынадай шешімдер қабылдады:

1. Саяси жүйеге реформа жүргізбейінше әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасау мүмкін еместігін мойындау.

2. Демократияландыру мен жариялылық.

3. Төрешілдікке қарсы күрес.

4. Халықтық реформа жүргізу.

5. Әлеуметтік әділеттік ұстанымдарын жүзеге асыру.

Осыдан кейін қайта құруды жүргізу үшін ең алдымен саяси жүйеге реформа енгізу керек болды. 80-жылдарға қарай халық шаруашылығын жоспарлаудағы және өндіргіш күштерді орналастырудағы әміршіл-әкімшіл жүйенің жіберген кемшіліктері мен қайшылықтарының нәтижесі тоқырау құбылыстарын туғызды. Республика шикізат көзі ретінде қала берді. Рухани идеологиялық өмірде отарлау жүйесінің толық ықпалында болды. Ғылым мен ағарту саласын қаржыландырудың «қалдықты» ұстанымы сақталды. Ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер, тіл өте ауыр жағдайға тірелді. Тек қана 1954-1986 жылдар аралығында қазақ тілінде білім беретін 600-ге жуық мектеп жабылды. Қазақ тілінің қолдану аясы өте тарылды. Сол кезде билікте отырғандарды тіл тағдыры толғандырмады.

Аса маңызды мәселелердің барлығы тек Мәскеуде ғана шешіліп отырды. Республикалар егемендегі сөз жүзінде ғана болды. Қазақстан партия басшысы Д. Қонаев (1912-1993 жж.) өз жұмысында көптеген кемшіліктерге жол берді. Д. Қонаевтің өзіне республика халықтарының арасында табынушылық пайда болды. Оның маңындағылар республикадағы күрделі әлеуметтік-экономикалық, рухани, экологиялық жағдайларға немқұрайлы қарады.

1989 жылы мамыр-маусым айларында КСРО халық депутаттарының І съезі өтті. Бұрынғы жылдардан өзгешелігі съезде саясаттағы, экономикадағы Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани салаларындағы жағдайларға өткір сыни және табанды талдау жасалып, кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептерін іздеу әрекеттері жасалды. Съезд барлық дәрежедегі партиялық және мемлекеттік органдар қызметінің арасын ажырату мәселесіне арнайы тоқталды. Бұл съезден кейін Компартияның билігі өз беделінен айырыла бастады. М. Горбачев бастаған партия басшыларының С.Е. Лихачев, П. Соломенцев қызметіне сын айтылу көбейді. Партиямен қатар комсомол, кәсіподақ қызметтері де үздіксіз сыналды.

КСРО халық депутаттарының I съезінде жаңа одақтық келісім шарттарды жасау мәселесі көтерілді. Бірқатар одақтас республикаларда егемендік туралы декларация қабылданды (Балтық жағалауы республикалары, Украина, Қырғызстан).

1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жариялады. КСРО басшыларының шындықты бағалап, түсінуге қабілетсіздігі, республика халықтарының ыңғайына барғысы келмеуі олардың беделін түсірді. Ресей Федерациясы да өзінің егемендігін жариялады. Россия «КСРО-ң бел омыртқасы» болып есептелгендіктен, бұл кеңес жүйесіне берілген өте ірі соққы болды. Соған қарамастан, КСРО-ның болашағы туралы мәселе түпкілікті шешілмей, ол ірі ел ретінде тіршілік ете берді.

2. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына орталықтың өктемдік әрекеттері мен демократиялық принциптері арасындағы қайшылықтар және шовинистік саясат қалыптасқан жағдайлар нарызылықтың негізгі себептері болды.

Наразылықтың сылтауы 1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы орталық Комитетінің V пленумы болды. Пленумда Г.П. Разумовский ұсынысымен Қазақстанды көп уақыт бойы басқарған Д. Қонаевты орнынан босатып, мемлекет басшылығына республика халқына бейтаныс Ульяновск облысы партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.В. Колбин тағайындалды. Ел басшылығының ауыстырылуына арналған бұл пленум 18 минутқа ғана созылды. Орталықтың бұл әрекеті барып тұрған саяси қателік және қазақ халқының мүддесін мүлде елемеушілік болды.

1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыда жастар толқуы басталды. Кейін бұл толқу республиканың басқа қалаларына тарады. Шеру бейбіт және саяси сипатта болды. Жастар шеруі құқық бұзушылық, ұлтшылдық сипаттан аулақ болды. Наразылықтың басты қозғаушы күші студенттер, жастар болды. Бюрократиялық жүйеге үйренген республика басшылары жастар пікірін тыңдағылары келмей, олардың тез тарауын талап етті. Шеруді тарқату мақсатында республика басшылары Алматы Гарнизоны, басқа да әскери күштер көмегімен жастар жиналған Брежнев алаңын қоршады. Демонстрацияны тоқтату мақсатында КСРО-ның кейбір өңірлерінен ішкі әскер бөлімдері әкелінді.

Осыншама ірі күштер сапер күрегі, үйретілген иттер, су шашатын машиналар, сойылдар сынды қарулар көмегімен демонстрацияны тоқтатты.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

Қоғамдық тәртіп сақшылары өрескел қатыгездікке барып, көп адамдардың қаза табуына жол берілді. Республика басшылары бұл жағдайға көз жұма қарады.

Шеруге қатысқандарды тергеу ісі өте қатал, заңсыз жүргізілді. Тергеу камераларына, қаланың сыртына әкетілгендерінің саны 8,5 мың болды. Көптеген жастар оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды.

Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың ішінен Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сияқты жастар жақсыз өктем биліктің құрбандары болды. Біраз уақыттан кейін сол кезде айыпталған 99 адамның 46-ы ақталды, 83 адам 1,5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылды, 52 адам партия қатарынан, 787 адам комсомол қатарынан шығарылды. 1138 адам комсомолдық сөгіс алды, жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды, 271 студент оқудан шығарылды, ішкі істер министрлігінен 1200 адам, денсаулық сақтау және көлік министрлігінен 309 адам жұмыстан шығарылды. Желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбеков 1988 жылы мамырда қайтыс болды. 1996 жылы 9 желтоқсанда оған «Халық қаһарманы» атағы берілді. 1987 жылғы КОКП ОК-ті Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын «Қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағалады.

Желтоқсан оқиғасы КСРО-ның ыдырауын тездетті. Кейіннен партия желтоқсан оқиғасында жіберілген қателерді мойындады. КСРО халық депутаттарының 1 съезінде ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов желтоқсандағы орталықтың жүргізген іс-әрекетін қатты сынап, тұңғыш рет мінбеде сөз сөйледі. Бұл желтоқсан шындығын ашудағы алғашқы қадам болды.

3. 80 жылдардың аяғына қарай демократиялық процестің жандануына байланысты Қазақ КСР-де қоғамдық ұйымдар құрыла бастады. 1989 жылдың көктемінде Қазақстанда алғашқы болып «Невада - Семей» экологиялық қозғалысы құрылды. Бұл қозғалыстың лидері ақын О. Сүлейменов болды. Қозғалыстың мақсаты – республика жеріндегі Семей және басқа полигондарды жабу, полигон зардабын шеккен халыққа көмек көрсету. Қозғалыс төрағасы - О. Сүлейменов пен қоғам қайраткері М. Шахановтың бастамасымен Балқаш және Арал проблемалары бойынша комитет құрылды. Комитеттің негізгі мақсаты Арал төңірегіндегі экологиялық апаттың зардабын шеккендерге көмек беру, теңіздің экологиялық апатына үкімет назарын аудару болды.

1989 жылы «Әділет» қоғамы құрылды. Қоғамның негізгі мақсаты ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық, сталиндік репрессия шындығын ашу болды. Бұдан басқа Қазақстанда «Азамат», «Ақиқат», «Қазақ тілі», «Мұсылман әйелдер лигасы» сияқты қоғамдық саяси қозғалыстар құрылды.

1990 жылы «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды. Басты мақсаты Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алу болды. 1990 жылы ұлтаралық «Единство» қозғалысы құрылды. Қозғалысқа ғылыми-техникалық

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

интеллигенция өкілдері кірді. Осы кезде «Желтоқсан» партиясы құрылды. Бұл партияның құрамына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқандар кірді.

1991 жылы «Азат» азаматтық қозғалысының партиясы құрылды. Жастар өздерінің саяси қозғалысы «Алаш» партиясын құрды. 1991 жыл Қазақстан социал-демократиялық партиясы құрылды. 1990 жылы Қазақстанда 100-ден аса қоғамдық-саяси қозғалыс болды. Алматыда ғана 40-қа жуық саяси қозғалыс жұмыс істеді. Бұл кезде Қазақстандағы көптеген қоғамдық – саяси қозғалыстар әлсіз және қалыптасу кезінде болды. «Невада - Семей», «Қазақ тілі» сияқты қоғамдық қозғалыстар біршама мықты, көптеген мүшелері мен белгілі дәрежедегі қаржылық қорлары бар ірі қозғалыстар болды. 1990 жылдың аяғына қарай қатарында 800 мыңға жуық коммунист болған Қазақстан коммунистік партиясы сан жағынан неғұрлым көп саяси күш болды.

Дегенмен, бүкіл елімізде компартияға деген халықтың сенімсіздігі күшейді. Бұл жағдай компартия беделінің түсуіне айтарлықтай әсер етті. 1990 жылы компартия мүшелерінің 42%-ы өз еркімен партия қатарынан шықты. Осы жылы партия мүшелерінің қатары 49000-ға кеміді.

90-жылдардың басына қарай Қазақстанда бұрын патша үкіметінің жазалаушы күші болған қазақтар ұйымы пайда болды. 1991 жылы 15 қыркүйекте Орал қаласында қазақтар патша үкіметіне қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдады. Бұл, шындығында, қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспағандықтың дәлелі. «Азат», «Желтоқсан», «Парасат» қозғалыстары бұл әрекетке ашық түрде қарсы шықты. Жаппай қақтығысқа ұласа жаздаған бұл әрекет жоғарыда аталған қозғалыстар мен құқық қорғау органдарының араласуымен тоқтатылды. Кез-келген қоғамдық ұйымдардың абайсыз іс - әрекеттері үлкен қасіретке айналуы мүмкін екендігіне Оралдағы оқиғалар тағы да көз жеткізді.

14-тақырып. Тәуелсіз Қазақстан (1 сағат)

1. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы. Тәуелсіз мемлекеттер достастығын құру (ТМД).
2. Экономикалық даму.
3. Қоғамдық-саяси даму. Рухани дамуы.

СӨЖ тапсырмалары:

1. КСРО-ның ыдырауы мен Тәуелсіз Қазақстанның құрылуының күрделі кезеңіне сипаттама беру.
2. 16.12.91 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Заңының негізгі қағидаларын анықтаңыз.

1. 1991 жылы 8 желтоқсанда РСФСР, Украина, Беларусь басшылары Минск қаласында кездесті (Беловеж келісімі). Талқыланған негізгі мәселелер -1922 жылғы КСРО құру туралы келісім-шартты жою, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру. Бас қосуда осы мәселелер туралы қағаздарға қол қойылды. Бұл кездесуге Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев та, басқа Ортаазиялық республикалардың басшылары да шақырылмады.

1991 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан басшылары Ашхабадта бас қосты. Орта Азия мемлекеттерінің басшылары Минск (Беловеж келісімі) шешімін қолдайтындықтарын білдірді. 1991 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, РСФСР, Украина, Беларусь, Армения, Молдова Алматыда бас қосты. Оған Грузия бақылаушы есебінде ғана қатысты.

1991 жылы 21 желтоқсанда аталған 11 республиканың басшылары КСРО-ны ыдыратып, ТМД-ны құру туралы келісімге қол қойды. Алматы кездесуі кезінде келісілген мәселелердің аса бір маңыздысы ядролық қаруға қатысты бірлескен шара жөніндегі келіссөз еді. Оған қолдарында ядролық қаруы бар мемлекет есебінде Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Украина республикаларының басшылары қол қойды. Мемлекеттер келісімі бойынша-қатысушылар ядролық мәселе жөніндегі саясатты бірлесе жасап, Тәуелсіз Елдер Достығына енетін барлық республикалардың ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті болды.

Қазақ КСР-ның жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы қазанның 16-сындағы қаулысында 1991жылғы желтоқсанның 1-інде сайлау өткізу жөнінде қаулы шығарды. «Президент сайлауы жөніндегі Заң» қабылданып, ол бойынша 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып сайланды, Е.М. Асанбаев-вице президент. Желтоқсанның 10-ы күні Президенттің таққа отыру рәсімі болып, ант берді.

Кеңестік жүйенің ауқымынан босап шыққан республикалар «кеңестік», «социалистік» деген атаулардан бас тарта бастады. 1991 жылғы желтоқсанның 10-ы Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақстан Республикасы деп өзгертілді.

КСРО-ның ыдырау процесін тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сонымен, 1991 жылғы 16 желтоқсан Республиканың тәуелсіздік алған күні.

Қабылданған Заң бойынша Қазақстан тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекет ретінде анықталды. Ол өз аумағында барлық үкімет билігін толығынан қолданады, ішкі және сыртқы саясатты өз бетінше жүргізеді, Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

республика барлық мемлекеттер мен халықаралық құқық принципі негізінде өз қарым-қатынасын орнықтырады. Қазақстан Республикасының шекаралары біртұтас бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды. Қазақстан Республикасының және оның атқарушы үкіметінің басшысы Президент болып табылады. Сонымен, Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануы еліміз тарихындағы аса ірі маңызы бар оқиға болып табылады.

2. 1992 жылы Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» еңбегі жарияланды. Бұл еңбектің маңызы:

- Тәуелсіздік жолына түсудегі басты бағыттар көрсетілді.
- Ел дамуының түбегейлі концепциясы алғаш рет анықталды.
- Ішкі және сыртқы саясат саласындағы, ұлттық қауіпсіздік жөніндегі міндеттер сараланды.

- Қазақ халқының тарихи миссиясына тоқталып, жергілікті ұлт мүддесі ерекше ескерілетіні қажеттігі айтылды.

«Ұлт өзінің мемлекеттігінсіз ұлт болып өмір сүре алмақ емес... Біздің мемлекетімізде тұрғылықты ұлттың-қазақтардың мүдделері жекелеген мәселелерде ерекше атап айтылатыны әбден орынды, мұның өзі мемлекеттердің бірқатарында тап, осылай етіледі де», - деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

1991 жылдың соңында егемендігін жариялаған Қазақстан өз мемлекеттігін құрудың жолына түсті, мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда оның ішкі істер әскері құрылды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік нышандарын (символдарын) қабылдауды талап етті. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Ту авторы - суретші Шәкен Ниязбеков, Елтаңба авторлары - сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді. Мәтінін жазғандар - Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева. Әуенін жазғандар - Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди (1944 ж. нұсқасы сақталды).

1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды. Оның Құрамдас бөлімі еліміздің қоғамдық даму ерекшелігін бейнелейтін өтпелі кезең жағдайларына арналған тарау.

ТМД-ның кейбір елдерінде КСРО мемлекеттік банкі мен Ресей банкісінің 1961-1992 жылға банкнот айналымының тоқталуына байланысты, Қазақстанға осы банкноттардың заңсыз түрде енгізілуі күрт жоғарылады. Оның салдары: елдегі барлық қаржы жүйесі құлдырады, ақша құнсызданды, тұрғындардың тұрмыстық деңгейі төмендеді. Осы себептерден Қазақстан

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

өзінің ұлттық валютасын енгізуге шешім қабылдады. 1993 жылғы 5 қарашада «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Президент жарлығы шықты.

1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық консультациялық-кеңесші орган-Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Мақсаты: қоғамдық тұрақтылықпен ұлтаралық татулықты нығайту.

1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясы (ҚХА) сессиясы ашылды. Онда қаралған мәселелер: Президент Н.Ә. Назарбаевтің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту мақсатында бүкілхалықтық референдум өткізу туралы ұсыныс енгізу. Елбасының бұл қызметте болуының бірінші конституциялық мерзімі 1996 жылдың желтоқсанында аяқталатын еді.

1995 жылы 29 сәуірде Президент Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Сайлаушылардың 95,4%-ы Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттілігін ұзартуды қолдады. Бұдан кейін әкімшілік-басқару аппаратын қысқарту және құрылымдық оңтайландыру жөнінде батыл шаралар қолданылды. Орталық үкімет қайта құрылып сан жағынан ықшамдалды, жергілікті жердегі басқару құрылымдары қысқартылды. Нәтижесінде 1997 жылы министрліктер мен ведомстволар 50-ден 25-ке азайды. Әкімшілік ауданның 220-ның 30-ға жуығы таратылды. Әкімшілік облыстар 19-ден 14-ке кеміді. 1997 жылы 22 сәуірде Торғай, Талдықорған облыстары таратылды. 1997 жылы 3 мамырда Көкшетау, Жезқазған, Семей облыстары таратылды. Қазіргі кезеңде Қазақстанда 14 облыс бар.

1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті мәселелерді шешу ескерілді. Конституцияның ерекшеліктері:

1. Демократиялық Президенттік басқаруға жол ашылды.
2. Парламент екі палаталы болды: Сенат және Мәжіліс депутаттар саны 177-ден 114-ке қысқартылды.
3. Жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді. Олардың қызметіне араласуға жол берілмейді, ісіне қол сұғуға болмайды. Судьялар нақты істері бойынша есеп бермейді, тек Конституция мен Заңға бағынады.
4. Билік тармақтарына, мемлекеттік лауазым иелеріне Конституциялық құқықтарды бұзуға жол берілмейді.
5. Қазақстан мемлекеті ұлтына қарамастан барлық азаматтардың мүдесін қорғайды.
6. Республикада қос азаматтыққа жол берілмейді.

Тарихи маңызы:

- Егеменді Қазақстанның әлем қоғамдастығы алдындағы бар болмысы, өркениетті даму кезеңіндегі ерекшеліктері, әлемдік демократия даму

кезеңіндегі ерекшеліктері, әлемдік демократиялық құндылықтары көрініс тапқан.

- Республиканың одан әрі даму кезеңіне арналған тарихи құжат.

Қазақстан қоғамын реформалау барысында астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясы туындады. 1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады. Нәтижесінде 1997 жылы 9 желтоқсанында Ақмолаға мемлекеттік рәміздер эталоны және Қазақстан Президентінің байрағы жеткізіліп, осы жылдың 10 желтоқсанда Ақмола ресми астана болып белгіленді, ал 1998 жылы 6 мамырда Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері болып өтті.

1997 жылы қазан айында Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Жолдауы жарияланды. Жолдауда қаралған мәселелер:

1. Экономикалық дағдарыстан шығу жолдары.
2. Реформаларды аяқтау.
3. Алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу.
4. «Қазақстан барысын» қалыптастыру.

Жолдауда болашаққа болжам, қазіргі жағдайға талдау жасалып, ішкі және сыртқы саясаттың ерекшеліктері айтылды. Бұл бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары көрсетілген. 2030 жыл – Қазақстан күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

3. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үрдісі басталды. Алдымен экономикалық реформалар жүргізілді. Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар республика органдарының экономикалық басқарудағы рөлін, орны мен функциясын түбегейлі өзгерту жолдарын қарастырды. Министрліктердің ендігі міндеттері - басқару емес, өнеркәсіптердің техникалық дамуына, салааралық өркендеуіне дұрыс бағдар таңдау жұмыстарымен айналысу.

Экономикалық реформаны дамыту жағдайында 35 стационарлық қоғам, 75 салааралық сыртқы, экономикалық ассоциациялар, 30-ға жуық концерндер мен консорциумдер, 30-дан астам коммерциялық банктер құрылды.

Нарықтық құрылымының дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды. Ең бірінші кезекте нәтижесіздік танытқан мемлекеттік секторларды жекешелендіру қажет болды. Қазақстандығы жекешелендіру салық салу реформасы, бағаны қалыптастыру, еңбекті өтеу және бөлектену саясатымен қатар жүзеге асырыла бастады.

Жекешелендірудің мақсаты :

1. Кәсіпкерлікті дамыту.

2. Кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу.
3. Еркін баға орнату.
4. Жеке меншік секторлар құру.
5. Бәсекелестік ортаны қалыптастыру.

Нарықтық экономиканың дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру жоспары жасалды. «Монополиялық қызметтің шектелуі туралы» заң қабылданды.

Мақсаты:

- Нарықты басқару механизмін енгізу.
- Ерікті бақталастық пен кәсіпкерлікті, сұранымдылықты қорғауды қамтамасыз ету.
- Тұтынушылардың мүддесін қорғау. Бұл заңда Монополиялық басқару құрылымын тарату, товар нарқында сапасыз бақталастықты жою шаралары белгіленген.

Іскерлік белсенділіктің өсуі жаңа банктік құрылымның жасалуына әсер етті, бірақ құрылымдық өзгерістер республикада материалдық әл-ауқатты жақсартпады. Өндірістік тұтыну товарлары мен қызмет көрсету қысқартылды.

1992 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен Республика бағаны босатты. Баға алғашқы кезеңде –186,4 есеге өссе, 1992 жылы сәуірде 554,5 есеге өсті. Нәтижесінде ақшаның құны түсті. Халықтың тапқан айлық жалақысы тамағынан аспады. Ауыл мен ауыл арасындағы қатынас мүлдем қиындап кетті. Қаңтар айынан тамызға дейін өндірістік товарлардың бағасы бірнеше есе өсті. Нарыққа көшу саясатының бұрмалауынан өз жағдайын алыпсатарлық, делдалдық, пара алумен түзеген адамдар тобы пайда болды. Қалаларда қайыр сұраған адамдар көбейді.

Нарықтық экономика саясатының негізгі белгілері:

1. Экономиканы мемлекет иелігінен алу.
2. Жекешелендіру.
3. Кәсіпкерлікті дамыту.
4. Монополияны жою.
5. Бағаны босату.
6. Қатал ақша –несие және қаржы саясатын жүзеге асыру.

1991 жылы жекешелендіру процесі басталды. Жекешелендіру процесі үш кезеңге бөлінді:

Бірінші кезең 1991-1992 жылдар аралығын қамтыды. Оның міндеті:

1. Мемлекеттік меншіктің көлемі мен құрылымын белгілеу.
2. Меншіктік құқық беруді дайындау.
3. Шағын жекешелендіру объектілерінің 50%-н жекешелендіру. Бұл кезде негізі көңіл кіші бизнестің дамуына аударылды.

Жекешелендірудің екінші кезеңі 1992-1993 жылдар аралығын қамтыды. Міндеті: орта және ірі кәсіпорындарды жекешелендіру.

Көптеген шағын жекешелендіру объектілері жергілікті мемлекеттік мүлік комитеттерінің шешімімен байқау (конкурс) немесе аукцион өткізілмей, өте төмен бағаға берілді. Қазақстан Парламенті бұл стихиялық процесті реттеуге күш салды.

Жекешелендірудің үшінші кезеңі 1993-1995 жылдар аралығын қамтыды.

Міндеті:

1. Мемлекет иелігінен алудың ұлттық бағдарламасын қабылдау.
2. Меншікті мүлікті басқару жөніндегі комитеттің қолына көшіру.
3. Инвестициялық купондар енгізу.

1993 жылғы наурызда мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы қабылданды. Барлық меншік Мемлекеттік мүлікті басқару комитетінің қолына көшірілді. Бұл комитеттің міндеті:

1. Меншік республика азаматтарына тегін таратылып берілуге тиіс.
2. Арнайы төлем құралдары-жекешелендіру инвестициялық купондарын енгізу.

Инвестициялық купон иесі оны әр түрлі инвестициялық қорларға салуға мүмкіндік алды. Купондарды өнеркәсіптік кәсіпорындар акцияларына ауыстыруға және сатуға рұқсат берілмеді. 200-ге жуық инвестициялық қорлар құрылды. Мақсаттары купондарын жинастырып, аукционға шығарылатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың акцияларын иелену. Бірақ 1995 жылдың басында жекешелендіру бағдарламасының жүзге аспайтындығы белгілі болды. Жекешелендірудің мына негізгі мақсаттары орындалмады:

1. Тиімді жұмыс жасайтын жеке меншік секторды құру.
2. Қалыпты бәсекелестік ортаны қалыптастыру.
3. Экономикалық-әлеуметтік жағдайдың төмендеуін тоқтату.

Бірқатар ірі кәсіпорындар өте төмен бағамен шетелдік компанияларға сатылды. Шетелдік фирмалар иелігіне берілген маңызды объектілер:

1. Қарағынды металлургия және Соколов-Сарыбай комбинаттары.
2. Жезқазған, Балқаш мыс қорыту комбинаттары.
3. Павлодар алюминий заводы.
4. Павлодар атом-энергетикалық кешені кәсіпорны т.б.

1998 жылдың көктеміне қарай төленбеген қарыздар көлемі шексіз өсіп, 18 млрд. долларға жетті. Осыған байланысты әлеуметтік жағдай әбден нашарлады.

1997-1998 жылдары Кентау (Оңтүстік Қазақстан облысы) және Жаңатас (Жамбыл облысы) тау-кен өнеркәсібі жұмысшылары ереуілдерге шығып, аштық жариялады. Экономиканы реформалау процесінде халықты еңбекпен қамту саласындағы проблемалар одан әрі шиеленісіп кетті. Өндіріс жаппай құлдырады. Үкімет тарапынан жүргізіліп отырған қаржы, несие, баға және салық саясаты жетілдірілмеді. Жұмысшылардың жалпы саны қысқарды. Жұмыссыздар саны жылдан жылға көбейді. Мысалы, 1995 жылы еңбекпен қамту қызметтерінде ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың саны- 153 мың

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

болды. Өндірістің толық тоқтауы салдарынан ақысыз демалысқа шыққандар -192 мың, ал өндірістің жартылай тоқтау себебінен жұмыс уақыты толық емес режимде істейтіндер - 451мың, 90-жылдардың соңындағы жұмыстардың жалпы саны - 643 мың.

1997 жылы экономика саласында істеп жүрген адамдар саны 1996 жылмен салыстырғанда 11,8% кеміді. Республика еңбек рыногының өзіне тән ерекшелігі-жасырын жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы (9-11%). Еңбекпен қамту проблемасы ерекше ауыр болды (жұмыссыздар 54,8). Жұмыссыздықтың жергілікті шоғырланған аймақтары-шағын қалалар болды.

Соңғы жылдары Қазақстанның өнеркәсібін жандандыруда біраз шаралар іске асырылды. 1999 жылдың соңында жалпы өнім өндіру- 1-ға, өндіріс көлемін арттыру- 1,8-ға өсті. Республиканың алтын қоры 2 млн. долларға жетті. Инвестиция мен өндіріс деңгейінің төмендеуі экономиканың құлдырауға түскенін, реформаның тиімсіздігін көрсетті.

3. 1992 жылы қыркүйек-қазан айларында Алматыда дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Әлемнің 13 елінен келген отандастарымыз қатарында үлкен қазақ диаспорасы бар Өзбекстан (870 мың) мен Ресейден (660 мың) келушілер көп болды. Барлық қатысушылар саны 800 адам болды. Құрылтайда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 26 маусымда қабылданған «Көшіп келу туралы» Заң негізінде қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік жасалғаны айтылды. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылардың Қазақ халқына Үндеуі жарияланды. Онда: 30 қыркүйек – Ұлттық бірлік күні деп аталды. Бүкіл әлемдегі отандастарымызды Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени-интеллектуалдық мүмкіншілігін молайтуға, бар қабілеті мен еңбегін туған ел игілігіне жұмсауға шақырды.

1993 жылы 17 желтоқсанда Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығының тұсаукесер салтанаты болды. Сол жылдың өзінде-ақ Қазақстанға Монғолиядан, Түркиядан, Ираннан және ТМД елдерінен 7,5 мың қазақ отбасы көшіп келді.

1992 жылғы 14 желтоқсанда Алматыда Қазақстан халықтарының тұңғыш форумы өткізілді. Форумда негізінен мынадай мәселелер қаралды:

1. Жаңа көзқарас тұрғысынан интернационализм мен тату көршілік қатынас жағдайлары талқыланды.

2. Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы алғаш рет академик М. Сүлейменовке, халық жазушысы Д. Снегинге, жазушы, аудармашы Г. Бельгерге тапсырылды.

Қазақстанның егемендік алуы, КСРО диктатурасының құлауы қоғамдық дамудың табиғи атрибуты боп саналатын көппартиялықтың өрістеуіне жол ашты.

1993 жылдың соңында Қазақстанда 4 саяси партия тіркелді. Олар – Социалистік партия, Қазақстанның республикалық партиясы, «Қазақстанның халық Конгресі» және Коммунистік партия. Қоғамдық қозғалыстардан – Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

ядролық жарылысқа қарсы «Невада-Семей», азаматтық «Азат» және «Қазақстанның халық бірлігі» одағы, 11 республикалық ұлттық мәдени топтар тіркелді. Сондай-ақ, республикада 300-ден аса қоғамдық-саяси ұйымдар, 68 әр түрлі қорлар тіркеуге алынды. 1993 жылдың соңына қарай қоғамдық-саяси қозғалыстар берік саяси күшке айналды.

1994 жылғы желтоқсанда «Қазақстанның халықтық-кооперативтік партиясы», 1995 жылғы қаңтарда «Қазақстанның өрлеу партиясы», 1995 жылдың басында «Қазақстанның аграрлық партиясы», 1995 жылғы жазда «Қазақстанның демократиялық партиясы» құрылды. 1998 жылғы қарашада «Ақ жол» қоғамдық қозғалысы құрылды. Жетекшісі – Н. Оразалин. Мақсаты: Президент Н.Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдау. «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асыру. Зиялы өкілдер мүдделерін қорғау. 1999 жылғы қаңтарда «Отан» партиясы құрылды. Төрағасы – Т. Терещенко. Бұл партия Н.Ә. Назарбаевтың Президенттікке кандидатурасын қолдау қоғамдық штабы негізінде құрылды. 1999 жылғы 14 қаңтарда «Қазақстанның отаншылар» партиясы құрылды. Жалпы 1999 жылы республикада барлығы 14 саяси партиялар мен 30-ға жуық саяси қоғамдық қозғалыстар, бірлестіктер құрылды. 2001 жылғы қарашада «Қазақстанның демократиялық таңдауы» атты қоғамдық-саяси бірлестік құрылды. 2000 жылы республикадағы ресми тіркелген партиялар саны – 15. Елімізде саяси партиялардың және партиялық жүйелердің орнығуына, тәуелсіз баспасөздің дамуына көп көңіл бөлінді. Бұл жағдай республиканың өркендеуіне, қоғамның демократиялануына, реформаның тереңдеуіне, экономиканың және халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына ықпал етті.

1991 жылдан кейін Қазақстанда тұрғындардың саны күрт төмендей бастады. Бұл жағдай эмиграциялық қарқынның жоғары болуымен байланысты болды. Мысалы, 1992 жылы Қазақстандықтардың саны –16 млн. 985 мың адам болса, 1993 жылы – 16 млн. 942 мың, ал 1995 жылы – 16 млн. 590 мың адам болды. 1999 жылғы халық санағы Қазақстан тұрғындарының саны азайып, 15 млн.-ға жетер-жетпес адам қалғанын көрсетті. 1995 жылдың тек 9 айдың ішінде республикадан басқа жаққа 198,6 мың адам көшіп кетті. Табиғи өсім азайып, тұрғындардың арасында өлім өсіп кетті. Дегенмен де, 1991-1997 жылдар аралығында Қазақстанға шетелден 164 мыңдай адам көшіп келді.

Белгілі дәрежеде республиканың ұлттық құрамы өзгеріп, кейбір облыстар негізінен қазақтар тұратын өлкеге айналды. Мысалы, Қызылорда облысында қазақтар - 93%-ы, Атырауда - 88%-ы, Маңғыстауда - 74%-ы, Ақтөбеде - 69%-ы, Оңтүстік Қазақстанда және Батыс Қазақстанда - 66%-ы қазақтар болды.

Осы жылдары ауыл тұрғындарының қалаға кету үрдісі (урбанизация) күшейді. 1995 жылдары халықтың 56%-ы қалаларда тұрды, ал қазіргі кезде бұл үрдіс бұрынғыдан да өсуде. Тұтастай алғанда, қоғамда болып жатқан өзгерістер (процестер) өтпелі кезеңге тән процестер деп қарауға болады.

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

1991 жылдан кейін оқу жүйесі белгілі мөлшерде дағдарысқа ұшырады. 1993 жылдың басында (1 қаңтар) Қазақстанда 154 мыңдық орны бар 303 бала бақшасы жабылды, орта мектептер саны азайды. Екінші жағынан мемлекеттік емес мекемелерінің, мектептер және жоғары оқу орындарының пайда болу процесі басталды.

1989 жылғы Тіл туралы Заңның және Конституция негізінде ұлттық білімнің жандануына мүмкіндік туды. Еліміздің көп ұлтты мәдениетін дамытуда 40 ұлттық мәдени орталықтар мен Қазақстан халықтарының біріккен Ассамблеясы жұмыстар атқаруда.

1997 жылы Қазақстанда 53 мемлекеттік, 40-тан астам коммерциялық жоғары оқу орындары болған болса, 2000 жылдың басында 51 мемлекеттік, 100-ден астам коммерциялық жоғары оқу орындар болды. Қазақстанның барлық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында қазақ тілінде оқу бөлімдері ашылды. Соңғы жылдары 300-ден астам жалпы орта білім беретін қазақ мектептері ашылып, олардың саны – 3,3 мыңға жетті. Республикада 17 ұлт тілінде жүздеген мектеп бар. 12 тілде газеттер мен журналдар шығып тұрады, 11 және 6 тілде хабар жүргізетін теле-радио қызмет етеді.

1999 жылғы 11 маусымда – Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жарияланды. 2006 жылдың басында республика бойынша 252800 ұстаз еңбек етуде.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен байланысты халыққа білім беру жүйесінің халықаралық байланысы кеңейді. Білімді мамандарды көбейту мақсатында жастарды шетелдердің беделді оқу орындарына жіберу өзекті сипат ала бастады. 1993 жылғы 5 қарашада Президенттің «Болашақ» атты 250 халықаралық стипендиясы белгіленді. Қазақстан халықтарының мәдениетін бүкіл әлемге таныту мақсатында ЮНЕСКО ауқымында Қазақстан Республикасының мерекелері аталып өтуде. 1997 жылы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы. 1930-1932 жылдардағы ұлы қасіреттің 65 жылдығы және сталиндік қуғын-сүргінге түскен ұлттық зиялылар қасіретінің 60 жылдығы атап өтілді. 1997 жылы 13 желтоқсанда Ақмолада саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен ашылды.

1998 жыл - халық билігі мен ұлттық тарих жылы. Бұл жылы 23 ірі Ғылыми форумдар өткізіледі. Республиканың барлық облыстарына 24 ғылыми экспедициялар аттандырылып, 74 ауданды аралады. Тараз қаласына таяу жерде архитектуралық ғимарат-Ақыртас кешені ашылып зерттелді. Мантуя (Италия) қаласында «Алтын адам. Қазақстан далалары - қола дәуірінен халықтардың ұлы қоныс аударуына дейін» атты көрме өткізілді.

1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып табылады. Осыған орай атқарылған жұмыстар: 6 томдық «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» І-ші томы, М. Шоқай шығармаларының екі томдығы шықты. Қытай мұрағаттары негізінде Қазақ тарихына арналған 5 кітап жарық

көрдi. «Алпамыс батыр» жырының 100 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті.

М. Хайдар Дулатидің 500 жылдығына арналған мерейтой өткізіліп, «Тарих-и-Рашиди» еңбегі қазақ тілінде шығарылды. Сонымен қатар, бұл жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары жалғасты. Нәтижесінде 19144 адам толықтай ақталды.

2001 жылы 18 маусымда Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Астанаға әкелінді. 2001 жылы 5 маусымда Қазақстанда Ресей Федерациясы мәдениетінің күндері басталды. 2003 жылы Астанада дүниежүзілік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі болып өтті.

Осындай мәдени іс-шаралардың өткізілуімен қоса, әлеуметтік қайшылықтардың артуына, экономикалық жағдайдың нашарлауына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты халықтың рухани жағдайы өте күрделі болды.

1999 жылы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбектің «Тарихтың шеңберлі және ұлттық зерде» бөлімінде ел тарихын автор 12 кезеңге бөледі. Еңбектің маңызы: Тарих қойнауын зерделей отырып, ұлттық қасиетті сақтауға тәрбиелеу қажеттігі баса айтылды.

15-тақырып. ҚР сыртқы саясаты (1 сағат)

1. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі. Қазақстан және халықаралық ұйымдар. (ООН, ОБСЕ, НАТО, ШОС, ОДКБ т.б.).

2. Жаңа уақыттағы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қарым қатынастары.

3. ҚР мәдени қарым-қатынасы.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Дүниежүзі қауымдастығының толық құқықты мүшесі ретінде Қазақстанның рөлін айқындаңыз.

2. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы бағытының ерекшеліктерін көрсету.

1. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы Декларация жариялады, сөйтіп дүниежүзілік қоғамдастыққа еруге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтардан 9 шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Тәуелсіз Қазақстанды әлем мемлекеттерінің арасында бірінші болып бауырлас Түрік Республикасы таныды. 1992 жылдың ортасына қарай Республика тәуелсіздігін жер шарының 30-дан астам елі мойындады: АҚШ, Қытай, Иран, Пакистан, Канада, Швейцария т.б.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айрықша көңіл бөледі, әсіресе, басты үш мәселеге ерекше назар аударады. Біріншіден, басқа елдермен, соның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және Америка Құрама Штаттармен халықаралық байланыста өркендету. Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты болғызбау, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол - өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, соның ішінде солтүстікте Ресейдей, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты. Сондықтан қалай дегенде де солтүстігімізді жайлаған ұлы елмен әрқашан жақын болу керек.

Қазақстан мен Ресей 1991 ж. КСРО тарап, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін өздерінің сыртқы саясатында халықаралық құқық принциптері негізінде бір-бірімен стратегиялық байланыс, достық, тату-тәтті көршілік және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарды дамытуға айрықша көңіл аударды.

Бауырлас халықтардың достығы мен ынтымақтастығын нығайтуда 1996 ж. 27-ші сәуірде Федерацияның Президенті Б. Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңызы өте зор болды. Онда Қазақстан мен Ресейде жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар мен саяси - экономикалық реформалардың екі ел халықтарының болашағы үшін үлкен мәні бар екендігі атап көрсетілді. Мемлекеттің басшылары бұдан былайда екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу, аумақтық тұтастық пен бір - бірінің ішкі істеріне араласпау принциптерін сақтау негізінде дами беретінін қуаттады.

Ал 2002 ж. желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары барысында Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасқан достық байланыстарды барынша тереңдетуге күш салынатыны баса айтылды. Олардың ішінде Байқоңыр Ғарыш кешенін одан әрі бірлесіп пайдалану мәселесі тағыда сөз болды. Сондай - ақ, аймақтар және халықаралық көкейкесті проблемалар төңірегінде жан-жақты пікір алмасылды. Екі жақты деңгейдегі ТМД, ЕурАзӘҚ, ұжымдық қауіпсіздік, ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық қарым-қатынастар аймақтағы елдер қауіпсіздігінің, интеграциялануының басты кепілі болып табылатыны атап көрсетілді.

Қазақстан үшін оңтүстік – шығыстағы үлкен көрші - Қытайсыз әлдебір үлкен саясат жүргізу қиын екенін ерекше атап айту керек. Сондықтан тәуелсіздік тізгіні қолға тигеннен бері Республиканың сыртқы саясатында темірқазыққа айналған бағдарлама – Қытай Халық Республикасымен қарым – қатынастарды айқындау. Міне, осы бағытта Қазақстан бірқатар шараларды іске асырып, Қытаймен достық байланысты орнатуда едәуір табыстарға қол жетті. Алғашқы кездегі басты міндет – жан-жақты экономикалық байланыстарды дамытып, шекарадағы шиеленістерді тоқтату еді. Оның үстіне, Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Қытай арқылы дүниежүзіне шығудың және бір жаңа жолын ашу. Өйткені Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанға дейін, шет елдермен экономикалық және саяси байланыстарды тек Орталық, яғни Ресей арқылы жасап келген болатын. Енді Қытаймен қарым - қатынасты қалыпты жағдайға келтірумен байланысты елімізге сыртқы рынокқа шығудың қосымша жолдарына түсу мүмкіндігі туды.

1999 жылдың басына қарай дүниежүзінің 150 мемлекеті танып, 106 мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды. Қазіргі Қазақстан шет елдерде 30-дан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік және халықаралық, ұлтаралық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүддемен жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті.

1992 жылы наурыздың 3-інде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) мүшесі болып қабылданды. Осы жылы өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясының трибунасынан ОБСЕ сияқты ұйымның Азияда да құрылуы туралы Н.Ә. Назарбаев өз ойын айтқан болатын. Бірақ, ол кезде оның бұл сөзіне онша сене қоймаған еді. Міне, арада 10 жыл өткеннен кейін 2002 жылғы маусымда Алматыда сенім әрекеттестік шаралары туралы саммит өтті. Саммит жұмысына 16 мемлекет басшылары қатысты. Оның ішінде 7 ірі державалар - Қытай, Индия, Ресей, Иран, Түркия болды. Маңызы: Бұл елдердің экономикалық потенциалы өте зор, олардың территориясының жалпы көлемі 38,8 млн.кв.км., немесе Евразия материгінің 89%-ын құрайды. Бұл елдердің территориясында 2.8 млрд. адам тұрады, яғни жер шары тұрғындарының 45%-ын құрайды.

2. Қазақстан сыртқы саясатында басты үш мәселеге ерекше назар аударады:

1. ТМД, Азия, Еуропа елдері, АҚШ, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы елдерімен халықаралық байланысты өркендету.

2. Мәдени-экономикалық байланысты күшейте отырып, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу.

3. Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударатын мәселе – ең жақын және ірі көрші мемлекеттермен, солтүстікте – Ресеймен, шығыста – Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату.

1992 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды. 1995 жылғы 20 қаңтарда – Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту туралы Декларация жариялады, ал 1996 жылғы 27 сәуірде Алматыда екі елдік бірлескен Декларациясына қол қойылды. Декларацияның маңызы:

1. Екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу.
2. Аумақтық тұтастық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау ұстанымдарын сақтау.

1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеуде III ғасырға бағдарланған «Мәңгі достық пен ынтымақтастық туралы» Декларация жарияланды. Нәтижелері:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі проблемасын шешуді алға жылжытты.
2. Қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеуді шешті.
3. Байқоңыр ғарыш орталығын бірлесіп пайдалану мәселесі қарастырылды.

1992 жылғы тамызда Қазақстан Президентінің Қытай Халық Республикасына алғаш сапары болды, нәтижесінде барлық байланыс жолдары ашылды. 1994 жылы сәуір айында Қазақстан мен Қытай арасында шекара аумағын заңдастырып белгілеу (делимитация) жөніндегі келісімге қол қойылды (1718 шақырымдық).

1996 жылғы сәуір айында алғашқы Шанхай келісімі жүргізілді. Бұл келісім барысына Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан қатысты. Мұнда негізінен - шекараларды бұзбау, бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу сияқты мәселелер қаралды. 1997 жылғы 25 қыркүйекте Алматыда болған келіссөздің нәтижесінде – Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырын жүргізу жөніндегі шартқа қол қойылды. Қытай үкіметі бұл жұмысқа 9,5 млрд. доллар жұмсауға келісті.

1998-1999 жылдары Қазақстан-Қытай арасында келісімдер нәтижесінде, шекараны нақтылау негізінен аяқталды. Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынастың маңызы өте зор. 1991 жылғы 25 желтоқсанда АҚШ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныды. Қазіргі кезде АҚШ - Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы. 1997 жылы Қазақстан мен АҚШ арасында экономикалық әріптестік бағдарламасы жасалды.

Екі ел арасында Қарашығанақ кеніші жөнінде және Каспий қайранын бөлісу жөнінде келісімдерге қол қойылды. 1999 жылғы желтоқсанда Қазақстан мен АҚШ арасындағы келісімде – екі ел арасындағы серіктестікті одан ары дамыту, АҚШ-тың Қазақстанға демократиялық, экономикалық өркендеуде қолдау көрсету, аймақтық, ғаламдық негізде тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану сияқты мәселелер қаралды.

АҚШ Қазақстанға мәдениет пен білімді дамыту саласында үлкен қолдау көрсетуде «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде қазақстандық студенттер АҚШ, Франция, Германия оқу орындарында оқиды.

Қазақстан және ТМД елдерімен тығыз өзара байланыста болу – біздің ел үшін өте қажет. 1994 жылы – Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, кейін Тәжікстан).

Қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық саласындағы дағдарыс ТМД басшыларын интеграциялық жаңа жолдарын іздеуге итермеледі.

КСРО тарағаннан кейін ядролық қару негізінен Ресей жерінде шоғырланды. Қазір жер жүзінде 5 ядролық держава бар. АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Франция.

1993 жылы Президент Н.Ә. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойды. Қазақстан ядролық қарудан еркін аймақ болып жарияланды. Соғыс өнімдерін шығаратын кәсіпорындарды бейбіт заттар өнімдеріне айналдыру – (конверсия) жүзеге асырыла бастады.

1996 жылғы 31 қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қол қойды.

Қазақстан басшылығы әскери-саяси одақ НАТО-мен ынтымақтастыққа маңызды орын береді. Бұл ынтымақтастық «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы негізінде жүзеге асуда. 1997 жылғы 15-21 қыркүйекте Шымкент (Қазақстан) және Шыршық (Өзбекстан) жерінде НАТО әскери бөлімдерінің қатысуымен әскери жаттығу өткізілді.

2001 жылғы 29 тамызда Алматыда «ІІІ ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды» атты халықаралық конференция ашылды.

Тәуелсіздік алғаннан бері халықаралық ұйымдарға мүше болып кіруге республикаға жол ашылды. 1997 жылдың басына қарай Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып кірді. Соның бірі **ЮНЕСКО** – ірі халықаралық ұйым. Ол – Білім, Ғылым және Мәдениет, «Адам және биосфера», «Адам табиғи ортада» және басқада бағдарламалар негізінде жұмыс жасайды.

ЮНЕСКО – Қазақстанда биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында елдің ерекше қорғалатын табиғи аймақтарын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұрасы және «Адам мен биосфера» бағдарламасы шеңберіндегі аймақтар тізіміне кіргізу туралы шараларды іске асыруда, бірлесіп жұмыс атқаруда.

Мұнымен қатар, Қазақстан халықаралық ұйым ЮНИСЕФ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры. ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы өзінің жұмысын 1992 жылы бастады, негізінен, денсаулық сақтау саласында шұғыл жәрдем көрсетуді насихаттайды.

ЮНИСЕФ-тің Арал аймағының халқын сауықтыру жөніндегі бағдарламасы - әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, білім беру, балалардың тамағын жақсарту, сумен қамтамасыз ету, санитарлық қызметті

Қазақстан тарихы (он бес дәріс)

жақсарту жөніндегі нақты шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен бірге, Қазақстан 800-ге жуық мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойды.